

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
№3(43)**

Алматы, 2013

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р.Б.Әбсаттаров – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филос.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Әлеуметтік-саяси өзгерістер, әлеуметтік-саяси даму және қоғамның тұрақтылық мәселелері ғылым ретіндегі саясаттанудың маңызды да қажетті тақырыбы болып саналады. Әлеуметтік-саяси өзгерістердің адамзат өмірінің әр сәтінде жүретінін толық сеніммен айтуға болады. Саясаттанудың бұл тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын қазіргі кезде бүкіл әлемді қамтыған нақты әлеуметтік-саяси өзгерістер анықтап отыр. Бұдан небәрі 25 жыл бұрын адамзат басқа әлеуметтік-экономикалық, социомәдени, саяси нақтылықта өмір сүрді. Әлем әскери-саяси блоктарға бөлінді, олардың текетіресі әртүрлі блокқа жататын мемлекеттердің экономикалық, саяси және социомәдени өмірін айқындады. Қазіргі жағдай мүлдем басқаша.

Қысқа кезеңде Қазақстанда түбегейлі, іргелі өзгерістер жүрді. 80 жылдардың орта тұсымен салыстырғанда 90 жылдардың ортасында Қазақстан мүлдем басқа елге айналды. Бірде бір саясаттанулық теория бұдан 25 жыл бұрын әлемде, бұрынғы социалистік лагерде және Кеңес Одағында болатын түбегейлі өзгерістерді алдын-ала айта алмады, болжамдай алмады.

Өзгерістің болатыны сезілді және күтілді, бірақ бұл өзгерістер тереңге бойлап соншама елдерді қамтиды деп ешкім де ойламаған еді. Бұның бәрі әлеуметтік-саяси өзгерістерге, олардың моделдеріне, түрлеріне, қайнар көздеріне, қозғаушы күштеріне, олардың адами, гуманитарлық салдарына және т.с.с. қатысы бар мәселелерді мұқият зерттеуді саясаттанудан, әлеуметтанудан талап етеді.

1. Әлеуметтік-саяси өзгерістер ұғымы, тұжырымдамасы, анықтамасы

Өзінің пайда болған кезінен бастап саясаттану адам мен қоғамның өзара саяси әрекетін статикалық тұрғыдан ғана емес, динамикалық тұрғыдан, әлеуметтік-саяси өзгерістер үдерісі тұрғысынан қарастырады. Қоғамда өзгермейтін объектілер және субъектілердің болмайтындығы даусыз: адамдардың арасындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер мен өзара әрекеттер, олардың әлеуметтік, саяси мәртебелері мен рөлдері өзгереді; қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымы, ондағы басымды құндылықтар, нормалар және мінез-құлқ қалыптары өзгереді; ғылыми, саяси және діни көзқарастар, моралдық нормалар өзгереді; бұрын болмаған өнердің жаңа түрлері, мемлекеттің жаңа типтері мен формалары, құқықтың жаңа нормалары және т.с.с. пайда болады. Қоғамдық өмірдегі осы өзгерістердің бәрін «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымы қамтиды.

Әлеуметтік-саяси өзгерістер деген не? Кең мағынада әлеуметтік- саяси өзгерістер деп әлеуметтік-саяси объектінің бір күйден екінші күйге өтуі, қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымындағы, оның институттарындағы кез-келген модификация, адамдардың қоғам жөніндегі пайымдаулары түсіндіріледі.

Тар әрі дәл мағынада «әлеуметтік-саяси өзгерістер» термині белгілі бір уақыт аралығында тұтас жүйе ретіндегі қоғамда, оның әлеуметтік-саяси құрылымында, әлеуметтік, саяси қауымдастықтарда, топтарда, институттарда, ұйымдарда, жекелеген тұлғалардың әлеуметтік, саяси мәртебелері мен рөлдерінде, олардың өзара және қоғамның кез-келген құрылымы компоненттерінің өзара әрекеттерінде жүретін көптеген түрлі өзгерістерді білдіреді.

«Әлеуметтік-саяси өзгерістер» терминін әртүрлі саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, философтар әрқалай түсіндіреді[1]. Онымен қатар, мазмұны бойынша маңыздылығы оған жақын басқа да терминдер қолданылады: әлеуметтік-саяси даму, әлеуметтік-саяси динамика, әлеуметтік-саяси үдеріс, әлеуметтік-саяси эволюция, әлеуметтік-саяси прогресс, әлеуметтік-саяси өзара әрекет және т.б. Осы терминдердің бәрінің белгілі бір мазмұны бар, олар белгілі деңгейде «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымының мазмұнымен үйлеседі, бірақ онымен бірдей емес.

«Әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымына өзінің мағынасы жағынан және мазмұны жағынан «әлеуметтік-саяси үдеріс» термині айтарлықтай жақын. Әлеуметтік-саяси үдеріс институттендірілген және институттендірілмеген субъектілердің өз мақсаттарына жетудегі және қоғамдық өмірдің әр саласында өз функцияларын жүзеге асырудағы әрекеттерінің жиынтығын, сондай-ақ осы әрекеттердің нәтижелерін көрсетеді. Егер де біз келтірілген анықтаманың мазмұнын ескеретін болсақ, онда әлеуметтік-саяси өзгерістер әлеуметтік-саяси үдерістің маңызды жағының бірі болып шығады, бірақ оны толық қамти алмайды, өйткені әлеуметтік-саяси үдерісте бұрыннан қалыптасқан құрылымдарды, функцияларды,

нормаларды, мінез-құлық қалыптарын қарапайым ұдайы өндіру айтарлықтай орын алады. Осылайша әлеуметтік-саяси өзгерістер әлеуметтік-саяси үдерістердің аса маңызды динамикалық бөлімі болып табылады.

Өзінің мәні мен мазмұны жағынан «әлеуметтік-саяси даму» ұғымы «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымына өте жақын. Егер де әлеуметтік-саяси өзгерістер жағымды және жағымсыз, конструктивті және бүлдіруші (деструктивті), функциональды және дисфункциональды яғни әр бағытты болатын болса, әлеуметтік-саяси даму термині әлеуметтік-саяси өзгерістердің тек белгілі бір бағытын білдіреді. Әлеуметтік-саяси даму – бұл әлеуметтік-саяси объектілердің кері оралмайтын бағыты, оның нәтижесінде олардың сапалық жаңа күйі пайда болады, оның құрамы немесе құрылымы трансформацияға түсуі, оның элементтері мен байланыстарының пайда болуы немесе жойылуы, оның функцияларының өзгеруі жүзеге асады. Мысалы, саяси даму саяси жүйенің қоғамдық өмірдің басқа салаларына сәйкестігін арттыруға апаратын, билеудің икемді стратегиясы мен технологиясын қолдану қабілетін арттыруға жеткізетін биліктің макро және микро факторлардың өзара әрекеттеріндегі айтарлықтай өзгерістермен қатар жүреді.

Әлеуметтік-саяси динамика да өзінің сипаты бойынша әлеуметтік-саяси өзгерістер деп аталатындарға өте жақын. «Әлеуметтік-саяси динамика» термині, алайда, өзінің мазмұны жағынан «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымынан біршама тар болып келеді. Бұл терминде, негізінен, әлеуметтік-саяси өзгерістер факторлары, осы өзгерістердің субъектілерінің қызметі және сол қызметтің нәтижелері белгіленеді.

Осылайша «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымы мен белгілі уақыт ішінде әлеуметтік, саяси қауымдас-тықтарда, топтарда, институттарда, ұйымдарда және қоғамдарда, олардың бір-бірімен өзара қатынасында, сондай-ақ индивидтердің өзара қарым-қатынасында болған алуан түрлі өзгерістер белгіленеді. Мұндай өзгерістер тұлғааралық қатынас деңгейінде (мысалы, отбасының құрылымы мен функцияларындағы өзгерістер); ұйымдар мен институттар деңгейінде (білім, ғылым мазмұны, ұйымдығы жағынан өзгерістерге жиі ұшырайды); шағын және үлкен әлеуметтік, саяси топтар деңгейінде (Қазақстанда, мысалы, қазірдің өзінде жұмысшы табының, шаруалардың құрамы өзгерді, жаңа әлеуметтік-саяси топтар-кәсіпкерлер пайда болды); әлеуметтік-саяси және жаһандық деңгейлерінде (көші-қон үдерістері, бір елдердің экономикалық, саяси және технологиялық дамуы және басқаларының тоқыраулық және дағдарыстық күйі, адамзат өміріне экономикалық және әскери қауіп-қатер және т.б.) жүзеге асады.

Әлеуметтік-саяси нақтылықтың құрылымдық өзгерістерге түсуі қабілетінің табиғи, физикалық негіздері бар. Адам өз табиғатында – саяси тұлға, ол биологиялық түр ретінде жоғары икемділігімен ерекшеленеді және осындай деңгейде адаптациялық қабілетімен айшықталады. Ол абсолютті минимумді тума инстинктермен дүниеге келеді, бірақ үйренуге, еліктеуге, символдарға және шығармашылыққа келгенде ақылға сыймайтынша қабілетті. Әлеуметтік-саяси өзгерістер адамның биологиялық ұйымдастырушылығымен анықталмаған: ол мұндай өзгерістерге мүмкіндік жасайды, бірақ олардың өзін-өзі түсіндірушісі болып табылмайды.

Қоғамның бұрын басқаша болғанын, болашақта да қазіргідей болмайтындығын адамзат өте ертеде түсінді. Ежелгі Египет хронигі біздерге көтерілістің тамаша суреттемесін және оның хаос пен күйзеліс салдарларын папируста жазып қалдырды. Ал ұлы ежелгі грек ақыны Гесиод өзінің «Еңбек және күндер» атты поэмасында әлеуметтік өзгерістердің мифологиялық тұжырымдамасын баяндады, ол бойынша адамзат «алтын ғасырдан» бастап қазірге дейін созылған «темір» ғасырға дейін бес күйді басынан өткізген. Гесиодта, басқа да көптеген мифологиялық парадигмалардағы сияқты, қоғамдағы өзгеріс үдерісі деградация бағытында – биіктеуден құлдырауға қарай жүреді.

Мифтердің басқа да типтері, мысалы, ежелгі шығыс мифтері, адамзат өмірін ұзын циклдардың жүйесі ретінде суреттейді, олардың әрқайсысы басталған нүктесіне келіп аяқталады. Осылайша, қоғамның нақты үдемелі қозғалысы жоқ және әлеуметтік-саяси өзгерістер сөзсіз болатын бірдеме іспетті, бірақ ол мүлдем зая кеткен үдеріс ретінде саналды.

Біздер үшін біртұтас үздіксіз әлеуметтік-саяси прогресс туралы үйреншікті түсінік, біздерді жаман күйден жақсы күйге жетелейтін біздің әрекеттерімізден тәуелсіз және жалпы қоғамның саналы бағытталған тарихы болатындығы туралыдан тәуелсіз, иудехристиандық дүниетанымға тиесілі болды, бірақ ол ұтымды формасын Ағарту дәуіріндегі идеология шеңберінде түбегейлі иеленді. Вольтердің кейіпкері «Бұл жақсы әлемде не істелсе де, жақсылыққа істелінеді» – деген еді. Бұл идея XIX ғ. ғылыми айналымға «эволюция» ұғымын енгізумен нығайтылды. Биологиялық эволюция ашылғаннан кейін, қоғамның да биологиялық түрлердің дамуы сияқты қарапайымнан күрделіге қарай дамудың біртұтас бағытталған үдерісіне қосылғандығы түсінікті болды.

Г.Спенсерге тиесілі көңілге қонымды әлеуметтік эволюция теориясы, ол биологиялық организмдер және адамзат қоғамдары эволюциялық дамудың бір ғана заңына бағынады. Басқаша сөзбен айтқанда,

қоғамдар көлемі жағынан іріге және күрделіге айналады; олардың жекелеген элементтері одан әрі жіктеледі, маманданады, бір-біріне өзара тәуелді болады.

Эволюциялық амал әлеуметтік және мәдени антропология саласында да басымдыққа жетті. XIX ғасыр соңындағы көрнекті антропологтар Э.Тайлор мен Л.Морган қоғамды эволюциялық даму қағидаты негізінде классификациялады. Егер де Морган барлық қоғамның «тағылықтан» аралық «варварлық» саты арқылы «өркениеттік» күйге бір ғана жолмен жүреді деп санаса, Тайлордың пікірінше діншілдік те қарапайым форма – анимизмнен политеизм сатысы арқылы монотеизмге қарай дамиды.

Сондай-ақ К.Маркс пен Ф.Энгельсте эволюция идеясының күшті ықпалына түсті. Марксистік табиғи тарихи даму схемасын, барлық қоғамдар үшін міндетті белгілі сатыларды қосқан, эволюциялық амалдың тағы бір туындысы ретінде қарастыруға болады. Алайда Маркстың теориясына дарвинизмнің ықпалымен қатар Гегель жасаған тарихтың идеалистік тұжырымдамасы да күшті әсер етті. Гегельдің схемасы да үлкен құрылымы іспетті еді, бірақ ол идеалистік негізде орнатылды. Бұл жерде қоғам дамуы сатылары әлеуметтік-саяси әлемде және адам санасының әлемдік логикалық бастауды мойындаудың немесе абсолюттік ұғымның көрінісінің әртүрлі деңгейлерін бейнеледі. Осылайша Гегельше қоғамның дамуы таза логикалық көрініс ретінде көрінді, ол тарихилық, оның схемасына сәйкес, логикалыққа сай келді. Бұл бәрін қамтыған абсолюттік ұғымның бүкіл логикалық мазмұны тарихи үдерістегі нақты әлеуметтік-саяси формаларда өз уақытында көрінуге тиісті болуды білдірді. Дамудың диалектикалық схемасы, Гегель ұсынған, өмір сүрудің барлық формалары үшін, тірілер үшін де, өлілер үшін де бірдей, және бірізді үш сатыдан – бастапқы, оны терістеу, терістеуді дерістеуден міндетті түрде өтуден, яғни бастапқыға қайтып оралудан, бірақ басқа сапалы деңгейге оралудан тұрады. Кез-келген объектіде, кез-келген қоғамда міндетті түрде болатын қарама-қайшылықтардың күресі бұл қозғалыстың қозғаушысы болып табылады. Дамудың бір сатысынан келесі сатысына өту секіріс, революция арқылы, жинақталған сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге өту кезінде жүзеге асады.

Маркстің бұл схемасы «аяғынан басына қарай төңкеруі» нәтижесінде кез-келген қоғамға қолдануға болатын және бүкіл әлем халықтары үшін тарихтың бірдей ақырын қарастырған әмбебап гегелдік-материалистік модель пайда болды, ол бір мезгілде жаңаның бастауы болуы тиіс: дүниежүзілік социалистік революция болуы керек, бұл қоғамды «бастапқы» тапсыз күйіне оралтады. Марксте антогонистік таптардың күресі дамудың қозғаушысы саналады.

Тек Маркс ғана әлеуметтік революция ұғымын тарих философиясының орталық ұғымына айналдырды. Шындығында әлеуметтік революция уақытпен престелумен және өзгерістердің тоталдығымен ерекшеленетін әлеуметтік-саяси өзгерістердің маңызды, ерекше типі.

Әлеуметтік революция – бұл мемлекеттік және қоғамдық таптық құрылымдарды төңкеру және оларды бұрынғылардан түбегейлі айырмашылығы бар жаңа әлеуметтік тәртіппен алмастыру[2]. С.Хантингтон революцияны «қоғамда үстем етуші құндылықтар мен мифтердегі, оның саяси институттарындағы, әлеуметтік құрылымындағы, үкімет басшылығы мен қызмет тәсілдеріндегі және саясатындағы ішкі, іргелі және күштеу өзгерістері» ретінде анықтады, белгіледі.

Сонымен қатар, «әлеуметтік-саяси реформа» ұғымы да әлеуметтік-саяси өзгерістің белгілі бір түріне жатады. Реформа мен революция арасындағы айырмашылықтар әдетте реформаны қоғамдағы құндылықтардан басқаларына бағыт-бағдар ұстау үшін түбегейлі бас тарту болып табылады. Әдетте революциялық қайта құруларды жақтаушылар өздерін бүкіл қоғамның, таптың немесе халықтың шынайы құндылықтарын қорғаушымыз деп есептеді. Ал олардың қарсыластары өздерін дәстүрлі құндылықтарды қиратушы адамдардан қорғаушы ретінде санады.

Алайда, «революция» және «реформа» терминдері басқа мағынада жиі қолданылады: революция қоғам өмірінің барлық жақтарын қарқынды, шапшаң және түбегейлі өзгерту ретінде түсініледі, ал реформа – әлеуметтік-саяси өмірдің тек қайсыбір жеке, маңызды жақтарын қамтитын сипаты бойынша эволюциялық баяу өзгерістер ретінде пайымдалады.

Антипрогрессизм, романтиктерге тән, немістің келесі ойшылы Ф.Теннистің идеяларынан көрінді. Ол қауымдастықтар мен қоғамдар сатысынан тұратын өте қарапайым, екі мүшелік схема жасады. Қауымдастық – бұл өткен дәстүрлі қоғамның романтикалық рухтағы идеалданған бейнесі, онда адамдар арасында эмоционалды қатынастар, жүрек қалаулары, туыстық байланыстар және діни дәстүрлер үстемдік етеді. Қоғамға, қауымдастыққа қарама-қарсы сипаттар тән, әдеттегі байланыстар үзілген, шеттету күшейген, ұтымдылық эволюцияны ығыстырған, ал дәстүр секуляризмге жол берген кезде қоғам индустриализация үдерісінде пайда болады.

Э.Дюркгейм мен М.Вебер, XIX ғ. соңында қоғамтану сахнасына шыққан, прогресс идеясына екі жақты қатынасты анықтады. Мысалы, Э.Дюркгейм нағыз еңбек бөлінісін, түптеп келгенде қазіргі индиви-

дуализмге, аномиялық күйге жеткізетін базистік әлеуметтік үдеріс ретінде қарастырды. М.Вебер эволюционизмді жоққа шығара келіп, батыс қоғамының дамуының басқа өркениеттерден түбегейлі өзгешелігін және жалпы тарихи бірегейлігін дәлелдеді. Вебердің пікіріне сәйкес, қазіргі капитализмді, бүгінгі ғылым мен ұтымды құқықтық жүйені, сондай-ақ қоғамда бюрократияланудың артуын алып келе жатқан батыс қоғамы үшін ұтымдылықтың ерекше типі тән.

Дюркгеймнің, Вебердің және сол уақыттағы басқа да қоғамтанушылардың еңбектері эволюционизмнен әлеуметтік-саяси өзгерістердің статикалық теорияларына өтумен белгілі болды. Эволюциялық теориялар эмпирикалық негізде (оларды ғылымда жинақталған фактілер бірте-бірте жоққа шығарды), сонымен қатар оларға тән детерминизм және еуроцентристік оптимизм сыни қайта қарауларға ұшырады. XX ғасырдың бірінші жартысында ұзақ мерзімді прогресс идеясын жоққа шығарған циклдық өзгерістер теориялары танымал болды. Олардың қатарына италия ғалымы В.Паретоның «элита айналысы» тұжырымдамасы, сондай-ақ О.Шпенглер мен А.Тойнби жасаған «өркениеттің өмірлік циклі» теориялары жатты. Соңғылар бойынша кез-келген нақты өркениеттің өзінің даму сатысы болады, олардың дамуы әрдайым прогрессивті бола бермейді, олар өрлеу және құлдырау сатылары – пайда болу, өсу, гүлдену, құлдырау және жойылу кезеңдерінен тұрады деген идеяларды басшылыққа алды. Бұл адамның өмірлік циклін еске түсіреді. Америка әлеуметтанушысы және экономисі У.Ростоудың XX ғ. 60 жж. кеңінен танымал болған «экономикалық өсудің бес сатысы» тұжырымдамасы жоғарыда айтылған теорияларға жақын. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, кез-келген қоғам өзінің дамуында келесі бес фазаны заңды түрде өтеді:

- аграрлық шаруашылыққа және қарапайым технологияға негізделген дәстүрлі қоғам фазасы;
- өнімділіктің артуымен, ұлттық аумақтық және экономикалық ықпалдасуыдың дамуымен, орталықтанған мемлекеттің пайда болуымен сипатталатын өтпелі қоғам;
- өндіріс төңкерісімен, озық технологияларды кіргізумен байланысқан экономикалық өрлеу сатысы;
- өндірістің қарқынды дамуы, жаңа өндіріс салаларының пайда болуы, ғылым мен техниканың жетістіктерін кеңінен енгізілуі, урбанизация және т.б. байқалған кемел немесе индустриалдық қоғам сатысы;
- қоғам ең алдымен өндірістің мәселелеріне бағыт-бағдар ұстамай, керісінше тұтынуға, экономикада қызмет көрсету өндірісін басым болған «жаппай тұтынудың жоғарғы дәуірі» деп аталған даму сатысы.

Ростоу тұжырымдамасына постиндустриалды қоғамның көптеген теориялары негізделді. Соңғылардың арасынан А.Тоффлердің «супериндустриалды қоғам» теориясына толығырақ тоқталу жөн.

Технологиялық детерминизм идеясының жақтаушысы Тоффлер, қазіргі батыс қоғамында жүріп жатқан техника-технологиялық өзгерістер әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы барысын анықтайды және әлеуметтік-саяси өзгерістер үдерістерін ынталандырады деп есептеді. Сондықтан қоғам тарихы, Тоффлердің пікірінше, дамудың тұрақты түрде жеделдеу әрекетінің болуымен сипатталады. Тоффлер адамзат қоғамын сатыларға бөлуге немесе технологиялық даму «толқындарына» негізделген кезеңдерге бөлудің өз схемасын ұсынды:

- бірінші толқын аграрлық кезеңге сәйкес келеді (хронологиялық жағынан бұл өндірістік төңкерістің басталуына дейінгі уақыт);

- екінші толқын өндірістік төңкеріспен, индустрияландырумен және ғылыми-техникалық революциямен және индустриалдық қоғам дәуірінің орнауымен байланысты;

- үшінші толқынды материалдық игіліктерді өндіруден қызмет көрсету өндірісінің басым болуы анықтады және супериндустриалды қоғам қалыптастыру туралы әңгіме қозғалған кезең.

Өз уақытындағы әлеуметтік мәселелерді Тоффлер қарама қарсы екі бағыт-бағдардың және бір қоғамдық құрылымның шеңберінде өмір сүретін индустриалдық және супериндустриалдық қоғамдардың қақтығыста болумен түсіндірді. Құрылымдар, индустриалды қоғам дәуірінде қалыптасқан, бюрократиялық басқару жүйесінің қаталдығын, максималды пайда табуға бағыт-бағдар ұстауын, ғылыми-техникалық революцияның жағымсыз салдарларын бақылауға алуға қабілетсіздігін сақтайды.

Тоффлердің пікірі бойынша индустриалдық қоғам дағдарысы мен «үшінші толқынның» басталуы себепші болған мәселелердің жаһандық сипаты бар. Индустриалды қоғам жинақталған барлық мәселелерді шешуді білдіреді. Супериндустриалды қоғаммен Тоффлер жаңа, жетілген технологияларға: компьютерлік техниканы ендіруге, ғарыштық зерттеулерді, гендік инженерия және биотехнологияны кіргізуге өту негізінде әлеуметтік өмірдің барлық саласын ізгіліктендірумен (гуманизация) байланыстырады. Супериндустриалды қоғамда, Тоффлердің пікіріне сәйкес, ақпараттың және интеллектуалды еңбектің рөлі артады. Бұның бәрі әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жаппай өзгеруіне, басты сипаты адаптациялық қабілеті мен мобилдігі жоғары болатын тұлғаның жаңа типін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік-саяси өзгерістердің ұзақ мерзімді үдерістеріне деген қызығушылық толықтай жойылған емес, XIX ғ. бірінші жартысында антропология мен әлеуметтануда функционализмнің гүлденуіне орай ол

екінші қатарға кеткен еді. Сонымен қатар, эволюциялық даму ұғымы бәріне ортақ және бейтарап «әлеуметтік өзгерістер» ұғымымен толық ығыстырылды. Алайда XX ғ. 60-80 жж. біз жаһандық өзгерістерге деген қызығушылықтың қайтадан артқандығын байқаймыз. Р.Линтонның, Л.Уайттың, Дж. Стюарттың және басқалардың көптеген неоэволюциялық теориялары пайда болды. Бұл авторлар адамзаттың ұзақ мерзімді дамуы ретінде әлеуметтік эволюция идеяларын ұстанды. XIX ғ. эволюционизмге қарағанда неоэволюционизм барлық қоғамның өз дамуында әлеуметтік дамудың бәріне белгілі сатыларынан өтетініне сендірді. Қоғамдардың арасындағы айырмашылықтарға және олардың бір-біріне өзара ықпал етуіне үлкен көңіл аударылды, оны белгілеу үшін арнайы «аккультурация» ұғымы енгізілді. Сонымен бірге неоэволюционистердің түсінігінде әлеуметтік эволюция ықтималдық сипатта болады. Әлеуметтік даму ендігі жерде үздіксіз прогреспен бірдейлестірілмейтін болды.

Ұзақ мерзімді әлеуметтік-саяси дамуға деген қызығушылықтың қайта оралуы тарих сахнасына «дамушы елдер» деп аталатындардың шығуымен де байланысты. Бай және кедей елдердің өмір деңгейі арасында қалыптасқан үлкен алшақтықты түсіндіру үшін батыстың әлеуметтанушылары, саясаттанушылары мен экономистері XX ғ. ортасында модернизация теориясын жасады, оған сәйкес, кедейлер, өз дамуларында төменгі деңгейге тоқтаған, батыс қоғамы үлгісі бағытында дамуы тиіс немесе модернизациядан өтуі қажет. Мұндай теориялар еуроцентристік бағыттағы жасырын эволюционизм үшін, бай елдердің кедей елдерге саяси шешімдерін мәжбүрлеуде биліктің ұлтаралық қатынастарға жете көңіл аудармағаны үшін сынға алынды. Бұл аспектілер кейін шыққан өзара тәуелділік теориясында немесе оларды И.Валлерстайн «дүниежүзілік капиталистік жүйе» теориясы деп атаған тұжырымдамасының назарына ілікті.

Соңғы онжылдықта бір жағынан әлеуметтану мен антропологияның, екінші жағынан, тарихпен кейбір позициялардың жақындасуы байқалды. Тарихшылар ұзақ мерзімді әлеуметтік-саяси өзгерістер теорияларына көптеп қызығушылық танытса, әлеуметтанушылар мен антропологтар өздерінің теориялық дайындауларына эмпирикалық дәлелдерді іздестіруде тарихқа жүгінді. Бұл Қазақстанның мысалынан жақсы көрінеді.

Қазақстан қоғамы соңғы онжылдықтар бойы әлеуметтік-саяси өзгерістер үдерісін басынан кешіруде. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің ерекшелігі қоғамның бір қоғамдық экономикалық құрылыстан басқасына жүйелі өтуімен байланысты. Бұл урбанизация, демографиялық өзгерістерден немесе жәй модернизациядан тіптен де өзгеше. Мұнда әлеуметтік-саяси өзгерістердің барлық түрлері мен типтерінің кешені, барлық факторлардың өзара әрекеті баршылық.

Постиндустриалды қоғам деп аталған жедел даму жолы Қазақстандағы демократиялық өзгерістердің аса тиімді жолы болып саналады. Шындығында елдің үлкен, бірегей интеллектуалдық, өндірістік әлеуетін, аумақтық көлемін, ұлттық, жалпы қазақстандық мақтаныш пен намыс сезімін, әлемнің дамыған елдерінің арасынан ойып орын алуын ескеріп, біздің халқымыз бен мемлекетіміздің мүмкіндіктері мен арманына постиндустриалдық, демократиялық қоғамның ерекше, бірегей қазақстандық вариантын таңдау сәйкес келеді. Осылайша, Қазақстан қоғамын демократияландыру оның тарихындағы бірден-бір аса мәнді әлеуметтік-саяси қайта құруларды, тіптен ең терең және іргелі әлеуметтік-саяси өзгерістерді қамтыған.

Қорытындылай келіп, әлеуметтік-саяси өзгерістер – бұл әлеуметтік-саяси қатынастар болатын кезкелген модификация екенін айтуымыз керек. Демек, әлеуметтік-саяси өзгерістер – бұл уақыт өте әлеуметтік-саяси құбылыстардың, элементтердің, құрылымдардың, байланыстардың бір күйден басқасына өтуі. Әлеуметтік-саяси өзгерістердің мәнін терең түсіну үшін әлеуметтік-саяси өзгерістер моделдерін қарастыру қажет.

2. Әлеуметтік-саяси өзгерістер моделдері

Әлеуметтік-саяси өзгерістерді зерттеген қоғамдық ғылымдардың барлық теоретиктерінің ортақ сенімі мұндай өзгерістердің қалай болса солай, еркін болмайтындығына, қайсыбір дәрежеде қандайда бір заңдылықтарға бағынатынына саяды. Басқаша айтқанда, әлеуметтік-саяси өзгерістердің қандай да бір тұрақты құрылымдары немесе моделдері бар. Әлеуметтік-саяси ой тарихында мұндай моделдердің үш түрі ұсынылды: төмен түсетін сызық бойынша биіктен төмен құлдырау қозғалысы; тұйық шеңбер бойынша – циклдік қозғалыс; төменнен жоғарыға қарай – прогрестік қозғалыс. Әртүрлі комбинацияда осы үш вариант әлеуметтік өзгерістер теорияларының бәрінде әрдайым болды. Алайда қазіргі теорияларға нормативтік тән емес, басқаша айтқанда, дамуды бағаламайды, сондықтан қоғамның құлдырау немесе прогресс ретіндегі қайсыбір күйін анық ешқашанда анықтамайды. Мұндай бағалар тек эмпирикалық бақылаулардан ғана шығып қоймауы керек. Мұндай жағдайда дамудың циклдік және бір бағыттық екі схемасының барлығы туралы айтылуы қажет.

Бір бағытты даму әдетте кумулятивті болады: ол бірдеменің өсуі немесе жинақталуы ретінде – халық-

тың тығыздығы, ұйымның деңгейі, өндірістің көлемі сияқтыларды түсіндіреді. Алайда оның бағыты төмен түсуді немесе өрлеу мен құлдыраудың үйлесімі болуы мүмкін. Өзгерістің соңғы типін америка антропологі К.Гирц «инволюция» деп атаған. Ол кейбір аграрлық қоғамдарда кездеседі, өйткені оларда адамдардың санының прогрессиялық артуы жан басына шаққандағы әл-ауқаттың дәл сондай прогрессивтік төмендеуімен үйлеседі. Салалық (линейлік) өзгеріс бір бағытты өзгеріс үдерісінің қарапайым типі, өйткені онда жүріп жатқан өзгерістердің көлемі кез-келген уақытта да тұрақты болып табылады.

Соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттерде циклдік әлеуметтік-саяси өзгерістерге көп көңіл бөлінуде. Бұл әлеуметтік-саяси өзгерістердің күрделі моделі, себебі ол өзіне эволюциялық және революциялық өзгерістерді, өрлеу және құлдырау үдерістерін қосқан. Сонымен бірге біздер циклдік өзгерістер туралы айтқанда қандайда бір өзгерістің жеке актісі туралы сөз етпейміз, жиынтығы циклді құрайтын белгілі бірқатар өзгерістерді әңгіме етеміз. Циклдар деп қайсыбір уақыт аралығында айналымды құрайтын белгілі бір құбылыстардың, үдерістердің жиынтығын айтады. Циклдың соңғы нүктесі алғашқысын қайталайды, бірақ оны басқа жағдайларда немесе басқа деңгейде қайталайды. Циклдік әлеуметтік-саяси өзгерістер жыл мерзіміне сәйкес жүреді (ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдық сипаты), бірақ ол бірнеше жылды (мысалы, экономикалық дағдарыс себепші болған өзгерістер) және бірнеше жүзжылдықты (мәдениет типтері) қамтуы мүмкін.

Әртүрлі бағыттағы әлеуметтанушылар, саясаттанушылар көптеген әлеуметтік, саяси институттардың, қауымдастықтардың, таптардың және тұтас қоғамдардың циклдік схемасы бойынша – пайда болу, өсу, гүлдену, дағдарысқа ұшырауы және солу, мұрагер болатын жаңа құбылыстың пайда болуы, олардың қарсылас болуы, тіптен бірізгіде мұрагер-қарсылас болуы, өзгеруі фактілерін белгіледі. Мұндай өзгеріс схемасына қоғамдағы көптеген – әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани құрылымда бейім.

Циклдік әлеуметтік-саяси өзгеріске ерекше күрделі қоғамдағы әртүрлі құрылымдар, құбылыстар мен үдерістердің циклдарының біржылдың және одан да аз уақыттың шеңберіне сиятын маусымдықтан бастап көпжылдыққа дейінгі әртүрлі зат береді. Тарихтың қазіргі әрбір сәтінде біз дамудың әртүрлі сатысында орналасқан әлеуметтік, саяси құрылымдардың, құбылыстардың, үдерістің бір мезгілде қатар өмір сүруін көріп отырмыз. Осымен олардың арасындағы өзара әрекеттің, өзара сәйкессіздіктің және жанжалдың сипаты айтарлықтай дәрежеде анықталады.

Әлеуметтік-саяси өзгерістердің циклдық сипатына адамдар ұрпақтарының ауысуы айқын мысал бола алады. Әрбір ұрпақ дүниеге келеді, әлеуметтік, саяси пісіп-жетілу кезеңінен өтеді (әлеуметтену), одан кейін белсенді қызмет істеу кезеңі келеді, одан әрі қарттық кезең және тіршілік циклының табиғи аяқталуы келеді. Әрбір ұрпақ ерекшелікті әлеуметтік-саяси жағдайларда қалыптасады, сондықтан ұрпаққа ұқсамайды және өмірге, ақиқатқа, саясатқа, экономикаға, мәдениетке әлеуметтік-саяси өмірде бұрын болмаған өздерінің жаңаларын әкеледі, сөйтіп ол көптеген әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асырады. Ұрпақтардың әлеуметтік-саяси өзгерістер үдерісіне қосатын үлесі әртүрлі болады, бірақ олардың әрқайсысының мұндай үлес қосатыныны сөзсіз.

Осы ұрпақ өкілдерінің дүниеге келуі мен өмірден өтуінің арасындағы уақыттың орташа аралығы өмірдің орташа ұзақтығын құрайды. Бұл – өмір деңгейінің және әлеуметтік-саяси өзгерістер қарқынының көрсеткіші, ол тарих барысында, әсіресе, соңғы жүзжылдықта айтарлықтай өзгерді. Мысалы, XIX ғ. соңында өмірдің орташа ұзақтығы 35-40 жастан аспады, ол кезде де 80-100 жас жасаған қарттарда кездескен. Дамыған елдерде өмірдің қазіргі орташа ұзақтығы 70 жасқа дейін және оданда жоғарыға көтерілді. Осы уақыт аралығын осы жағдайдағы ұрпақтардың толық циклі деп санауға болады.

Сонымен қатар, шағын циклдарды да, ең алдымен сол ұрпақтың белсенді еңбек істеген кезеңін бөліп көрсетуге болады. Қазіргі жағдайда бұл орта есеппен 35-40 жыл (20 жаста еңбек жолын бастағаннан 58-63 жаста зейнеткерлікке жеткенге дейін). Егер де толық цикл халықтың толықтай жаңаруын, ұрпақтардың физикалық ауысуын білдірсе, онда шағын цикл қоғам тіршілік әрекетіндегі ұрпақтың ауысуын білдіреді.

Барлық әлеуметтік-саяси өзгерістерді қарастырған кезде қоғамдағы ұрпақ ауысуын циклдық сипатта абстракциялауға болмайды. Ұрпақтар сабақтастығы, біріншіден, циклдық сипатта жүреді, екіншіден, басқа әлеуметтік-саяси өзгерістерге циклдық сипат береді және әлеуметтік-саяси дамудың жалпы қарқынына белгілі бір деңгейде ықпал етеді. Бұл жерде үш мөлшердің арасындағы қатынастың: адамдар ұрпақтарының толық және шағын циклдарының және машина ұрпақтарының циклдарының (оларда затқа айналған білімнің) принциптік маңыздылығы бар.

Өмір ұзақтығының артуы, яғни ұрпақтардың толық циклының ұзақтығының артуы, әлеуметтік-саяси өзгерістер қарқынының баяулауына әкелуге тиісті еді. Алайда біздер соңғы 200-300 жылда кері картинаны байқаймыз, яғни қоғамдық даму қарқынының жеделдегенін көріп отырмыз. Адамдар ұрпақтары туралы айтумен қатар білім ұрпақтары жөнінде де, машина ұрпақтары туралы да (компьютерлер, ұшақтар

және т.б.) айтуға болады. Нақты өмірде біздер техниканың ескі және жаңа ұрпақтарын айыруға ұмтыламыз. Техниканың жаңа ұрпағы дегенде тозған немесе моралдық ескірген құрал-жабдықтарды жай ғана алмасытыру, жөндеу және жеңіл-желпі жетілдірілгенін түсінбеуіміз керек. Қоғамтанулық әдебиеттерде жаңа ұрпаққа кем дегенде бір, көбінесе бірнеше қатынастарда, түптеп келгенде өзінің тиімділігі бойынша бұрынғыдан екі есе артықшылығы бар жетілген еңбек құралдарын, механизмдерді жатқызады. Өткен ғасырларда машина ұрпақтары өте баяу алмасты: адамдардың бірнеше ұрпағы бір ұрпақты техникада жұмыс істеді, бұл әсіресе, ауылшаруашылығы өндірісіне тән болды. XVIII-XIX ғғ. өнеркәсіп төңкерісінен кейін техника ұрпағының ауысу қарқыны артты және оны адамдар ұрпағының ауысуымен салыстыруға болатындай болды. XX ғ. ортасында ғылыми-техникалық революция осы ұрпақтардың өзара қатынастарына сапалы өзгерістер енгізді: енді Э.А.Араб-оғлы атап көрсеткеніндей, техниканың жаңа ұрпақтарының ауысу қарқыны қызметкерлер ұрпақтарының ауысу қарқынын басып озды. Мысалы, адамдар ұрпақтарының шағын циклы шеңберінде алдыңғы қатарлы өндіріс салаларында техниканың бірнеше ұрпағының ауысуы жүрді. Электроникада, қоғамдық өмірдің барлық саласында кеңінен енгізіліп отырған, XX жүзжылдықтың ортасында, яғни шамамамен елу жылдың ішінде компьютерлердің бес ұрпағы ауысты.

Техниканы жаңалау үдерісі білімнің ескіру және оны жаңалаудың қажеттігі үдерісімен тығыз байланысқан. Бұл жерде затқа, яғни, техникаға, машиналарға айналған білімді және «тірі» білімді, яғни қызметкерлердің бойына сіңген, олардың біліктілігін, компетенттігін (разрядтарда, ғылыми дәрежелерде) білдіретін білімді айыра білу керек.

Білімнің ескіру қарқыны, жоғарыда келтірілген интервалмен анықталған, сонымен бірге тірі білімнің яғни қызметкерлердің біліктілігін тұрақты, жүйелі түрде жаңалаудың қажеттігін талап етеді. Э.А.Араб-оғлының пікірі бойынша, қайсыбір мамандыққа қажетті білім көлемін екі есеге арттыру 12 жылдық интервалмен жүретін болса, онда 23 жасында жоғары оқу орнынан кейін жұмысқа кірген адамның 35 жасында білімнің тек жартысы ғана қалады, осы салада білікті маман қызметін атқаруға қажетті 47 жасында – ширегі, ал 59 жасында білімінің сегізден бір бөлігі қалады екен[3]. Міне, сондықтан ғылым мен техниканың барлық деңгейлері мен салаларында мамандардың біліктілігін тұрақты, жүйелі түрде арттырудың қажеттігі туралы мәселе өткір болып тұр. «Жұмыс істейтін» білім және «жұмыс істейтін» машина циклдары жұмыс атқаратын адамдар ұрпақтарына өз талаптарын қояды.

Осылайша қазіргі қоғамда өткен жүзжылдықтағы қоғаммен салыстырғанда (басқа ғасырлар туралы айтпағанның өзінде) машина, техника және технология ұрпақтарының ауысуы жеделдейді, бірақ адамдар ұрпақтарының физикалық ауысу үдерісі баяулайды. Алайда, сонымен қатар қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің деңгейін жаңалаудың жеделдеу үдерісі байқалады. Бұл көрсеткіштердің жиынтығы қоғамның ғылыми-техникалық және әлеуметтік-саяси прогресінің қарқынын анықтайды. Бірнеше ондаған жылдарға созылған үлкен уақыт аралығындағы әлеуметтік өзгерістердің циклдық сипаты қоғамдық ғылымдар саласындағы көптеген мамандардың назарын өзіне ерекше аудартып отыр. Экономистердің, әлеуметтанушылардың, философтардың және саясаттанушылардың арасында үлкен циклдар немесе ұзын толықандар деп аталған теориялар айтарлықтай кең тараған.

Көпшілікке кеңінен танымал Ресей экономисі Н.Д.Кондратьев циклдық өзгерістерді зерттеуде маңызды үлес қосты[4]. Ол экономикалық дамуда ұзын циклдардың болатындығын дәлелдеді, олардың барысында көптеген экономикалық көрсеткіштердің шығу фазасынан бастап басылу фазасына дейінгі динамикасы өзгереді, және де осы циклдардың дамуы үдерісіндегі өндіргіш күштердің секіргіш өзгерістері және оларға сай экономикалық қатынастар барлық әлеуметтік-саяси құрылымдардағы ұқсас өзгерістермен өзара байланысқан. Кондратьев зерттеген үлкен циклдың бірінші көтерілу толқыны қоғамдық шаруашылық өмірінің негізгі жағдайларындағы, XVIII ғ. соңы-XIX ғ. басындағы өнеркәсіп революциясының қызу жүріп жатқан кезіндегі айтарлықтай өзгерістерден басталады, бұл кезде ірі техникалық өнер табулар іске асады, өндірістің жаңа салалары құрылады, ал осы циклдық өзгерістердің өзі ірі әлеуметтік-саяси күйзелістермен – Ұлы Француз революциясы, Наполеон соғыстары және т.б. революциялармен және соғыстармен қабаттаса жүреді.

Тарихи тәжірибе көрсеткеніндей экономикалық, әлеуметтік-саяси дамудың үлкен циклдарының бет бұрыс нәтижелеріне жақын жерде, әдетте, жалпы еуропалық, тіптен әлемдік масштабтағы ірі оқиғалар болады. Мысалы, циклдық өзгерістердің бірінші ұзын толқынының минимум және максимум шегінде (1780-1820 жж.) Ұлы француз революциясы және Наполеон соғыстары, Ресейдің Түркиямен соғысы, Польшаны екінші және үшінші бөлікке салуы жүрді. Циклдық өзгерістердің екінші ұзын толқыны кезеңінде (1842-1870 жж.) еуропаның бірқатар елдерінде буржуазиялық революциялар, Франция-Германия соғысы өтті және Париж коммунасы орнады. Үшінші ұзын толқын кезеңінде (1890-1920 жж.) орыс-жапон соғысы, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Қазан революциясы болды. Төртінші ұзын толқынның (1930-

1970 жж.) ең ірі күйзеліс Екінші дүниежүзілік соғыс пен дамыған батыс елдеріндегі солшыл радикалды қозғалыстың шыңына шығуы болды. Циклдық өзгерістердің бесінші ұзын толқынының (1990 ж.-шамамен 2030 ж.) өрістеуінің бас кезіндегі Кеңес Одағының ыдырауы, дүниежүзілік социалистік жүйенің күйреуі бүкіл әлемді тітіретті және бұл кезеңде бізді қандай ірі әлеуметтік-саяси күйзелістер күтіп тұрғанын айту қиын.

Әлеуметтік-саяси өзгерістер сонымен қатар, эндогенді (өзгерудегі қоғамның ішкі табиғаты немесе құрылымы себепші болған) және экзогенді (сыртқы себептер туындатқан) моделдерге топтасады. Капитализмнің жедел дамуы және М.Вебер түсіндірген протестантизмнің этикалық идеяларының ықпалымен бастапқы капиталдың қалыптасуы экзогендік өзгерістің мысалы бола алады.

Эндогенді үдерістер бастауын өзгерудегі қоғам құрылымынан алады. Олардың кейбіреулері оның трансформациялануына әкелсе, кейбіреулері, керісінше, оның сақталуы мен нығаюына әкеледі. Бірінші жағдайда әңгіме эволюциялық және революциялық үдерістер жөнінде болып отыр, екіншісінде әлеуметтік-саяси ұдайы өндірудің жәй, қарапайым үдерістері туралы айтылып отыр. Эволюциялық үдерістер жүйенің өз өмір сүру заңдарының модификациясын шақырған кезде жүреді. Мұндай үдерістерге ғылыми білімнің дамуы немесе еңбек бөлінісінің дамуы мысал бола алады.

Қоғамда әлеуметтік-саяси өзгерістердің моделі ретінде әлеуметтік-саяси прогресс және регресс болады. Әлеуметтік-саяси прогресс деп әлеуметтік-саяси жүйе дамуының төменгі деңгейден оның жоғарғы деңгейіне немесе аса күрделі ұйымдық құрылымды және аса тиімді функцияларды иеленген жана, барынша жетілген әлеуметтік-саяси жүйеге өтуді іске асыруға бағытталған өзгерістер түсіндіріледі.

Қоғамдағы прогрессивті өзгерістердің пайда болуына адамзаттың өркениетке дейінгі, архаикалық даму сатысынан 9-10 мың жыл бұрын орнаған өркениетті дәуірге өтуінен сөзсіз көрініс тапты. Қоғамның аграрлық-қолөнерлік типінен, шамамен 250-300 жыл бұрын жүзеге асқан, оның индустриалдық типіне өтуде соншалықты прогрессивті болды. XVIII ғ. соңы – XIX ғ. басындағы өнеркәсіп революция осы өтудің негізгі формасына айналған еді. Әлеуметтік-саяси өзгерістер, осы прогрессивті үдерістер туындатқан, өте ауқымды болды. Жер жыртудың орнына келген өнеркәсіп экономиканың, әлеуметтік өмірдің, саясаттың және мәдениеттің негізіне айналды. Монархтардың қатал авторитарлық билігінің орнына парламенттердің және президенттердің демократиялық (немесе жалған демократия) билігі келді. Феодалдық аксүйектердің орнына буржуазия әлеуметтік-саяси құрылымдағы үстемдікті иеленді. Бұрынғы білімсіз халықтың көпшілігін білімді адамдар алмастырды, этностардың феодалдық бытыранқылығының орнына олардың ықпалдасуының нәтижесінде біртұтас әдеби тілгенегізделген және кітап басу өнімдерін таратуға негізделген жоғары дамыған мәдениеті бар ұлттар пайда болды.

Алайда қоғамда жоғарыдан төменге өтуге бағытталған әлеуметтік-саяси өзгерістерде бар. Ол деградация үдерістерімен, жүйенің өмір сүруі үшін және оның тіршілік әрекетін қолдау үшін қажетті функцияларды орындау қабілетін жоғалтумен байланысты. Әлеуметтік-саяси регресс дегеннің өзі осы, дамудың төмен қарай бағытталуымен қатар, ол тоқырау, құлдырау, күні өткен әлеуметтік-саяси құрылымдар мен функцияларға оралу моменттерінен тұрады. Осылайша, әлеуметтік-саяси регресс әлеуметтік-саяси өзгерістердің бағытталуы бойынша прогреске қарама-қарсы. XX жүзжылдықтың 30 жылдарында Германияда фашистік режимнің орнауы әлеуметтік-саяси регрестің анық көрінісі болды. Соның нәтижесінде демократиялық парламенттік республика «фюрердің» тоталитарлық диктатурасымен басып-жанышыланды, көптеген мәдени құндылықтар жоққа шығарылды, әлем әдебиетінің көрнекті шығармалары жаппай отқа жағылды. Ғылым мен мәдениеттің көптеген атакты қайраткерлері эмиграцияға кетуге мәжбүрленді. Еврей халқының 6 млн. өмірін әкеткен геноцид іске асырылды. Ал неміс ұлты, нәсілдік идеологияға масаттанып бас айналған, ел үшін, бүкіл неміс халқы үшін үлкен әлеуметтік-саяси апатқа айналған Екінші дүниежүзілік соғыстың пәлекетіне тасталды.

Алайда прогресс пен регрестің арасында қарама-қарсы байланыстың болуымен қатар көпжақты өзара тәуелділікте баршылық. Бір жағынан жекелеген регрестік өзгерістер әлеуметтік-саяси жүйенің жалпы прогрессивтік дамуы шеңберінде жүруі мүмкін, екінші жағынан регрессивтік өзгерістердің артуы кезінде жалпы жүйе оның жекелеген құрылымдық компоненттері немесе функциялары дамудың прогрессивтік бағытын сақтай алады, тіптен күшейтеді де. Мысалы, Жан Жак Руссо өмір сүрген кезде (XVIII ғ. екінші жартысы) қоғамдық ғылымдарға маманданған ғалымдардың айтарлықтай бөлігі ғылыми техникалық прогрестің қоғам дамуы үшін жағымдысалдарларымен қатар мінезді, өнегелікті нашарлатады, регреске жеткізеді деп есептеді.

Қоғам дамуындағы прогрессивтік және регрессивтік өзгерістердің өзара әрекетінің күрделілігі мен қарама-қайшылығын ескеріп, қоғамтанушы әлеуметтік-саяси өзгерістерді бағалау үшін, оларды прогресс немесе регресс ретінде айқындау үшін қандай да бір объективті көрсеткіштерді табуға ұмтылуы тиіс.

Мұндай жағдайларда, әдетте, бағалауға негіз болатын әлеуметтік-саяси көрсеткіштердің арнайы жүйесі жасалады.

Модернизация деп аталған әлеуметтік-саяси өзгерістер моделін ерекше бөліп көрсетуге болады.

Қоғамтануда «модернизация» ұғымы дәстүрлі, аграрлық қоғамнан қазіргі индустриалдық, секулярлық қоғамға өтудің тарихи үдерісін белгілеу үшін қолданылады. Қоғамды модернизациялау ең алдымен индустриаландыруды ойластырады. Қазіргі қоғамның тарихи қалыптасуы өнеркәсіптің пайда болуымен байланысты. Қазіргі ұғымымен байланысатын барлық сипаттамалардың бірқатар өзгерістерге қатысы бар, ол екі жүз жыл бұрын өмірге қоғамның индустриалдық типін әкелген еді. Бұл «индустриализм» және «индустриалды қоғам» терминдерінің тек экономикалық және технологиялық маңызының барлығын болжауға мүмкіндік береді. Индустриализм – бұл экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени терең өзгерістерді қамтитын өмір стилі. Жан-жақты индустриалды трансформация үдерісінде ғана қоғам қазіргі қоғамға айналады. Осы контексте қазіргі қоғамның негізгі белгілері болып: инновацияға бағыт-бағдар ұстау, әлеуметтік-саяси өмірдің зайырлық сипаты, үздіксіз (циклдік емес) даму, биліктің демократиялық жүйесі, жаппай білім беру және т.б. саналады.

Модернизация – бұл үздіксіз және шексіз үдеріс[5]. Модернизацияны органикалық немесе органикалық емес екі түрге ажыратады.

Органикалық модернизация өткен эволюция барысында дайындалып, қоғамның өзінің дамуы болып табылады. Мұндай модернизация экономикадан емес, мәдениеттен, саясаттан және қоғамдық сананы өзгертуден басталады. Капитализм адамдар өмір укладындағы, дәстүріндегі, дүниетанымындағы және бағыт-бағдарындағы өзгерістердің табиғи салдары ретінде пайда болды. Ол үкіметтің тарихи артта қалушылықты жою және шетелдік тәуелділікке жол бермеу мақсатында жасайтын дамудың «қуып жету» тәсілі іспетті. XX ғасырдың 30 жылдарындағы сталиндік индустриаландыру, 1985 жылғы қайта құру және 1991-1993 жж. экономикалық реформалар осы мақсатты ұстаған еді.

Органикалық емес модернизация шетел құрал-жабдықтарын және патенттерін сатып алу, бөгде технологияны енгізу (экономикалық шпиондық әдіспен), мамандарды шақыру, шет елдерде маман даярлау, инвестиция тарту жолдарымен іске асады. Осыған сәйкес, әлеуметтік және саяси салаларда өзгерістер жүреді: басқару жүйесі шұғыл өзгереді, жаңа билік құрылымдары енгізіледі, елдің конституциясы шетелдік үлгілерге бейімделеді. Органикалық емес модернизация мәдениеттен емес, керісінше экономика мен саясаттан басталады. Басқаша айтқанда, органикалық модернизация «төменнен», ал органикалық емес – «жоғарыдан» жүреді.

Модернизация қоғам өмірінің барлық формасын қамтиды:

-Саяси модернизация белгілі бір негізгі институттардың – саяси партиялардың, парламенттің, халықтың қатысуы негізінде шешім қабылдауға ықпал ететін сайлау құқын және жасырын дауыс беруді дамытуды ойластырған.

-Мәдени модернизация әдетте секуляризацияға және ұлттық идеологияның дамуына құйылады.

-Индустриаландырудан айырмашылықты экономикалық модернизация экономикалық өзгерістер- мен – еңбек бөлінісінің өсуімен, менеджмент әдістерін және жетілдірілген технологияны қолданумен, сондай-ақ коммерция үшін қолайлы жағдайдың дамуымен байланысқан.

-Әлеуметтік модернизация сауаттылықтың артуын, урбанизацияны және дәстүрдің беделінің төмендеуін болжамдайды.

Модернизацияның тарихи мерзімдерін жүздеген жылдармен есептеуге болады, жеделдетілген модернизация мысалдарыда жеткілікті. Қалай дегенмен де модернизация – бұл бір емес, өмірлік қол жеткен қалып.

Қазіргі қоғамның арқауында қоғамның тепе-теңдікке жетуіне жол бермейтін динамикалық қағидат орын алған. Қоғамның дамуы әрдайым тұрақсыздықпен және бір қалыпты еместікпен ерекшеленеді. Даму деңгейі қандай болса да әркезде қоғамда «артта қалған» аймақтар мен «шеткі» топтар болады. Олар тұрақты түрдегі шиеленіс пен қарама-қайшылықтың қайнар көзін құрайды. Бұл құбылыс жекелеген мемлекеттердің ішкі дамуымен ғана байланысты емес. Модернизация батыс елдерінің бастапқы шеңберінен шығып, бүкіл жер шарына қозғалысын бастаған кезде ол бүкіл дүниежүзілік масштабта байқалды. Дамуы бір текті және біркелкі елдердің болуы әлемдегі мемлекеттер жүйесіне тұрақсыздықтың маңызды элементтерін енгізеді. Модернизацияның, біздің түсінігімізше, екі негізгі фазасы бар. Модернизация үдерісі өзінің дамуының белгелі бір моментіне дейін қоғамның институттары мен құндылықтарын сақтайды және оларды әдетте прогрессивті қозғалыс ретінде қарастырылатын жетілдіруге қатыстырады.

Модернизация үдерісіне бастапқы қарсылық көрсету қатты және ұзаққа созылуы мүмкін, бірақ ол әдетте сәтсіздікке ұшырайды. Модернизация өзінің дамуында белгілі бір нүктеге жеткеннен кейін көпте-

ген наразылықты тудыра бастайды. Бұл халықтың күтілісті көтеріп жіберуімен түсіндіріледі, оларды қазіргі қоғамның бастапқы кездегі тез табыстары мен динамизмі арандатқан болатын. Топтарда қоғамға жоғары талаптар қою үрдісі бар, ол талаптарға сәйкес келу күннен күнге қиындай түсуде. Модернизация дүниежүзілік масштабта жеделтеу деңгейіне жетіп, жаңа әлеуметтік және материалдық мәселелерді туындатады, олар қазіргі қоғам негізделген қағидаттардың өсуі мен кеңеюіне қауіп төндіруі мүмкін. Қазіргі қоғамдар осы екінші фаза кезінде бірқатар жаңа мәселелермен бетпе-бет келеді, оларды шешуге дәстүрлі ұлттық мемлекеттердің күші жете бермейді. Бірақ әлемде дамуы бірдей емес және мүдделері қақтығысатын мұндай егеменді ұлттық мемлекеттердің жүйесі басым. Алайда қазіргі қоғамның мәні оның шақыруына-сын-қатеріне (вызов) және оған жауап реакция беруден тұрады. Қазіргі қоғамның табиғаты мен дамуын қарастырғанда бірінші орынға қауіп-қатерлер мен қиыншылықтар шықпайды. Қазіргі қоғамға адамзат тарихындағы ең түбегейлі және алысқа апаратын революцияны жүзеге асыртқан таң қаларлық табыстар алға шықты.

Бұдан шамамен екі жүз жыл бұрын басталып, әлдеқайда кейін концептуалды бекіген индустриаландыру мен модернизация феномендері әлі күнге шейін аяқталған жоқ. Тарихтың аяқталуы, егер де мұндай жалпы болатын болса, әзірге көрінбейді және осы масштабты тарихи қозғалыстың табиғатын және маңыздылығын түбегейлі бағалау мәселесі әзірге жауапсыз қалып отыр. Кешеуілдеген модернизация теориясы, ХХ ғ. 60 жж. жасала бастаған, батыс әлеуметтанушылары үшін бүгінгі еуразия жағдайын талдаудынаппараттық құралына айналды. Кешеуілдеген модернизация теоретиктері қоғам дамуында сызықтық (линейный) прогресс және ілгерлеу сатысы бар деп есептейді. Соған сәйкес табиғат өнімдерін өндіру аграрлық экономикамен ауысады, ал соңғысын индустриалдық алмастырады. Осы көзқарас тұрғысынан, индустриалдық модернизация жолын «уақытында» өтуге үлгермеген елдер өздерінен осы бағытта озып кеткен қоғамды «қуып жету» үшін «кеш те болса» мұны жасайды және жасауға тиіс. Бұл тұжырым-дама «қуып жету модернизациясы» деген атау алды.

Иммануил Валлерстайн модернизация теориясының орнына дүниежүзілік жүйе теориясы деп аталған моделді ұсынды. Онда қауымдастықтарға және ұлттық мемлекеттерге екінші қатардағы маңыздылық берілген, ал бірінші орынға жаһандық әлеуметтік-саяси өзгерістер қойылған.

Сонымен, қоғам жаһандық деңгейде дүниежүзілік жүйеге айналады, оны дүниежүзілік қауымдастығы деп те атайды. Мұндай жүйені екі форма айрықшалайды – дүниежүзілік империялар (көптеген аумақтар, бір мемлекеттік түзілімге саяси біріккен) және дүниежүзілік экономикалық жүйелер (саяси бір мемлекетке бірікпеген, бірақ ұқсас экономиканы дамытушы елдер).

Осымен байланысты өркениеттің адамзат қоғамы дамуының жаһандық деңгейін бейнелейтінін, онда әлеуметтік-саяси жүйелердің ықпалдасуы жүретінін айтуымыз керек.

Жоғарыда айтылғанның бәрінен әлеуметтік-саяси өзгерістердің барлық моделдері, типтері бір-бірімен өзара байланысқан және өздерінің әрекеттерінің жиынтығымен әлеуметтік-саяси динамиканың алуан түрін іске асырады деген қорытынды шығады. Әлеуметтік-саяси өзгерістер тек көп түрлі, көп моделді ғана емес, олар қоғамның барлық саласын, барлық деңгейін және оның құрылымының буындарын, оның-экономикалық, әлеуметтік, саяси, социомәдени жүйешелерін, олар атқаратын бүкіл функцияларды қамтиды.

3. Әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторлары

Үлкен эмпирикалық материалдар, қоғамтану жинақтаған, нақты әлеуметтік-саяси өзгерістердің себептері мен қайнар көздерін тек экономикалық факторларға таңуға болмайтындығын көрсетті. Олар әлдеқайда күрделі, көптүрлі, ал кейде қатаң детерминистік түсіндіруге де берілмейді. Көптеген жағдайда тек әлеуметтік-саяси құрылымдардағы, олардың функцияларындағы өзгерістер ғана экономикалық және басқа да өзгерістерге қозғау салады.

Жалпы, физикалық орта, халық, жанжалдар, құндылықтар мен нормалар, инновация, идеология және т.б. әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторлары – қайнар көздері болатындығын айтуымыз керек.

Адамдар – саяси тұлға, белгілі бір мекенде өмір сүретін физикалық тіршілік иелері. Тірі қалу үшін олар қаршаған ортамен өзара әрекетке түсуі қажет. Басты бейімдеу механизмдерінің санатына, халықтың қарамағында бар, әлеуметтік, саяси ұйым мен технология жатады. Алайда, әлеуметтік, саяси ұйым, технология, қоршаған ортаның біріне адамдардың бейімделуіне көмектесетін, басқалардың адаптациясы үшін сәйкес келуіне міндетті емес. Аңшылар мен терімшілердің, бау-бақшалық, аграрлық және индустриалдық қоғамдар адаптациялық типтері бойынша ерекшеленеді. Егер де қоршаған орта қандай да бір себепке байланысты өзгермесе, оның тұрғындары, қоршаған ортаға белгілі бір адаптация типін жасаған, бұл өзгерістерге сәйкесінше институционалдық өзгерістерімен, әлеуметтік, саяси ұйымдардың жаңа формаларын және техникалық өнер табыстарын жасаумен жауап беруі тиіс. Қуаңшылық, су тасқыны, эпидемиялар, жер сілкінісі және басқа да стихиялық күштер адамдарды өздерінің өмірлік стильдеріне өзгерістер

кіргізуге мәжбүрлейді. Сонымен бірге, адамдар тіршілігі өзінің физикалық ортасына да айтарлықтай ықпал етеді. Қауіпті қалдықтарды көму, қышқыл жаңбырлар, су мен ауаның ластануы, су ресурстарының таусылуы, топырақтың жоғары құнарлы қабатының эрозиясы және шөл даланың «шабуылы» – бұның бәрі адамдардың экожүйеге тигізген зиянының нәтижесі. Демек адамның тыныс-тіршілігі өзінің қоршаған ортасымен, күрделі өзара өзгерістердің тізбегімен байланысқан.

Сондай-ақ халық санындағы, құрылымындағы және бөлінуіндегі өзгерістер қоғамның мәдениетіне және әлеуметтік-саяси құрылымына ықпал етеді. Мысалы «бебибум» ұрпағы батыс қоғамының музыкалық талғамына және саяси ахуалына айтарлықтай әсер еткен. Қоғамның «қарттануы да» жұмыс орындары іспетті маңызды мәселелерді жасап отыр, өйткені қызмет сатысында көтерілуге барлық күшімен қол жеткізетін орта жастағы қызметкерлердің саны артты. Қызметте көтерілу үшін өз мүмкіндіктерін күткен адамдардың саны барған сайын артуда, бірақ бос орындарға отырғысы келетін адамдарға қарағанда, бос орындар аз кездеседі.

Жанжалдар әлеуметтік-саяси өзгерістердің бір факторы болып саналады. Жанжал – бұл адамдардың ресурстар немесе құндылықтар үшін күрестегі өзара әрекеттің формасы[6]. Индивидтердің және топтардың мүдделері бір-біріне қарама-қайшы. Олардың мақсаттары сәйкеспейді. Сондықтан жанжалдың әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторы болуы таңқаларлық нәрсе емес. Өз мақсаттарына жету үшін топ мүшелері осындай күрес барысында өз ресурстары мен мүмкіндіктерін жұмылдыруы тиіс. Мысалы, соғыс кезінде адамдар әдеттегі өмір салтынан еріксіз бас тартады, соғыс жағдайындағы ыңғайсыздықтарға төзуіне тура келеді. Әрине, жанжал да келіссөздерді жиі ойластырады, ымыраға немесе бейімделу дағдысына жетуді болжамдайды, осының бәрі жаңа институционалдық құрылымдардың пайда болуына әкеледі. Алайда тарих мұндай өзара әрекеттің нәтижесінде күреске қатысушы жақтардың мақсаттарына толық жетуінің сирек болатынын көрсетті. Көбінесе түпкі нәтиже жаңа сапалы тұтас құрылымдарды құруды білдіреді. Ескі әлеуметтік-саяси тәртіп әбден титықтап, жаңаға орын береді.

Әлеуметтік-саяси өзгерістерде құндылықтар мен нормалар маңызды рөл атқарады. Құндылықтар мен нормалар әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторы ретінде, қоғамда қабылданған, қандайда бір жаңаға рұқсат беретін немесе тиым салатын өзіндік бір «цензор» іспетті әрекет етеді. Сондай-ақ олар «стимулятор» ретінде де қызмет істейді. Біздің техникалық жаңаны қабылдау дайындығымызды экономикалық теориядағы, діндегі немесе отбасы моделдеріндегі өзгерістерге біздің қарсылық көрсетуімізді салыстыру қызықты. Осы мәдени қарама-қайшылық біздің «өнертапқыш» сөзін қолдануымыздан көрініс табады. Біз үшін өнертапқыш – бұл жаңа материалдық затты жасаушы адам, ал материалдық емес идея авторы саналатын адамды біз «революционер» немесе «радикал» деп жиі атаймыз, яғнишын мәнінде келеңсіз өзгешелігі бар сөздермен белгілейміз.

Инновациялық өзгерістер де әлеуметтік-саяси өзгерістердің маңызды факторы болып табылады. Инновациялық өзгерістер – бұл адамдар қызметінің жаңа тәсілдері мен нәтижелерінің пайда болуы, бұлар қоғамдық дамудың өткен сатыларында болмаған. Осы өзгерістердің мәнін индивидтердің және олардың топтарының инновациялық қызметі құрайды, ал олардың мазмұнын – қоғам дамуының ықпалымен өзгертін жаңадан пайда болатын (мысалы, радиоэлектронды құралдардағы ақпаратқа қажеттілік) әлеуметтік-саяси қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін алуан түрлі жаңаны жасаудың, таратудың және практикада қолданудың кешенді үдерісі.

«Инновация» термині әлеуметтануға XIX ғ. аяғында антропология және этнография арқылы енді, оларда бұл термин «дәстүр» терминінің антонимы ретінде субмәдениеттегі өзгеріс үдерістерін зерттеуде, одан кейін экономика, саясат, ғылым, техника салаларындағы өзгерістерді зерттеуде кеңінен қолданыла басталды. Көрнекті неміс әлеуметтанушысы М.Вебер діни институттардың маңызды инновациялық рөлін, атап айтқанда, капитализм рухын қалыптастыруда, капиталистік экономикалық жүйенің пайда болуында протестанттық этиканың рөлін ашып көрсетті. Т.Парсонс қазіргі қоғамда философияның, теологияның, құқық пен әлеуметтанудың, саясаттанудың инновациялық маңыздылығын көрсетіп берді.

Әдетте әлеуметтануда, саясаттануда инновациялық өзгерістер құрылымындағы өзара байланысқан төрт компонент ерекшелінеді. Бірінші компонент-жаңалық. Жаңаның өзі экономика, саясат, әлеуметтік, ғылым, техника және т.б. салаларында көрінеді. Қандай да салада көрінсе де ол бірінші компонент болып қалады. Инновациялық жаңалықтардың қатарына жаңа ғылыми идеялар, жаңа техникалық өнертапқыштық, жаңа саяси құрылымдар және жаңа әлеуметтік рөлдер жатады. Инновациялық жаңалықтың екінші элементін жаңаны жасайтын немесе қоғамдық өмірдің қайсыбір саласында оны жүзеге асыратын жаңашылдар, әдетте, өздерінің дамыған қабілеттерімен, мақсатқа талпынушылығымен, жоғарғы ерік-жігер сапаларымен, өзінің бүкіл интеллектуалдық және физикалық ресурстарын қайсыбір міндетті шешуге, алға қойған мақсатқа жетуге шоғырландыру дағдысымен ерекшеленеді. М.Вебер жаңашылдың жеке басы харизмасының саяси және діни қызметтегі үлкен маңыздылығын ашты.

Инновациялық өзгерістердің үшінші компоненті – диффузия агенттері немесе жаңалықты таратушылар. Бұлар, әдетте, жаңа идеяларды, жобаларды, техникалық құралдарды және т.с.с. жасайтын жаңашылдардың шәкірттері мен серіктері. Мысалы, марксистер – К.Маркстың шәкірттері марксистік дүниетанымды таратуда міне дәл осындай рөлді атқарды.

Шыққан жаңаны бағалаушылар, қабылдаушылар инновациялық өзгерістің төртінші компоненті болып есептеледі. Жаңалықты әлеуметтік-саяси бағалау әрдайым инновациялық өзгерістермен қатар жүреді, бірақ оны әлеуметтанулық немесе саяси талдау кезінде эксперименттік фазасының және одан кейін шешім қабылдау фазасының болатынын атап көрсетуге болады. Шағын топ адамдардың жаңалықты алғашқы қабылдауы эксперименталды фазаны білдіреді, ал оларды одан кейін кең қолдану – ұсынылған жаңалықты қолдану керек пе? Егер де қолдану керек болса, қандай салаларда және қандай масштабтарда пайдалану қажет деген шешім қабылдау фазасына әкеледі. Мысалы, суық (қырғиқабақ) соғыс кезінде және өткір халықаралық шиелініс болған кезде, Кеңес Одағы мен АҚШ арасында, ғылыми-техникалық жаңалықтар ең алдымен әскери-өнеркәсіп кешенінде (компьютерлік, лазерлік, зымыран техникасы және т.б.) бағаланды және қолданылды, содан кейін қоғамның азаматтық саласына тарады.

Жаңалықты қолдануға қатысты шешім қабылдаудауш жағдай болуы мүмкін. Олар мыналар:

- уақытша қабылданған жаңалықтың бейнеленуі (мысалы, 1994 ж. Белорустағы биліктің парламенттік типінің президенттік типке ауыстырылуы);

- бұрынғы құрылымдар мен қатынастарды ығыстыруға орай жаңа типті құрылымдар мен қатынастарды толықтай қабылдау (мысалы, Белоруста «президенттік вертикаль» деп аталғанның құрылуы және оның барлық жеріне тарауы, олардың арасында қатынастың тарауы);

- бұрын болған мінез-құлық пен қазіргі мінез-құлықтың жаңа құндылықтары, нормалары, нәсілдер арасындағы қарама-қайшылықтың тұрақсыздығы, мысалға Белоруста, Ресейде, ТМД басқа да елдерінде мемлекет бәріне көмектесуі керек деген кеңестік өткенді және патерналистік иллюзияны аңсайтын халықтың үлкен топтарының сақталуын айтуға болады.

Соңғысы өзге әлеуметтік топтарда нарықтық стратегия мінез-құлық кеңінен тарағанына қарамастан (кәсіпкерлерді, фермерлерді, «челноктар» деп аталатындарды ерекшелейтін) үлкен жастағы адамдар мен зейнеткерлер үшін тән. Мұндай жағдай, әдетте, қоғам дамуының өтпелі кезеңі үшін қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістер әртүрлі бағыттылығымен сипатталатын, соның салдарынан, дәстүрлі де, оны алмастыруға келе жатқан да (сондай-ақ оларды қолдаушылар) айтарлықтай басымдыққа жете алмайды.

Осылайша, инновация ойлап табу сияқты бір мезеттік акт емес, керісінше ол ұрпақтан ұрпаққа берілетін білімнің, бірқатар жаңа элементтердің кумулятивтік бір ізділігі. Демек инновация негізделетін мәдени элементтердің саны көп болған сайын, жаңа ашулар мен ойлап табулардың жиілігі де соғұрлым жоғары болады екен[7]. Мысалы, шыныны ойлап табу линзаны жасауға, көйлектерге әшекейлер, бокалдар, терезе әйнектерін, зертхана және рентген трубкаларын, электр шамын, радио және теледидар лампыларын, айнаны және т.б. көптеген заттарды жасауға түрткі болды. Линзалар өз кезегінде көзілдіріктердің, үлкейткіш көрсететін әйнектердің, телескоптардың, фотокамералардың, фонариктердің және т.с.с. пайда болуына ықпал етті. Мұндай типтің дамуы негізіне экспоненциалдық қағидат алынған, – мәдени базаның кеңеюіне орай жаңа ойлап табулардың геометриялық прогрессиямен өсу үрдісінің мүмкіндігі үлкен.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, шартты түрде идеялық-саяси деп аталаты факторлардың топтары бар. Мысалы, идеялар прогресі және идеялардың ауысуы. Идеялардың ауысуы таза интеллектуалдық үдеріс емес. Әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторы ретінде қарастырылатын ол жаңа әлеуметтік-саяси қозғалыстардың пайда болуымен қосақтаса жүреді. Әлеуметтік-саяси қозғалыстар жеке басында сирек кездесетін сапалардың арқасында бұқара халықты әлеуметтік-саяси қарсылық көрсету акциясына жұмылдыруға қабілетті, қоғамда орнаған тәртіпті шайқалтуға және революциялық өзгерістерге әкеп соқтыруға қабілетті харизматикалық көшбасшыларды тудырады.

Қоғамдарда жүріп жатқан саяси үдерістер, сондай-ақ өз бетінше әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторы бола алады. Саяси революциялардың соңғы теорияларына сәйкес мемлекеттік аппараттың болуы және мемлекетаралық қатынастардың табиғаты революцияны қалыптастыруға қабілетті факторлар болып табылады. Қоғам заңды, тәртіпті және азаматтық тұтастығын қолдау сияқты өзінің негізгі функциялары орындауға қабілетсіз болғанда ғана революционерлердің әрекетінің табысқа жетуге мүмкіндігі бар.

Суреттелген әрбір факторлар басқаларының ықпалына түседі және өзі де оларға әсер етеді. Түсіндіруші теориялар кездестіретін қиыншылықтар олардың өз кемшіліктерімен – детерминизмге және редуцианизмге байланысты: олар факторлардың өзара әрекеттерінің алуан түрлігін бір ғана анықтаушы факторға тиісті деді. Сонымен қатар, әлеуметтік-саяси үдерістер бір-бірімен соншалықты өзара байланысқан, оларды жеке бөліп қарастыру қателік болып саналады. Мысалы, экономикалық және саяси үдерістердің

арасында, экономикалық және технологиялық үдерістердің арасында анық шекара жоқ. Технологиялық өзгерістер өз бетінше мәдени өзгерістердің ерекше типі ретінде қарастырылуы мүмкін. Өртүрлі әлеуметтік-саяси үдерістер арасындағы себеп-салдар байланысы өзгеріске түсіп тұрады және оларды түбегейлі схемаға түсіру мүмкін емес.

Сондықтан әлеуметтік-саяси өзгерістердің қандай да болмасын себеп-салдарларын түсіндіру мүмкіндігі шектеулі. Теориялық түсіндірудің ортақ тәсілі осындай өзгерістердің әрекет етуші механизмдерінің моделін құруда жатыр.

Соңғы екі-үш жүзжылдықта идеология әлемінің әртүрлі елдеріндегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің мәнді факторына айналған. Идеологиялық доктриналар, идеалдар, бағдарламалар қоғамның барлық салаларындағы тіршілік әрекетті түбегейлі қайта құруды жүзеге асыратын көптеген саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар басшылыққа алатын әрекет етудің бағдарламасы, серпілісі болып табылады. Әлем тарихында XVIII ғ. Ұлы француз революциясы, XVIIIғ. Құрама Штаттардың тәуелсіздік пен өзін-өзі билеуі үшін күресі, XIX ғ. 70 жж. Париж коммунасы, 1917 ж. Ресейдегі қазан революциясы, XX ғ. 40 жылдардың соңындағы Қытай революциясы және т.б. аса маңызды құбылыстар болып қалды. Олардың бәрі белгілі бір идеологиялық қағидаттарды және құндылықтарды (Либералды-буржуазиялық, маркстік-лениндік, маоистік) жүзеге асыру үшін болған күрестер деп есептеу қабылданған.

Алайда тек дүниежүзілік тарихи маңызды әлеуметтік революциялар ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық және саяси себептер ықпал еткен барлық әлеуметтік-саяси өзгерістердің идеологиялық сипаты бар. Өзгерістер неғұрлым ірі, іргелі, терең жасалса, онда идеологияның рөлінің соғұрлым айқындығын есте ұстау қажет. Бұл кездейсоқ емес. Идеология белгілі бір идеялар мен түсініктердің жиынтығы, ол таптардың, бүкіл қоғамның мүдделерін білдіреді, сол мүдделерді әлеуметтік-саяси шынайылық тұрғысынан түсіндіреді және әрекет ету үшін (мінез-құлық) директиваларды (бағдарламалар) құрайды.

Өзінің мәні, анықтамасы бойынша идеология әлеуметтік-саяси өзгерістерге қатысты бейтарап, «немқұрайлы» бола алмайды. Идеологияның көмегімен әлеуметтік топтар және таптар осындай өзгерістерді талап етеді, немесе оған қарсылық көрсетеді. Алайда идеологияның әлеуметтік-саяси өзгерістердегі бұл рөлі айқын көріне бермейді. Ол қоғамда аса ірі, терең және іргелі өзгерістерді жүзеге асырғанда байқалады[8], ал салыстырмалы түрде ұсақ, таяз өзгерістер жүзеге асқанда оның байқалуы шамалы.

Әлеуметтік-саяси және экономикалық қайта құрулардың идеологиялық сипатын мойындауда ешқандай жамандық жоқ. Өйткені әлеуметтік-саяси өзгерістердің бұл типтері субъектілердің мұндай өзгерістердің фактісін мойындауына, мойындамауына қарамастан әркезде қандайда бір идеологиялық сипатта болады. Негізгі практикалық және теориялық мәселе тіптен басқа тұрғыдан қойылып отыр. Саяси күрес үдерісінде және кез келген саяси ойында, әрдайым әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар кезеңі қатар жүретін, партикулярлы идеология деп аталатын, яғни халықтың көпшілігінің мүддесін емес, шағын топтың мүддесін білдіретін идеология басымдық алады. Шағын топтың мүддесі өзімшілдік немесе пайдакүнемдік болуы мүмкін. Осыдан келіп осы топтармен және қоғамның қалғанхалқының арасында жанжал туындайды, ал идеология, әлеуметтік және саяси салаларда көрінеді. Жанжалдың өткірлігі сондай дәрежеге жетеді оны күштеу тәсілдерімен шешуге еліктіру пайда болады[9]. Міне, сондықтан әлеуметтік-саяси өзгерістер мен қайта құрулардың талқыланған, зерттелген бағдарламасы халықтың үлкен жіктері мен топтарының түпкі мүдделеріне негізделуі тиіс, жалпы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа алуы керек, партикулярлық, тар партиялық идеологияның арбап-алдауына берілмеуі қажет. Идеялы халықтың айтарлықтай көпшілігін, шоғырландыратын, рухтандыратын перспективалық жалпы ұлттық бағдарламаны және шынайылықты қатаң ғылыми, объективтік талдауға негіздеген, оның әлеуметтік-психологиялық, саяси, мәдени, рухани ерекшеліктерін ескерген нақты жете зерттеулермен біріктірудің тәсілдері мен формаларын табу маңызды.

Тарихи тәжірибе әлеуметтік-саяси өзгерістер факторларының пісіп-жетілген әлеуметтік-саяси мәселелерді, экономикалық, саяси және рухани үдерістердің интенсификациясын, халықтың айтарлықтай бөлігінің арттыруды тиімді шешуге, қоғамдағы қайта құруларды жеделдетуге ықпалын тигізетінін көрсетті.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан дамудың алғышарттары болып табылатын әлеуметтік-саяси өзгерістердің факторлары қоғамның барлық құрылымына бойлай енеді деген қорытынды жасауға болады. Бір-бірімен өзара әрекеттесе отырып, олар бірін-бірі детерминдендіреді, бір өзгерістер басқаларын туындатады, олардың жинақталуы бастапқыда көзге түспейтін, бірақ кейін келе келе мәнді қайта құруларға әкеледі. Сондықтан олар әлеуметтік-саяси даму үдерісін жүзеге асыратын негіз болып саналады, соңғыны ұсақ, тіптен көзге түспейтін өзгерістерді абстракциялаусыз түсіну және түсіндіру мүмкін емес. Мұндай ұсақ өзгерістер, судың шымырлануы сияқты, тереңдегі ағыстарды білдіреді, маңызды қоғамдық

өзгерістер туралы сигнал береді. Маман осы сигналдарды сезіп, байқауы тиіс және дамудағы оқиғаның барысын алдын-ала көре білуі керек.

4. Әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайындағы қоғамның тұрақтылығы

Қоғамның тұрақтылығы мәселесі біздер үшін тек ғылыми, академиялық қана маңызды емес. Қазіргі Қазақстан қоғамының экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірін тұрақтандыруды қазақстандықтар көптеген жылдар бойы күтіп үміттенуде. Мұндай жағдайда қоғамның тұрақтылығына, адамдардың өз болашағына, әлеуметтік-саяси жүйелер мен құрылымдардың өзгермейтіндігіне сенім пайда болады. Кезкелген өзгеріс адамдардың материалдық жағдайын, олардың әл-ауқатын нашарлатуға әкеледі, сөйтіп қоғамның бүкіл тұрақтылығының негізін бұзады деген түсінікті қалыптастырады.

Әлеуметтік-саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-саяси өзгерістің ғылыми әлеуметтік-саяси ілім тұрғысынан арақатынасы қандай? Бір қарағанда оларды бірін-бірі туындатушы деп санауға бола ма? Шындығында әлеуметтік-саяси тұрақтылық әлеуметтік-саяси жүйелер мен қатынастардың өзгермейтінділігінің, қозғалмайтындығының синонимі емес. Қоғамдағы мұндай қозғалыссыздық, әдетте тұрақсыздық, ерте ме, кеш пе тұрақсыздыққа, әлеуметтік-саяси шиеленіске, нәтижесінде тұрақсыздыққа әкеп соқтыратын тоқыраудың белгісі болып саналады. Бұрынғы КСРО, мысалы, ұзақ уақыт бойы, әсіресе, XX ғ. 60-70 жж. үкімет көптеген тауарлар мен қызмет көрсетудің бөлшек сауда бағасын тұрақты, қозғалыссыз ұстап тұруға тырысты. Алайда бұл бағалар түптеп келгенде осы тауарларды өндіруге кеткен еңбек пен шикізат материалдарының және қызмет көрсету еңбегінің шығындарына тіптен сәйкес келмеді. Өз кезегінде мұндай жағдай тауар өндіру мен қызмет көрсетудің тиімсіздігіне әкеп соқты. Нәтижесінде өндіріс құлдырай бастады, ғылыми-техникалық прогресс баяулады, тоқырау саласы кенейе түсті, әлеуметтік-саяси шиеленіс артты.

Қайсыбір құрылымдардың, институттардың, үдерістердің өзгеріссіздігі олардың мүлдем тұрақтылығын білдірмейді, шиеленістің, жанжалдың элементтерінің барлығын білдіретіні жайында басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады.

Әлеуметтік-саяси тұрақтылық ғылыми-саясаттанулық мағынада – бұл қоғамның белгілі бір тұрақтылығы шеңберінде әлеуметтік-саяси құрылымдарды, үдерістерді және қатынастарды ұдайы өндіру. Мұндай ұдайы өндіру өткен сатыларды жәй ғана қайталау емес, керісінше ол өзіне қажетті өзгеріс элементтерін қосумен ерекшеленеді.

Тұрақты қоғам – бұл дамушы, сонымен бірге, өзінің тұрақтылығын сақтайтын әлеуметтік-саяси өзгерістердің орнықты механизмдері мен үдерістері бар қоғам. Келесі бір жағдайды да есте ұстау маңызды. Авторитарлық және тоталитарлық қоғам жүйелерінде де белгілі уақытқа дейін тұрақтылық болуы мүмкін. Алайда көптеген елдердің тарихи тәжірибесі мұндай жүйелердің түбінде «қопарылатынын», әлеуметтік-саяси кикілжіңдердің, жанжалдардың және жалпы тұрақсыздықты шоғырландырушы болып қалатынын көрсетті. Сондықтан толық мағынадағы тұрақты қоғам – бұл демократиялық қоғам.

Осылайша, қоғамдағы тұрақтылық өзгеріссіздіктің, қозғалыссыздықтың есебінен іске аспайды, керісінше оған пісіп жетілген әлеуметтік-саяси өзгерістерді дер кезінде және керекті жерінде шебер жүзеге асырудың есебінен қол жетеді екен. Әлеуметтік-саяси өзгерістердің әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың қажетті жағдайы және элементі екенін, сондай-ақ белгілі тұрақсыздықтың, қозғалыстың (сіресіп қалуының болмайтыны сияқты) тұрақтылықты қамтамасыз ететінін айтуымыз керек.

Әртүрлі ғылыми бағыттағы ғалымдардың арасында аса көп тараған, қазіргі кейбір түсініктерге орай, тұрақсыздық бүкіл әлемнің іргелі сипаттамасы болып табылады. Мұндай түсініктерді қоғамға да қатысты айтуға болады. Бұл жерде тұрақсыздық деп әлеуметтік-саяси тәртіпсіздікті, ретсіздікті түсінбеу керек, әлеуметтік-саяси эволюцияның әрбір моментінің аяқталмағандығын, әлеуметтік-саяси болмыстың кезкелген нүктесінде әлеуметтік-саяси өзгерістердің мүмкіндігі мен қажеттігі және осы өзгерістердің пайда болу уақытын, орнын және нақты бағытталуын алдын ала көре білу түсінілуі қажет.

Қоғамның тұрақтылығы оның тіршілік әрекетінің әртүрлі – экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқықтық, адамгершілік, рухани салаларын жасайтын көптеген жиынтығымен қамтамасыз етіледі [10]. Енді солардың кейбіреулерін қарастырайық. Әлеуметтік-саяси тұрақтылық ең алдымен әлеуметтік-саяси бақылау механизмдерінің, яғни әдістер жиынтығының болуын ойластырған, қажетті тәртіпті ұстап тұру мақсатында қоғам солар арқылы адамдардың мінез-құлқына ықпал етуге ұмтылады. Бақылаудың көптеген формалары бар, олардың көпшілігін біздер байқамаймыз. Әрбір қоғамның ерекшелікті бақылау жүйесі болады. Қалай болғанда да, қоғам бақылаудың алуан түріне арқа тұтады. Өзара бақылау оның қарапайым түрі, онда топтың бір мүшесі басқа біреуге оның нашар мінез-құлқы үшін тойтарыс береді. Мұндай бақылау – тікелей және өзара делдал (полиция, сот және т.б.) болмаған жағдайда іске асырылады. Әлеуметтік-саяси бақылаудың ерекшелікті формасына, сондай-ақ дәстүрлер мен салттар да жатады.

Мысалы, салттар – бұл қандай да бір конституциялық биліктің қатысуынсыз бірте-бірте қалыптасатын белгілі бір міндетті топтық процедуралар. Алайда салттар игеріп, оның адамдарға ықпал ететін зор күшін конституциялық биліктің меңгермегенін айтуымыз керек.

Бақылаудың кейбір басқа да түрлері санкция жүйесімен байланысқан, олардың индивидуалдық қолдамадан бастап ресми айып төлеу формасындағы жазалау, түрмеге қамау сияқты түрлері бар. Қоғамдардың көпшілігі тармақталған бақылау жүйесіне негізделген, оларда физикалық күш соңғы құрал болып саналады. Қоғамдағы барлық бақылаудың түрлері өзара тығыз байланысқан, егер де оның бірі әлсірейтін болса, екіншісі оны бірден алмастырады.

Әлеуметтік-саяси тұрақтылық факторларының арасынан көптеген зерттеушілер мен саяси қайраткерлер қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымына, оның стратификациясына қатысты факторларды маңызды санайды. Солардың ішінде осы қоғамға сәйкес орташа табысы бар, орта көлемді жеке меншікті иеленген орта тап деп аталатындардың қоғамда айтарлықтай көп болуын атап көрсетеді. Мұндай таптың болуы халықтың аса белсенді жіктерін өз жағына тартуға қабілетті центристік саяси күштердің өмір сүруіне және нығаюына себепші болады. Және керісінше, центристік топтардың ықпалының жеткіліксіздігі, аморфты болуы экстремистік топтардың инициативаның иеленіп кетуіне қызмет етеді, бұл өз кезегінде саяси және әлеуметтік шиеленіске әкеледі, саяси күштердің күресін өткірлейді, сөйтіп тұрақсыздық тәуекелін күшейтеді.

Люмпендердің айтарлықтай жігінің болуын зерттеушілер қоғамның әлеуетті тұрақсыздығының қауіпті факторы санайды. Бұл жік, әсіресе, саны артқан жағдайда және қылмыстық элементтермен қосылған жағдайда ең тұрақсыздандырушы, қиратушы рөлді атқара алады. Оның қиратушылық әрекеттерінің бағытын алдын ала көре білу мүмкін емес. Сондықтан қоғамды люмпендендіруден, экстремистік саяси күштердің белсенді әрекеттерінен қорғау – оның тұрақтылығы мен тыныштығын сақтаудың маңызды бағыттарының бірі.

Әлеуметтік-саяси тұрақтылық қоғамның саяси жүйесінің ең алдымен мемлекеттің, атқарушы, заң шығарушы және сот билігінің тұрақты қалпына айтарлықтай дәрежеде тәуелді болады.

Көп партиялықтың дамуы қоғамды тұрақтандыруды қорғау механизмдерінің бірі бола алады. Әрине партиялар мен билік құрылымдары (парламент, атқарушы билік) арасындағы өзара қатынасты реттейтін қажетті заңнаманың болмауы, жалпы мәдениеттің, әсіресе партияаралық саяси күрес мәдениетінің болмауы немесе оның жеткіліксіздігі жағдайында көп партиялық қоғамдық өмірді тұрақсыздандырушы факторы қызметін де атқара алады. Бірақ, түптеп келгенде көп партиялық қоғамдық өмірді тұрақсыздандырушы факторы қызметін де атқара алады. Дегенмен, көп партиялық – бұл қоғамның тұрақтылығын қорғау механизмдерінің бірі. Ол ең алдымен қоғамды авторитаризм мен диктатураның баса көктеуінен қорғайды. Сол үшін парламент әртүрлі саяси партиялардың, ұйымдасқан саяси топтардың күрес сахнасы болып табылады. Келісім қоғамдық өмірдің факторы ретінде қоғамның саяси тұрақтылығын нығайтуда маңызды рөл атқарады, ол негізгі саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, биліктің барлық бұтақтарының өкілдері арасындағы негізгі құндылық болып саналады. Мұндай келісім, бір жағынан, әлеуметтік топтар мен жіктердің кең және масштабты бағыт-бағдарларын бейнелеуді көрсетеді, ал екінші жағынан, өз кезегінде ұқсас бағыт-бағдарлардың нығаюына қолайлы жағдай жасайды, ықпал етеді. Сондықтан қоғамда мұндай бағыт-бағдарлар неғұрлым басым болса, қоғамның өзі соғұрлым тұрақты болады, демократиялық тірегі де мығым болады. Келісімге деген қажеттілік өтпелі кезеңдерде аса айқын байқалады, өйткені қоғамдық келісім шешуші рөл атқара алады және шындығында атқарады да[11].

Алайда теорияда, практикада демократиялық келісімді тоталитарлық бірдей ойлаумен ешқашанда ұқсастыруға, араластыруға болмайды. Соңғысы басқаша ойлауға төзбейді, тек басты әрекет етуші адамның, жоғарғы билеушінің ғана (император, диктатор, президент немесе бас хатшы сияқты) ойының шексіз үстемдігіне жол береді. Мұнда пікірдің алуан түрлі болуына жол берілмейді. Демократиялық келісім әртүрлі қоғамдық қозғалыстардың, саяси партиялардың, билік тармақтарының, әлеуметтік топтар мен жіктердің міндетті түрде пікір плюрализмінің және түсініктердің болуын ойластырған. Бұл жерде пікірдің көптігі аса дұрыс, тиімді, оптималды шешімді іздестірудің әдісі, тәсілі қызметін атқарады, қарапайым ұрыс-керістің және насихаттық пікірталастың қайнар көзі бола алмайды.

Осылайша, әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайындағы қоғамның тұрақтылығы – бұл өзінің құрылымын және қоғамдық өзгерістер үдерісіне бақылау жасау қабілетін сақтай отырып, қоғамның шамалы өзгерістері мен тиімді өмір сүруіне және сыртқы және ішкі қоршаған ортаның ықпалы мен дамуына мүмкіндік беретін қоғам жүйесінің тұрақты жағдайы, қалпы.

Жоғарыда айтылғандардан келесі қорытындыны шығаруға болады.

Біріншіден, «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымы біздер, қазақстандықтар үшін үйреншікті емес,

«әлеуметтік-саяси даму» ұғымы дағдылы түсінік. Ол бізде көптеген жылдар бойы қоғамдық ғылымдарда, саясат практикасында таратылып, жайылды. Әрине оның қолданыста болуына құқысы бар, өйткені ол әлеуметтік-саяси нақтылықтың маңызды моменттерін сипаттайды. Бірақ «әлеуметтік-саяси даму» ұғымы тек жақсарту, күрделендіру, жетілдіру және т.б. жақтарға бағыты бар әлеуметтік-саяси өзгерістердің белгілі бір түрін ғана сипаттайды. Алайда басқа да көптеген әлеуметтік-саяси өзгерістер қоғамда бар, оларды жетілдірудің өзгерістері деп мойындау мүмкін емес, оған мысалға, пайда болу, қалыптасу, өсу, құлдырау, жойылу, өтпелі кезең, өтпелі жағдай және т.б. айтсақ жеткілікті. Бұлар өздерінің мазмұнында жағымды, ұнамсыз мағынаны тікелей алып жүрмейтін түсініктер, олар прогресс жағына қарай да, регресс жағына қарай да бағытталмаған жәй ғана өзгерістер болып саналады.

Осы тұрғыдан алғанда қоғамтануда (саясаттануда) «әлеуметтік-саяси өзгерістер» ұғымын негізгі түсінік ретінде қолдануға басымдық берілген, онда бағалау компоненті жоқ, әлеуметтік-саяси өзгерістердің, олардың бағытталуыларына қарамастан, кең шеңберлі алуан түрін қамту орын алған. Бұл ұғым қайсыбір саладағы әлеуметтік-саяси өзгеріс фактісін белгілейді, кең мағынадағы қозғалу, өзгеру фактісін айқындайды.

Екіншіден, әлеуметтік-саяси өзгерістерді қоғамда жүріп жатқан кез келген жалпы өзгерісер ретінде түсінуге болмайды. Қоғамдық өзгерістерді яғни қоғамның кез келген саласына қатысты – экономикалық, саяси, рухани өзгерістердің және тікелей әлеуметтік өзгерістердің арасында айырмашылықтар болуы қажет. Сондықтан біз саясаттанулық мағынада әлеуметтік-саяси өзгерістер туралы айтқанда кез келген салада жүріп жатқан – экономикалық, әлеуметтік, саяси, технологиялық немесе жалпы қоғамдағы кез келген өзгерістерді сөз етіп отырған жоқпыз, тек саясаттанудың пәні болып табылатын саладағы өзгерістер туралы айтып отырмыз. Дәлірек айтқанда бұл әлеуметтік-саяси жүйелердегі, әлеуметтік стратификациядағы, әлеуметтік, саяси үдерістердегі, әлеуметтік, саяси қауымдастықтардағы, институттардағы, ұйымдардағы, олардың өзара әрекеттеріндегі өзгерістер.

Әлеуметтік-саяси өзгерістердің барлық түрлері, моделдері өзара тығыз байланысқан: бір түрдегі немесе моделдегі өзгеріс өзінің соңынан басқа түрлердің немесе моделдердің өзгерістерін тартады, айталық, құрылымдық өзгерістерден кейін функционалдық өзгерістер, мотивациялықтан кейін процессионалдық және т.б. өзгерістер жүреді. Сонымен қатар, нақты әлеуметтік, саяси құбылыстарды талдау барысында өзгерістің бір түрін немесе моделін басқасынан немесе басқаларынан шектеу өте қиын. Соған қарамастан мұны істеуге ұмтылу қажет, өйткені оларды жіктеу әлеуметтік, саяси ақиқатты және онда жүріп жатқан нақты қозғалыстарды нақты, анық түсінуге мүмкіндік береді.

1 Садырова М.С. *Әлеуметтану: өзекті мәселелер.*-Алматы, 2011.- 62-75 бб.

2 *Новейший социологический словарь.*-Минск, 2010.-С.845.

3 Араб-Озлы Э.А. *Обозримое будущее. Социальные последствия НТР: год 2000.*-М., 1986.-С.25.

4 Кондратьев Н.Д. *Проблемы экономической динамики.*-М., 1989.

5 Әбсаттаров Р.Б. *Саясаттану негіздері. Екі томдық. 2-том.*-Алматы, 2012.-219-225, 228-229 бб.

6 *Философский словарь.*-Киев, 2006.-С.429-430.

7 Садырова М.С. *Әлеуметтану: өзекті мәселелер.*-Алматы, 2011.- 247-255 бб.

8 *Политическая идеология.*-Минск, 2012.-С.18.

9 Гелей С.Д., Рутар С.М. *Політологія.*-Київ, 2013.-С.158.

10 Сергеев Г.Я. *Проблемы современного общества.* – СПб., 2012.-С.116.

11 *Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachatans.*-Berlin, 2012.-S.74-118.

Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы социально-политических изменений, которые в политической науке еще недостаточно изучены. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Summary

In article topical issues of socio-political changes which in political science are still insufficiently studied are considered. At the same time the attention and to debatable questions is paid.

САЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ БАЙЛАНЫСЫН ЖАҢА СИПАТТА ҚҰРУ: САЯСИ ТАЛДАУ

Н.Б. Сейсен – Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы, с.ғ.к., доцент,

А.Б. Сейсенова – с.ғ.к.

Мемлекеттің экономикалық саясатының бір аясы салық саясаты болып табылады. Салық салу аясында мемлекет экономикалық мәселелерді өзінің міндеттері және өзін ұстау жөніндегі мәселерді ғана әзірлеу-менайналысып қоймай, сонымен қатар өте ауқымды әлеуметтік және саясат тұрғысындағы мәселелерді шешуге атсалысатын саясатты да жүргізеді. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Назарбаев экономиканы дамыту үшін «...таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, фискалды және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті әлеуметтік саясатқа аударамыз» деген болатын [1]. Салық саясатының қағидалары мемлекеттің жалпы экономикалық бағдарламасына негізделеді және онымен өте тығыз байланысты болады. Экономикалық бағдарламаны әзірлеу ісі салық саясатының алға қоятын талаптарын, оның принциптерін ескере отырып жүзеге асырылады. 29 қаңтар 2010 жылы Астанада Қазақстанның сауда-өнеркәсіп палатасының 50 жылдық мерей тойына байланысты Беларусь және Ресей СӨП өкілдерінің қатысуымен «Бірыңғай Кеден одағы жағдайындағы сауда-өнеркәсіп палаталарының рөлі» атты тақырыпта басқосу өтті.

Басқосуда Кеден одағына мүше елдердің өкілдері оның құрылуына, алдағы қызметі мен жоспарларына қатысты өз ойларымен бөлісті. Мұнда Қазақстан СӨП-інің Президенті Ерлан Қожасбай отандық бизнестің Бірыңғай Кеден одағының құрылуын қолдап, оның бастапқы қызметінде Қазақстан үшін бірқатар кемшіліктердің болатынына түсіністікпен қарап отырғанын, алайда уақыт өте келе еліміз Кеден одағына аясындағы қарым-қатынаста өз ұпайын түгендеп алатынын кәсіпкерлердің сенімді екенін айтты. Осы орайда ол СӨП-тің Ресей мен Беларусь рыногына шығамын деген кәсіпкерлерге жең ұшын беруге дайын екенін, өйткені, БКО құрамына кірген шетелдік әріптестеріміз Қазақстан рыногына тек инвесті қолдау палатаның басты мақсаттарының бірі болып табылатынын атап өтті. Оның айтуы бойынша, осы мәмлеге байланысты қазір Ресей мен Беларусь елдерімен тиісті келіссөздер жүргізілуде. Онда Кеден одағында кіретін мемлекеттердің сауда-өнеркәсіп палаталарының қауымдастығын құру мәселесі де қарастырылып отыр. Егер бұл ассоциация құрылған жағдайда оған әр елден мүше кіріп, Кеден одағы аясында туындаған мәселелерді тез арада анықтап, шешу жолдарын қарастыратын болады.

Сонымен бірге, осы басқосуда 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Кедендік одақтың бірыңғай кедендік тарифі бекітілді. Сондай-ақ, кезең-кезеңмен күшіне енетін кедендік тарифтік реттеу саласында мынадай құжаттар күшіне енеді.

- Кедендік одақтың тарифтік жүйесінің артықшылықтарын пайдаланатын дамушы елдер тізімі;
- Кедендік одақтың тарифтік жүйесінің артықшылықтарын пайдаланатын дамыған елдердің тізімі;
- Тасымалданған кезде тарифтік артықшылық берілетін дамушы және біршама дамыған елдерден әкелінетін және сол елдерде шығарылатын тауарлардың тізімі.

Кедендік одақ комиссиясы арқылы баж салығының тасымал ставкасын өзгертетін ерекше тауарлардың тізімі.

Кедендік одақ шеңберінде қол қойылған барлық халықаралық келісімдер тараптар мемлекет ішіндегі саясат жүргізу жөніндегі келісім.

1. Кедендік одақ тауарларымен сыртқы және ішкі сауда да кедендік статистика жүргізу жөніндегі келісім.

2. Бірыңғай кедендік тарифтік реттеу туралы келісім.

3. Тарифтік квотаны қолданудың шарттары мен тетіктері жөніндегі келісімі.

4. Бірыңғай кедендік тариф ставкаларының ерекшеленетін және ерекше жағдайда танымалданатын тауарларға кедендік баж ставкаларын қолданудың жағдайлары және тәртібі жөніндегі хаттама.

5. Тарифтік жеңілдіктер жасау жөніндегі хаттама.

6. Кедендік одақтың бірыңғай тарифтік артықшылықтар беру жүйесі туралы келісім.

7. Үшінші бір мемлекетке қатысты тарифтік емес реттеулер жүргізу туралы бірыңғай шаралар туралы келісім.

8. Бірыңғай кедендік аумақта үшінші бір елдерде қатысты сауда жасаған кезде қолданатын тәртіптер туралы келісім.

9. Тауарлар мен сыртқы сауда саласындағы тауарларды лицензиялау ережелері туралы келісім.

2009 жылдың 27 қарашасында Минск қаласында Беларусь, Қазақстан және Ресей мемлекеттерінің

басшылары Кедендік одақтың Кедендік кодексі туралы келісімге қол қойды, яғни 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Кедендік одақ өз күшіне енеді деген сөз.

Қазір біз әлеуметтік-саяси және экономика дамуының жаңа кезеңінде тұрмыз. Сондықтан да келешектегі даму тенденциясын, экономиканы ұйымдастырудың жаңа әдістерін, инвестициялық нарықты ескеру қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар өзара қарым-қатынасында барлық әлеуметтік-құқықтық аспектілерді күшейту саясатында шешілуі қажет.

Транзитті мемлекеттің айрықша ерекшелігі қоғамның жұмыс істеуінің механизмдерін концептуальды түрде ойланып-толғану, әлеуметтік-саяси процесстерді бағалауға басқаша амалдарды қалыптастыру, сондай-ақ, қоғамдық дамудың жаңа бағыттарын жасау болып табылады.

Әлеуметтік-саяси жаңғырулар кезеңінде қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары қоғамдық тұрақтылық, ұлттық қорғаушылық сияқты қадау-қадау мәселелерді теориялық қарастыру қамқарлықтары тұрғысындағы ізденістерді де күшейтіп, шама-шарқынша бұл тақырып маңызды саяси-әлеуметтік мәні бар сипатқа ие болады.

Қазақстанның мемлекеттік егемендік алуы елдің өмір сүруі беріктігінің басты кепілі ретінде, ол ішкі және сыртқы сала мен жұмылушылық ресурстарына байланысты, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін көкейтестілендіре түсті. Бұл орайда, Қазақстанды стратегиялық дамытудың негізгі бағыттарының доминанты барлық әлеуметтік-саяси салалардың тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуші саяси-экономикалық жүйенің қауіпсіздігі болып табылады.

Қазір еліміз бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіруге талпыныс жасап отырған уақытта, мемлекеттің салық саясатында ұстанып отырған бағыты, ішкі және сыртқы нарыққа өнім шығару мүмкіндіктері оның алдағы бәсекелік қабілетін айқындайтын шешуші фактор болмақ.

Сол себептермен, Президент салықтық әкімшілік жүргізу реформасын іске асыруды, отандық өндірушілерге мемлекеттік көмек көрсетуді, техникалық реттеудің ішкі стандарттарын БСҰ-ның халықаралық стандарттарына сәйкес келтіруді, қаржылық қызмет рыногын реформалауды жалғастыруды міндеттеді.

Ақша-несие саясатының негізгі мақсаты инфляцияны тежеу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін Үкімет пен Ұлттық банкке көп міндеттер жүктеледі. Оларға көп күш пен барлық өкілеттіктер беріліп отыр. Ақша-несие саясатының міндеттері сан алуан. Ол инфляция өсімінің зиянды зардаптарын төмендетіп, бір мезгілде экономикалық өрлеуді ынталандырады. Бұл ретте Ұлттық банк маңызды орын атқарады. Ал үкімет Қор қаражатының ашықтығын және ұтымды құрылуы мен пайдалануын қамтамасыз етеді.

Қаржы, оның ішінде салық қызметі жаңа мазмұнда дамиды. 2007 жылдан бастап қосымша құн салығының ставкасы 1%-ға, 2008-2009 жылдары қосымша 1-2%-ға азаяды. 2008 жылдан бастап әлеуметтік салық шамамен 30%-ға төмендейді. Бұл жұмыс берушілердің өз жұмысшыларының жалақысын көтеруге ынталандырады.

Сондай-ақ, 2007 жылдан бастап барлық жеке тұлғалар үшін табыс салығының 10%-ін белгіленген мөлшерлемесі енгізілді. Еңбекақысы аз жұмысшылар санатының табыс деңгейін сақтау мақсатында айлық есептік көрсеткіштің орнына олардың салық салынатын табысына неғалақы мөлшері налып тастау ұсынылып отыр [2].

2007 жылы басынан шағын бизнес субъектілері үшін салық салудың кемітілген бірыңғай мөлшерлемесі енгізіледі.

Үндеуде басшылық алынатын тағы бір жаңалық, 2006 жылдың ішінде келісім-шарттық міндеттемелерді орындау үшін, жауапкершілікті арттыруға бағытталған қосымша шаралар кешенін әзірлеу міндеті қойылды. Ұлттық банк пен қаржы рыногын және қаржы ұйымдарында ғалау және реттеу жөніндегі агенттік компаниялардың жарғылық қорындағы үлестері азия инвесторлардың, акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын қорғау туралы заңды бекітіледі.

Қазақстаносыдан 15 жыл бұрын тәуелсіздік алып, экономикалық және әлеуметтік жедел жаңарудың дербес жолына түсті.

Біздің мемлекет үшін бұл жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі байланыстан қол үзіп, әлемдік аренаға шығу кезеңі ерді әрине, оңай болған жоқ.

Кейінгі жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстаносы уақыт ішінде өзінің табиғи мүмкіндіктерін барынша пайдалана білді. Әсіресе, оған саяси басшылықтың дәйекті, сындары зорықпалетіп, еліміз дамудың сара жолына түсті.

Қазақстанда дамудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасы қабылдады. Әлемнің ең серпімді дамыған елдердің қатарына қосылу ниеті біртіндеп жүзеге алып ішкі өнімді жыл сайын 9-10 пайызға өсіруге мүмкіндік береді.

Алдағы міндеттердің науқымы оңандазор. Қазақстан халықаралық

сарапшылар тарапынан жоғары бағаланған, экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі кейіндік берді.

Алдағы міндеттердің науқымы одан азор. Қазақстан халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаланған, экономикалық әлеуеті барынша дамыған әлемдегі ел мемлекеттің қатарына қосылу ниетін білдіреді. Бұл Ел Президенті Назарбаевтың алдағы уақытқа қойған маңызды келелі міндетінің бірі болып табылады.

Осынау ел тарихындағы қоғам дамуының сындары кезеңде мемлекеттің саясатының дамуы мен қалыптасуы бірнеше кезеңдерінен өтті.

Мемлекет қазынасын толтыруда маңызды міндет атқаратын салық бір тін деп нарық жағдайына сәйкес әлемдік жүйеге бейімделетүсті. Әрине, осының барлығы бір сәтте жүзеге асырылған жоқ. Жалпы нарықтық экономикадағы қайта құрулар арқылы өмірімен бірге жанарып отырады.

Мемлекет саясатының маңызды буындарының бірі, біздің әрқайсымыздың қоғамалдындағы үлкен жауапкершілігімізді айқындайтын салық заңдылығының Қазақстанның дамуының әр кезеңіндегі өзекшеліктері бар. Кейінгі жылдары еліміздің салық жүйесінде әуір өзгерістер болды. Олдауымыздың бүгінгі мазмұны сипатына қындау қажеттілігін туындап отыр. Енді алдымен осы өзгерістерді сараптан өткізіп көрелік.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуын жүзеге асыру стратегиясының негізгі бағыттарының бірі экономикалық шикізаттық бағыттан кетіп, оны одан ырықтандыру және жаңа технологияларды дамыту арқылы бәсекелестікке қолжеткізу болып отыр.

Аталған мақсатқа қолжеткізу үшін салық саясатына үйлестіру керек, яғни экономикалық дамуға мемлекеттің ынталандыру әдістерінің құрамдас бөлігі болып есептелетін салық салу жүйесіне инвестициялық белсенділікті қолдауға бағытталған өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады.

Соңғы уақытта салық заңдылығына енгізілген өзгерістер елдің инвестициялық ахуалының тартымдылығын күшейту, амортизациялық саясатын жетілдіру, қосылған құн үлесі жоғарғы өндірісін дамуын және отандық кәсіпорындарының тауар өндірісін процесін, халықаралық сапа стандарттарымен экологиялық менеджментті қалаптарына сәйкес сертификаттануға және жедел өндіруге ынталандыру мақсатын көздейді.

“Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы” Қазақстан Республикасы заңының қолданысқа енгізілуіне байланысты әлеуметтік салықты есептеу мен төлеудің тәртібінің қындау және әкімшілігін жүргізуді жетілдіру жөнінде бір қатар өзгерістер 2005 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді.

Еліміздегі тозығы жеткен негізгі қорларды жаңарту мен жаңғыртуға жағдайлар жасау мақсатында, заң жобасында қаралған 2005 жылдан бастап салық төлеушілердің балансында болған машиналар мен жабдықтардың, сондай-ақ, компьютерлік техниканың салық салу мақсатында айқындалған қалдық құнын 5 және 2 жылдың ішінде толықтай шегерімге жатқызу, сонымен қатар 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін тіркелген активтердің бүкіл құнын шегерімге жатқызу мерзімін белгілеу ұсынылған болатын. Осы өзгеріс барысында тіркелген активтердің шектемесінің санын 5-топқа (бұрын 9 топ, 75-кіші топтың орнына) дейін қысқарту арқылы ірілендіру, мұның өзі тіркелген активтердің көптеген нормалары бойынша амортизациялық аударымдардың және жөндеу бойынша шығыс жөніндегі шегерімдердің шекті мөлшерінің ұлғаюына әкеп соқтырды. Осыған байланысты Парламент аталған өзгерістерді 2006 жылдан бастап ендіруді ұсынды. Мұндағы мақсат – салық төлеушілердің амортизациялық саясат бойынша ұсынылып отырған өзгерістердің экономиканың түрлі саласындағы негізгі құралдың жаңаруына ықпалын талдау мүмкіндігін беріп отыр.

Қолайлы инвестициялық ахуал жасау үшін қолданыстағы салық преференцияларын сақтап қалу, жетілдіре түсу, сондай-ақ, жаңадан құрылған салық төлеушілер үшін корпоративтік табыс салығы, мүлік және жер салығын төлеуден 5 жылға дейінгі мерзімге толық босатылуы көзделген. Инвестициялық салық преференциялары инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын салық төлеуші заңды тұлғаларға беріледі.

Жеке тұлғаның салық салуға жатпайтын табыстар түрін айқындайтын 144 бапқа бір қатар өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда «пайлық инвестициялық қорлардың пайлары және акционерлік инвестициялық қорлардың акциялары бойынша дивидендтер, сондай-ақ, пайлық инвестициялық қорды басқарушы компания оларды сатып алған кездегі осы қордың пайлары бойынша табыстары ескеріледі.

Ұлы Отан соғысында қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектердің, сондай-ақ, бала кезінен мүгедектің ата-аналарының біреуі салық салынбайтын табыстарына қаралған шектеу алынып тасталды, яғни, олар қандай бір мөлшерде табыс болмасын салық төлеуден босатылады.

Ізгілік, қайырымдылық, демеушілік түрінде алынған мүліктің құны, жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті кәсіби зейнетақы жарналары жеке табыс салығын есептейтін табыс көздеріне жатпайды. Сондай-ақ, елімізде шикі мұнай мен газ конденсатын экспортқа шығару қалыптасуына байланысты экспортталатын шикі мұнайға, газ конденса-

тына салынатын рента салығын төлеу көзделіп отыр. Шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа өткізетін жеке заңды тұлғалар рента салығын төлеушілер болып табылады. Шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі рента салығын салу объектісі, ал олардың құны рента салығын есептеу базасы болып танылады. Экспортталған шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығының ставка мөлшері олардың сапасы мен бағасына қатысты 0 пайыздан 33 пайызға дейін белгілеген.

Жылжымалы мүлік қатынастарын үйлестіру мақсатында «Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алым» енгізіліп отыр. Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес, тіркелуге тиіс жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып анықталған[3].

Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін, алым жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде төлейтіндігі қаралған.

Салық есептілігі нысандарын оңтайландыру, ашықтығын сақтау және жетілдіру мақсатында патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер салық органдарына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша және жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп-қисап табыс ету міндеттемесінен босатылады.

Сонымен қатар, арнаулы салық режимін қолданатын шаруа қожалықтары салықтың екі түрі бойынша: бірыңғай жер салығы және әлеуметтік салықты қамтитын бір оңтайланған декларация тапсыратын болды. Сондай-ақ, электронды мониторингке жататын салық төлеушілердің кейбір салық есептілігінің нысандары қысқарды.

Салық Кодексінің 10-бабындағы қолданысында «Қайырымдылық көмек, ізгілік көмек» деген ұғымдар болса, 2005 жылдың басынан «демеушілік көмек» деген сөздермен толықтырылып, өтеусіз қаржылық қолдау түрінде берілетін көмектер қатары көбейе түсуде.

Салық Кодексінің 12 және 69 баптарында жеке кәсіпкерлер кәсіпшілік қызметін тоқтатқан жағдайда, үш жұмыс күні ішінде салық есептілігін табыс етуге және қызметінің тоқтатылуына байланысты құжатты тексеру, жүргізу туралы салық органына өтініш беру міндеттілігі қаралған, яғни қызметке қатысты қатынастар айқындалған.

Сондай-ақ, өзгерістер бойынша салық міндеттемесі тәртібіне өзгеріс енгізілген. Яғни, бұрын салық бақылауы нәтижелері бойынша салық төлеушіге жіберілген хабарламаның орындалуы тапсырылған күннен кейінгі он жұмыс күні болып 5 күнге ұзартылған.

39 бапта бюджетке артық төленген салық сомасы бойынша салық берешегін міндетті өтеу есептеріне жатқызу тәртіптерінің ішінде, өсімпұлдар мен айыппұлдардың өтелуі төлемгерлердің өтінішінсіз орындалатындығы көзделген.

52 бапта салық төлеушінің салық берешегі сомасын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу тәртібінің жүргізу негізділігі, бұрын шоттарындағы ақшасы және қолма-қол ақшасы болмаған жағдайда болса, енді жеткіліксіз болған жағдайда да өндіру әрекеттерін қолданатындығы қаралған.

Сонымен қатар, егер салық төлеуші берешегі бар дебиторлық тізімін және өзара есеп айырысу жөнінде салыстырма актілерін белгіленген мерзімде тапсырмаған жағдайда, оларға салық тексеру жүргізілетіндігі белгіленген.

«Қаржы лизингі» атты 74-бап жаңа редакцияда берілді. Енді қаржы лизингі болып:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үш жылдан астам мерзімге жасалған лизинг шарты бойынша мүлікті беру, егер ол мынадай талаптардың біріне сай келсе:

1) мүліктерді лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға мүлікті тіркелген бағамен алу жөнінде құқық берілуі лизинг артында айқындалса;

2) қаржы лизингінің мерзімі лизингі бойынша берілетін мүліктің пайдалы қызметі мерзімінің жетпіс бес пайызына асса;

3) қаржы лизингінің барлық мерзімі үшін лизинг төлемдерінің ағымдағы (дисконтталған) құны қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік құнының тоқсан пайызынан асса, ол қаржы лизингі болып табылады.

«Жекелеген жағдайда салық салу объектілерін анықтау тәртібі» деген 76-баптың 4-тармағына өзгеріс енді.

Егер, бұл сот шешімі бойынша табыс Қазақстан Республикасының заң актілері негізінде бюджетке алып қою кезінде, аталған табыстан төленген салық сомасы шегеріле отырып алынса, енді 2005 жылдан бастап, табыстан төленген сомасы шегерілместен алынатын болды.

«Жылдық жиынтық табыс» атты 80-баптың 2-тармағы жаңа 15-1 тармақшамен толықтырылды. Енді жылдық жиынтық табысқа салық төлеушінің 2-тармақта көрсетілген табыс түрінен басқа, таза табысты бөлген кезде алынған және әрбір құрылтайшының, қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып, резидент заңды тұлғаның жарғылық қорын ұлғайтуға бағытталған табысы қосылады.

93 бапта Қазақстан Республикасының территориясында қызметтік іссапарда болған уақытында шегерімгежататын тәулігіне төленетін тәулік ақы мөлшері екі айлық есептік көрсеткіш үш айлық көрсеткішке дейін өсті.

Бүгінгі күнге, жаңа таным, өзгеріс болып салық төлемгерін қызықтырып отырған (өз өндірісінің, соның ішінде сертификатталған, қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға салық салу ережесі 140-бап) енгізіліп отыр.

Бұл ереже өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін:

1) өз өндірісінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларын өткізуден түскен табыс тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс сомасының кемінде 90 пайызды құрайтын;

2) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс сомасындағы қосылған құн үлесі кемінде 40 пайызды құрайтын;

3) жарнама және төлем көзінен ұсталатындарын басқа, салық кезеңі үшін декларация бойынша салық төлеуші есептеген салықтар сомасының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс сомасына қатынасы ретінде айқындалатын салық жүктемесінің коэффициенті кемінде 12 пайызды құрайтын ұйымдар жатады.

Өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға:

- Жер қойнауын пайдаланушылар;
- Акцизделген тауарлар шығаратын ұйымдар;
- Арнайы салық режимін қолданатын ұйымдар жатады.

Қызметін мұнай-химия өнеркәсібінде жүзеге асыратын және корпорациялық табыс салығын осы Кодекстің 119-1 және 140-5 бабында көзделген ережелерді ескере отырып есептейтін ұйымдар жатпайды.

140-9 бабыменбұл ұйымдардың корпоративті табыс салығын есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімі белгіленген.

1. Осы Кодекстің 125 бабына сәйкес есептелінген корпоративті табыс салығының сомасы осы Кодекстің 140-7 бабы I тармағының I тармақшасында айқындалған өз өндірісінің тауарларына қатысты корпоративті табыс салығы сомасының 30 пайызына азайтылады.

2. Өз өндірісінің сертификатталғантауарларын өткізуден түскен табыстар болған жағдайда осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелінген корпоративті табыс салығының сомасы менеджмент жүйелерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінің белгіленген тәртіп пен енгізілген жылдан кейінгі бір салық кезеңі ішінде өз өндірісінің сертификатталған тауарларына қатысты корпоративті табыс салығы сомасының 50 пайызына азайтылады.

Бұл өзгерістер бәсекелестігі дамытуды, қазақстандық өнімнің экспортқа шығуын және ел экономикасына инвестициялардың құйылуын ынталандыруға бағытталған.

Нарық жағдайындағы мемлекеттік реттеу экономикалық әдістермен жүзеге асырлады. Мемлекет осы бағытта нарықты қалыптастыру, оны қалыпты қызмет атқаруына қолдау көрсетуі керек.

Нарықтық экономиканың қалыптасу кезеңінде салық саясатының негізгі бағыты немесе салық саясатының басты мақсаты – салық жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіншілік беретін салық механизмін іске асыру. Қандай да бір механизмнің құрамында бірнеше тетіктер және элементтер болады. Салық салу механизмі де сол сияқты белгілі бір салық элементтерінен тұрады.

Салық саясаты және салықтық механизмі белгілі бір қағидалар арқылы байланысады. Сонда ғана салық саясаты өз қызметін жан-жақты және тиімді түрде іске асыра алады. Дүниежүзілік тәжірибеде қолданылып келе жатқан бірнеше қағидалар бар: қарапайымдылық, әділеттілік, салыстыру.

➤ Қарапайымдылық қағидасы. Бюджеттің кіріс көзін қараудағы, салықтар мен төлемдердің тиімді түсуінің ең басты кепілі болып саналады.

Салық саясаты мен салықтық механизм арасындағы байланысқарапайым да айқын болуы керек, салық төлеушінің түсінуіне жеңіл болуы қажет. Бұл үшін мынандай шаралар қолданылуы тиіс:

- салықтардың түрлері аса көп болмай нақты да дәлелді болуы керек;
- белгілі бір салықтың түріне бірыңғай салық ставкасын белгілеу қажет;
- салық салу объектісін, салық салынатын табысты немесе айналымды анықтау әдісі мейлінше жеңіл, қарапайым, қолдануға ыңғайлы және түсінікті болғаны дұрыс;
- салық жеңілдіктері не үшін беріледі, оған қандай негіздер бар екені дәлелді болуы керек. Салық жеңілдіктерінің мейлінше азайғаны қажет;
- салық төлеуде, салықты табыс көзінен, яғни төлем жүргізілген көзден төлеген ықтимал.

➤ Әділеттілік қағидасы. Салық саясаты мен салықтықмеханизм арасындағы байланыста әділеттілік қағидасы тікелей және көлденең екі бағыттасакталуы тиіс.

Тікелей әділеттілік қағидасы дегеніміз – салық ставкасы, салық мөлшері, төлеушінің табысына тікелей байланысты болып, соның негізінде белгіленуі қажеттігін қарастырады. Салық ставкасының шегі аса жоғары болмағаны жөн, себебі мұндай жағдайда салық төлеушінің табыс табуға ынтасы төмендеп, табыс азайтуы мүмкін, ал бұдан салық та сөзсіз азаяды.

Көлденең әділеттік қағидасы – тиісті жағдайда бірыңғай салық төлеушіге бірдей талап, бірдей шарт қойылу керектігін қарастырады. Салық төлеушілер белгілі бір табыс немесе қызмет түрінен, мүлкінен бірдей ставкамен салық төлеуі тиіс.

➤ Салыстыру қағидасы. Бұл қағида бойынша салық ставкаларын бекіткен кезде олар ставкалар мөлшері басқа елдерде қолданылып жүрген ставкалармен салыстырылып, солардың деңгейінде белгіленуі тиімді. Себебі шектен тыс жоғары ставкалар өндірісті дамытуға емес, керісінше оны тоқтатуға әсер етеді, шетелдік инвесторлардың ынтасын төмендетіп, олардың республика экономикасына қаржыларын салуына кедергі болуы мүмкін. Ал, салық ставкаларының басқа елдерде қолданылып жүрген ставкалардан әуір төмен болуы, алдымен мемлекет бюджетінің кіріс көзінің құралуына теріс ықпал жасауы ықтимал.

Салық – мемлекеттің суверенитетінің сипаты болып табылады. Олар осы сипаты негізінде мемлекеттік мүліктен және қарыздар табысынан ерекшеленеді. Салықты іздеу мемлекеттің тәуелсіз құқықтарының бірі болып табылады. Салықтар біржақты ереже негізінде тағайындалады, бұл әртүрлі кедергілер тудырады.

Қазіргі заманғы экономистердің анықтауы бойынша, салықтық саясат қаржылық саясаттың бір бөлігі болып табылады. Салық саясаттың мазмұны және мақсаты жоғары биліктің қолындағы қоғамның және әлеуметтік топтың әлеуметтік-экономикалық құрылысымен түсіндіріледі.

Экономикалық дәлелденген салық саясаты салықтық жүйе арқылы ақшалай қаражаттарды орталықтандырудың оптамальды бағыттарын қарастырады.

Батыстық экономистер салықтық саясатты жеке алып қарастырмайды, сонымен бірге салықтың мемлекеттің әртүрлі қызметтері және тапсырмаларын шешуді қамтамасыз ететін мемлекеттік шығындарды құраушы ретінде зерттейді.

Олар мұндай саясатты дискреционды фискалды саясат деп атайды. Бұл саясат жұмыс бастылық деңгейін, өндіріс көлемін, инфляция темпін өзгертуге бағытталған үкіметтің арнайы шешімдері нәтижесінде мемлекеттік бюджеттің сальдосының, салығының, мемлекеттік шығын мөлшерінің мақсатты өзгеруіне бағытталады.

Сонымен бірге дискрециондық емес фискалды саясат – жиынтық табыстың цикльдік тербеліс нәтижесінде аталған мөлшерлердің автоматты түрде өзгеруі. Бұндай саясат жалпы ұлттық өнімнің өсу (кему) кезеңінде мемлекеттік бюджеттегі таза салықтық түсімдердің жоғарылауын (төмендеуін) ұсынады.

Осы жағдайда таза салықтық түсімдер мемлекетпен төленген трансферттер сомасы мен бюджеттік салықтық түсімдер мөлшері арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Мысалы, Юткина Т.Ф. салықтық саясаты салықтық заңдылықтарды мақсатты түрде қолдануды анықтайтын басқару және билік органдарының құқықтық қызметтердің кешені ретінде анықтайды.

Салықтық саясат басқару және билік органдарының ғылыми дәлелденген, экономикалық мақсатты, тактикалық және стратегиялық құқықтық қызметтерінің жиынтығы ретінде қоғамдық игіліктің өсуін және ұдайы өндіріс қажеттілігін қамтамасыз етуге қабілетті. Салықтық саясатты жүргізу тек қана құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді, салықтық төлемдерді төлеушілерді іздестіруді жүзеге асырмайды, сонымен қатар салық салу әсерімен қалыптасатын шаруашылық-экономикалық қатынастарды жан-жақты бағалауды жүзеге асырады. Сонымен салықтық саясат – бұл салықтық заңдылықтарды автоматты көшіруді жүзеге асыру ғана емес, оларды жүзеге асыру.

Даму есебінен жүргізілген салықтық саясат – бұл ағымдағы салықтық тактика емес, салықтық стратегия. Егер мемлекет қоғамдық, корпоративтік, жеке экономикалық мүдделерді үйлестіруге тырысатын болса, онда салықтық тактика мен стратегия бір-бірінен ерекшеленеді. Ағымдағы кезеңге салық салуды үйлестіру бойынша мемлекет жетекшілігімен қабылданған тактикалық қадамдар көбіне экономикалық дәлелденбеген. Бұл тек салықтық стратегияны жүзеге асырылуына бөгет болмайды, сонымен бірге мемлекеттің барлық экономикалық курсы деформациялайды.

Салық аймағындағы ресейлік атақты экономист Черник Д.Г. салықтық саясатты экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі құралы ретінде және жеке меншік кәсіпкерліктің дамуына қаржылық ықпал етуші сипатында қарастырылады.

В.М.Соколинский өз жұмысында салықтық саясатты қаржылық құралдар әдісінің және формаларының

жиынтығы ретінде қарастырады. Мұнда екі түрлі қарама-қайшылық бар. Біріншіден, экономикалық субъектілердің қаржылық ресурстарын алуды қамтамасыз етсе, екіншіден, бұл кезде олардың іскерлік белсенділігін төмендетуге жол бермейді.

Экономикалық сөздіктерде берілген термин келесідей сипатталады: «Салықтық саясат – салық салуға тікелей немесе жанама қатысы бар салықтық заңдылықтардың және басқа да заңдылық актілердің, кез-келген мемлекеттің Ата заңында анықталған салықтық қатысушылардың міндеттері мен құқықтарын атқару кезінде стратегиялық және тактикалық қызметтерді жүзеге асыруы». Бірақ, ең қысқа анықтама «Дамыған елдердің салықтық жүйесі тізімінде» келтірілген, яғни салықтық саясат – салық аймағында мемлекетпен жүргізілген шаралар жүйесі.

Жоғары дамыған салықтық қатынастар жағдайында салықтық саясат халық табысының көбеюі, аумақтық-экономикалық дамуы, өндіріс құрылымының өзгеруі мақсатында халық табысының таратылуы үшін мемлекетпен қолданылады. Салықтық саясат міндеттері келесідей:

-өзінің қызметтері мен міндеттерін орындау үшін қажетті қаржылық ресурстармен мемлекетті қамтамасыз ету;

-толықтай халық шаруашылығын реттеу үшін қажетті жағдайлар жасау;

-халық табысының нарықтық қатынастар үрдісімен арадағы келіспеушіліктің пайда болуын болдырмау.

Салықтық саясатта мемлекеттің салыстырмалы қабілеттілігі пайда болады. Мемлекет салықтық саясатты өзгерту арқылы және салықтық механизмді тиімді басқара отырып, экономикалық тұрақты дамуға және оны ұстап тұруға мүмкіндік алады. Салықтық реттеу елдің шаруашылық өмірін жақсартады. Салықтық шаралар базисті қатынастарда салық саясаты мен салық механизмінің арасындағы іс-әрекеттерді тиімді, универсалды құралы ретінде қарастырылады. Мұндай реттеудің басты мақсаты – компанияның ішкі және сыртқы, әсіресе инвестициялық қызметі үшін жалпы салықтық климатты құру, сонымен қатар капитал қозғалысының аймақты және салалық бағытын ынталандыру үшін преференциалды салықтық жағдайды қамтамасыз етеді. Салықтық саясат салық салуды басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық әдістері мен нормаларының жиынтығын қосатын салықтық механизм арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет өзінің салықтық механизміне салықтық заңдылықтармен бекітілген құқықтық нысан береді және оны реттеп отырады. Міне, тек осы кезде ғана өндірістік қатынастардан салықтардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, қазіргі кезеңде дамыған мемлекеттердің тәжірибесін пайдалана отырып, өндірісте бәсекелестікке қабілеттілігі бар экономика секторына айналдыру қажет. Ол өз кезегінде, рационалды, дұрыс бағытталған мемлекеттік салық саясатынсыз болуы мүмкін емес.

Өйткені, қазіргі қоғамның негізгі мәселесі, ол халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, адамдардың әлауқаты мен өмір сүру жағдайын ұдайы жақсарту – мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыты.

Соңғы 10-12 жыл ішінде бұрыннан қалыптасқан жүйені сапалық жағынан жаңа экономикалық жүйеге ауыстыру бағытында атқарылған қыруар дааса күрделі жұмыстар өзінің оң нәтижелерін бере бастады. Реформаның ең маңызды стратегиялық ұстанымы – жеке меншікке негізделген жаңа өндірістік қатынастар қалыптасты. Қазақстан экономикасы нарықтық экономикаға айналды. Шет мемлекеттермен, оның ішінде, әсіресе, экономикасы мықтап дамыған елдермен тиімді байланыстар орнатуға қол жеткізілді.

Экономиканың өсуі – әлеуметтік проблемаларды үйлесімді шешудің негізгі, адамдардың тұрмыс деңгейінің көтеріліп, табыстарының молаюының қайнар көзі. Міне, осы заңдылыққа сүйене отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында «біз әлемдік өркениет көшінің соңында қалмауға тиіспіз» деген стратегиялық мәні орасан зор тұжырым жасады. Бұл болжамды орын-дауда, мына төмендегі 3 міндеттің қажеттілігін белгілеп берді. Бұлар негізінен ел экономикасын, республика халқын, Қазақстан мемлекетінің бәсекелестік қабілетін арттыру міндеттерін қамтиды. Олай болса, ел экономикасын өсірудегі қазіргі басымдықтар оны нарықтық бәсекеге қабілетті етіп қалыптастыру, әлемдік экономикаға интеграциялау, агроөнеркәсіп кешенінің проблемаларын шешу болып табылады.

Еліміздің деңгейін орта және онан арғы кезеңдерде жаңа белеске шығарудың Елбасы белгілеп берген келесі басым бағыты – бұл дамудың индустриялық-инновациялық ұстанымы, Қазақстан экономикасының ашықтығын, мемлекетаралық интеграцияны күшейтуді қамтамасыз ету. Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудағы түпкі мақсат – мемлекетімізді шикізаттық кіріштіліктен арылту. Бұдан туындатын негізгі міндеттер: экономикадағы құрылымдық өзгерістерді байсалды жүргізу, өнім сапасын халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру, оларды өндіруді, әсіресе, ұқсатуды әлемдік жаңа технологиялық әдістерге негіздеу. Дамудың индустриялық-инновациялық бағытын нақты жүзеге асыруда

қаржыландырудың, яғни қажетінше тиімді инвестициялар таратудың алатын орны ерекше.

Әлеуметтік дамудың артуы, ел тұрғындарының өмір сүру деңгейінің барған сайын үстемелеп жоғарылауы инфляцияны, бағаның көтерілуіне әсер ететін факторларды саралап, оларды үнемі тежеп отыруды қажет етеді. Қазақстан үкіметінің фискалды саясатында 2005-2007 жж. инфляцияның орташа жылдық деңгейін 4-6%-дан асырмау көзделген. Бұл жеженің нақты орындалуының дәлелі – ұстамды ақша-қаражат саясатын жүргізудің арқасында қаржы нарығында тұрақтылық, инфляциялық процестің баяулауы кәдімгідей айқын сезіле бастауы.

Тағыда айта кетер өзекті проблемалардың бірі, мемлекет пен шағын және орта кәсіпкерліктің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру тұрғысындағы өзара қарым-қатынасын жеке-дара атап өту қажет.

Аталған Заң мемлекеттік мұқтаждықтар үшін тауарлар (жұмыстар және қызметтер) жеткізіп беруге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің барынша көп қатысуын және ондағы айқындылықты қамтамасыз етуге тиіс еді. Алайда, іс жүзінде мемлекеттік тапсырыс берушілер шағын және орта кәсіпкерлік үшін заң арқылы қарастырылған преференцияларды қолданбайды.

Шағын бизнеске салық салу және қаржылық есеп жүргізу.

Салық кодексінде шағын кәсіпорындар қызметін салықтық реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған көлемді шаралар қарастырылған. Олардың ең бастысы ұйымдастыру-құқықтық үлгісіне, кіріс деңгейіне, сондай-ақ ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне ерекше тәртіп ұсынуды жан-жақты қарастыру болып табылады.

Мәселен, салық кодексінің жекелеген бөлігінде салық салу жүйесі едәуір төмендететін оның ішінде шағын бизнеске, шаруа фермер шаруаларына, ауыл шаруашылық өнім өндіретін заңды тұлғаларына қатысты арнайы салық тәртібі қарастырылады. Шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық тәртібі бір реттік талон, патент, жеңілдетілген декларация негізінде анықталады.

Соңғы кезде салық кодексіне шағын бизнес субъектілеріне салықтық кедергіні одан әрі төмендетуге байланысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, оның ішінде;

1. Салық салудың патенттер жүйесін қолдану шегі ұлғайды, кірістің ең үлкен көлемі 1,0 млн. теңгеден 1,5 теңгеге дейін артты;

2. Жеңілдетілген декларация бойынша шкала қойылып, төмендетілді: арнайы салық режимін пайдаланатын жеке кәсіпкерлерге де (11,74%-дан 7,5%) дейін, заңды тұлғаларға да (13,11,9,7,5%-дан 9,7,5,4% дейін);

3. Жалдамалы жұмысшылардың еңбекақы төлемін арттыруды ынталандыру үшін 1,5 пайыз мөлшерінде түзету енгізу үшін жеңілдетілген декларация бойынша есептелген соманы төмендетуден – жеке кәсіпкерлер үшін 2 есептік ең төменгі еңбек ақы мөлшеріне дейін, қазіргі қолданыстағы еңбекақының 3 есептік ең төменгі мөлшеріне қарсы заңды тұлғаларға 2,5 еселі кең төменгі еңбек мөлшеріне дейін кедергілер төмендетілген;

4. Лицензияланатын қызмет түрлері ұлғаяды, оларды іске асырғанда салық төлеуші жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық тәртібін пайдалануына болады;

«Қосымша құн салығы бойынша шекті мән» 10000 айлық есептік көрсеткіштен (8,2 млн. теңге) 12000 айлық есептік көрсеткішке (10,4 млн. теңге) дейін. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдану туралы» заңына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есебі – есеп берудің жеңілдетілген тәртібі мен үлгісін қарастыратын тәртіпте ұсынылуы мүмкін. Бұл норма тек акцизделетін өнім өңдеумен, өткізумен (алкогольдік және темекі өнімдерін бөлшектеп сатуды ескермегенде) айналысатын субъектілерден басқа барлық шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты.

Қабылданып отырған шараларға қарамастан Қазақстандағы шағын бизнес, оның дамуын тежеп, қазақстандық қоғамды тұрақтандыру мен елдің экономикалық өсімінің негіз болуға мүмкіндік төмендегідей мәселелерге жолығуда:

- қаржы-несие қол жетімділігінің болуы; ресурстарының жеткіліксіз деңгейде;

- жергілікті жерлерде шағын бизнесті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік саясатын өткізу процесін үйлестіру мен басқарудың нақты басымдылықтарының болмауы;

- кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік емес институттарымен қауымдастық, шағын несие, ақпараттық-консалтингтік және оқыту мекемелері, бизнес-инкубаторлар, технопарктер және басқа да тиімді ақпарат алмасу тетігімен кері байланыстың жоқтығы.

Сонымен қатар, лицензиялау, мүлікті тіркеу, өнім, жұмыс, қызмет сапасын бақылау және т.с.с. мәселелерде мемлекет тарапынан шағын бизнес субъектілерінің қызметін реттеу деңгейінің жоғарылығы шағын кәсіпкерліктің дамуына кері әсер етеді.

Кәсіпкерлік мәселелері бойынша кеңестік, құқықтық, бухгалтерлік және әртүрлі консалтингтік қызмет ұсынуға негізделген кәсіпкерлерге көмектің кепілді көлемін қамтамасыз ететін шағын бизнесті қолдаудың өкілетті органдарын қалыптастыру көзделуде.

Қазір елімізде кәсіпкерлікті қолдаудың белгілі бір инфрақұрылым әрекет етеді: қауымдастықтар, кәсіпкерлікті қолдау орталықтары, бизнес-инкубаторлар, технопарктер және басқа. Алайда, олардың басым бөлігі өзіндік қаржы құралдарының жетпеуінен өз міндеттерін атқара алмауда. Оларды бұл жұмыстарға белгілі бір тапсырыстарды конкурстық негізде орналастыру арқылы жүзеге асыру көзделуде, оларды шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізу болжануда.

Күрделі шараларды іске асыру нәтижесінде шағын кәсіпкерлікке ықпал мен көмек көрсету бойынша сапалы инфрақұрылымның әрекеттегі нысандары шағын бизнес дамуының жаңа бағыттарын іске асыруға мүдделі болады.

Қазіргі таңда Қазақстанның әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірінде өзінің сапалы құрамы мен құрылымы жағынан әртүрлі әлеуметтік күштер қызмет жасауда. Олардың ішінде саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, азаматтық инициативалар айрықша орын алады.

Жаңа бірлестіктердің туындауы мен қызмет етуі, бұрынғыларының қайта құрылуы тарих дәлелдеген бір көзқарастың шынайылығын білдіреді. Көптеген пікірлердің туындауы түбінде дұрыс шешім қабылдауға итермелейді. Бірақ азаматтардың жаңа қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесін жетілдіру жөніндегі шығармашылық әлеуеті толық көлемінде пайдаланылмай отырғанына көз жеткіземіз. Қоғамдық инициативаларды қолдау тетігі әлі қалыптаспағандықтан, адамдардың мүмкіндіктері негізінен стихиялық түрде немесе тиімсіз үлгіде көрініс береді.

Өкінішке орай, ретсіздік пен басқару үлгісінің жетілдірілмеуі демократия үшін жат құбылыс болып табылады. Бірақ ол мемлекеттің азаматтар мүддесін қорғайтын басқарудың бірден-бір үлгісі болып саналады. Әлбетте, ол басқару жемісті болсын десек, қоғамның әрбір секторы әлеуметтік-саяси жүйесінің әділ екендігіне, азаматтар дауысы толық естілетініне, мемлекеттік институттарға сенуге болатынына, азаматтық қоғам мүшелерінің өкілдерінің мемлекетке ықпал ете алатынына көз жеткізуі қажет.

Қоғамда қордаланып қалған көптеген проблемаларды, оның ішінде әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуге республикада құрылған үкіметтік емес ұйымдар ықпал ете алар еді. Қазақстандық ҰЕҰ-дық құрылуын елдегі саяси, экономикалық өмірдің белсенді реформалануы басталған алғашқы тәуелсіздік алған жылдармен байланыстыруға болады. Экономиканың құлдырауы, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздар санының күрт өсуі, аз қамтамасыз етілген халық тобын мемлекеттік әлеуметтік қорғаудың іркілісі – азаматтардың қоғамдық бірлестіктерінің құрылуының басты себебі болды.

Кез-келген үкімет емес ұйымның өз мақсаты бар, ол соған қол жеткізу үшін құрылады. Себебі бұл оның түпкілікті мақсаты болып табылады. Мақсат белгілі бір мүдделерден туындайды, оның сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Мүдделер саяси, экономикалық, рухани, әлеуметтік, мәдени өмірді басқа қамтиды.

ҰЕҰ-ды мынадай бағыттар бойынша топтастыруға болады, олар: әйелдер ұйымдары, медициналық ұйымдар, мәдениет, ғылым, білім беру, балалар мүгедектігі проблемалары бойынша ұйымдар, жастар ұйымдары, әлеуметтік қолдау жөніндегі ұйымдар, құқық қорғау, экологиялық және басқа ұйымдар.

ҰЕҰ-дар қызметі кәсіби біліктілік, икемділік, жылдамдық, жаңашылдық, әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуде билікпен ынтымақтастыққа дайын болу сипатымен ерекшеленеді. ҰЕҰ-дар әртүрлі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған мақсатты бюджет қаржысының пайдалануына бақылау орната алады.

Жаңа экономикалық жағдайда үкіметтік емес ұйымдардың құрылуы мемлекет үшін тиімді. Себебі ол әлеуметтік міндеттер үшін жауапкершілікті онсызда өзі бақылап отырған ҰЕҰ-мен бөлісуге қол жеткізеді. Оған даму ауытқуы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік және еңбекпен сауықтыру орталығы, республикалық диабет ассоциациясы, мүгедектердің “Кеңес” қоғамдық бірлестігі, мүгедек балаларды қамқорлыққа алу жөніндегі “Ақбота” лигасы, үйі жоқ балаларға көмек көрсету жөніндегі “Айгерім” қоғамдық қоры, Қазақстанның ұлттық тұтынушылар лигасы сияқты қоғамдық құрылымдардың қызметін мысал ретінде келтіруге болады. Қазақстанның кейбір аймақтарында бақылаусыз балаларды уақытша паналату, әлеуметтік жағынан азғындаған адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы, үйсіздер үшін түнгі баспаналар сияқты ҰЕҰ-дар құрылып, табысты жұмыс істеуде. Мәдениет, өнер, білім беру, сауда-өнеркәсіп палаталары сияқты коммерциялық емес мекемелер үкіметтік емес ұйымдар қатарына жатқызылады.

Тұтастай алғанда, үкіметтік емес ұйымдардың жағдайы қанағаттандырарлық деуге болмайды. Республикада 3,5 мыңға жуық ұйымдар тіркелгенімен әртүрлі себептермен олардың іс жүзінде 800-ге жуығы ғана жұмыс істейді. Ақшаның жеткіліксіз болуы, сондай-ақ көптеген әлеуметтік проблемаларды шешуде жергілікті билік органдары тарапынан ҰЕҰ-дар қызметін жеткілікті түрде бағаламау оның қызметіне

теріс ықпалын тигізуде.

АҚШ-та үкіметтік емес ұйымдар өз қатарына 750 мыңға жуық қоғамдық ұйымдарды біріктіреді. Олар қоғамдық қажеттіліктерге қызмет етуге жұмылдырылған. Бұл ұйымдардың бюджеті 433 млрд. долларға жуықтады. Егер бұл ұйымдар тобы ел болса, онда оның экономикасы ауқымы жағынан 10 мемлекетке ғана басымдық беріп, Австралия, Мексика, Индия, Голландия сияқты елдер экономикасын басып озған болар еді.

Мемлекет ҰЕҰ-ға өзі белгілейтін немесе орындайтын Заң құралары арқылы үлкен билік жүргізеді. Ол ҰЕҰ-ды құру кезінде пайдаланатын нормативтік құқықтық актілер, олардың қызметін реттеу, салық салу, есеп алуды жүзеге асыру құралдары арқылы бұл ұйымдарға көмек көрсетуі немесе оның қызметіне кедергі келтіруі мүмкін. Мемлекет заңдарды қабылдай отырып, ҰЕҰ-дың белсенділігін тежеуі немесе оны ынталандыруды, сондай-ақ ол өзіне ыңғайлы ҰЕҰ-ды құру үшін үлкен ықпал құралдарын пайдалануы мүмкін. Заңдылық базасы әлсіз немесе оны орындау тиімділігі төмен болған жағдайда бұл ҰЕҰ-дар қызметіне күшті, ең тиімсіз теріс ықпал етуі мүмкін.

Қазақстандағы ҰЕҰ-дар әлеуметтік бағдарламаларды орындау үшін, мемлекеттен қаржы алмайды. Біздің қоғамдық, әлеуметтік бағдарланған бірлестіктер өз қызметі үшін әзірге шетелдік қорлар мен ұйымдардан гранттар алумен шектелуде. Бірақ ҰЕҰ-ды мемлекеттің, қайырымдылық қорлардың, коммерциялық құрылымдардың, сондай-ақ, өзіндік шаруашылық қызметі есебінен қаржыландыруға тиісті жағдай қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекет принципінде коммерциялық емес сипаттағы ұйымдар арасында міндетті конкурстық негізде арнайы тапсырыстарды орналастырып, орын алған проблемалардың ауыртпалығын біршама жеңілдетуге талпыныс жасауда. Негізінен алғанда, мемлекеттік тапсырыс бір дүркіндік қызмет көрсетуді көздемейді, ол ұзақ мерзімдегі жобаларға арналған. Бақылау мен жүйелі есепті қамтамасыз ету үшін конкурс жеңімпазымен келісім-шарт жасалынады.

ҰЕҰ-дар қызметінің аясы кең емес. Олардың қатарына кедейшілікпен күрес, табиғатты сақтап, дамыту тұжырымдамасын енгізу, есірткіні таратуға қарсы күрес, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау, халықтың азаматтық, еңбек құқықтарын, тұтынушылардың құқын қорғау, кәсіпкерлік негізіне оқыту жүйесін дамыту енеді. ҰЕҰ-дар құрылымында 400 мыңнан астам мүгедектерді қамтитын адамдарды әлеуметтік қорғауда жаңа көзқарас танытып жатса, пайдалы болар еді деп ойлаймыз. Мемлекеттік әлеуметтік қорғаудың барлық жүйесі нақты адамнан көрсетілетін көмектің түріне, мөлшеріне, ұзақтығына, өтініш білдіру кезеңіне, оның тиімділігіне зер салып отыру бағытына қарай қарапайым және тиімді жүйе бойынша “ікемді құрылуы” қажет [4].

ҰЕҰ-дар саяси партиялар қатарына жатпайды, сондықтан ол саяси партиялардың табиғатына тән қызметтермен айналыспайды. Азаматтардың әлеуметтік-саяси және экономикалық процестерге ҰЕҰ-дар қызметінің шеңберінде араласуын Қазақстандағы Азаматтық Кодексте айқындалған құқық нормалары реттеп отырады [5].

Азаматтық қоғамның қалыптасуы ҰЕҰ-дың мемлекеттік саясатты дайындап, оған белсенді қатысуының маңызды шарты болып табылады.

Азаматтық қоғамды қалыптастыру ҰЕҰ-дардың мемлекеттік саясатты дайындап, оған белсене қатысуының, оларға осы мәселелер бойынша зерттеу, білім беру, насихат жұмыстарымен, тіпті, олардың көзқарасы мемлекеттің ресми саяси көзқарасымен сәйкес келмесе де айналысуының шарты болып табылады.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың елеулі күші бар, олар кедейшіліктің алдын-алу, азаматтарды тарту, кәсіпкерлік қызметті дамыту, салық мәдениетін енгізу, құқықтық білімдерді тарату, тұтынушылар құқын қорғау т.б. сияқты маңызды әлеуметтік проблемаларды шешумен айналысады.

ҰЕҰ-дың саяси белсенділігі көптеген маңызды мәселелерді қамтиды. Көптеген елдерде (оның ішінде Қазақстанда) осындай ұйымдардан басқа ешкім де азшылықтың, табысы аз халық жігінің мүдделерін шынайы түрде қорғай алмайды. Сондықтан тәуелсіз, әртүрлі топтардың мүдделерін қорғайтын, әлеуметтік даму бағдарламаларының ықпалымен жұмыс істейтін ҰЕҰ-дардың осындай жобаларды іріктеу, жасау және қалыптастыру жұмыстарына толыққанды қатысуға құқығы болуға тиіс.

Әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғау мен алға тарту қоғамда жүріп жатқан кез-келген процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Дамыған демократия жағдайында азаматтық қоғам құру азаматтарды мемлекеттік басқару ісіне белсенді тартуды талап етіп қоймайды, сондай-ақ, ол процестерге азаматтық институттардың тең дәрежедегі әріптестік қатынастарын қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстандық үкіметтік емес қайырымдылық ұйымдардың өз мүдделерін, сондай-ақ, өздерінің өмір сүруі мен қызметі тұрмысы төмен отбасыларымен тікелей байланысты болғандықтан, олардың мүдделерін ұсынып, қорғаудағы мүмкіндіктері шектеулі болатын.

2007 жылдың 16 мамырында парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Оның ерекшелігі, Елбасы АтаЗаңымызға енгізулер, өзгерістер туралы ұсынысын ортаға салған. Ол жиыннан қолдау тапты. Толықтырулардың ішінде:

- мәжіліс депутаттарын сайлауда еліміздепропорционалды жүйе қолданылмақ. Бұл саяси партиялардың ролі артуына себепші болады.

- Елбасы ҰЕҰ-ды мемлекеттен қаржыландыруға тиым салу туралы конституциялық шектеуді алып тастауды ұсынды.

Осылайша елде тағы бір реформа басталды. Бұл жолы саяси. Бүгінгі өзгеріс саяси партиялардың, ҰЕҰ-дың аяғынан тұрып, ширауына себеп болады және біздің өмірімізге көп өзгерістер алып келеді.

Толықтырулардың қабылдануына байланысты ҰЕҰ-дардың заңдылық қызметтерін жүзеге асыру жөніндегі мүмкіндіктері кеңейе түседі. Мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтар нормативтік құқықтық актілерге өздерінің ұсыныстарын, тіпті мемлекеттік уәкілетті органдарының қарауы үшін оларға өздерінің ұсыныстарын беріп отырады.

Қорыта айтқанда, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік топтарының Қазақстан Республикасындағы жаңа Салық саясатының қалыптасу кезеңіндегі өзара іс-қимылы оншалықты тиімді болған жоқ. Бірақ еліміздегі демократиялық үрдістердің дамуына қарай мемлекет пен қоғамның әлеуметтік топтарының Қазақстан Республикасындағы салық саясатына түзетулер енгізуге ықпал етуі сияқты өзара іс-қимылдарының тиімділігінің арта түсетініне күмән келтіруге болмайды.

Біздің қоғам дамудың жаңа сатысына көтерілді. Бүгінгі таңда біз өркендеудің осы талап үдесінен көріне білуіміз керек. Алдағы жылда Қазақстанды әлемнің ең бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына ендіру міндетін алға қойған Елбасы Н.Назарбаевтың айрықша ұстанымы бізді осыған жетелейді. Ол еліміздің бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына енуіне байланысты салық және қаржызандылықтарын халықаралық нормаларға сәйкестендіру міндетін алға қойды. Бұл біздің әлемдік өркениет жолымен ілгері дамуымыздың кепілі болып табылады деген сөз.

1 Назарбаев Н.А. О положении в стране основных направлениях внутренней и внешней политики: Послание Президента РК народу Казахстана// Дипломатический курьер, 1998. - №4-с.75.

2 Назарбаев Н.А. Стратегия-2030 // Казахстанская правда. 11.09.1997.-С.6-7.

3 Назарбаев Н.А. Стратегия становления развития Казахстана как суверенного государства.-Алматы: Дәуір, 1992-567 с.

4Абсалямова Н. Заказ на милосердие. \\\ Казахстанская правда. – 2001, 25 января.

5 Казахстанская правда от 27.1.

Түйін

Бұл мақалада автор әлеуметтік-саяси ғылымда әлі де толығымен ашылмаған. Салық саясатының мемлекет пен қоғамдық құрылымдар арасындағы өзара іс-қимыл байланысын жаңа сипатта құрумәселелері қарастырылады.

Резюме

В данной статье автор поднимает вопросы по по проблеме налоговой политики между государством и общественным строем которое рассматривается действия в новом направлении.

Summary

In this article an author raises questions on issue of tax politics between the state and framework of society that is examined actions in new direction.

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ САЯСИ ОЙЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Ә.И. Шалтыков – с.ғ.д.,*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры*

Халқымыздың тарихқа ХІІІ-ХІV ғасырларда «қазақ» деген атпен шаңырақ көтеріп, хандық дәуірдің болғаны дау туғызбайтын тарихи шындық. Солай болғанмен халқымыздың хандық дәуірі тарихтағы өз орнын енді ғана анықтауда. Дегенмен, «хан» және «хандық мемлекет» деген әлеуметтік-саяси, тарихи ұғымдар идеологиялық құрсаудан онша арылмаған. ХІІІ-ХV ғасырларда қазақтың ұлттық мемлекеті қалыптасты, сонымен бірге оның қоғамдық-саяси ойлары да қалыптасты. Қазақтың ұлы даласында қалыптасқан ойы әлемдік ойлау жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды.Әлемнің әр түпкіріндегі оқиғалар мен өркениеттер үрдісі адамзат тарихының бір-біріне ұқсастығы мен жақындығы бар екендігін көрсетеді. Бұған әлемнің көптеген елдерінде кездесетін оқиғалардың қайталануы дәлел болады. Мысалы, мемлекет құру, билікке келу, оныбасқару, елдік мұрат, халықты тойындру, билікті қамтамасыз ету, ата-бабалары құрған мемлекетті ел ету, елдің бірлігін сақтау сияқты саяси мәселелер туралы ойлар, яғни мемлекет пен

саясат мәселелері барлық өркениетті елдерге тән қасиет.

Қазақ даласындағы саяси-ойының қалыптасуының түп-тамыры ерте замандарға барып тіреледі. Жалпы алғанда, саяси ілімнің пайда болуы рулық қауымның ыдырап, ертедегі шығыстық мемлекеттердің пайда болуы мен өмір сүру кезеңіне сәйкес келеді. Алғашқы кезде табиғат, адам, адамдар арасындағы қарым-қатынас, әлеуметтік теңсіздік, биліктің алғашқы формалары және тағы басқа мәселелер адамдар санасында мифтік көзқарасты тудырды. Бұндай көзқарастарда оқиғалардың себебі мен салдарына талдау жасалмады, сипаттама берілмеді, тек бұл оқиғалар туралы қарапайым хабарламалар ғана айтылды. Яғни, табиғаттан тыс адамдардың еркі мен әрекетінен жоғары тұратын әлдебір күштердің және олардың адам әрекетіне ықпалы туралы баяндалады. Бұндай жағдайда қоғамдық және мемлекеттік құрылыс, ел билеу мәселесі құдайдың жердегі елшісі – билеушілер немесе билеушілерді белгілі бір халықты билеуге құдайдың жібергендігі немесе қолдағандығы туралы аңыздар таралды. Бұл аңыздар ежелгі дүниеде ғана емес, орта ғасырларда, жаңа заманда, тіпті ғылым мен техника қарыштап дамыған қазіргі кезеңде де тарихи дерек немесе алғашқы негіз ретінде пайдаланылады. Бұндай аңыздардың кейбіреуінің ойдан шығарылмағандығы, алғашқы кезде бұл оқиғаларға қандай да бір жағдайдың, құбылыстың, тарихи процестің негіз болғандығын қазір ғылым да дәлелдейді.

Ерте түрік өркениетінің асыл қазынасы – тарихқа Орхон-Енисей жазба ескерткіштері деген атпен енген түрік қағандарының еліне, жұртына арнаған үндеуі, ерлік жорықтары туралы шешіресі мен кейінгі ұрпаққа арнаған өсиеті жазылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк және басқа да руникалық жазбаларда да мемлекет пен саясат мәселелері де кең қамтылған деуге болады. Түркі жазба мәдениеті мен саяси-ой тарихы да дәл сол уақытта ғана бірден пайда бола қойған жоқ. Түрік мәдениетінің, оның саяси-ой тарихының тарихы одан әріде жатыр. Оның тарихы Еуразия далаларынан ғана басталмайды. Ніл, Ефрат, Тигр, Хуанхэ өзендерінің бойынан нәр алған ежелгі өркениет басқа кеңістіктерге де таралды.

Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазба ескерткіштерінен 2500 жыл бұрын жазылған Хаммурапи заңдарындағы көк пен жерді жаратушы, дүниенің төрт бұрышы, оны жаулап алу, елді тойындыру, тұрмысын жақсарту, ата-бабалары құрған мемлекетті ел ету, қағандықты (патшалықты) қалпына келтіру, елдің бірлігін сақтау сияқты сөздер түркі жазба ескерткіштерінде де кездеседі.

Вавилон патшасы Хаммурапи өзінің билігінің заңдылығын және әмірлерінің басқалар үшін мүлтіксіз орындауға міндетті екендігін негіздеу және бекіту үшін өзін көк пен жер құдайының Вавилонды билеуге жібергендігін, Хаммурапи патшаның арғы ата-тегі мен кейінгі ұрпақтарының ғана ел билеуге өкілетті екендігін дәлелдейді. Өкімет пен заңдардың сипаты да сан түрлі халықтарды орталықтандырылған күшті мемлекетке біріктіріп, олардың бәріне ортақ құқықтар мен міндеттер беруге негізделген.

Ерте түрік жазба ескерткіштерінде де «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласының жаралғаны, адам баласына ата-бабалары Бумын қаған мен Естемін қағанның билік жүргізу үшін таққа отырғандығын, таққа отырып, түрік халқының мемлекетін құрғандығын, дүниенің төрт бұрышының жау болғандығы, оларды алғашқы түрік қағандарының бағындырып, бейбіт қылғандығы, елін, жерін әділ билегендігі, сол дәуірде бектері де, халқы да адал болып, қағанның әмірін мүлтіксіз орындағаны туралы айтылады(1). Хаммурапи заңдары мен түркі жазба ескерткіштеріндегі билік мәселесі туралы осындай ұқсастықтар аталған мемлекет, ел билеу, саясат мәселелері ғасырдан-ғасырға жалғасып, елдер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа едәуір ықпал еткендігі ақиқат.

Мемлекетті құру мен күшейтуде өздерінің билігін рәсімдеу және басқаларға мойындату, өздерінің сіңірген еңбегін болашақ ұрпақтың ұмытпауы үшін ел билеушілерінің осындай әрекетке баратыны да тарихи шындық. Бірнеше ғасырлар аралығындағы тарихи оқиғалардың барысы мен ұлы тұлғалардың артына қалдырған жазбаларындағы оқиғаларды баяндалуындағы ұқсастықтарды кездейсоқ деуге болмайды. Бұндай ұқсастықтардың бір себебін мәдени және этногенездік процестермен қатар сол замандарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бір-бірімен жасасқан келісімдері мен бірлесіп күрес жүргізу үшін құрған одақтары себеп болды. Әртүрлі мемлекеттердің құрған одақтары мен келісім-шарттары ерте замандағы халықаралық байланыстардың одан әрі нығаюы мен дамуына ғана себеп болып қойған жоқ, әртүрлі мемлекеттердің мәдениетімен қатар билік пен саясатқа қатысты процестердің де бір-біріне таралуына ықпал етті. Мысалы, Түрік қағандығының Византия империясымен қатар Хорасанмен, Сасанидтермен (Парсы) біресе соғысып, кейде бітімге келіп, бір-бірімен одақтасқаны да тарихтан белгілі. 1 Дарий патшаның Бехистун жазуында оның Ахурамазда құдайдың құдіретімен патша болғандығы және Парсы патшалығын нығайту үшін басқа елдерге жасаған жорықтары мен жеңістері мақтанышпен айтылады(2).

«Мен – Дарий, ұлы падишахпын. Персиядағы падишахпын. Ахурамазда маған патшалық берді. Мен халыққа басқалар тартып алған игілігін, малын, үй қызметшілерін, бұрынғы иеліктерін қайтардым. Мен елді, Персияны да, Мидияны да, басқа елдерді де бұрынғы қалпына келтірдім. Тартып алынғанның бәрін мен қайтардым... Мен падишах болғаннан соң көп кереметтерді жасадым. Менің әкем қолымен тұрғыз-

ғанның бәрін, менің әкем тындырғанның бәрін, соның бәрін біз Ахурамаздының құдіретімен тындырдық»(3). Дарий патшаның бұл айтқандары Күлтегін мен Білге қаған жазбаларындағы «өлімші халықты тірілт-тім, азды көп қылдым, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, түркі халқы жойылмасын деп, халық болсын деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ер-біліге қатынды Тәңірі төбесіне көтеріп, жоғары көтерді (қаған етті). Тәңірі жарылқағандықтан, мен өзім Тәңірі жарылқағаны үшін мен де өзімнің отырған иелігіме төрт бұрыштағы халықты құрап ұйымдастырдым, ел етіп жараттым, төрт тараптағы халықты бейбіт қылдым, дүние-мүлкін халқыма алып бердім»(4) деген сөздерінің мазмұны өте ұқсас.

Вавилон мен Парсы жазбаларындағы мемлекет және саясат мәселелерінің баяндалуының Түрік жазбаларындағы қайталануы мен ұқсастығы аталған мемлекеттер мен халықтардың түп-төркінінің ұқсастығын меңзейді.

Сонымен, тағы да қайталап айтамыз, қазақтың ұлы даласында қалыптасқан саяси ойлары да әлемдік саяси ойлардың құрамдас бөлігіне айналды. Ал бұл тарихтың субъектілері болып қазақтың дана хандары, билері, жыраулары, ақындары, ағартушылары мен ғалымдары, ойшылдары есептеледі.

Шын мәнінде қазақтардың орта ғасырлық қоғамында сол кездің өзінде-ақ билікті бөлудің өзіндік жүйесі қалыптасқан болатын. Көшпенділердің бостандық сүйгіш өмір салты дәстүрлі қазақ қоғамы саяси жүйесінің құрамын институцияландыруға өзінің күшті әсерін тигізді. Қазақ қоғамы өмірінде мемлекеттің ерекше ролі болған жоқ, өйткені, батыстағы түсінікке сәйкес мемлекет болған жоқты. Тапсыз қазақ қоғамы негізінен азаматтық қоғам ретінде қызмет атқарды, мұндағы қоғамның қатардағы мүшесінің тәртібі билік қатынастарының мағынасы мен сипаты мемлекеттік басқарудың классикалық шығыстық дәстүрлермен анықталатынына қарамастан «дала демократиясының» белгілі ережелері көмегімен реттеледі»(5).

Жалпы, қазақтың болмысы демократ, яғни, қазақ халқы үшін «демократия» жат ұғым емес. Ол қазақ даласында бұрын болған, бүгін де жалғасып келеді. Өйткені, қазақ кісілік пен адамдық, адамгершілік пен ынсап, адами мінез бен имандылықпен сәйкес келмеген жағдайда шындықты шырылдап айтқан халықтың бірі.

Бұрын қазақ даласында адамдар дәстүрден қорыққан. Қанша ғасырдан бері ұлттық дәстүрлер бүкіл қазақ демократиясын реттеп отыратын құзырлы құжат болып келді.

Тарихтан бізге жеткені, қай заманда да ханның қасында оның ақылшылары – билер мен шешендер жүрген. Олар хан мен қара халық арасындағы байланыстың ақ-қарасы мен оң-терісін анықтап, әрдайым әділ пікірін айтып, шындыққа жүгініп отырғаны белгілі.

Міне, қазақ даласында осы демократиялық ұстанымдар ғасырлар бойы жалғасып келеді.

Қазақ дәстүрінде әрбір жаңа хан өзінің тумысымен емес, болмысымен билікке жеткен, яғни, ел басқарушы ханның ұлы емес, халықтың ұлы ретінде танылған ел ағаларының, бірі көпшіліктің қалауы бойынша хан болып сайланған. Қазақ тарихында Жәнібек-Керей хандармен Абылай-Кенесары хандарға дейінгі аралықта көптеген хандар өтті. Солардың барлығы да ашық сайлау жолымен, халықтың қалауы бойынша ақ кигізге көтеріп, хан сайланған.

Сондықтан қазақ қоғамындағы биліктің ерекшелігі – хан билігі институтының өзінің монархиялық табиғатына қарамастан сайлау мүмкіндігін сақтауы, билік иелерінің тағайындалуы мен сайлануынан гөрі олардың танылуында, яғни басқарушының лауазымы еңбегі сіңген құрметті атақ екендігінде еді. Сайланған ханды ақ кигізге салып көтеру немесе билерге сот-әкімшілік, әскери-саяси және дипломатиялық қызметке мерзімі шектелмеген лицензия беру салт жорасы тек халық таныған жағдайда ғана жасалған. Хандар ақырғы шешімді қабылдауға заң жүзінде ғана құқығы болған, ал іс жүзінде ол хан кеңесінде әртүрлі мемлекеттік мәселелерді талқылау кезінде көпшілік пікірмен санасуға мәжбүр болған, ал сол кеңестерде қатардағы адамдардың мүддесін халық ортасынын шыққан билер қолдап отырған. Биліктің жекеleme институттарының сайланатын тәжірибенің кеңінен таралуы нәтижесінде билік ресурстарының өзінен өзі ұдайы қайталанып тұруы жүзеге асып отырды да, бұл саяси жүйенің бейімделушілік қабілетін арттырды.

Қоғамдағы демократияның деңгейі әрбір уәкілдің билік пен қоғам арасында өз тобының мүдделерін қорғау мүмкіндігімен анықталатыны белгілі. Осы тұрғыдан қазақ даласында саяси ойдың көріністері әскери демократия, ру басшылары жиналысы, ақсақалдар кеңесі, хандық және билер кеңесі болып табылады.

Шексіз далада көшпенділерді басқару қиын болғандықтан хан билігі ешқашанда жер шаруашылығы-меншұғылданатын орнықты өркениеттердегі қатыгез әкімдер билігіндей қатал болған емес. Қыспақ күшейген немесе билеп-төстеушімен жанжал бола қалған жағдайдарудың немесе тайпаның қашан да болмасын басқа жаққа көшіп кететін мүмкіндігі болды. Мәселен, Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керейбастаған бірнеше тайпа дәл осылай жасаған болатын.

Өз дәуірінде Қазақ хандығын билеушілерінің саясиұстанымдарынақарап өзге елдер түрлі деңгейде мойындап келді. Қазақ хандығының басқару жүйесі өзге де хандықтар сияқты хан мен оның төңірегіндегі жоғары лауазымды кеңесшілер, қолбасшылардан тұрғанын Мұхаммед Хайдар Дулати, Әли Иәзди, Ата Мәлік Жовейни секілді тарихшылардың еңбектерінен ұға аламыз.

Қазақ хандығын әр кезде жоғарыда аталған елдермен қатар, Еуропа да (елші Сегизмунд Герберштейн арқылы) мойындаған. Ал, Қасым ханның ел астанасын Сарайшыққа көшіріп, 200 мыңдай атты әскер жинағанынан қорыққан орыс патшасы Константинопольге барып, «Қасым хан екінші Бату болатын болды. Содан құтқаруға көмек беріңіз...» деген. Бұл Қазақ хандығын Рим империясының да мойындағанын көрсетеді.

Қазақ хандығының құрылуы

Қазақ хандығы –қазақтардың XV және XIX ғасырлар аралығында қанат жайған, тәуелсіз ұлттық мемлекеті. Қазақ хандығы қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап, қорғап келген мемлекеттігінің нышаны. Ол ұлан – байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктуде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші роль атқарды. Қазақ хандығы тарихындағы ең басты немесе жетекші тұлғалардан ең бірінші Жәнібек, Керей, Қасым, Есім, Тәуке, Абылай, Кенесары хандарды атауға болады. Қазақта 24 Бас хан, 19-20 Жүз хандары (кіші хандар) болды. Одан кейін әйгілі сұлтандар мен батырлар, билер бар.Қазақ территориясының қазіргі аумағы Қасым хан, Хақназар хандардың тұсында қалыптасты. Ол Алтайдан Атырау, Еділ, Жайыққа дейінгі, Батыс Сібірден Сырдарияға дейінгі ұлан ғайыр даланы алып жатты. Енді мемлекеттің сипатына келсек, жүздік құрылымды Қазақ мемлекетінің бір ерекшелігі деп қарастыру керек. Мемлекетті хан басқарды. Хандар хан әулетінен тарайтын мұрагерлердің арасынан «хан кеңесінде» сайланды. «Хан кеңесіне» төбе билер мен батырлар да қатысқан.

XV ғасырдың ортасында Жәнібек пен Керей құрған Қазақ хандығының жері бастапқыда Шу мен Жетісудың батысы ғана болса, төрт ғасырға жуық уақытта Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке, Абылай хандардың қажырлы күрестері мен дипломатиялық шеберліктерінің арқасында шығысында Тарбағатай таулары мен Шығыс Түркістанды, батысында Еділ өзені, оңтүстігінде Сыр бойын түгел иемденіп, солтүстігі Құлынды даласы мен Орал тауларына дейін кеңейтілді. Қазіргі Қазақстанның жері – осы Ұлы хандар иемденген жерлерден 1844 жылғы Ресей-Қытай-Ауғаныстан араларындағы келісімдер бойынша Шығыс Түркістан (қазіргі Сынцзян) Қытайға, 1922 жылы шекараны анықтағанда Құлынды даласы, Орынбор облысы және Еділ бойындағы қазақтар тұрақтаған төрт аудан Ресейге, артынан Қарақалпақстан мен оңтүстіктегі екі аудан Өзбекстанға кеткеннен кейінгі қалған аумақ.

Қазақ хандығының жерін кеңейтіп, мемлекеттілігін нығайтқан жоғарыдағы ұлы хандармен қатар Тәукенің әкесі, көрнекті қолбасшы хан Жәңгір, қазақ жерін Еділге дейін кеңейтіп, Бөкей ордасы хандығын құрған Кіші жүз ханы Бөкей мен оның ұлы Жәңгірді атауға болады.

Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші роль атқарды.

Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде 14-15 ғғ. болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі 15 ғ. екінші жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып соқтырды.

1456 жылы Керей мен Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап, Шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоныс аударуы Қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Олардың қоныс аударуының бір себебі, оларды Шыңғыс әулетінен шыққан Керей хан мен Жәнібек ханның жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру,оның тәуелсіз саяси және экономикалық дамуын қамтамасыз ету жолындағы қадамы мен қызметі өз ықпалын тигізді. Жетісу рулар мен тайпалар мемлекет бірлестігінің орталығына айналды.

1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде өкімет үшін өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілхайыр құрған «көшпелі өзбектер» мемлекеті пайда болды. Осы мемлекеттің территориясы XV ғ. орта шенінде Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі Ұлан байтақ жерді алып жатты. Алайда бұл мемлекеттің ішіндегі өкімет үшін күрес бір сәтте толастаған жоқ. Әбілхайыр хан өзінің саяси

дұшпандарын – Жошы әулетінен шыққан султандарды қудалауын тоқтатпады. Өкімет үшін күрес барысында Дешті-Қыпшақтан өздерін қолдайтын жеткілікті күш таба алмаған Ұрыс ханның шөберелері-Керей мен Жәнібек XV ғ. 50 жылдары орта шенінде қарамағандағы ауылдарымен Шу өзенінің бойына көшіп кетуге мәжбүр болды. Осы оқиғалар жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің “Тарихи -Рашиди” атты шығармасында былай деп жазады: «Ол кезде Дешті-қыпшақ Әбілхайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан султандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды қушақ жая қарсы алып, Манғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр (1468 ж.) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Сүйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер – «қазақтар» деп атады. Қазақ султандары 870 жылдары (1465-1466 жж.) билей бастады»(5).Сөйтіп, 1465-1466 жылдыры Шу мен Талас өзендерінің алқабында Қазақ мемлекетінің негізін салған дербес Қазақ хандығы құрылды.

Жәнібек Қазақ хандығының тұңғыш шаңырағын көтерген Барақ ханның ұлы, ал Керей оның ағасы Болат ханның баласы. Барақтан басталатын қазақтың дербес мемлекеттілігі жолындағы күресті оның туған ұлы мен немересінің жалғастыруы табиғи құбылыс.

Алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек хандықтың территориясын кеңейтуге, Сырдария өңіріндегі қалалар мен Шығыс Дешті-Қыпшақтың қырдағы аудандарындағы өз билігін нығайтуға бағытталған белсенді сыртқы саясатын жүргізе бастады. Әбілхайыр хандығы мен Моғолстанның құлдырауын пайдалана отырып, Керей мен Жәнібек XV ғасырдың 60 жылдырдың соңында қазақтар мекендеген бүкіл территорияның біріктіру жолында ойдағыдай күрес бастады.

Қазақ хандығының саяси-экономикалық базасын нығайту үшін Сырдария бойындағы қалаларды қарату төтенше маңызды еді. Осы орайда, Қазақ хандығының алдына үлкен тарихи мынадай міндеттер тұрды:

1.Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілхайыр хандығындағы аласапран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейтесті мүддесі еді.

2.Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы үстінен орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркістан) т.б. қалаларын Қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси-экономикалық және әскери- стратегиялық берік база болатын.

3.Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет – Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілхайыр хан еді. 1468 жылы қыста ол қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа атанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты. Әбілхайырдың қаза болуы Қазақ хандығының нығайуына және территорияның көлемінің кеңейуіне үлкен себеп болды. Ол өлгеннен соң, оның иелігінде қиян-кескі феодалдық қырылыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының» шаңырағы шайқалды, ірі шиеліністер басталды. Оның қарамағындағы тайпалардың үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Мұндай тиімді жағдайды дер кезінде пайдаланған қазақ хандары Керей мен Жәнібек бұдан 12 жыл бұрын өздері ауып кеткен ата- қоңысы Шығыс Дешті-Қыпшаққа қайта оралды. Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресті. Олардың саяси қарсыластары – Ахмед хан мен Махмұд Батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан мен сондай-ақ Ноғай одағын билеген мырзалармен одақтасып, бірге күрес жүргізді.

Әбілхайыр ханның орнына отырған мұрагер баласы Шайх Хайдар бұл күресте мүлде жеңіліп, өлтірілді, ал Әбілхайырдың немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд султан Астраханға барып паналады. Әбілхайыр ханның мұрагерлермен күресте толық жеңіске жеткен Қазақ хандығы Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті-Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. XV ғасырдың 70 жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сөйтіп, Қазақ хандығының территориясын әлқайда кеңейіп, нығайды. Оған тұс-тұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты.

Алайда, Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбанимен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Ол осы соғыстарда бірде Әмір-Темір әулетіне, бірде ноғай мырзаларына, ақырында Моғолстан хандарына сүйенді.

XV ғасырдың ақырында Отырар Яса (Түркістан) Орхон, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниге қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігіне қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы султан Махмұд биледі.

Қазақ хандары Дешті-Қыпшақты басып алуға ұмтылғандарды бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін

едәуір ұлғайтты. Қазақ хандығының нығайыуы Шайбани ханды Шығыс Дешті-Қыпшақ тайпаларының біраз бөлігінен Мауараннахрға ығысуға мәжбүр етті. Ол 1500 жылы ондағы Әмір Темір әулетін талқандап, Мауараннахрды жаулап алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады. Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп Мауараннахрға енген көшпелі тайпалар бірте-бірте жергілікті отырықшы халыққа сіңіп, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, өздерінің бұрынғы Дешті-Қыпшақтағы өзгешіліктерінен бірте-бірте айырылды. Бұл көшпелі тайпалар Дешті-Қыпшақтан ала келген «өзбек» деген атау бірте-бірте Мауараннахрдың байырғы тұрғындарына жалпыласты. Бірақ олар «өзбек» деген аты болмаса, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне ықпал жасай алмаған.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында (1500 жыл) Мұхаммед Шайбани ханның Дешті-Қыпшақтан ығысып, оңтүстіктегі жерлерді жаулап алуы Орта Азия тарихындағы, әсіресе қазақ пен өзбек үшін елеулі оқиға болды. Бұл ең алдымен Қазақ хандығының жерін кеңейтіп, беделін арттырып, ерікті елдігін нығайтты. Бұрынғы дәуірлерде бытыранқы болып келген қазақ тайпаларының басын бір жерге қосуға, қазақтың этникалық территориясын біріктіруге, сонау қола ғасырдан басталған қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында қолданылған «өзбек-қазақ» деген жалпы атау бір-бірімен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Шығыс Дешті – Қыпшақ пен Жетісуда қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниге еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды.

Қазақ хандығының құрылуы мен нығайыуы ішкі феодалдық қырқыстар мен аласапранқылықты аяқтаты, үнемі ер өліп, өріс бұзылып отыратын тайпалық талас-тартыстарға тыйым салынды. Ел ішінде бейбіт береке орнады. Мұның өзі көшпелі шаруалардың бұрыннан қалыптасқан дағдылы дәстүрге бай мал жайылыстарынан мерзім бойынша тиімді пайдалануын, кезінде өріс-қоныс, жайлау- қыстауларына көшіп-қонуын, бейбіт өмір өткізіп, өндіріспен шұғылдануын қамтамасыз етті. Сөйтіп, әлеуметтік өндіргіш күштерді өсірді.

Өз дәуірінде Қазақ хандығын билеушілердің саяси ұстанымдарына қарап, өзге елдер түрлі деңгейде мойындап келді. Қазақ хандығының басқару жүйесі де өзге хандықтар сияқты хан мен оның төңірегіндегі жоғары лауазымды кеңесшілер, қолбасшылардан тұрғанын Мұхамед Хайдар Дулати, Әли Иәзди, Ата Мәлік Жовейни секілді тарихшылардың еңбектерінен ұға аламыз.

Сонымен, Қазақ хандығының құрылуына ұйтқы болған себептер – саяси және экономикалық процестер болды. Оның басты бағыты – Керей мен Жәнібектің қоластындағылармен бірге көшпелі өзбектердің басшысы Әбілқайырдан кетіп, Моғолстанның батысына қоныс аударуы. Мұндағы маңызды оқиға – Керей мен Жәнібекті жақтаушылардың өзбек-қазақтар, кейін тек қазақтар деп аталуы. Әбілқайырдың өлімінен кейін Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына келіп, өкімет билігін басып алуы. Жаңа мемлекеттік бірлестік Қазақстан атала бастауы.

Қорыта келіп, айта кету керек, қазақ қоғамындағы өткен ғасырлардағы осындай әлеуметтік-саяси өзгерістер жетістігіндегі құндылықтарды қазіргі заманғылармен шебер ұштастыруымыз қажет екендігі өзінен-өзі анық сияқты. Олар XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырлардың басында тағы да екінші рет тәуелсіздікке қол жеткен Қазақстанда демократиялық процестерді ойдағыдай жүзеге асырудың жалғасы және кепілі болмақ.

Қасым ханның тұсындағы Қазақ хандығы

Керей мен Жәнібек негізін қалаған Қазақ хандығы әуелде әлсіз, жаңа-жаңа қаз тұрып келе жатқан жас мемлекет болды деуге болады. Қаз-қаз басып, ту көтерген Қазақ хандығы жан-жағына алаңдай қарап, күн көруге мәжбүр болған. Қалайда, Керей мен Жәнібек Қазақ хандығының туын жыққан жоқ, олар дүниеден өткен соң билік Қасым ханның қолына тиді.

Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында Қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы нығая түсті. Ол билік құрған жылдары қазақ халқының қазіргі мекен тұрағы қалыптасты.

Қасым нұсқаған жолдың негізгі мақсаты – Қазақ мемлекетін күшейту, халқын көбейту, жерін кеңейту еді. Ол бұл жолда күні-түні аттан түскен жоқ, іргедегі мемлекеттердің өзара және ішкі алауыздықтарын, араздықтарын пайдаланып, досынан да, қасынан да одақ таба білді. Соның нәтижесінде Қазақ хандығының жері Сарыарқаны қосқанда сонау Жайық жағасына дейін кеңейген еді. Қасым хан өзінің бақталасы өзбек ханы Мұхамед Шайбаниді тізе бүктіріп, Сыр бойындағы қалалардың басым көпшілігін Қазақ хандығына қаратқан.

Қасым ханның сыртқы саясатындағы негізгі бағыты бұрынғысынша Сырдария бойындағы қалаларды өзіне қаратып алу жолындағы күрес болды. Осы арқылы өзіне қарасты қазақ жерін кеңейте түсті. «Тарихи-Рашиди», «Шайбани» т.б. деректемелердегі мәліметтерге қарағанда, қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хан тұсында біріктірілген. XVI ғасырдың екінші он жылдығында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ территориясын өз қол астына қаратты. Бұл кезде

хандықтың шекарасы оңтүстікте Сырдария алабын қамтып, Түркістан аймағындағы қалаларды басып алды. Шығыс оңтүстікте оған Жетісу жерінің дені (Шу, Қаратал, Іле өзендерінің алабы) қарады. Солтүстік және Шығыс солтүстікте Ұлытау өңірі мен Балқаш көлінен асып, Қарқаралы тау тарамдарына дейін жетті, Батыс солтүстікте Жайық өзенінің алабын қамтыды. Қасым ханның батыстағы территориялық иеліктері де ұлғая түсті. Ноғай Ордасы бұл кезде ауыр дағдарысты басынан өткізіп жатқан еді. Ру басшылары, мырзалар, билер билік үшін өзара қарқысумен болды. Әбден қалжыраған Ноғай Ордасы рулары мен тайпаларының бір бөлігі қазақ хандары мен султандарының билігіне бағынып, елінен Қазақ хандағына көшіп кетті. Осы кезде Қасым ханның қол астына қараған халықтың саны 1 миллион адамға жеткен.

Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттің беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібір хандығымен және орыс мемлекетімен сауда-саттық және елшілік қарым-қатынас орнатты. Қазақ хандары әр дәуірде елдің ішкі-сыртқы жағдайында туылған өзгерістерге үйлесіп, икемді сыртқы саясат қолданылып отырды.

Қазақ хандығымен дипломатиялық байланыс орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі ұлы Князь III Василий (1505-1533 жж.) билік жүргізген кездегі Мәскеу мемлекеті болды. Қасым хан тұсында қазақтар өз алдына дербес халық ретінде Еуропаға мәлім болды.

Қасым хан сыртқы саясатпен бірге ішкі саясатты да дұрыс жолға қоя білді. Ол феодал ақсүйектердің қарсылығын әлсіретіп, мемлекеттің саяси, экономикалық, әскери қуатын арттырды. Қасым хан мемлекеттің саяси құрылымын нығайту жолында біраз шараларды жүзеге асырды.

Оның тұсында мемлекеттің ең жоғарғы заң шығарушы органы Маслихат-сұлтандар мен ру басшыларының съезі болды. Маслихат жылына бір рет шақырылып, мемлекеттің ең маңызды – соғыс жариялау, бітім жасау, жайылым жерлерді бөлісу, көшіп-қону жолдарын айқындау сияқты мәселерді қарады. Маслихаттың Шыңғыс хан әулетінен хан сайлау құқығы болды. Маслихат жұмысына тек ерлер ғана қатыса алды. Мемлекеттегі бүкіл билік хан қолында болды, сонымен бірге заң қабылдау, жарлық беріп отыруға құқысы болды.

Ханның жанында неғұрлым беделді билер мен қауым ассоциация өкілдерінен тұратын Кеңесші ұйым – Билер Кеңесі болды. Ханның іс-қағаздарын жүргізіп отыратын, хатшылары мен кеңесші болды. Бір ескеретін жәй, мемлекеттің орталық аппаратының тұрақты бір жерде жұмыс істейтін орны болған жоқ, сондықтан ханмен бірге көшіп-қонып жүрді.

Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқық-нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шарият) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне («ақсақалдар ережесі», «ата-баба жолы», «жөн-жосықтар») мәнді өзгерістер енгізеді. Халық бұқарасы Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы – жарғыны жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кеткен. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар:

- Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтеріледі;

- Қазақ халқының этникалық аумағы толығымен біріктіріледі;

- Хандық билік этникалық аумаққа толық тарап, рөлі артады;

- Халықтың саны Қасым хан тұсында бірнеше есе өседі;

- Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейтіндіктен, оны жаңа дәуір талаптарына сай бейімдеу қажеттілігі туады.

Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да, қазақ халқының санасында заң атауының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

Қасым ханның бұрынғы заң-қағидаларға енгізген ережелері мынау:

1. Мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері).

2. Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылатын жазалар).

3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.).

4. Елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайлық, сөйлеу мәнері).

5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.)

Сөйтіп, Қасым хан ел басқару ісін бір жүйеге келтірген алғашқы заң жинағын дүниеге әкелді.

Қасым ханның қазақ хандығын күшейту, қазақ тайпаларын және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің ішкі және сыртқы беделін арттырып, атақ – даңқын асыра түсті.

Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарихи-Рашиди») атты кітабында Қасым хан дәуіріндегі Қазақ хандығының әлеуметтік-шаруашылық өміріне де өте көңіл бөлген. Бұл мемлекетті автор Қасым ханның атымен байланыстыра айтады. Қасым ханның саясатқа жүйрік болғаны жайлы: «Қасым хан барлық Дешті-Қыпшақты өзінің ақыл-күш билігіне алды. Жошы ханнан кейін Дешті-Қыпшақты ол сияқты ешкім билеген жоқ»(6).

Сонымен, Қасым хан тұсында Қазақ хандығы саяси экономикалық жағынан күшейіп нығайды. Оның тұсында қазақтар өз алдына дербес халық ретінде Батыс Европаға, Руське мәлім болды. Русьпен дипломатиялық байланыс жасалды, ол байланыс осы күндері жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекеті кезінде пәрменді жалғасын тауып отыр.

XV ғасырдың соңғы жылдарында Қасымның әскери қолбасшылық қасиетімен қатар, мемлекет қайраткері, шебер дипломат ретіндегі қырлары айқындала түседі. Бұған Қасымның жеке бастың мүддесінен гөрі мемлекеттілік мүддесін артық қоюы және осы соңғы мүддеге сай іс-әрекет жасап, шешім қабылдауы, оны жүзеге асыруы дәлел бола алады.

Қасым ханның қазақ халқы алдында, қазақ мемлекеттілігін нығайтуда сіңірген еңбектерінің бірі – XV ғасыр соңында Сыр өңірінің біртіндеп қазақ халқының этникалық аумағына енгізе бастауы болды. Ал XVI ғасыр басындағы ханның аса бір рөлі қазақ жеріне басқыншы болып келген Мұхаммед Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп жеңуден айқын көрінді.

Мұхамед Шайбани 1500-1504 жылдары Орта Азияның бірталай аймақтарын бағындырып, қуатты мемлекет құрады. Бірақ солтүстікте Қазақ хандығының болуы оған үнемі қауіп төндіріп отырғандай көрінеді. Сондықтан да Шайбани хан XVI ғасырдың басында Қазақ хандығын өзіне бағындыруды басты мақсат етіп қояды.

Орта Азия билеушісі XVI ғасыр басында алдымен қазақтарды экономикалық тәуелділікте ұстау үшін 1505 жылы арнайы жарлық шығарады. Жарлықта қазақтармен толық сауда-айырбасты тоқтату жөнінде айтылады және Орта Азияда жүрген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық беріледі. Бірақ бұл шара оған оң нәтиже бергізбейді, керісінше, Қазақ хандығы тарапынан қарсы әрекеттер туғызады. Шайбани хан өз әрекетін оң көрсету үшін мауреннахрлық дінбасыларына қазақтарды «дінсіздер» деп айтқызып, күреске Орта Азияның бүкіл мұсылмандарын жұмылдыруға күш жұмсайды.

Сөйтіп, ол 1505-1509 жылдар аралығында Қазақ хандығына қарсы үш рет жорық ұйымдастырды. Шайбани хан алғашқы үш жорықта қазақ елін бағындыруды мақсат еткенімен оған жете қоймаған еді. Сондықтан да болашақта түпкі мақсатқа жету үшін әлі де болса жорықтар болу қаупі зор болатын. Міне, осы тұста сыртқы жауға тойтарыс бере алатын және бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған шайқастарда жинақталған тәжірибе мен атақ-абырой, қолбасшылық пен ұлыс билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы Қасым ханды қиынқыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткеріне айналдырады.

Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі оның беделін одан әрі өсіреді, сонымен бірге ол билеген Қазақ хандығының халықаралық жағдайы арта түседі. Жалпы алғанда, Шайбани хан жорықтарына қарсы күресі, оны талқандауы Қасым ханның қазақ халқы алдында сіңірген үлкен еңбегінің бірі болып саналады.

Шайбани хан өлгеннен кейін Қазақ хандығы үшін қалыптасқан қолайлы сәттерді шебер пайдалана білген Қасым хан Жетісуда, толығымен Сыр өңірінде Қазақ хандығының билігін орнатады. Бұл аталған аймақтар ешбір ұрыссыз қазақ халқының этникалық аумағына енеді. Себебі мұндағы тайпалар қазақ халқының этникалық құрамының бірі болатын. XVI ғасыр басындағы Қасым ханның билігі тұсында қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу үрдісінің Жетісу, Сыр өңірлерінде бейбіт өтуі бірнеше мән-жайдың бетін ашады. Біріншіден, этникалық үрдістің біртұтас этноаумақта жүруі этникалық компоненттердің этнопсихологиялық жағынан жақындасуын тездетеді. Сол себепті де Жетісу мен Сыр өңіріндегі этникалық топтар саяси кедергілер жойылғаннан кейін өзінің негізгі этникалық ұйытқысына қосылады. Екіншіден, мұндай күрделі этноүрдістің қырғын-соғыссыз, бейбіт түрде өтуіне өз заманының ұлы қайраткері Қасым ханның жүргізген көреген саясаты тұрды. Жеке адамдардың тарихи кезеңдердегі орнын Қасым ханның атқарған рөлі арқылы түсінуге және түсіндіруге болады. Түбінде болатын объективті тарихи үрдіс – қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуы мүмкін басқа хандар тұсында басқаша жүрген болар ма еді. Нақты оқиғалы кезеңдерге жеке тұлғалардың араласуы ол үрдісті не тежейді, не тездетеді, бірақ тоқтата алмайды. Біз бұл арада қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы Қасым хан тұсында бейбіт түрде және тез жүргенін көрдік. Қасым ханның қазақ тарихындағы тарихи рөлдерінің бірі осында болса керек.

Қасым хан қазақ халқының аумағын қалыптастырумен қатар, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де бар күш-жігерін салады. Оған 1513 жылғы оның Ташкентке жорық жасауы дәлел болады. Осы жылдары Ташкенттің Қазақ хандығына өтуі бірнеше мәселені шешкен болар еді. Біріншіден, Ташкентті алу

арқылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен елді-мекендердің бейбіт өмірін сақтау, хандықтың оңтүстік шекарасын қауіпсіздендіру және бір саяси кеңістіктегі Дешті Қыпшақ пен оңтүстігінде Сайрамға дейін Сыр өңірінің этникалық тұтастығын қамтамасыз ету, дамыту болды. Екіншіден, дәл осындай мақсаттар Жетісуға да қатысты еді. Мауреннахр тарапынан Жетісуға және Сыр өңіріне апаратын қысқа және төте жол Ташкент арқылы өтті. Сондықтан да қаланың қазақтарға өтуінің әскери-стратегиялық маңызы болды. Үшіншіден, Қасым хан алдында саяси міндет 1513 жылдың басынан қайта күшейе бастаған шайбанилық сұлтандардың күшін, олардың Ташкент аймағындағы ықпалын әлсірету болды. Міне, осындай маңызды мақсаттар Қасым ханды Ташкентті алуға итермелейді.

Қасым хан қайтыс болғанға дейін Сыр өңірі мен Жетісу аймағындағы саяси талас-тартыс аяқталып, бейбіт өмір қалыптасады.

Қазақ хандығының оңтүстік пен оңтүстік-шығыс бағыттардағы сыртқы саясатын сәтті аяқтаған Қасым хан 1517 жылдан бастап күш-жігерін батысқа – Еділ, Жайық бағытына қарай жұмсайды. XVI ғасыр басында екі өзен аралығындағы Ноғай Ордасы ауыр саяси дағдарыста болатын. Ру-тайпа көсемдері билік үшін өзара күресте мемлекетті толығымен ыдыратып, бір-біріне бағынбайтын, дербес иеліктерге бөлініп кеткен еді. Ноғай мырзаларының өзара күресінен әбден шаршаған ру-тайпалар өздерінің этникалық ортасы, этникалық кеңістіктегі құрамдас бөлігі – қазақ этносына қосыла бастайды. Этникалық бірігу саяси тұрғыдан қолдауға ие болды. Қазақ ханы Қасым хан мұнда да көрегендік танытып, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу үрдісін соғыссыз, бейбіт түрде жүзеге асырады.

Міне, Қасым ханның көреген саясатының нәтижесінде бұрынғы Жошы ұлысы, одан кейінгі Алтын Орда жерінде XVI ғасырдың басындағы ең қуатты мемлекет – Қазақ хандығы болды. Дәл осы кезде Москва княздығы Қазақ хандығымен байланыс орнатуға ұмтылады. Бұл байланыс арқылы Москва қазақтар туралы, Қазақ хандығы және Қасым хан туралы көп мәлімет алуға тырысты. Москва қазақтармен байланыс орнату арқылы олар туралы көп білмек болды. Москваның Қасым ханға жеке көңіл аударуы, біріншіден, Қазақ хандығының қуаттылығына байланысты болса, екіншіден, оның мемлекет қайраткері ретіндегі рөліне байланысты туындаған деуге болады.

Ортағасырлық тарихшылар қазақ хандары ішінде Қасым ханнан басқа ешкімге көп баға берген емес. Бұл жай оның тарихи тұлғасын сол кездің өзінде-ақ көпшіліктің танығандығын көрсетеді. Мұхаммед Хайдар Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа толық билігін таратты, оның халқы миллионнан асты. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл мұндай күшті хан болған жоқ» деп жазады.

Қорыта айтқанда, Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы күшейіп, мемлекеттің территориясы кеңейді, халқы көбейіп, хандықты көрші мемлекеттер мен Батыс Еуропа таныған. Оның тұсында Қазақ хандығы бұрынғы Жошы және Шағатай ұлыстарының территориясындағы ең күшті мемлекетке айналды. XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. Қасым ханның қазақ билеуші-лерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы – елдің саяси бірлігін сақтауы мен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы еді. Қасым ханның өмірі мен қазақ тарихында алатын орны, міне, осындай.

Есім хан

Қасым ханнан кейін Қазақ хандығын күшейтуде, көрші елдермен дипломатиялық қатынастар орнатуда өзіндік үлесі бар хандардың бірі – Есім хан. Есімтуған ағасы Тәуекел хан 1598 жылы Орта Азияға жасаған жорығынанда ауыр жарақат алып, көп ұзамай о дүниелек болғаннан кейін, сол жылы хан тағына отырған. Оның билігі тұсында қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу процесі аяқталады, қазақ елінің жаңа астанасы нақтыланып, ол қала жаңа атаумен – Түркістан дегенатауға ие болады, «Есім ханның ескі жолы» деген заңдар жинағын өмірге енгізеді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Есім ханды «Еңсегей бойлы ер Есім» деп атаса, ол енгізген заңдар жинағын «Есім ханның ескі жолы» деген атауға ие. Егерде Есім ханға дейін Қазақ хандығының астанасы нақты айқындалмай, Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы Сауран, Сығанақ, Отырар, Ясы қалалары астана міндетін алма-кезек атқарысып келсе, Есім ханнан бастап қазақтың ресми астанасы ролін тұрақты түрде Ясы қаласы атқара бастайды да, ол қала жаңа атаумен – Түркістан атауымен атала бастайды. Сондай-ақ Есім ханнан бастап қазақтың ресми хандары мен көрнекті сұлтандары батырлары мен ақындары, билері мен бектері, дін басылары мен әскер басшылары, жалпы алғанда бүкіл қазақ еліне даңқы шығып, есімдері ел ішіне кең тараған тұлғалары Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерлене бастайды. Ал Жәңгір ханның ата-бабаларының Сауранда, Сығанақта, Сарайшықта, Бұхара жақтағы Күміскентте, Үргеніште жерленгендігін ескерсек, онда Есім ханның Түркістанда жерленуі қазақ мемлекеттілігініңбекуі мен дамуына, қаланың саяси-әкімшілік орталық ретіндегі ролінің өсуіне, биліктің

тұрақты болуына негіз қалағандығын көреміз.

Есім хан таққа келгеннен кейін ағасы Тәуекелдің жолын жалғастырудағы ең алғашқы жүзеге асырған шарасы Мауереннахрға қатысты түйінді мәселені шешіп, оны ретке келтіру болатын. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алды. Осыдан бастап Ташкент елі ғасыр бойы Қазақ хандығының билігінде болды.

Жалпы алғанда Шығай ханның ұлдары Тәуекел ханның қайтыс болуы мен Есім ханның саяси билікті қолына алуы – қазақ елі тарихында бір дәуірдің аяқталып, келесі дәуірдің басталғандығын көрсетеді.

XV ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап тарих төріне көтерілген ұлттық сипаттағы Қазақ хандығы өзінің сыртқы саясатындағы басты бағыттардың бірі етіп, қазақ ру-тайпаларының жерлерін біріктіруді мақсат еткен болатын. Бір жарым ғасырға созылған күрес барысында Қазақ билеушілері жеңісті де, жеңілісті де көрген болатын. Қасым хан тұсында қазақ халқының этникалық аумағы қалыптасқан болса, одан кейінгі «уақытша әлсіреу» кезеңінде ішкі бірліктің болмауы жарты ғасырлық күрес нәтижесін жоқ етеді. Хақназар ханның тұсында қайта басталған біріктіру процесі Шығай, Тәуекел хандар тұсында өз мәресіне жетеді. Ал оны заңдастыру, Қазақ хандығының басты қарсыласы –Мауереннахр билеушілеріне мойындату Есім ханның үлесіне тиеді. Есім хан үшін XVI ғасырдың соңғы жылдары көршілес елдермен қарым-қатынаста, қазақ халқының қалыптасқан этникалық территориясын мойындатуда өте қолайлы болды. Батыстағы ноғайлар XVI ғасырдағы үшінші саяси дүрбеленді бастарынан өткеріп, Оразмұхаммед бидің (Ормамбет би) 1598 жылғы өлтірілуінен кейін мемлекет ретінде күйреудің соңғы сатысына көшеді де, ноғай ру-тайпалары жан-жаққа тарыдай шашылады. Олардың бір бөлігі Қазақ халқының құрамына қосылып, олардың көшіп-қонатын аумақтары қазақ халқының этникалық аумағына айналады.

Ал солтүстіктегі Сібір ханы Көшім де 1598 жылы орыс отрядынан толық жеңіліске ұшырап, азғантай ғана адамдарымен Сібірден кетуге мәжбүр болады.

Сібір хандығының күйреуі қазақ ру-тайпаларының Дешті Қыпшақтың солтүстік бөлігіндегі жайылымдарының қауіпсіздігін тұрақтандырады. Сөйтіп қазақ елінің солтүстіктегі шекарасы да нақтылана түседі.

Осылайша, XVI ғасырдың соңғы жылын қазақ халқының этникалық аумағының біріктірілу процесі аяқталған жыл деуге болады. Осыншама зор аумақты, ондағы ру-тайпалар арасындағы қатынастарды күшпен немесе жарлықпен ұстап тұрудың мүмкін еместігін білген Есім хан және оның жақтастары жаңа талаптарға сай жаңа әдет-ғұрып заңдарының жинағын өмірге енгізеді. Ауыз әдебиетінің материалдары арқылы бізге тек сол заңдардың атауы – «Есім ханның ескі жолы» деген атпен ғана жетеді.

Есім ханның қазақтарды бір орталыққа бағындыру саясатына қарсы сұлтандар оған шектеу қоюға тырысты. Мысалы, Ташкент қаласы Қазақ хандығына қараған соң оны Жәнібек ханның немересі Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхамед сұлтан басқарған еді. Ол көп ұзамай тәуелсіз хан болуға тырысты. Тіпті өз атынан ақша соқтырып, «бажы мен хараж» алым-салықтарын жинады. Ол осы әрекетімен Қазақ хандығын екіге бөліп, Түркістан қаласын орталық еткен Есім хан, Ташкент қаласын орталық еткен Тұрсын хан билеген еді. Мұндай жағдайда Түркістанда отырған Есім ханның қандай шара қолданатыны белгілі. Бұлардың арасында соғыс қақтығыстары болды. Екеуінің арасында күрес шиеленісе берді. 1627 жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, Қазақ хандығын өз қолтастына біріктірді. Есім ханның феодалдық бытыраңқылықты жеңіп, Қазақ хандығын біріктіру жолындағы күрестері қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырына өзек болған.

Есім хан билік басына келген кезде Қазақ хандығының шығысындағы жағдай Тәуекел тұсындағыдан әлдеқайда күрделене түскен еді. Мұнда ойрат тайпаларының бірігіу процесі жүріп жатты. Сондықтан ол көршілерінде болып жатқан жағдайды жіті қадағалап, олардың тайпалары арасындағы алауыздықты өз пайдасына шешуге ұмтылып бақты. Ойраттардың бір жағынан, Ембі, Жайық, Еділ бойындағы ноғайлармен шарпысуы, екінші жағынан, орыс қамалдарының гарнизондарымен қақтығысуы Есім хан саясатының ықпалды болуына елеулі жағдай жасады. Ақырында үш жақты соғыстың өздеріне қырғын таптыратынын сезген ойрат әміршілері Есім ханның үстемдігін мойындап, тату көршілікте тұру мақсатында ұсыныс жасап, елшілерін жіберуге мәжбүр болады.

Хандығының шығысындағы жағдайды осылайша өз пайдасына шешкен Есім хан оңтүстігін де ойдан шығармайды.

Хандығының шекарасын кеңейте түсу саясатын мұнда да батыл жүргізіп бағады. Оған жағдай да көмектесе түседі. Себебі, бұл кезде қайтыс болған Бәки Мұхаммед ханның орнына оның інісі Уәли Мұхаммед пен Герат-Хорасанның билеушісі Дінмұхаммед баласы Иманқұлы таласып жатқан еді. Осы қақтығысты өз пайдасына асыруда Есім хан үлкен ептілік танытады. Ол әуелі Уәли Мұхаммедке көмектесемін деп уәде беріп, кейін Иманқұлы жағына аунап түседі. Соның нәтижесінде онымен бірігіп, Уәли Мұхаммедті өлтірісіп, Иманқұлымен одақ жасасады да, сол жылы Иманқұлыға қарсы шығып, Самарқандқа әскер жөнелтеді.

Бұл кезде Иманқұлының Есіммен соғысарлық шамасы жоқ еді. Сондықтан онымен шартқа отырып, Ташкент пен оның төңірегін түгелдей қазақтардың иелігі екенін ресми түрде мойындайды.

Бұдан кейін Есім хан Моғолстан ханы Әбдірахымның қызы Падшахқа үйленіп, ағасы Күшік сұлтан-ның қызын Әбдірахымға беріп, қарсы құда болу арқылы оны өзінің жақтасы етіп, соның көмегімен өзіне опасыздық жасаған Тұрсын ханды талқандап, дара билікке қол жеткізеді.

Есім ханның билігі тұсында (1598-1645) халық жадында «Есім салған ескі жол» деген атпен қалған әдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған конституциялық құжат болғаны белгілі. Мұны «Есімнің заңы» деп ұққан жөн. Бірақ оның көктен алынбағанын, өз заманының орайы мен талабына қарай Есім хан мен оның кеңесшілері өңдеп, толықтырған баяғы «Қасым салған қасқа жолдың» бір нұсқасы екенін де естен шығармаған абзал. Түтпеп келгенде, «Есім салған ескі жол» деген сөздің мәні де Есім ханның тұсында жасалған даналық заңдарға байланысты айтылған. Қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туындайтын дау-шардың шешімдері осы кезде сараланды. Мұның өзі кейін Тәукенің әйгілі «Жеті жарғысына» негіз болып, қазақ халқының мәдени-рухани және салт-дәстүр қалыптартарының төлтумалығын шыңдай түсуге ықпал етті.

Жалпы көшпелілер мемлекетінің хандары сияқты, Есім хан да тақ үсті мен ат үстінде бірдей танылған біртуар тұлға. Оны халқының «Еңсегей бойлы Ер Есім» атауы тегін емес деуге болады.

XVII ғасырдың 20-30 жылдары батыс Монғолияны мекендеген ойрат тайпалары едәуір күшейген еді. Шарыс тайпасының басшысы Харақұлайдың баласы Батұрдың тұсында (1635-1653) ойрат тайпаларының одағы қалыптасты. Бұл тарихқа «Жоңғарлар» деген атпен әйгілі болды. Қаншама ғасыр бойы шашылып жатқан моңғолдар бастарын біріктірмей ешнәрсеге қол жеткізе алмайтындарын түсінді. XVI-XVII ғасырларда Монғолияның батыс аймағынан Жоңғар мемлекетінің іргесі қаланды. Жоңғар хандығы қаһарлы күшке айналды.

Жоңғар хандығының қазақтар үшін қаһарлы күш болатын себебі, олар да салт атты көшпелілер болатын. Көршілес жатқан Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығынан Ресей мен Қытай қатты қауіптенді. Олар осы екі мемлекетті бір-біріне айдап салып, жер бетінен құртуды ойластырды. Ресей мемлекеті жоңғарлармен елшілік байланыс орнатып, оларды қару-жарақпен жасақтап отырды. Сонымен бірге бірнеше тайпаларына Еділ бойынан жер бөліп берді. Қазақ даласы жоңғар-қалмақтың ортасында қалып қойды. Ыстықкөл үшін болған алғашқы шайқаста қазақ қолын Есім ханның өзі басқарды. Жоңғар-қалмақтың тегеурінін сезген Есім қырғыздармен және батысындағы ноғайлармен ынтымағын күшейте түсті. Шығыс Түркістанмен саяси байланысын жақсартты. Сол кездің өзінде Қазақ хандығы 300-400 мыңға жуық атты әскер шығарған.

Осылайша, Есім ханға қатысты жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, Есім ханның шығу тегі XIII ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақтың ханы болған Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан бастау алса, XIV ғасырдың ортасында осы аумақта дербес Ақ Орда деген мемлекет құрған Орыс ханмен жалғасып, XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханға дейін жетеді. Одан кейін атасы – Жәдік сұлтан, әкесі – Шығай хандармен жалғасып, нағыз текті әулеттің өкілі екендігін көреміз. Сонымен бірге аталары мұсылманшылықты берік ұстанған, атақты дін басыларының мүридін болған тұлғалар екендігіне көз жеткіземіз.

Екінші, Есім хан 1598-1628 жылдар аралығында 30 жыл бойы ел тізгінін қолына ұстап, оның бірлігі мен тұтастығы үшін күрескен. Оның билігінің алғашқы жылдары қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуы аяқталады. Жаңа заманға сай жаңа қатынастарды реттейтін құқықтық негіз – «Есім ханның ескі жолы» атты заң жинағын өмірге енгізеді.

Үшінші, Есім ханнан бастап Қазақ Елінің астанасы нақтыланып, бұрынғы Йасы қаласы Түркістан деген жаңа атауға ие болады. Есім хан салған осы жол бойынша Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы міндетін бірнеше ғасыр бойы атқарады.

Төртінші, Есім ханнан бастап қазақтың барлық ресми хандары, сондай-ақ қарапайым халықтан шығып, өз заманындасаяси, әскери, рухани, мәдени көсем бола білген тұлғалар Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің жанына жерленеді де, қаланың ролі мен маңызын, қасиеті мен құдіретін одан әрі арттырады.

Тәуке хан

Тәуке хан – Қазақ хандығын 40 жылдай (1680-1718) билеген аса елеулі тұлға. Заманы ауыр болды. Қазақты шығысынан жоңғар, батысынан қалмақ, башқұрттар, солтүстік батысынан Сібір және Жайық казактары қысқан кезеңнің өзінде Тәуке хан ел ішінде тыныштық орнатып, халқын үш жүздің хан, сұлтан, билері арқылы жұдырықтай жұмылдырып ұстай білді. А.Левшин Тәукені қазақтың Қасым ханнан кейінгі

аса құдіретті әрі ақылды патшасы деп атап, оны Спартаның ақылға кең данасы Ликургке теңеген. Тәуке заманын халық «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп атады.

Есім ханнан (1598-1628 жж.) кейін Қазақ хандығының жағдайы одан сайын нашарлай түсті, феодалдық қарқысулар ұлғайып, жоңғарлар Жетісудің бір бөлігін уақытша басып алып, бұл өңірде көшіп жүрген қазақтар мен қырғыздарды бағындырды. Бұхара әскерлері Ташкентті алып, қазақтарды ығыстыра бастаған кезде, қазақ ханы Жәңгір (1628-1652 жж.) Бұхара хандығымен одақтасып, жоңғар феодалдарының шабуылына қарсы күресті. Жәңгір хан өз өмірінің деңін жоңғарлардың шапқыншылығына тойтарыс берумен өткізіп, оларға қарсы үшінші рет 1652 жылы болған шайқаста Жәңгір хан өлтірілді.

1680 жылы хандықтың тағы Жәңгірдің баласы Тәуке ханға (1680-1718 жж.) көшті. Тәуке хан таққа отырғанда Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайлары мәз емес еді. Феодал шонжарлардың арасында бақталастық пен алауыздықтар күшейе түсті, әрбір сұлтан өз иелігіндегі ұлыстарды жеке-дара билеп, дербестенуге тырысты. Қазақ жүздерінің арасында бұрыннан келе жатқан байланыстар нашарлап, олар бір-бірінен окшаулана түсті. Үш жүз үшке бөлініп, сөз жүзінде қазақтың ұлы ханына тәуелді болғанымен іс жүзінде өз алдына билік жүргізді. Бұл жағдайлар жалпы қазақ халқын біріктіріп, сыртқы шапқыншылықтан қорғануға кесірін тигізді. Алауыздық пен өзара дау-жанжал, қақтығысқа белшісінен батқан қазақтарға Шығыстан, Аркадан төтеп берген жоңғарлардың шабуылы күшейе түскен еді.

Осындай қиындық кезеңде хандық құрған Тәуке алдымен Россия және оңтүстіктегі көрші елдермен қарым-қатынасын түзей отырып, қазақ қоғамының ішкі дау-жанжалды, барымтаны тежемей, уақ хандықтардың уақытша болса да ынтымақтастығын көздемей тұрып, сыртқы жаулар мен батыл күресуге болмайтынын ол жақсы түсінді.

Сондықтан да мемлекетті нығайтып, тәртіп орнату үшін тиімді, халық мүддесіне сай келетін, орындалуы арнайы тетіктермен қамтамасыз етілетін заң жүйесі болуы шарт. Бұл қағиданы Тәуке хан аса көрегенділікпен түсінген.

Тәуке хан мемлекетті нығайту мақсатында үш негізге жүгінді. Олар: 1) Билер кеңесі арқылы қазақтың елдік санасын қалыптастыру; 2) «Жеті жарғы» арқылы қоғамды қалыпты ережеге бағындырып, тәртіп орнату, әрі қоғамның басқарушы ақсүйектерін сомдап шығару; 3) Ислам дінін күшейту. Ол ислам дінін халықтың ынтымағын қамтамасыз ете алатын, әрі халыққа тәрбие бере алатын рухани тірек ретінде қоғамдық жүйеге енгізуді мақсат етті.

«Жеті жарғы» заңын түзуге Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және басқа да бек, пірлер қатысқан. «Жеті жарғыны» Қазақ мемлекетінің алғашқы заңы деуге болады. Ол «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» қатарлы заңдардың жалғасы, оларды жүйелеп реттеген нұсқасы болып табылады.

«Жеті жарғының» негізгі көзі деп бәрінен бұрын қазақтардың әдеттегі байырғы правосын, сондай – аз Тәукеден бұрын өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелерін мойындаған жөн. Заңдарға негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне жауап беретін ережелер енді.

«Жеті жарғының» бірнеше бабтары қазақ мемлекеттілігінің негізгі құрылымын қорғауға және оның территориялық тұтастығын, ұлттық бірлігін сақтауға бағытталғанын аңғарамыз. Жаңадан ғылыми айналымға түскен «Жеті жарғының» бір бабы мына норманы бекіткен: «Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын»(7). Бұл норманың мазмұнына зер салатын болсақ, сол кезеңде әрбір ру басшыларының сепаратистік, алтыбақан алауыз болған қимыл-әрекеттерінен туған іріткегетежемелік әсер еткені аңғармасақ болмайды. Бұл бабтың мәні дәл қазір де әлсіреген емес. Конституциялық құрылымды күшпен құлату әрекеті қазіргі кезеңде де көрініс тауып отырғаны бәрімізге мәлім(8).

«Жеті жарғыны» жасау қолданылып келген әдеттегі правоның нормаларын қазақтың феодалдық қоғамының жаңа қажеттеріне бейімдеу, бұл орайда ол нормалардың феодал ақсүйектердің мүдделеріне сай келетіндерін ғана сақтау мақсатын көздеді. «Жеті жарғыға» әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық право нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған.

Сонымен, «Жеті жарғы» заңы, шынында да, қазақ халқының бірігуіне жағдай жасады. Руаралық және жүзаралық келіспеушіліктер азайды. «Жеті жарғы» заңын түзуде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» басшылыққа алынып, олар заман талабына сай жетілдірілді. Сөйтіп, қазақ халқының тарихына ірі құқықтық өзгерістер енгізілді. «Жеті жарғы» – тек сол заманға сай құқықтық құжат емес, сонымен қатар көшпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш.

«Жеті жарғы» жаңа қоғам қалыптастыруға, түрлі кемшіліктерді жоюға қауқарлы екендігін танытты. Қазақтар көбінесе жазылмаған салт-дәстүрлерін тіршілік заңы ретінде қабылдап, сонымен өмір сүріп

келген. Оны халықтың санасынан шығару үшін ұтымды сөз керек болды. Сол себепті көпшілікке жаңа заңды қабылдату мақал-мәтелдер арқылы іске асып жатты.

Сонымен бірге, Тәуке хандық билігін күшейтуге бағытталған ірі-ірі өзгерістер жасады. Ол өзінің саясатын феодалдық билер мен шонжарларға, батырларға сүйеніп жүргізді. «Халық кеңесі» мен «Билер кеңесін» тұрақты орган ретінде қалыптастырып, олардың рөлін арттырды. Жыл сайын белгілі бір мерзімде Күлтөбеде 3 жүздің басын қосқан жиын өткізіп тұрды.

Тәуке ел бірлігі бұзылуының ұйтқышылары феодал ақсүйектер мен сұлтандарды әлсіретуге, мемлекеттік құрылысты күшейтуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы күрделі тартыстар билер кеңесінде, абыройлы да әділетті де Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т. б. билер алдында шешілді.

Тәуке хан билікті өз қолына алғаннан кейін өзінің алысты болжағыш саясаткер екендігін елге таныта білді. Оның қолына ең маңызды көш-қонысты белгілеп бөліп беру, алым - салық салу, сот ісі, қарулы күш т.б. қызмет түрлері жинақталды. Сыртқы жағдайды назарда ұстап, кәметке толғандарға 5 қарумен жүруді міндеттеген.

Сөйтіп, «қара қазаққа» сүйенген Тәуке хан көп нәрсе ұтты. Өйткені билер кеңесі барлық румен тығыз байланыс орнатып, ел бірлігін халық көкөйіндегі көкейтесті мәселелерді: көш-қоныс, ел тыныштығы, сыртқы жаудан қорғану т.б. талқыланды. Ақыры, билер кеңесі ханның кеңесу органына айналып, зор саяси маңызға ие болды.

Тәуке ханның сыртқы саясатына келетін болсақ, атырабындағы елдермен тату көршілік байланыс орнатуға, олармен экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынас жасауға тырысқан бейбіт дипломатиялық саясат болды. Тәуке хан Бухара хандығымен бибітшілік қарым – қатынаста болуға, Орта Азиядағы отырықшы аймақтармен, қалалармен сауда-саттық жасауға тырысты. Қазақ хандығымен жауласып келген жоңғар хандығына да соғысты тоқтатып, тату көршілік қатынас орнату жөнінде Қазыбек би бастаған елшілер жіберген.

Алайда, мейлінше жауласып алған жоңғарлар мен қазақтардың бітімге келе қоюы мүмкін емес еді.

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында жоңғар феодалдары қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасап тұрады. Олар Оңтүстік Қазақстанды және Сырдария бойындағы базарлы қалаларды, сонымен қатар ең маңызды кереуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. 1681-1685 жж. жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстанға бірнеше рет жабуыл жасады, Сайрам қаласын қиратып, егіншілікпен айналысқан ауылдарды күйретті. XVIII ғасырдың бас кезінде жоңғар әскерілерінің бір тобы Сарысу өзеніне жетсе, екінші бір бөлігі Орта жүздің шығыс-солтүстік аудандарына басып кірді.

Тәуке хан береке – бірлікті барынша күшейтіп, сыртқы жауға батыл күрес жұмсау үшін қажымас қайрат жұмсады. 1710 жылы жауға қарсы қалай төтеп беру мәселесін талқылау үшін Қарақұм маңында барлық қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты. Халық жасақтары құрылды, бұлар жоңғар әскерлерін шығысқа қарай ығыстырды. Бірақ, бұл жеңіс баянды бола алмады. Өйткені бұл кезде жоңғарлар жұм (біріккен), қазақтар бытыраңқы болды. Қазақтың феодал шонжарларының арасындағы алаусыздық пен енжарлық, сыртқы жаудан қорғану үшін жалпы халық күшін жұмылдыруға кедергі болып отырды. Бұл жағдайды пайдаланған жоңғарлар шабуылды қайта бастады. 1716 жылы бұлардың әскерлерінің негізгі бөлігі Іле өзенінен Аягөзге қарай жорық бастады. Нақ осы кезде жоңғарлардың отрядтары Абақанға қарай беттеп, Бие және Катун өзендерінің арасындағы жерді басып алды.

Тауке хан Россия мемлекетімен де тату, достық қарым-қатынас жасауға тырысты.

Алайда, Тәуке хан қазақ хандығын бір орталыққа бағынған күшті мемлекет етін құру мақсатын жүзеге асыра алмады, халқының басым көпшілігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан және патриархалдық-феодалдық қатнас үстем болып отырған елде мұны жүзеге асыру мүмкін емес еді, оған қазақ хандығының сыртқы жағдайы да мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, қазақ хандығы бытыраңқылық жағдайда қала берді. Әрине, бұл бұрын-сонды Орта Азия өңірінде тарих сахнасына шыққан көшпелі хандықтардың бәріне ортақ жағдай еді.

Солай бола тұрса да, Жәңгірдің баласы Тауке хан (1680-1718 жж.) тұсында қазақ хандығын бірлік-берекесі күшейе түсті. Тауке хан қазақ тарихында «Өз Тауке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Ол хан тағына отырған соң, қазақ хандығында асқынған ішкі феодалдық алауыздық пен бытыраңқылықты жойып, бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсаған мемлекет қайраткер деп, толық есептеуімізге болады.

Тәуке хан – Қазақ хандығы институтын дамытып, елді сыртқы жаудан қорғауда және көрші елдермен дипломатиялық қатынастар орнатуда ерен еңбек еткен тарихи тұлға. Ол қазақ қоғамында қалыптасқан ішкі алауыздық пен бытыраңқылықты жойып, бір орталыққа бағынған мемлекет құруда біршама жетістіктерге жетіп, осы бағытта жүйелі реформалар жүргізді. Жыл сайын Ташкент түбіндегі Күлтөбеде үш

жүздің басын қосқан құрылтай өткізіп, шонжарлар мен билерден құрылған «хандық кеңес» пен «билік кеңесінің» беделін арттырды. Өзіне тәуелді қырғыздар мен қарақалпақтарды басқаруға өз араларындағы сенімді адамдарын қойып, олармен бірге жоңғарға қарсы әскери одақ құрды. Ресеймен, оңтүстіктегі Бұхара хандығымен дипломатиялық және сауда қатынастарын орнатты.

Алтайдан Атырауға дейін созылған қазақ даласының территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай тер төгіп, қасық қаны қалғанша ішкі сепаратистік әрекеттер мен сыртқы шапқыншылыққа тойтарыс бере бере білген данышпан бабамыз әз Тәукенің қазақ халқына сіңірген еңбегі, атқарған қызметі өлшеусіз.

Абылай хан

Абылай (1711-1781) Қазақ ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері. Жас кезінде Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналылығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатыел билеу қабілетін анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана ыойтарыс бере алатындығын жас баланың санасына уялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себебі болды. Абылай 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұхардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, алтын тұғырдың үстінде, ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі.

Сонымен, Абылай 20 жасқа тола ел билігіне ие болады. Елін жоңғар басқыншыларынан азат ету жолына ол енді қызу кірісе бастағанда ту сыртынан «Орыс аюы» төне бастайды. Өзара арпалысып жатқан екі көшпенді елді мұқият аңдып отырғани Ресей патша өкіметі, енді уақыт жетті дегендей, Орта жүздің ханы Әбілмәмбетті және Абылай сұлтанды қайта-қайта келіссөзге шақырады. Ақыры 1740 жылы тамыз айының аяғына қарай Әбілмәмбет бастаған Орта жүздің 128 би-батырлары болып Орынборға жетеді. Осы арада хан мен сұлтан Орынбор губернаторымен екі мемлекет арасындағы әскери одақ, алыс-беріс, тыныштық туралы келісімге қол қояды. Біріақ, орыс жағы оны бодандықты мойындаған деп біледі. Абылай бұл күндері 27 жаста ғана болатын. Орыстың дипломаты бұндай шартты қазақ сияқты жұрттың бодандықты мойындағаны сөз жүзінде ғана, олар өзін сол империяға тәуелді деп санамайды және ештеңеге міндеттімін деп ойламайды деген.

Кейін Абылай толық хандыққа ие болғанның өзінде де, орыс дипломатиялық құжаттарында бұл кісіні тек Орта жүздің ханы деп көрсетіп отырған. Осыған орай Абылай орыс патшасы Екатерина 11 жолдаған мәлімдемесінде «Бұдан былайғы жерде мені бүкіл қазақ жұртының әміршісі Абылай хан деп біліңіз» – депті(9). Бұнысы ол тәуелсіз елдің әміршісі, басқа елдердің патшаларынан еш кем емес тақ иесі ретінде ескерткені болатын. Өзінің бүкіл Қазақ хандығының ханы екенін және сол жұрт өз еркімен оны хан етіп сайлағанын білдіреді.

Қалыптасқан қазақ дәстүрі бойынша үш жүздің өкілдері 1771 жылы Абылайды ақ кигізге көтеріп, бүкіл қазақ елінің ханы етіп сайлайды. Бұны естіген Ресей үкіметі Абылайды орыс шекарасына ант беруге шақырады. «Мені өз халқым хан ертеден-ақ бекітіп қойған»(8) деп, Абылай шекараға бармай қояды. Бұл, бір жағынан, Орыс империясының кімнің қожа екендігін білдіру болса, екінші жағынан, Абылайдың өзінің ешкімге тәуелді емес екендігін баршылыққа паш еткені еді.

Абылай қалмақ тұтқынына түскен кезде де өзінің үлкен саясаткерлігін жауына танытады. 28 жасқа енді келген жас батырдың әрі сұлтанның батырлығына, қол басшылық қабілетінен бұрын да хабардар болған хан, енді көзбе-көз сөйлесе келе оның ақыл-парасатына да қайран қалады. Қалдан Серен дарынды қолбасшы ғана емес, көреген саясатшы да болатын. Елінің, халқының болашағы да бұл кісіні алаңдата бастаған. Мына қазақтар күн сайын, ай сайын күшейе, енді қалмақтарды елінен, жерінен ығыстыра бастады. Ту сыртынан таққа енді қолы жеткен жаңа басшы бар, алпауыт Цин-Қытай империясы қайта төне бастады. Сондықтан Шыңғыс хан ұрпағынан тараған мына жас сұлтанның басын алудың өзі қисынға келмейтін жәйт, әрі бұны енді іздеуге елі де кірісе бастаған.

Қалдан Сереннің талай сұрағына орынды жауап қайтаруы да ханға ұнайды. Бірде, «Бұл дүниеде ең күшті әмірші кім?» депті(9). Сонда Абылай тұрып: «Дүниедегі ең қуаттысы қондыгер (осман түріктері), содан соң орыстың ақ патшасы, Ежен хан (Қытай императоры), олардан соң сенсің, одан кейін менмін» депті. Қалдан «рас, рас» деп, мәз болыпты. «Аз халықты басқарып отырсың, үлкен халыққа лайық әміршісің» депті одан әрі Абылай. Бұның да «рас» депті қалмақ ханы. Қалдан хан да жәй қалмаған. Талай кездесулерінде Абылайға: «Осыдан жүз жыл бұрын тусаң, Азия елінің ұлы жаулаушысы болар едің» депті(10).

Қалмақтың тұтқынында болған кездерінде де Абылай өзінің намысын жықпай, қазақ қасиетін төмендетпей, қаһарлы дұшпанының өзімен терезесі тең сөйлесе білудің өзі оның қайратының қандай екенін білдіреді.

Тұтқыны бола тұрса да қалмақ ханы Қалдан Сереннің Абылаймен жүргізген келіссөздері екі халықтың

өзара бейбітшілікке ұмтылу саясатының өзекті мәселесі болғанын көрсетеді.

Ақыры екеуі бітім – келіссөзге келеді. Қалдан Серен Абылайды тұтқыннан босатуға мәжбүр болады. Оның тұтқын жағдайында жүргізген келіссөздерінің күші тоғыз жылға созылады да, ол қазақ елі жоңғар шапқыншылығынан біраз тынығуына жол ашады.

Қалдан Серен өдгеннен кейін оның мұрагерлерінің арасында таққа талас басталады. Абылайға керегі де осы болатын. Қарсыластарын бір-біріне қарсы қойып, жауын мейілінше әлсіретуге тырысады(11). Ақыры өзіне қарсы аттанған қарсыластарын бірнеше рет ойсырата жеңіп, қазақ жерін түгелдей қайтарып алады.

Абылайдың Қалдан Серенмен арадағы бейбітшілік туралы келісімі тура тоғыз жыл бойы берік сақталды. Соның арқасында соғыстан қажыған ел біржолата оналды. Малы өсіп, жаны көбейіп, енді қуған-сүргінді, аштықты көрмеген, жаудан беті қайтпаған ұрпақ та жетіле бастады.

Қалдан Серен қайтыс бола қалмақ мұрагерлерінің арасында таққа талас басталады. Тақты тартып алған Лама Доржыдан бастарын сауғалап, Абылай ордасына Дабашы мен Әмірсана келеді. Енді Абылай бұларды кезек-кезек қолдап, қалмақ елін бөле-ажырата әлсірете бастайды. Өзіне қарсы шығып, жорыққа шыққан Лама Доржыны 1772 жылы бетпе-бет соғыста тас-талқанын шығарады(12). Ендігі бақталас Дабашы мен Әмірсананың арасында басталады. Абылай Әмірсананы жақтайды. Ақыры қазаққа қарсы жорыққа аттанған Дабашыны 1754 жылы біржолата талқандайды(13). Бірақ, қалмақ елдігін біржолата жоймайды. Жеке бөлшектеп, бұлардың әрқайсысын қолдап отырады.

Абылай көреген саясатшы ретінде, екі жүз жыл бойы ата жауы болып келген елді енді сақтауға тырысады. Сөйтіп, жоңғар елін жер бетінен жоғалауын қаламайды. Себебі, өзінің көрегендігімен Абылай шығыстан көрінген топан судың күшіндей қуатты жаңа жауын бірден болжайды.

Ал, ғасырлар бойы алып Қытай империясымен жауласып келген Жоңғар мемлекетінің аман қалуын ең басты саяси мәселе деп санайды. Цин империясына қарсы күресте жоңғарларға дем беруге тырысады.

Осылай қазақ еліне төніп келе жатқан апаттан оның ежелгі жауын тосқауыл ретінде пайдалануды қолға алады.

Әлсіреп біткен жоңғарды аңдып отырған Цин империясы 200 мың әскерін шығарып, қалмақтың тып-типылын шығарады(14). Қазақтарды қалмақпен әлі онша ажырата білмегендей, қытайлықтар сол қарқынмен қазақ жеріне де енжелей кіреді.

Абылай Үш жүзден қалың қол жинап, жауын қарсы алады. екі жыл бойы итжығыс күресі екі жаққа да жеңіс әпермейді(15). Ақыры, қытай жағы шексіз қазақ даласында бұларды оңайлықпен жеңе алмайтын түсінгендей болды.

Абылай болса 40 жылғы қырғыннан қалған азғантай қазақты мүлдем құртып алмауын ойлайды. Осылай екі жақ та келіссөзге келеді. Бейбіт-бітім шартқа да қол жетеді. Цин императоры мен Қазақ ханының арасында «ағалы-інілі қатынас» орнайды(16). Бұл қытайлықтардың түсінігінше, бодандық жүйе – «әке мен баланың» арасындағы қатынас деп аталатын.

Бұл жолы да дарынды қолбасшы, көреген саясатшы Абылай хан елін, жерін жауға алғызбайды, тәуелсіздік туын берік ұстайды.

Абылай енді аздаған жыл тыным алғаннан соң, бұрынғы Қазақ ордасының төрт бұрышын түгендей бастайды. Жоңғар қалмақтарын қазақ жерінен ығыстырған соң, иесіз қалған елді көршілері келіп иемдене бастаған. Сонымен қырғыз ағайындарды Іле, Шу өзендері бойынан, Қордайдан асырады. Екінші жорығында Абылай Нарынкөлден Меркеге дейінгі алқапты қайтарып алады(17). Он жылға созылған тынымсыз жорығының арқасында Қоқан хандығы иеленіп алған Қаратау өңірін, Сыр бойын, одан әрі Ташкент шаһары мен Жизақ кентін де өзіне қосып алады(18).

Ел шаруашылығын көтеруде де Абылай жаңалыққа бет бұрады. Қазақ халқы түгелдей дерлік мал шаруашылығымен айналысатыны белгілі. Өзін қоршаған елдердей, ол отырықшы шаруашылықты да енгізуге тырысқан. Егін салып, соның өнімімен халқын тиянақты өмірге де жол ашады.

Отырықшы ел болмай қазақ халқы берік мемлекет негізін қалай алмайтынын Абылай жақсы түсінген. Қалдан ханға тұтқында жүріп, бір әңгімесінде «ең үлкен арманым – айдалада жосып жүрген қазақ деген халыққа хан болып едім, бір жерге қала салып, отырықты ете алмай, жосыған күйінде қалдырып барамын», деп жәй айтпағандай(19).

1774 жылы Үйсін ру басыларының өтінішімен басшы ретінде оларға Әділ деген ұлын жібереді. Талас өзені бойында оған қалашық салып беріп, онда еңбекқор қарақалпақтарды орналастырады(20). Бұнысы, сірә, суармалы жерге егін егумен айналыссын дегені болар.

Өзіне, қазақ еліне он шақты үй егінші шаруа жіберіңіз, олар қазақтарға егін салуды үйрететін болсын деп, Ресей үкіметіне өтінеді. Бұған орыс патшасы «егер сенімді аманат жіберсе, онда шаруалар жіберіледі» деп жауап беріпті.

30-35 жылдарға созылған тыныштық қазақ халқына «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дейтін арманына ұқсағандай болды.

Қазақ елінің терістік өңірі де Абылайдың есінен кетпеді. 1718 жылдан басталған Жоңғар жорығы ақыры Қазақ мемлекетін ыдыратуға әкелді. Қалмақ иеленіп үлгермеген жерлерінде кіші-гірім төрт-бес хандықтар пайда болды. Осы күйзелісті байқап отырған Ресей империясы тез қимылдауға кіріседі. Ертіс өзенінің оң жақ қабағын ала он бес шақты қамал тұрғызып үлгереді. Қазаққа өзеннің арғы шығыс бетіндегі Құлынды, Барабы жайлауларына жолы жабылады. Жайық өзенінен басталып, Ертіс өзеніне шейін шеп құрып, әуелі орманды, өзен-көлді өңірге сүйенен, кейін жағдай оңтайлы бола, сол шепті оңтүстікке, далалы жерлерге қарай неше дүркін жылжыта берген. Ара қашықтығы 30-50 шақырым сайын қамал, бекет, бекініс орнатып, онда орнықты түрде, кәсіби әскер мен казак-орыс әскерімен қамтып отырған.

Енді осы жерлерді де қайтару Абылайдың ойында болған. Бірақ, оның бұндай ойына өзінің ақылшысы Бұхар жыраудан бастап, көпшілік қауым қарсы болады. Өйткені, Ресей империясы сол заманда әлемдегі ең қуатты елінің бірі болатын. Оның от қаруымен қаруланған сансыз кәсібиәскері болған. Сондықтан ондай жорығы қазаққа жаңа қасіреттен басқа ештеңе бермейтініне көзі жеткен Абылай, ақыры бұл ойынан айығады.

Абылай хан Ресей мен Қытай сынды алып мемлекеттермен тіл тауып, қазақ халқының еркіндігін ұстап тұруға барлық күш-жігерін жұмсады. Ол осы екі аса ірі империялар арасында икемді саясат қолданып, «бағыныштық» көрсетіп, елінің, жұртының тыныштығы мен азаттығын қорғай білуін «жалтақты» саясат емес, елінің ізгі мұратын көздеген құбылыс деуге болады.

Абылай өз халқының ұлы ретінде Қазақ мемлекетінің егемендігін бүкіл әлемге танытуға тырысып бақты. Өртүрлі дипломатиялық кездесулерде Қазақ хандығы жәй ғана жиылған тобыр емес, ол қуатты, қайратты мемлекет екенін, ал оның ұстанған бағыты ел бостандығын қамту екенін әр мезгілде аңғыртып отыруға тырысады.

Атақты орыс ғалымы А.Левшин Абылайдың ішкі және сыртқы саясатын өте жоғары бағалаған: «Абылай тәжірибелі, ақыл-силасы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғдыханымен жүргізгентапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын, өз тұстағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстанымды, досына қайырымды, жауына катал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді» – деп жазған(21).

Мұны Абылай ханның өз дәуірінде Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтып, ел бірлігін сақтау мақсатында жүргізген даналық ішкі және сыртқы саясатына берілген жоғары баға деуге болады.

Жоғарыда айтқандарымызды қорыта келсек, Абылай ханның қазақ қоғамы мен мемлекеттігі жөніндегі саясаты әлеуметтік-саяси ойдың шыңы деуге болады. Себебі, Абылайдың бұл саясаты жаңашылдық рухта еді. Оның бұндай саясаты қазақтарды егеменді ел болуды, көшпелі тұрмыстағы халқын отырықшы мәдениетке көшіру, Үш жүздің басын қосып, елдің тұтастығын сақтап, күшті қазақ мемлекетін құру еді. Басқа мемлекеттермен саяси қатынаста әр мемлекет бейбіт қатар, бір-бірінің ішкі істеріне араласпай өмір сүру.

Міне, Абылай бабамыздың осындай саяси сара жолы бүгінгі күндері тәуелсіз Қазақстанда одан әрі жалғасын табуға.

Кенесары хан(1802-1847 жж.)

Қазақтың ақырғы ханы Кенесары Абылай ханның немересі. Әкесі Қасымтөре Шохан Уәлихановтың мәліметі бойынша, Абылайдың бесінші әйелі Топыш ханымнан туған(22).

Қасым төренің екі әйелі болған. Бірі қалмақ қызы. Осы кісіден Саржан, Есенгелді, Ағатай, Бопы, Кішік және Кенесары туған. Тоқалдан жалғыз Наурызбай туған.

Кенесары 1802 жылы бұрынғы Көкшетау облысы Бұрабайға тақау Бүркітті тауының баурайында дүниеге келген.

1819 жылы Уәли ханның өлімі Орта жүзде хандық билеуді жоюға жол ашты. Ресей империясы осындай жағдайды жіті бақылып отырған, енді тез арада қыймылға көшті.

Қалыптасқан дәстүрге сай қазақтар Уәлидің үлкен ұлы Ғұбайдолланы ақ киізге көтеріп, хан сайлайды(23). Бірақ бұны Ресей өкіметі қолдамайды. Жүз жылға жақын қазақ жерін қамалдармен шырмап алған олар енді нақты іске кіріседі.

1822 жылы «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы жарғы» деген үкімін шығарып, Көкшетау мен Қарқаралыда қамал сала бастайды. Оған қарсы тұрамын деген Ғұбайдолланы ақыры Сібірдегі Березов қалашығына жер аударады.

Ресей үш бағытта шаралар жасауды қолға алған. Біріншісі, жоғарыда айтылған қамалдарды гарнизондарын қаптатып, казактардың тұрақты мекендеріне айналдыра бастады. Екіншісі, округтар енгізіп, округтік приказдар құрып, әкімшілік басқару реформаларын жасап, қазақтардың саяси құқықтарын шектеу.

Үшіншісі қазақтардың жерін жаппай басып алу, салық салу, өздерінің әртүрлі монополиясын енгізу, балық аулауға, ағаш кесуге шектеу дегендей(24).

Осыны іске асыру саясатында бір жағынан әскери қарулы күшке сүйену болса, екінші жағынан, казак шонжарларының феодалдық басшы тобына сүйену болды. Бұл сұлтандарға, билерге қыстауларын, жайлауларын меншік ретінде иеленуге рұқсат етілді. Оларды әкімшілік қызметке тағайындады, салықтан және басқа міндеттемелерден босатты.

Қазақтардың саяси дербестігін жоюмен бірге, бір мезгілде құнарлы жерлерін тартып алып, оған орыс-казактарын орналастыру жоспарлы түрде жүргізілді.

1835 жылы «Жаңа шеп» құру дегені басталды(25). Ол Ор және Троицк қамалдарының аралығын жалғастыратын болды. Бұл кеңістікті Қыпшақ және Жағалбайлы рулары мекендейтін. Қыстаулары және шабындықтарына ие 12 мың түтін шамасында болатын қазақтарды осы өлкеден ығыстырып, ол жерге Орынбор казак әскерлерін қоныстандырды. Орыстардың өздері бұл жерді қазақтардың қыстауларына, мал тебіндетуге ең қолайлы жер деп санаған. Сол секілді Ертіс өзенін бойлап, Алтай өлкесін қамти Өскеменнен Омбыға дейін өзеннің екі беті, ені он шақырымға шейін казактарға кесіп берілді. Бара-бара олар далаға тереңдеп, енген сайын бұл жерлер де олардың иелігіне өте берді.

Ал, қазақтар үшін жер мәселесі ең басты болып саналды. Өйткені табиғи өсімдігі мол шұрайлы жайылым мен өзен-көлді жер болмаса мал өсіруге де болмайды. Далалы өңірде сирек кездесетін тоғай мен қамысты көлдер, өзендер бойы, оларды қысқы ұйтқыған боранда, суықта малға пана әрі қорек ретінде және үй жылытатын отын ретінде керектін.

Ресейдің сол замандағы бір адамы былай деп жазған екен: «Ресейді қорғанышым болды деп сеніп, оған алым-салық төлеп тұруға көнген қырғыз-қайсақтардың бұл күнде генерал-губернатор казактардың шекаралық командаларының тепкісіне салып қойды, екеу ара жанжалдасып қалатын болмашы іс үшін де қырғыз-қайсақтарды сап құрып таяққа жығады, тұтқындайды, ал олардың әйелдерін адам құрлы көрмей қорлайды, осының бәрі осы халықты Ресейден сырт айналдыруды көздеп, әдейі істейтіндей әсер қалдырады».

Осылай қазақтардың көптеген жазғы жайлауы мен қыстауларының патша өкіметінің қарамағына көшуі ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қонның дәстүрін бұзды.

Осыған ұқсас әр түрлі келеңсіздік, халыққа жасалып жатқан қиямет жыл сайын көбейе берді, казак бұқарасының наразылығын көбейте берді. Ақыры Көкшетау, Қарқаралы қамалдары қалана бастауымен 1824 жылы шыдамы таусыла бастаған халық көтеріліске шыға бастады. Көтерілісең әуелі Орта жүздің солтүстік-шығыс беткені, немесе Ресей империясының өз еркімен батыстан шығысқа қарай созыла тартқан жаңа шебі қазіргі Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай облыстарының терістік беткейі еді. Осы көтеріліске 1824-1836 жылдардың арасында сұлтан Саржан Қасымұлы басшылық етті. Әрі қарай көтеріліс жайыла Қарқаралы округіне де жетті(26).

Бұл қарсылыққа Қасым сұлтанның да ықпалы болды. Сондықтан болар көтерілістің бас қасында жүргендер көбіне осы кісінің ұлдары Саржан, Есенгелді, Кенесары, Наурызбай және Бопы болды.

Қасымның ерекше қабілеттілігін дұшпандары да мойындаған. Орынбор, Сібір шекара комиссиясының төрағасы Ладыженский былай деп жазған. «Ол пайда табуды ғана ойлаған, тонаумен өмір сүретін, жай қарақшыдан жоғары тұр. Ол қырда ат ойнақтатып шыға келіп, ал Үкімет тарапынан сәл ғана сес көрсетілсе, із-түссіз көзден тасаланатын жан емес. Ол шығу тегі жағынан да, алдына қойған мақсаты жағынан да, алдына қойған мақсаты жағынан да және қабілеті жағынан да жоғары тұр. Сондықтан оны елемуге болмайды». Сібір генерал-губернаторы Капцевичке жазған хатында Қасым «приказдардың жойылуын және орыс отрядтарының қырдан кетуін талап етті»(27).

Кенесары бала кезінен-ақ әкесі Қасымның патша өкіметіне қарсы күресінің куәгері ғана емес, сол күреске қатысушысы да болған. Кенесары күреске жас кезінен араласқан. Ол әкесінің қол астында шайқасты, ал кейін ағасы Саржан бастаған көтеріліске белсене қатысты. Оның көтеріліске қатысуы туралы мәлімет 1825 жылға жатады(28).

Кенесары көтерілісшілердің көсемі ретінде саяси аренаға өзінің әкесі мен ағаларының өлтіруінен кейін ғана шықты.

1836 жылы Қоқандықтар оның ағалары Саржан, Есенгелді, Әлжанды, ал 1840 жылы әкесі Қасым мен оның жұбайы Бұбайды өлтіреді. Ағалары да, әкесі Қасым да елін, ауылын қуғынға ұшыратқан патша жазалау тобына қарсы күресу үшін Қоқан ханынан, Бұхара, Хиуа хандарынан қару-жарақ сатуды өтінеді. Мүмкін, Ресей империясына қарсы бұлардың күресін бұл хандықтар қолдар ма деген ойлары да болған шығар. Бірақ, бұл хандықтар өздері бөлшектеп қиып алған казак руларын Қасым мен оның балалары қаратып алады деп қауіптенген. Сондықтан бұлардың көзін құртуолардың мақсаты болған.

Кенесары туыстарын өлтірген қоқандық жендеттерден кегін алғасын, 1837 жылының көктемінде Орта жүздің Ақмола приказының оңтүстігіне келеді. Бұл оқ дәрісі бар бөшкеге түскен ұшқындай әсер етті. Ішінен тынып жүрген қазақтар Кенесары туының астына топ-тобымен жинала бастады. Ақмола приказы аймағында мұндай қозғалыстың пайда болуы кездейсоқ емес еді.

Ақмола приказы патша отарлауының тірегіне айналғанды. Приказдың қарамағындағы қазақтар патша өкіметінің отарлау езгісінің ауыртпалығын өз бастарынан өткерген болатын. Жергілікті қазақтардың жайылымдарын, көлдер мен өзендерге бай жақсы жерлерін тартып алып, бекіністер құрылысына оларды қара жұмыстарға салып, ауыр алым-салық төлеуге мәжбүр етті.

Көтеріліске шығардың алдында Кенесары патша өкіметіне арнап, төмендегідей бірнеше хат жолдады. «Ата-бабамыз мұра еткен Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қозылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Оқият, Оралға дейінгі Тоғыззақ-қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, ол жерлерде бекіністер салып, сонысымен тұрғындарды өте қиын жағдайға ұшыратуда. Бұл біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі өмір сүруімізге де қауіпті»(29).

Бұл хаттарына жауап ала алмайды. 1839 жылы бес сенімді адамдарын жұмсап, Омбы арқылы патшаға және хат жолдайды...

«Таксыр... Сіздің ата-бабаларыңыз, бізде – менің атам Абылай хан билеп-төстегенде халық тыныш өмір сүрді. Оған еш пенде қолын сұққан жоқ, екі-жақты саудаласты, жайлы өмірді сақтады. Біздің елден ешкім алым- салық жинамайтын. Кейінгі кезде бізден салықты жөнсіз сыпыра бастады. Әртүрлі жәбір көрстеуді сезіп отырмыз. Бұрынғы бейбіт келісімді бұзып, сіздің төменгі буынғы басқарушыларыңыз, ақиқатты аяқпен таптап, барша қазақ халқын Ресейдің уысында деп қарайды. Менің марқұм атам Абылайдың иелігіне кіретін өңірде сіздің адамдарыңыз сегіз дуан ашқанына қатты қынжыламыз. Барша қазақ халқына қысымды тоқтату және бұрынғы тыныш өмірді қалпына келтіру үшін сізден, Ұлы патша, өмірімізге қол сұқпауыңызды, сегіз дуанды және басқа да даламызда салған қоныстарыңызды жоюды өзіңізден өтінуді бақыт санаймын»(30).

Осындай хатты Сібір губернаторы В.Д.Горчаковқа да жолдаған. Кенесары былай деп жазады... «Сіздің есіңізге салайын дегенім, екі халықтың тыныштық өмірін қамтамасыз ету. Өзіңіз Ресейге бағынышты жұртты мен өз жағыма қаратып алды деп реніш білдіресіз. Мәселе тіпті басқаша. Менің атам Абылайдың иелігінде жөнсіз бірнеше дуандарды ұйымдастырып, салық жинаттырып отырған сіздер емес пе? Бізге қысым көрсетудесіз. Оған наразылық білдіреміз, бұдан былай алым- салығыңызға көне алмай-мыз. Ойланыңызшы, егер Ресейді басқа бір мемлекет билеп-төстеп отырса, қалай шыдар едіңіз? Біздің де пайымымызды еске алыңыз»(31).

Соңында өз өтінішін білдіреді:

Ақтау бекінісін жермен-жексен ету;

Ақмола округін тарату;

Далалық өңірдегі үкіметтің басқа да қоныстарын жою;

Қапаста отырған көтерілісшілерді босату.

Соңында Горчаковқа осы айтылған талаптарға пікірін хат тапсырған елшілері арқылы хабарлауын өтінген.

Бұнысы Кенесары Сібірдегі патшаның сатрапынан өзін мейлінше биік санағаны.

Кенесары ең басынан қазақтардың басын қосатын бірыңғай мемлекет құрмай, алпауыт Ресей өкіметіне және Орта Азия хандықтарына қарсы күресуге болмайтынын жақсы түсінген. Қазақтардың түбіне жететіні, олардың бытыраңқылығы, араларындағы ру араздығы және барымта деп санаған.

Кенесарының мемлекет құрудың ұйымдастыру қызметінде ел билеудің барлық жағын қамтуға тырысып бақты. Ел билеудің басында өзі тұрды. Жанында батырлар, билер және туыстарынан құралған Кеңес жұмыс істеді. Хан Кеңесі тек кеңесуші орган ғана болды. Бұның құрамына бытыраңқылықты қолдайтын текті феодал-шонарлар кіргізілмеді. Хан Кеңесінде елдің ішкі және сыртқы жағдайының аса маңызды мәселелері қаралды.

Кенесары мемлекеті сот, елшілік, қаржы, әскери іспен және азық-түлік жинау мәселелерімен айналысатын болды. Оны жеке адамдар басқарды. Жоғары сот билігін өз қолына алды. Рулық істерді шешу үшін ол билерді өзі тағайындады. Елшілік мүшелері патша әкімшілігімен, Қытай, қырғыздармен болған келіссөздерінің бәріне қатысып жүрді.

Қаржы мекемесі алым-салық жинаумен және керуендерден баж салығын алумен айналысқан. Ірі тектің феодалдардың малы мен мүлкін мемлекет қарамағына тартып алу ісі де жүргізілді. Олар отаршылдар жағын жақтап, Кенесарыға қарсы шыққан көтерілісшілерге көмектесуден бас тартқан ірі феодалдар еді.

Әскери күшті ұйымдастыруда өткен дәуірмен салыстырғанда түбегейлі жаңалық енгізбесе де кейбір өзгерістер енгізді.

Әскер басында Кенесарының өзі тұрды. Аға, інілері, жақын-достары әскери Кеңес құрды. Бұл Кеңесте соғыс жоспары қаралып, үлкен жорықтар алдындағы жауапты шешімдер қаралды(32).

Сөйтіп, ел басқару ісі белгілі бір жүйеге келтіріліп, мемлекеттік аппарат жеке салаларға бөлінді. Әр атқарушы белгілі бір мемлекеттік қызметке ие болды.

Осылай мемлекеттік аппаратты реформалау өкіметтің орталықтандыруына белгілі бір дәрежеде игі әсер етті.

Енді осы салалардың жұмысын жеке қарап өтейік.

Хан Кеңесі кеңесуші ғана орган дедік. Кеңеске азаттық күрес басында жүрген, хан құрметі мен сеніміне енген адамдар ғана мүше болды. Бұлар – інісі Наурызбай батыр, Ағыбай, иман батырлар және кейбір билер. Кеңес барлық уақытта Кенесарының пікірімен санасып отырды.

Сот реформасын жасағанда Кенесары Тәуке хан реформасын жалғастыра білді. «Жеті жарғы» құқық жинағы бойынша Тәуке заңдары ру, тайпа мен сұлтандардың мүддесіне тежеу қойған болатын...(33).

Ірі текті феодалдардың малы мен мүлкін мемлекет қарамағына алу ісін әпкесі Бопай басқарды. Күшпен тартып алынып, олардан бұрын мал-мүлік иелері алдын-ала хабарландырылып отырған.

Жергілікті билікті «Кенесары жасауылдары» жүргізді. Олар руға бектіліп қойылған. Жасауылдар алым-салық жинау барысын, өкімет шешімдерінің орындалуын бақылау, көшіп-қонуаудандарын белгілеу және басқа да елдің тұрмысын, көңіл-күйін бақылау жүктелген. Кенесары үндеулерін таратып, елді көтеріліске шақырған.

Кенесары иеленген аймақтарда оның айтқандары бұлжытпай орындалып отырған.

Сот ісі үш топқа бөлінді: Кенесары қарауындағы рулардың барымта және адам өліміне байланысты сот істері; Кенесарыға бағынышты емес рулардың арыздары қаралатын сот істері; Кенесарыға қарасты қазақтар мен патша болыстары арасындағы дауды шешу сот ісі.

Енді осыны жеке қарап көрейік.

Кенесары өзінің қарамағындағы қазақтардың малын рұқсатсыз тартып алуға қатаң тыйым салды және ондайлар болса қайтарылып беріп отырды.

Ел ауызында мынадай әңгіме сақталған. Ағыбай, Бұхарбай және Наурызбай батырлардың көздері бір сұлу қызға түседі. Әкесіне барса, ол кісі қалыңмалсыз ешкімге бермейтінін айтады. Бұл үш батыр Кенесарыға келіп, әлгі байдың қызын тартып алып, малын айдап әкетуге рұқсат сұрайды. Сонда Кенесары тұрып «бізге халық керек пе, қалыңдық керек пе? Бұл қол астымыздағы халықтың бірлігін бұзуды ойлағандарың ба? Қалыңдық керек болса, Созақ қамалын алыңдар да өзбек қыздарына үйленіңдер депті».

Кенесарыға өздерінің даулы мәселелерін шешуге өтініп, қол астынан сырт жердегі ауылдардан да келетін болған. Кенесары олардың ісін қараудан бас тартпаған. Оған алыстағы Адай және Шекті руларының өкілдері де жиі келіп отырған. Бірде Көтібар батырдың балалары Дәрібай мен Есет келіп, қарсы румен тіпті ескі дауын шешіп беруін сұрағанда, Кенесары «одан бері 20 жылдан астам уақыт өткен ескі дау» деп оны қабылдамай қояды. Олар қарсылас румен татуластыруды ұсынған екен, бірақ оған олар келіспейді. Осыдан кейін Көтібар батыр Кенесарымен өштесіп кеткен деген сөз бар.

Соңғысы – Кенесары жақтастары мен Ресейге бағынышты ауылдар арасындағы сот. Кенесары жақтастары ауылдарының малын әкетуге айдап, салушылар патша жақтастары болатын. Мұндайда Кенесары сол қарсылас ауылдарға өз адамдарын жіберетін. Одан ештеңе шықпаса, билеуші сұлтандарға сөз салатын. Одан ештеңе шықпаса, Орынбор, Шекара Комиссиясымен, не тікелей губернаторға хат жолдап, билеуші сұлтандар істі шешпегенін жеткізетін.

Кенесары қызметін бақылаған патша орындары оның барымтаны тоқтату шешіміне көңіл аударған. «Кенесары өз жағындағы қазақтарға барымтаны, ұрлықты тоқтатуға және тыныш өмір сүруге бұйрық берді, сонан кейін оның көшіп-қонып жүрген жерінде тыныштық орнады» деп жазған.

Ру араздықты жоюға күш салғаны жетістіктері көзге түскені сонша, Орынбор Шекара Комиссиясы төрағасы Генс хатында былай деген: «Жаман жағы оның татуластырушы, жарық беруші рөлін орындауға кірісуі, яғни ол Орда басшысына айналған, ал осылайша табысты қымылдаған сайын жақтастары көбейіп, Ордада ықпалы күшейеді де, бізге соншама қауіпті бола түседі».

Салық саясатында өзгеріс – феодалдар жинайтын алымды хан қазынасына түсетін бірыңғай салықпен ауыстыруы. Кенесары билігін мойындаған қазақтар Хиуа, Бұхар хандарына және Ресей өкіметіне түгін салынған төлеуден босатылғандығы. Бұл қазақтардың алым-салықтан біршама жеңілдеуіне әсер етті(34).

Малшаруашылығымен айналыстаны аудандардан «зекет», ал егіншілерден «ұшыр» салығын сақтап қалды. Барлық жиналған салық әдетте жалпы мемлекеттік қазынаға түсті. Бұны әскер қажетін өтеуге және көтерілісшілер мұқтажы мен әскер ұстауға жұмсалды.

Мысалы: 40 басқа дейінгі малдан салық мүлдем алынбады. 40 бастан 100 басқа дейінгі малдан 1 бас, одан әрі 40 бастан бір бас алынып отырды. Дикандар астықтан 10 бөлігінен беріп отырды(37).

Ал, Қоқандықтар мен Хиуалықтар жан басы, үй басы салығын қолданған. Орыстар түтін басы салығын қолданған.

Бұларға қарағанда Кенесары енгізген салық неғұрлым жеңілдеу болды. Тек үкімет қана жинаған салық елдің материалдық жағдайын нығайтып қана қоймай мемлекеттің бірлігін де күшейтті.

Енді әскери күштерді ұйымдастырудағы жаңалықтарына тоқталайық.

Кенесары 20 мың адамнан тұратын армия құрды. Бұлар батырлар бастаған жасақтар және төлеңгіттерден тұрды.

Жауынгер жорық шатырымен және азық-түлікпен әр уақытта қамтамасыз етіліп отырған. Әскер жүріп өтетін жолда тынығатын және аттарын ауыстыратын, азық-түлікпен, жем алатын қоныстар дайындалатын. Әскер жүздікке және мыңдыққа бөлінген.

Кенесары әскери күшті үйретуді алғаш рет жолға қойған адам. Әскердің бір бөлігі тұрақты түрде әскери өнерге үйретілді. Қатаң әскери тәртіп орнатуға ерекше көңіл бөлінді. Қару-жарақ күзет қойылатын жылжымалы киіз үйлерде сақталған. Жорыққа шығарда әлгі киіз үйлерден қару беріліп, жорықтан соң қазына мүлкі ретінде қайтарылып отырған. Қарудың көп бөлігі шайқастарда қолға түсірілген, біразы сатып алынаған, ал жетпегені сол жерлерде ұсталар дайындаған.

Енді Кенесарының жеке жетістіктерін саралайық. Ресей патшасына жолдаған хатына көңіл аударсақ, бұл екеуі арасындағы қайшылықтардың астарын, Сұлтанның мақсаттарын байқаймыз. Қысқа хатта негізгі талаптарын Абылай заманындағы және онан кейінгі ахуалмен шеберлікпен байланыстырып көрсете білу Кенесарының терең ойлы саясатшылық қасиеттерін байқаймыз. Оның басты тілегі – тыныш өмірдің шырқын бұзбау. Қазақ дербес елінің ішкі істеріне қол сұқпау.

Бұл хат нағыз шығыстың саясатшысына тән – балтамған тілмен баданадай талаптарды білдіру!

Ал, Батыс Сібір губернаторы Горчаковқа жолдаған хатына көңіл аударсақ, Сұлтанның талабында біраз айбарлығы байқалады.

Кенесары реформалары қазақ халқы күштерінің бірігуіне, қазақ мемлекеттігінің күшеюіне алып келді. Әрине, бұл феодалдық мемлекетті күшейтуге арналған, ол кезде басқаша болуы да мүмкін емес еді.

Сол заманның қазақ елінің тағдырына сай, көне дәстүр құқығын тура жоққа шығару байқалмаса да, оны барынша уақытша пайдаланған жоқ. Оның заманы өткені екенін түсінді. «Өзіне халық ықыласын аудару үшін әділ сот жүргізуде, ол сот ісін аталар заңы бойынша емес, ешкім білмейтін Мұхаммед заңдары бойынша жүргізді» дейді бір орыс жазушысы.

Заң шығару қызметін Кенесары әдеттегі құқықтарға өзгерістер енгізуден бастады. Ру билерінің сотын тартып алып, сот ісін өзі тағайындаған билер мен жасауылдар қолына берді.

Бір көңіл аударарлық нәрсе – ол құл мен айып мәселесі.

Феодал құлдарының ешқандай құқығы болмағаны белгілі, тіпті иесі оны өлтіргені үшін де жауап бермеген.

Кенесарының өзінде және жалпы көтерілісшілер арасында құл деген болмаған. Оның құлды еркіндікке босату туралы және оған басы бос қазақ құқығын беру оның адамшылық қасиеті өте жоғары деңгейде болғанын байқаймыз. Бір мысал: феодал Сейтен Азнабаев дегеннің есігінде Тілеген Кегнетаев отыз жылдай құлдықта болады, қашпақшы болған оны өлтіруге Азнабаев Кенесарыдан рұқсат сұрайды. Кенесары рұқсат берудің орнына оның ұзақ жыл еңбегі үшін 20 құлынды бие беруді және құлдың анасы мен қарындасын өлтіргені үшін құн төлеп, өзін бостандыққа босатуды бұйырады.

Қорыта келе, үш жүздің өңірінде атой салған Кенесары ханның бостандық үшін алысуының ұзақ уақытқа созылуы, басқа да көптеген мәселелермен қатар ұлы тұлғаның жеке басындағы дипломатиялық және саясатшылық қасиеттерінің биік деңгейде болғанын көреміз. Сонымен қатар Ресей патшасының атқаруымен мылтық, зеңбірікпен қамтылған жазалаушы отрядтарының тұс-тұсынан шабылуына қарамас-тан, он жыл бойы көбіне тек қылыш пен найза ұстаған сарбаздармен тойтарыс бере отырып, елдің дербестігін сақтағаны, оның үлкен қолбасшы болғаны да даусыз. Оны қарсылас жағы да солай деп бағалаған.

М.Красовский деген Кенесарыны Абылаймен салыстыра отырып, былай дейді: «Ақылы жағынан атасынан төмендеу тұрса да, мінезі және қимылы жағынан әкесі Қасымнан және Абылайдан алшақ тұрады. Ол аз ғана уақытта бүтін Сібір даласына белгілі болды»(36).

Қырғыздардың қоршауында қалған Кенесары төртінші күніне қараған түні батырларын жинап, кеңес құрады. Әр батыр әр түрлі амал айтады. Ақыры інісі Наурызбай сұлтан «маған екі жүз жігіт беріндер, мен сол жігіттермен шабуыл жасап, қоршауды бұзамын. Сіздер ашқан жолмен қоршаудан өтесіздер» депті. Сонда Кенесары тұрып: «Қоршауды бұзып шыққаннан кейін аты жүйріктер ғана құтылады да халықтың

көбі қырылады. Осы әсерге басшы болып жүрген мен қашсам, онда бұл елге қандай хан болғаным» деп келіспейді(37).

Осының өзі ханның өз басын тәуекелге қойып, ерген халқын аман сақтап қалуды жөн көргенін көреміз.

Сонымен, қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресінің тарихы сан ғасырға созылған саяси процесс екенін анықтадық. Бұл мәселе қазақ халқы құралған кезеңнен бастап қалыптасып, оның бүкіл тарихымен біте қайнасып отыруы, Қазақ хандығының құрылуы, оның ішкі саяси дамуы, көлбеу және тікелей саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстары, иерархиялық қатынастары, өзінің саяси құндылықтар жүйесінің түзілуі, халықтың саяси мінез-құлқының, ұлттық психологиясының қалыптасу ерекшеліктері талай рет тарих тезіндегі сынақтардан өтті. Міне, мұндай саяси процесс қазақ даласында орта ғасырларда сондай болса, қазіргі кезеңде де ол тәуелсіз Қазақстанда көптеген қиындықтарды жеңе отырып, тұрақты даму үстінде.

1 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы.- Астана: Күлтегін. 2007, - 256 б.

2 Әлемдік саясаттану антологиясы. 1-том. - Алматы: Қазақстан. 2005, - 22-23 бб.

3 Сонда.

4 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. - Астана: Күлтегін. 2003, - 173 б.

5 Нысанбаев Ә. Адам құқығы мен бостандығын қорғаудың өркениеттік дәстүрлері. Ақиқат, 1999 - №3, - 19-21 бб.

6 Мухамед Дулати. Тарих-и Рашиди. - Алматы: Санат, 1999, - 323 б.

7 Материалы 111 Международной конференции, посвященной 500-летию государственного деятеля Средневековья Центральной Азии, Великому ученому-историку Мухамеду Хайдару Дулати на тему: Казахстан и мировая цивилизация: история и современность. - Тараз, 1999. - с.141.

8 Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы: Қазақстан, 1995. - 105 б.

9 Сарбас Ақтаев. Абылайдың ақ жолы. - Алматы, 2011. - 14б.

10 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Том 1. - Алма-Ата., 1961. - 227б.

11 Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы: Қазақстан. 1996, - 110б.

12 Бұл да сонда, 112 б.

13 Бұл да сонда, 113б.

14 Бұл да сонда, 115б.

15 Бұл да сонда, 117б.

16 Бұл да сонда.

17 Бұл да сонда, 119б.

18 Бұл да сонда.

19 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Том 1. - Алма-Ата, 1961. - С.429.

20 Сарбас Ақтаев. Абылайдың ақ жолы. - Алматы, 2011, - 12 б.

21 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Том 1. - Алма-Ата, 1961. - С.429.

22 Қуанғанов Ш.Т. Бұхар жырау. - Алматы: Мұрагер. 1992, - 40б.

23 Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. - Алматы: Жалын, 1992, - 8 б.

24 Сарбас Ақтаев. Абылайдың ақ жолы. - Алматы: Ана тілі, 2001, - 159 б.

25 Бекмаханов Е. қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы: Санат, 1994, - 122-123 бб.

26 Бұл да сонда, 113 б.

27 Қасымбаев Ж. Кенесары хан. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 11 б.

28 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы: Санат. 1994, - 214 б.

29 Бұл да сонда.

30 Бұл да сонда,

31 Қасымбаев Ж. Кенесары хан. - Алматы: Қазақстан. 1993, - 15 б.

32 Бұл да сонда, - 16 б.

33 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы: Санат. 1994, - 224 б.

34 Бұл да сонда, - 223 б.

35 Бұл да сонда, - 286-289 бб.

36 Бұл да сонда, - 295 б.

37 Қасымбаев Ж. Кенесары хан. - Алматы: Қазақстан, 1993, - 22 б.

Түйін

Бұл мақалада қазақ хандарының тәуелсіз мемлекетімізді нығайту жолындағы жүргізген саясаттары, елдің бірлігін сақтау жолындағы қызметтері, саяси ойлары қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются политика казахских ханов по укреплению независимости государства, их политические мысли, политическая деятельность по сохранению единства страны,

Summary

In the article examined politics of the Kazakh khans on strengthening of independence of the state, their political ideas, political activity on maintenance of unity of country.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ: САЯСИ АСПЕКТІЛЕР

Ғ.Р.Әбсаттаров – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих факультеті деканының орынбасары, с.ғ.к.*

Ең алдымен, құқықтық білім беру мен құқықтық мәдениет және олардың өзара байланысы ғылыми әдебиетте әлі де жете қарастырылмаған саяси ғылымның өзекті мәселесі болып табылатынын айтуымыз керек. Сондықтан, Қазақстандық материалдар негізінде осы мәселені қарастырмақпыз.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамға қарай қозғалыс азаматтардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуының шарты ретінде Қазақстан Республикасы тұрғындарына құқықтық білім беру жүйесінің дамуының айрықша белсенділігін анықтайды.

Қазақстандық мәдениетінің қалыптасуы – оның адамдардың өткен ұрпақтары жинақтаған және материалдық, рухани мәдениетінің құндылықтарында көрініс тапқан болмысты шығармашылық тұрғыда игеру тәжірибесіне, құқық құндылықтарына, құқық саласындағы әлеуметтік пайдалы, оңтәлім-тәртіп тәжірибесіне қатысуы.

Құқықтық мәдениет қазақстандықтың бойында өзара біте қайнасқан қоғамдық қатынастарға икемделе білумен және әрекет етудің заңға сыйымды әдісімен байланысты жауапкершілікті, тәртіптілікті, өзіне деген сенімді қалыптастырады. Мәдениеттің маңызды элементі ретінде азаматтық, қазақстандық тәжірибесінің ұйымдастырудың әдісін, қазақстандықтар ұмтылуы тиіс адамдар тәжірибесінің әртүрлі қырлары өзара қалай байланысты екендігі туралы түсініктерді немесе қатынастарды, адамдардың өз мәдениетіндегі құндылықтарына сәйкес олардың тәлім-тәртібін реттейтін ережелер мен нормаларды білдіретін ұғымдарды қарастырады. Мәдениеттің осы элементтері Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетіне тән екенін де айта кетейік.

Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениеті өзінің құрамдас элементтері ретінде заң ғылымын; құқықтық құндылықтарды негіздейтін және бекітетін құқықтық идеологияны; құқықтық психологияны, яғни құқықтық құбылыстарға байланысты қарапайым құқықтық түсініктер мен әлеуметтік көңіл-күйді; объективті құқық және заң шығару, құқықтық қатынас, құқықтық тәртіп және оның қорғау әдіс-тәсілдерін; адам құқығы мен бостандығын қорғауды қамтиды. Құқықтық болмыстың құндылықты, нормативті негіздері қалыптасатын дамыған қоғамдық құқықтық сана, қазақстандық құқықтың басты ұстанымдарының және құқықтық нормалардың жиынтығының негізін құрайтын заң, мемлекет пен биліктуралы идеяның өзі Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетінің ядросын құрайды. Сонымен, қоғамдық құқықтық сананың дамуы қазақстандықтардың құқық саласындағы жасампаз іс-әрекеттерінің идеялық бастауына айналады.

Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетінің мәнін қарастыру, оның нақты-тарихи сипатын, қоғамдық құрылыммен тығыз байланысын, сонымен қатар, халықтың ділі мен салт-дәстүрін, ойлау түрін жете түсінуге мүмкіндік береді. Нақ осы факторлар қазақстан қоғамының құқықтық жүйесінде көрініс табатын құндылықтар мен идеалдарды анықтайды.

Әрине, Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениеті қазақстандықтың құқықтық мәдениетіне тікелей әсер ететіні табиғи құбылыс. Өйткені үш негізгі құрамдас бөліктен – құқықтық білім, түсініктер, көзқарастар; құқықтық сезімдер; субъектінің еркінен тұратын жеке адамның құқықтық санасы Қазақстан қоғамының құқықтық құбылыстарының жиынтығының, оң (мәдениет) және теріс (антимәдениет) жақтарының толық көрінісі болып табылады. Қазақстандықтың құқықтық тәртіпті сақтауға және нығайтуға деген құлшынысы оң сипаттағы ерікті іс-әрекетті тудыратын факторларға жатады.

Қазақстандықтың жеке құқықтық санасы көбінесе қайшылықты болып келетін құқықтық болмыстың; субъект ретінде құқықтық қатынастарға қатысу тәжірибесінің (кейде теріс), сонымен қатар, индивидті қоршаған микроортаның ықпалының әсерінен стихиялы түрде қалыптасуы мүмкін. Осыған орай қазақстандықтың бойында дамымаған, құқықтық болмысты бұрмаланған және біржақты түрде бейнелейтін құқықтық сананың қалыптасуы жиі кездеседі.

Қазақстандықтың құқықтық санасының қалыптасуының өзге жолы – оның құқықтық білімі, қазақстандық және халықаралық құқықтың әлеуметтік құндылығын жете түсінуге, қолданыстағы заңдардың мағынасын және олардың жеке адам үшін мәнін ұғынуға көмектесетін оның құқықтық білім алуы. Бұнда, қазақстандықтың құқық саласында теріс құбылыстармен кездескен жағдайда, оларды өмірдің заңдылығы емес, қазақстандық құқыққа қайшы, сондықтан жойылуы тиіс деп қабылдайды. Сонымен, құқықтық

білім алу үдерісінде қазақстандықтың құқықтық мәдениетінің өзегі болып табылатын, оны құқықтық әрекеттер мен игі істерге бастайтының, дамыған, біртұтас құқықтық сананың қалыптасуы жүзеге асады.

Алайда, қазақстандық индивидтің құқықтық мәдениеті өзі мен құқықтық жүйе арасында қайшылық жоқ дегенді білдірмейді. Ол көбінесе жеке-қазақстандықтың өзінің және қоғамның қажеттілігін жете түсінуінен қолданыстағы заңнаманың артта қалуымен байланысты [1]. Қазақстан қоғамының өміріндегі қоғамдық қажетті жаңа ережелер, заңға айналудан бұрын, санада міндетті секілді қалыптасады. Қазақстандық құқықтың жеке құқықтық институттары мен нормаларының азаматтардың құқықтық санасының дамуынан артта қалуы, азаматтар мен мемлекеттің арасындағы қатығыстардың бастауы болуы мүмкін (болуда). Осылай азаматтардың құқықтық санасы заңнаманы жаңалаудың идеялық бастауы бола отырып, құқықтық шығармашылыққа тікелей әсер етеді. Бұған қоса, қазақстандық-индивид меңгерген қазақстандық құқықтың жаңа ережелері реттеу атқарымын орындай отырып, заңды іс-әрекеттің аясын кеңейте түсіп, (қандай да бір тыйым салуларды жойған жағдайда), оның тәлім-тәртібіне әсер етеді. Аты аталған әрбір жағдайда қазақстандық құқық мәдениетінің эволюциясы орын алған.

Қазақстандықтың құқықтық мәдениеті, сонымен бірге қазақстан қоғамының құқықтық мәдениеті нақты-тарихи құбылыс. Қазақстан қоғамының өмір сүруінің нақты-тарихи жағдайы өзгерсе – оның азаматтарының құқықтық мәдениетінің сапасы да өзгереді.

Қазақстанда қоғамдық өмірдің құқықтық негізі сапалы түрде өзгеруде. Қазақстан Республикасының Конституциясы құқық жүйесін толығымен адам мен азаматтың мүдделерінің басымдылықтарына бағдарлайды, халықаралық құқық құжаттарында жарияланған адамгершілік ұстанымдарын бекітеді. Осыған сәйкес демократия мен гуманизм құндылықтарына бағдарланған құқықтық мәдениеттің мазмұны да өзгереді. Ол өз кезегінде өмір шындығы мен қазақстан қоғамының даму келешегін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетінің басқа сапасына бағдарланатындай құқықтық білім алудың мазмұнын қайта қарауды талап етеді.

Кеңестік дәуірден кейінгі кезеңде Қазақстан азаматының құқықтық мәдениеті (кеңестік дәуірмен салыстырғанда) жаңа сапалық белгілерге ие болуы керек. Тоталитарлық қоғамда құқықтық мәдениетке байланысты талаптар құқықты, заңды құрметтеумен шектелген; индивидтен заңды мойындайтын тәлім-тәртіп және құқықтық тәртіпті қорғауға байланысты қоғамдық жұмысқа қатысу талап етілген.

Қазақстан азаматтарының заң шығарушы салаға ықпал етуінің нақты тетіктері көрініс табатын демократиялық қоғамда қатардағы азаматтардың қабылданатын заңдардың сапасына байланысты жауапкершілігі артады. Сондықтан, азаматтардың қабылданатын заңдарды сыни тұрғыда бағалау, құқық рухына (гуманизм мен демократия ұстанымдарына) қайшы келетін заңдарға қарсы шығу қабілеті – демократиялық қоғамда тұратын қазақстандықтың құқықтық мәдениетінің міндетті құрамдас бөлігі.

Демократиялық қоғамдағы қазақстандық құқыққа мемлекеттің адам мен азаматтың құқығын мойындауы және қорғауы, азаматтарға барлық заңды жолдармен өз құқықтарын өздері қорғау құқығының берілуі тән. Сондықтан, демократиялық қоғамдағы қазақстандық азаматтың құқықтық мәдениетінің маңызды көрсеткіші тек өзінің құқықтары мен бостандықтарын білу ғана емес, сонымен қатар өз құқықтарын олар бұзылған жағдайда қорғауға дайын болу және қорғай алу, құқықтары бұзылған басқа азаматтармен ынтымақтастық орнату болып табылады.

Демократиялық қазақстандық қоғамда әрекет ететін «тыйым салынбағанның бәрі рұхсат етілген» ұстанымы мемлекет азаматтарына Қазақстан қоғамы өмірінің әртүрлі салаларында іс-әрекеттің бағыттары мен әдістерін таңдауға үлкен мүмкіндіктер берілгенін білдіреді. Сонымен қатар, олардың өздеріне берілген бостандықтарды пайдалана отырып, құқықтық кеңістік шеңберінен шығып кетпеуі үшін азаматтардың құқықтық біліміне деген талапты күшейте түседі.

Сонымен, қазіргі заманғы Қазақстанның азаматтарына құқықтық білім беру ашық демократиялық қоғам азаматтарының құқықтық мәдениетінің қалыптасуына бағдарлануы қажет.

Ондай мәдениеттің құрамдас бөліктері:

- құқық және оның негізін құрайтын гуманистік ұстанымдар, Қазақстан қоғамы өмірінің әртүрлі салаларында әрекет ететін құқықтық нормалар мен оларды қолдану тәртібі, азаматтардың құқықтары, бостандықтары және міндеттері жүйесі, Қазақстан қоғамындағы нақты қолданыстағы құқықтық тәртіп, оны нығайту шаралары және қорғау тәсілдері туралы жүйеленген ғылыми білім;

- қазақстандық құқықтың және қатал құқықтық тәртіптің әлеуметтік құндылығына бағытталған құқықтық құбылыстарға деген эмоционалды қатынас – қазақстандық құқыққа деген құрмет және құқықтық тәртіпті бұзуды белсенді түрде қабылдамау, заңға бағыну, жеке басының мәселелерін шешу барысында құқықтық білімдііс жүзінде қолдану, құқықтық ұйғарымдарды өзі үшін маңызды деп қабылдау және оларды өз еркімен орындауға, қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге дайын болу;

- саналы түрдегі заңды тәлім-тәртіп, өз құқықтары мен бостандықтарын онтайлы жүзеге асыру, өз құқықтарын оларды бұзған жағдайда қорғау, құқық қорғау акцияларына қатысу (басқа азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда), Қазақстан азаматының міндеттерін адал және дұрыс орындау, жылдам өзгеріп отыратын әлемдегі өмірдің әртүрлі жағдайларында қолданыстағы заңдарға сүйене отырып, заңды түрде сауатты, мақсатты әрекет етуге қабілетті болу, жеке өзінің Қазақстандық заңнаманы жетілдіруге қатысты болуы арқылы көрінетін қазақстандықтың әлеуметтік пайдалы тәлім-тәртібі.

Барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі; адамның табиғи құндылықтарының тартып алынбайтынын мойындау; адамның өзіндік, даралы болу құқығы; азаматтардың жеке өміріне мемлекеттің араласу мүмкіндігін шектеу; өз құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан қорғау құқығына ие болу; жазықсыздық презумпциясы және өз құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда азаматтың өзінің оларды қорғауы; азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарының шынайылығы мен кеңдігі және тағы да осындай құқықтық құндылықтарды азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі демократиялық мемлекет болып табылатын Қазақстанның азаматы жете түсіне алады және жете түсінуі тиіс.

Қазақстандықтың гуманистік және демократиялық құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған азаматтарға мақсатты, тиімді құқықтық білім беруді жүзеге асырудың өзектігін мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның қажеттіліктері айқындайды. Ол қазіргі заманғы Қазақстанға тән үдерістермен және оның болашақтағы даму үрдісімен тікелей байланысты.

Қоғамда орын алған Кеңес қоғамының құндылықтарын сыни тұрғыда қайта бағалауға, бірақ көптеген адамдардың санасында олардың жаңа демократиялық және гуманистік құндылықтармен ауыспауына байланысты Қазақстан тарихының бұрынғы кезеңдеріне де тән, бірақ 1990 жылдардан бастап күшейе түскен азаматтардың құқықтық нигилизмін жоюсыз Қазақстанның құқықтық мемлекетке айналуы мүмкін емес. Өтпелі кезең барысында ұйымдасқан қылмыс пен мемлекеттік шенеуніктердің сыбайлас жемқорлығымен күресте мемлекеттің әлсіздік көрсетуі құқықтық нигилизмнің бой көтеруінің нағыз құнарлы ортасына айналды. Сонымен бірге, жастардың қылмыстық ортаға тартылуының арта түсуі қорқыныш тудырады.

Қарастырып өткен қазіргі заманғы Қазақстан өмірінің жағымсыз құбылыстарының, ең алдымен, әлеуметтік және саяси себептері бар. Бірақ, олар Қазақстан азаматтарының жалпы мәдениеті мен құқықтық білімінің төмендігін де көрсетеді. Сондықтан, азаматтарға құқықтық білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру үшін ғалымдар мен практикалық қызметкерлерді іздестіру керек. Осы ізденістің нәтижесі Қазақстанда құқықтық нигилизмді болдырмау және мемлекеттің қылмыспен күрес барысында маңызды роль атқаруы мүмкін.

Қазақстандық мемлекет пен қоғам үшін азаматтарға құқықтық білім беру тек құқық бұзу мен қылмысты болдырмауға, әсіресе жастар арасында, ықпал етумен шектелмейді. Оның мүмкіндіктері кең. Бүгінгі таңда Қазақстандағы құқықтық білім берудің нәтижелеріне қойылатын талаптардың әртүрлі болуы да осыдан туындайды.

Қазіргі заманғы Қазақстандық құқықтық жүйенің әрекет етуіне түбегейлі жаңару тән. Негізгі азаматтық, қаржы, әкімшілік, сот және басқа да құқықтық институттардың кодификациясы мен инкорпорациясы іске асқаны айқын. 1980-1990 жылдар аралығындағы заңнама пайда болған жаңа азаматтық қатынастарды тиімді реттей алмағанын еске алайық. Сондықтан, құқық жүйесіне деген бұрынғы көзқарастардың әлсіреуі және жойылумен қатар, өз сипаттамалары бойынша жалпы өркениеттік деңгейге жақын жаңа заңнаманы қалыптасу үдерісі жүзеге асуда.

Бірақ заңнамалық актілердегі жаңа құқықтық нормалардың Қазақстан қоғамының өміріне ықпалы азаматтардың күнделікті өмірде оларды басшылыққа алуға дайын болуымен тікелей байланысты. Қазақстандық құқықтық білім берудің нақ өз азаматтарды жаңарған заңнаманы іс жүзінде қолдануға дайындауы тиіс.

Қазақстандық қоғамның демократиялық құрылымының өзі жеке азаматтардың немесе тіпті нақты әлеуметтік топтардың құқықтары бұзылуы мүмкін болатын жағдайлардың болуын жоққа шығармайды [2]. Бұндай кезде азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғайтын және қалпына келтіретін қуатты, жақсы жұмыс істейтін механизм іске қосылады. Сонымен қатар, азаматтың өзіне де маңызды орын беріледі. Ол сәйкес құқықтық нормаларға сүйене отырып, адвокатура, сот, прокуратура, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық институттарды пайдалана отырып, өз құқықтарын қорғайды және қалпына келтіре алады.

Қазіргі кездегі Қазақстан жағдайында осындай жүйенің бар болуы туралы айту әлі ерте. Бірақ азаматтардың өздерінің құқықтарын қорғауға мүмкіндік беретін кейбір құқықтық құралдар бар. Болса да, олардың жеткілікті түрде қолданылмайтыны да шындық. Мысалы, азаматтарға қатысты

шенеуніктердің бассыздығы мен жөнсіздігі, озбырлығына жағдай жасайды. Қазақстан азаматтарының көпшілігінің өз құқықтарын қорғауда селқос, бейтарап болуының себептері әртүрлі. Олардың қатарына психологиялық факторлар кешенін жатқызуға болады: бұрынғы Кеңестік дәуірден келе жатқан басшыға бағынышты болу, кезкелген шенеуніктің алдындағы жасқаншақтық пен қорқыныш, азаматтардың өз күшіне және ақиқатқа жетуге деген сенімінің, еркін адам үшін қажет өз қадірі туралы сезімінің болмауы.

Қазақстан азаматтарының өздеріне және өздерінің құқықтарына деген осындай қатынасы олардың құқықтық санасының төмен екенін көрсетеді. Көпшілігі өздерінің құқықтарын білмейді, басқалары оларды білсе де, өз құқықтарын қорғау үшін заңды түрде қалай әрекет ету керек екендігінен хабарсыз. Осы арқылы Қазақстан азаматтарында заңды түрде өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы түсініктің, сонымен қатар сондай әрекеттерге деген еріктің болмауын, яғни құқық қорғау әрекеті тәжіри-бесінің болмауын түсіндіруге болады. Сондықтан, Қазақстандағы құқықтық білім беру құқықтық кеңістік шеңберінде азаматтарды өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға үйрету міндеттерін орындауы, қазақстандықтың бойында өзін-өзі құрметтеу, өз қадірін білу секілді маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Қазақстан азаматтарының өз құқықтарын қорғауға дайын болуы мен қорғай алуы және олардың адам құқығын бұзу туралы кезкелген фактіге төзбеуі Қазақстан қоғамын сауықтырудың, құқықтық мелекет пен азаматтық қоғамға қарай қозғалыстың маңызды факторы болып табылады.

Қазақстан азаматтарына құқықтық білім берудің ерекше өзекті болуын айқындайтын қоғамдық қажеттіліктер туралы айтар болса, онда Қазақстанда демократия мен азаматтық қоғамның қалыптасуымен байланысты бірқатар жағдайларды атап өту керек. Тоталитарлық режимнен демократиялық қоғамға өту қазақстан қоғамы өмірінің қарапайым, үйреншікті тәртібінің бұзылуымен, тұрақсыздықтың өсуімен, күрделі әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстарды пайда болуымен қауіпті. Қазақстан тұрғындарының саяси мәдениетінің, көптеген азаматтардың құқықтық санасының төмен болуы, көп адамдарда адамгершілік бағдарларының айқын болмауы жағдайында бостандық бәрі де еркін болу деп қабылданады. Бұл «көше» маңызды роль атқара бастайтын, тобырдың психологиясы ақылдан асып түсетін анархиялық, қиратушы әлеуметтік әрекеттерге әкелуі мүмкін. Сонымен, қоғам «қауіпті қоғамға» айналады, яғни белгісіз, екіұшты жағдайдағы, тұрақты саяси режимі, экономикалық жүйесі жоқ, моральды-психологиялық іргетасы қаланбаған әлеумет болып табылады.

«Қауіпті қоғамда» анархия ментәртiпсiздiк қатерiмен қатар басқа да – қоғамда «мықты қол» арқылы тәртіп орнатуға деген ұмтылыстың пайда болуына байланысты диктатураға бетбұру қауіпі бар. Сондықтан, Қазақстан қоғамы өміріндегі қауіпті бетбұрыстарды болдырмауға демократиялық режим ауқымында әрекет ететін мемлекеттік институттарды нығайту ғана емес, азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетінің дамуы, олардың бойында өз әрекеттері мен елдің тағдыры үшін жауапкершілік сезімінің, қазақстандық құқық пен құқықтық тәртіпке деген құрметтің қалыптасуы көмектесуі тиіс.

1927 жылдың 1 қазанынан бастап Әлихан Бөкейханов Мәскеуде ОГПУ органдарының бақылауы

астында тұруға тиіс болды. Сол себепті Мәскеуде қызмет ету мүмкін болмағандықтан Қазақстанға қайтып оралды. 1928 жылы Ә.Бөкейханов Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметін бастады. Алайда 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысының қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтіледі. Оған “1921 жылы Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүрікшіл ұйымның басшысы Валидовпен байланыста болды» деген айып тағылды[5].

Мақсат – оны Қазақстанға жолатпау, алыста ұстау болатын. Мәскеуде он жыл бойы үй қамауында отырған Әлихан 1937 жылдың тамызында, қызыл террордың нағыз қызып тұрған уақытында, қайта түрмеге жабылды.

Түрмеге жабылғаннан бір ай өткенде жалған жаламен 67 жасында Мәскеу қаласында ату жазасына кесілді, атылды.

Алаш қозғалысы мен «Алаш-Орда» үкіметімен байланыста болғандарды қудалау жұмысы сталиндік диктатура аяқталғанша тоқтамаған. Тек Сталин өмірден өткен соң, 1956 жылы Кеңес одағы коммунистік партиясының XX съезінде сталиндік жекебасқа табынушылық кезіндегі «идеология саласындағы керібұрмалаушылықтар мен оның салдарлары жойылып, шығармашылық сипаттағы мақсттік-лениндік ілімнің қайта қалпына келтірілетіні» жария етілді. «Хрущевтің жылылығы» кезені басталды. Халық ұлттық рухани қалпына келтіру басталды деп сенді. Алайда көп нәрсе өзгере қойған жоқ.

Арада 52 жыл салып, Советтік социалистік республикалар Одағы тарихында М.Горбачевтың басшылығы кезінде 1985 жылдың сәуір айынан басталған «Қайтақұру және жариялылық» деп аталған кезеңде, 1989 жылы 14 мамырда мемлекеттің Жоғарғы сотының қаулысы бойынша Әлихан Бөкейханов «әрекетінде қылмыс құрамы жоқ» болғандықтан, ақталды. Бірақ өкініш қала берді. Әлихан көзі тірісінде ССРО құрамында «Қазақстан советтік республикасының» құрылғанын көрді, бірақ оның дамуына қоғам қайраткері ретінде де, ғалым ретінде де қалауынша тікелей өз үлесін қоса алмады. Ал оның басты арманы орындалмай қала берді. Ол – қазақ елінің дербес, тәуелсіз мемлекет болып құрылуы еді.

Әлихан Бөкейхановтың Ресей елі қойнауындағы қарама-қайшылықты саяси жағдайда жүріп өткен күрескерлік жолы, бір-біріне қайшы келіп жатқан өмір шындықтары, оның өмір-тіршілігі жөніндегі дебір жерден шыға бермейтін пікірлер оның өмір сүген кезеңін әлеуметтік-тарихи тұрғыда тағы бір шолыпшығуды талап етіп тұр. Ондай қажеттілік тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы тарихың жазылуындағы пікірлер алалығымен де байланысты.

Патшалық Ресей державасының отарлаушы саясаты, одан кейінгі Мәскеу Орталығының ұзақ жылдар бойғы орыстандыру саясатты мен оның салдарларының көптеген ұлт зиялыларының, азаматтардың іштен тынған ашу-ызасын тудырып келгені рас. Қазақ жерін жойқын қару-жарақтың сынағы аймағына айлануы; қалалардың дерлік слаян тектес халықтардың мекеніне, ауылдың негізінен қазақтар тіршілік ететін территориялық кеңістік болып қалуы; ғылым мен білімнің орыстiлділігі; шұрайлы жән кенді аймақтарға республика сыртынан келіп жатқан жаңа қоныстанушылардың орналасуының жалғасуы; қазақ даласының ерікті және еріксіз жолмен әртүрлі этностар «лабораториясына» айналуы т.б. Бұрқ еткен 1986 жылғы Желтоқсан уақиғасынан, Семей полигонын жапқызуға себеп болған «Невада-Семипалатинск» қозғалыстарынан кейінде бұл жағдай дерлік бұрынғысынша жалғасын тауып жатты. 1991 жылдың 10-шы желтоқсанынан кейін Тәуелсіздік келіп, жаңа жас Қазақстан өзінің мемлекетілігін қолына алған уақытта іштегі «запыран» сыртқа шықты, айтылмай келгенді, ашық жазуға болмайтынды айтуға, жазуға мүмкіндігі туды. Осы толқында бірқатар авторлар өткеннің бәрін қаралап, ашу-ызамен талқандап, ақ пен қараның аражігін жоғалтты. Басқаны қойып, өткенді қаралау кейбір ғылым мен баспасөз өкілдері үшін «мода» болып алды. Саликалы талдаудың орнына есі кеткенше өткен тарихты қаралау кешегі кейбір кеше ғана өзін нағыз «коммунист» санайтын, нағыз «марксист» деп кеуде ұрған азаматтарға да тән құбылыс. Осындайлардың қаламынан шыққанды оқыған тәуелсіз елдің жас толқыны түсінігінде де өткенге деген жеккөріністілік, «тоталитаризм» деген ұғыммен бәрін жоққа шығарушылық, аға ұрпақ өскен уақытқа күдікпен қараушылық көңіл-күй пайда болды. Бұл жағдай ересек ұрпақ пен және жас буынның әлеуметтік арабайланысына идеологиялық сызат түсірмей қоймады. Өздері де кешегі солақай саясатының құралына айналған көптеген этностық топтарға жаға әлеуметтік-саяси жағдайға бейімделуге тура келді. Жалпы алғанда көпэтносты қазақстандық қоғамның ынтымағын сақтап қалу аса маңызды мемлекеттік және азаматтық міндетке айналды. Өткен тарих та өз тарихымыз. Өткенімізге тағы бір көз тастап шығуға итермелейтін фактордың бірі де осы – өз тарихымызға байсалдылықпен, шынайылықпен, сабырлықпен қарау қажеттілігі.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың алғашқы екі онжылдығы адамзат тарихындағы ең бір

қоғамдық ойдың өрістеген, ескі қоғамдық қатынастарға наразылықтың азғана зиялылар арасынан шығып бұқара арасына еніп, халық арасының да саяси тыныс-тіршілікке ден қоя бастаған кезеңі. 1848 жылдардан еуропаның іргелі елдерінде бой көрсете бастаған буржуазиялық қанауға қарсы революциялық сипаттағы толқулар толқыны әлі күнге феодалдық қоғам қойнауынан шығып кете алмай отырған Ресей державасына да жете бастады. Ол уақытта Батыс капитализмі өндірісті дамытудың ғылыми-техникалық жетістіктерін пайдалана отырып өзінің дамуының неғұрлым жоғары даму деңгейіне (империализм) жетіп, өткен ғасырдарда жаулап алған отарларында емін еркін билігін жүргізіп, табысын табыстап, «Жоғары дамыған Батыс» деген атқа иеленіп алған. Алайда таптық қанауға қарсы күресуге, еңбекшілер мүддесін қорғауға бағыт алған ғылыми және саяси қозғалыс қарқынды түсті. «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» ұранымен кең қанат жая бастаған марксистік қоғамдық қозғалыс негізінде саяси партиялар құрылып, оған ниет қойған оқығандар көбейіп, халық арасындағы идеялық-саяси жұмыстар өріс алды. Максистер мен қатар бірқатар саяси қозғалыстар мен партиялар да жұмысы қарқынын арттырып, тозығы жеткен қоғамдық қатынаспен күреке белсене араласып кетіп жатты. Қаншалықты қарсы тұрғанымен мұндай қарқынды қозғалысты тежеуге Патшалық биліктің мұршасы жете бермеді. Батыс капитализмі жоғары белесіне көтерілген жағдайда Ресей әлі әлдеқайда күні өткен қоғам қойнауында қалып жатты. Сол себепті Ресейдегі революцияшыл күштер алдындағы міндеттер де қабаттасып жатты. Бірі буржуазиялық (капиталистік) қоғам орнату үшін, екіншілері – еңбекшілерді қанауға жол беретін қоғам, яғни, капиталистік қоғамдық қатынасқа да қарсы күресе отырып, социалистік қоғам құру үшін күресті. Ал бұл уақытта қазақ даласы әлі күнге білімсіз, ғылымсыз, дамуы жағынан артта қалып қойған халықтар қатарында тіршілік етті. Сондықтан да оны әлеуметтік-саяси, мәдени-білімдік ояту, қоғамдық санасына қозғау салу Дала ойшылдары мен саясаткерлерінің ең басты міндеті болып қала берді.

1905 жылдың басындағы Ресейдегі алғашқы революциялық сипаттағы ірі қозғалыс қанды уақиғаға айналып, бүкіл елді дүр сілкіндірді. Тарихта ол Патша билігінің іргесін шайқалтқан қарсылық деп саналды. Буржуазияшыл билік үшін саяси күрескерлер мен пролетариат (жұмысшы табы) билігі үшін күресушілер іс-әрекеттері бір елде, оны орталығы мен аймақтарында қатарласа жүріп жатты және олардың арасындағы қарама-қарсылықтар да қыза түскен. Осындай қабат-қабат идеялар, идеологиялар, мақсат пен мүдделер толқынында саяси көрегендік, айқын жолды анықтап алу саяси күрес жолына бел буып шыққан азаматтар үшін де оңай бола қоймады.

Еңбекші халықтың, қалық бұқараның ХХ ғасырдың басында таптық қанаусыз, әлеуметтік теңдік пен адами бостандық әкелетін қоғам идеясын өзіне бәрінен жақын санап, сол идеяны алыпбарушы керескерлердің соңынан еруінің ешбір оғаштығы, қателігі болған жоқ деп санаймыз. Мәселе ұсталған саяси-әлеуметтік бағыттың қалай іске асырылғандығында.

Бүкіл адамзат өз тарихында әлеуметтік еркіндікті, теңдікті, әлеуметтік-саяси теңдік негізінде адамдарды бір-біріне жақындататын әділ қоғамды аңсап келгені белгілі. Ондай әлеуметтік арман халық аңыздарында, ертегілерінде, «утопистер» деп аталып кеткен ғалымдардың идеяларында, еңбектерінде өзінің бейнеленуін тапқан. Кейін келе бұл түсінік «социализм» (әлеуметтік әділдік қоғамы), оның неғұрлым жоғары сатысы – «коммунизм» деген ұғымдармен байланыстырылды. Біздіңше, оның қалай аталатынымен байланыссыз, барлық азаматтар үшін әлеуметтік теңдік пен қолайлылық туғызатын қоғам ХХІ ғасырда да өзінің өзектілігін жойған жоқ. Керісінше, жаһандану жағдайындағы трансұлттық экономика мен бизнестің дамытылуы жағдайында барлық елдердің мемлекеттерінің алдында өз еңбекшілерін жаһандық қанаудан бірігіп қорғау міндеті өзекті бола түсуде. Әлеуметтік әділдік қоғамын, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасы жағдайында, біз Мемлекет Конституциясында жазылып қойылған «Әлеуметтік қоғам» болшағымен байланыстырудамыз.

Сонымен, 1917 жыл, еңбекшілер билігі орнатылды, 1991 жылға дейін халқымыз «Социалистік» деп аталған қоғам қойнауында өмір сүрді, еңбек етті. Тарихи салыстырулар мен талдаулар оның позитивтік қырлары мен қатар негативтік қырларының аз болмағанын көрсетеді. Оның осы екі аспектісіне де қысқаша шолу жасап көрелік.

Бірінші, позитивтісі: қарапайым еңбекші халықтың саяси билікке қол жеткізуі; бірлесіп, кооперативтік ұйымдар түрлеріне біріге отырып, ел үшін, отбасылары үшін бірлесіп ұйымдастырылған еңбек түрлеріне қол жеткізуі, ұжым алдындағы әлеуметтік жауаптылық мәдениеті; сауатсыздықтың жаппай жойылуы, кез келген отбасы баласының тегін орта және жоғары білім алуы мүмкіндігі; білімнің қолжетімділігі нәтижесінде ұлттық интеллигенцияның қалыптасқаны; мектептердегі, басқа оқу орындарындағы жастардың азаматтық, қоғамдық көзқарасы мен әлеуметтік тәжірибеленуі мектебі болған балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының тиімді қызметтері; қалалардың, ірі индустриялық өндірістердің дамуы және Қазақстан республикасының индустриялық-аграрлық даму деңгейіне көтерілуі; тегін медициналық

қызмет және жергілікті жерлердегі медициналық қызмет жүйесінің елеулі дамуы; мәдениеттің, өнердің салаларының дамытылуы және жергілікті халыққа мәдени қызмет көрсету жүйесінің де елеулі дамытылуы; ғылым академиясының, әртүрлі зерттеу институттарының дамытылуы; қыздар мен әйелдердің әлеуметтік теңдігіне қол жеткізу. Нәтижесінде 1989 жылы қазақстандық жоғары білімділердің 51 пайызы қазақстандық әйелдер үлесіне тиді; өндіріс орындары басшылығының еңбек ұжымы алдындағы әлеуметтік жауаптылығы; әлем халықтары теңдігі мен көптеген үшінші дүние мемлекеттерінің отаршылдық жағдайынан шығуы мәселесінің, мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі мәселесінің ССРО тарапынан халықаралық деңгейде көтеріліп, талап етіліп тұратыны; XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Ресейдегі еңбекшілер үкіметінің орнауы батыстық дамыған елдер үшін елеулі әлеуметтік-саяси сабақ болды, буржуазия мен жұмысшылар арақатынасын реттеудің эволюциялық әдістері дамытылды т.б.

Екінші, негативтісі: қоғам өмірінің, әлеуметтік қатынастардың шектен тыс идеяландырылып, бір ғана билік партиясының ұстанымына қатаң бағындырылуы; одақ республикалары мен олардың өңірлік экономикалық-мәдени дамуы арасындағы елеулі айырмашылықтардың сақталуы; қазақстандық қалалардың дамуы үшін, ондағы өндірістердің дамуына қажетті білікті мамандардың негізінен елдің еуропалық өңірлері мен қалаларынан жаппай тасымалдануы. Соның салдарынан жергілікті еңбек ресурсы дер кезінде білікті еңбекке даярланып, шешуші өндірістердің қатысушылары бола алмады. Нәтижесінде 1990 жылға дейін қазақ халқының 70 пайызы ауылдықтар болып, ғылыми-техникалық жабдықталуы жағынан артта қалған аграрлық саланың еңбеккерлері болып қала берді; 50-ші жылдардың екінші жартысынан бастап білім саласының орыстандыруының жоғары қарқын алуы. Қазақ мектептерінің жаппай жабылуы, кәсіби оқу орындарының орыс тілділігіне байланысты (тек педагогикалық институттарда ғана қазақ бөлімдері болған) жаппай орыстiлдiлiкке бетбұрыстың тереңдей түсуі; экономикалық маңызды қазақстандық индустриялық өндірістердің тікелей Мәскеу Орталығына бағындырылуы. Бұл өндірістер қазақстанды орыстандырудың, экономикалық және саяси бағынышты етудің басты тірегіне айналды. 1990 жылғы ғылыми зерттеулер көрсеткендей, қазақстандық орыстардың 80 пайызы (басқа славянтектестерді қоспағанда) қалаларды қоныс етті. Соған сай қалалық тіршіліктің басында да осы әлеумет ортасы өкілдерінің ықпалы басым болып қала берді. Әрине, комсомолдық, партиялық бастамамен, моральдық және материалдық ынталандырумен келіп жатқан халықтың жазығы да жоқ. Дәл осылайша қазақстандық тың көтерілді, мыңдаған жігерлі, ынталы жастар мен мамандар Ресей, Украин, Белорусиядан мемлекет ісін атқаруға ағылып келіп жатты, республиканың құнарлы, өндірісті өңірлеріне келіп қоныс тепті. Нәтижесінде 1989 жылы Қазақстан халқының 42 пайызын қазақстандық орыстар, 38 пайызын қазақтар құрады. Республикадағы қазақтар саны диаспоралық деңгейге төмендеді; сөзсіз, халықтан жасырын жасақталған атом, тағы басқа қару-жарақтарды сынау полигоны, оның талай гендік жүйеге тарап кеткен салдарлары мен азаматтардың қалпына келмес денсаулығы; капиталистік және социалистік елдер жүйесі арасындағы тартыс пен бәсекелестіктің жаппай қарулануға алып келуі мен екі жүйе арасында мәдени, ғылыми байланыстардың үзіліп қалуы т.б. (Айта кетерлігі – әлемдік бақталастықтың себебін бірқатар қоғамдық орталар екі саяси жүйенің болуымен байланыстырып келген. Бірақта социалистік елдер жүйесі ыдырағаннан кейінгі, қазіргі жаһандану заманында да әлем алпауыттарының бақталастығы азаймады, керісінше, ақпараттық технология көмегімен, жаппай психологияландыру көмегімен ықпал ету аймағы үшін күрестің қыза түскендігі, әлем аймақтарындағы идеологияға негізделген қақтығыстардың өрши түскендігі).

Сөзсіз атап айтылған негативтер «Совет Одағы» деп аталған державаны іштей ірітті, ұлттық аймақтар наразылығы жалғасты, біртұтас ел жағдайындағы еңбек бөлінісі жекелеген республикалар экономикасының қуаттылығы мен тұрақтылығына нұқсан келтірді. Дәл осындай еңбек бөлінісі бұрынғы Одақтың орнында жас дербес мемлекеттер бой көтерген уақыттағы дерлік 8-9 жылға созылған алапат экономикалық дағдарыстың негізін салды.

Тарих үшін азғана жылдардағы бірнеше қайталанған, әркелкі бағыттағы қоғамдық, саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әлемде бұрын соңды кездесе қоймаған уақиғалар. Оның әсіресе рухани сала, қоғамдық сана үшін салдарларыда, салмағы да әркелкі. Тек саяси емес әрі рухани бостандығын алған жас мемлекет әлеуметінің әліде бұл салада ұрынып – соғынып, ізденіс жағдайында жүріп жатқан жайы бар. Адастырушылар да адасушылар да баршылық. Осындай транзиттік тарихи кезеңде ғылым да, мәдениет те өзінің солқылдақтығын байқатып алды. Дегенмен ұстанған бағыт түзу, ол – Қазақстанның тәуелсіздігін жан-жақты бекіте түсу, халық ғасырлар бойы аңсаған, армандаған саяси, экономикалық, рухани еркіндікті қолдан шығарып алмау. Сондай арман мен сол армандардың шынайылығын жақындату үшін жан-дүние-сімен, біліктіліктілікпен күрескендердің алдыңғы қатарында қазақ даласы ойшылдары, Алаш қайраткерлері тұр.

Әлеуметтану ғылымы, негізінен шынайы әлеуметтік фактілерге сүйенетін ғылым. Осы тұрғыда, Алаш көшбашыларын көзімен көрген, араласқан, ниеттес болған азаматтардың ой-пікірінің танымдық маңызы ерекше. Соның бірі – қазақ ойшысы, әлеуметтік әділеттік үшін күрескер, Даланың ұлы ақыны Сұлтамахмұт Торайғыров. Ол өзінің 1918 жазылған «Таныстыру» деген өлеңінде қара қазақ пен оқыған қазақты айтыстыра отырып өз ойындағысын төмендегідей білдірді.

Қара қазақ:

Туғанда құдай иіп мұндай заман, сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам,
Тап біздің Семей облысының көшбасшы адамдарын айтшы маған.
Біз-дағы жоспарлайық өзімізше, деседе түк білмейтін қазақ надан.

Оқыған:

Ешкімнің Әлиханда бар ма сөзі, демеиді қандай қазақ оны оң көзі,
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан, талассыз жеке дара тұр ғой өзі.
Елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген,
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде, зарығып алаш үшін бейнет көрген.
Үймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір бас үшін алданбаған,
Көркейер қайткенде де алаш деген ойдан, басқа ойды өмірінде малданбаған.
Заманда бастан аяқ кейін кеткен, жасымай алашына қызмет еткен,
Болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Қара қазақ:

Басында ол қарағым тұр ғой дайын, тек ұзақ өмір берсін бір құдайым,
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов, білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмаппа еді, бірі күн, бірі шолпан, бірі айым,
Солардан басқа кеше кім бар еді, қазақ үшін шам қылған жүрек майын.
Қазаққа кеше заман қандай еді, ашылмас сорға батқан маңдай еді,
Керек күні сойып жеп сату үшін, шөп беріп асыраған малдай еді.
Жастан да, көріден де үміт сөніп, астында жұдырықтың жүрдік көніп,
Амалдап әркім жасап өз басы үшін, кімге кім қарап еді көңіл бөліп.

«Күн не?» десе «пристав», «уезд» дедік,

«Жер не?» десе – «болыстық» демеп пе едік,

«Саясат, ілім, өнер не?» дегенде, «соларға үйір бол» деп жауап бердік[6], – деп, кешегі мен бүгінгі қазақ әлеуметінің жайын-жай күнін салыстыра отырып, жаңа өмірге сеніммен қарайтынын айтады.

Осы өлеңінде Сұлтанмахмұт оқырмандарын басқа да алашордашыларды танысыруды мақсат еткен. Олар Әлиханның жақын достары және сенімді әрптестері Ермеқұлы Әлихан, Ғаббасұлы Халел, Поштайұлы Мұқыш, Ақбайұлы Жақып, Құлжанова Назипа, тағы басқалары.

Әлімхан, Халел, Назипа – жастар жағы,

Сайландар кім лайық болса соны,

Биік мақсат, идея, шын сүйгіштік,

Әм жән мінсіз таза көңіл ағы...

Аяныш жұмсақ жүрек мейірбанды, ренжіткісі келмейтін тірі жанды,

Қайткенмен он облыс бар қазақта, әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді.

...Зорлықта күн есебі жүріп едің, күнің туып қатарға кірші сен де,

Әйелді шалға беру, малға сату, болмасын мұнан былай ешбір жерде[7].

Келтірілген өлең шумақтары тек Торайғыровтың ғана емес, социализммен, еңбекшілер үкіметімен өздерінің әлеуметтік үмітін байланыстырған сол кездегі бірқарат көзі ашық алаш (қазақ әлеуметі) азаматтарының көңіл күйін бейнелейді. Дегенмен, өмірден алынған фактілер Алашорда (Батыстық және Шығыстық) жетекшілерінің мемлекеттілік үшін күресінің кеңестік үкіметтің келуінен кейін де тоқталмағанын көрсетеді.

1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласында «Қазақ мемлекеті туралы Екінші жалпықазақ съезі өтті. Ә.Бөкейхановтың «Кеңестік билікке қатынас» баяндамасы тыңдалды. 25 орынна тұратын үкімет – «Ұлт кеңесі» құрылып, оның төрағасы болып Бөкейханов сайланды. «Алаш автономиясы» жариялады, оның тұңғыш президенті болып Бөкейханов сайланды.

1917 жылы 28 қарашада Қоқан қаласында Төтенше өлкелік мұсылмандар съезі болып, Түркістан өлкесін «Түркістан автономиясы» деп жариялады. 12 орыннан тұратын уақытша үкімет бекітілді. Оның тұңғыш төрағасы М.Тынышпаев, кейін оны Мұстафа Шоқай ауыстырды[8].

Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш заматтарының алға қойған мақсаты қазақ әлеуетін императорлық қанау мен отарлықтан босату, феодалдық артта қалушылық құрсауынан алып шығу және тәуелсіз, экономикалық және мәдени еркін қазақ елін орнату болатын[9].

Алаш лидерлері Қос үкімет кезінде буржуазиялық үкіметке үміт артты. Ал елде «ақтар» мен «қызыл-

дар» арасында қызған азамат соғысы жүріп жатқан уақытта ақгвардияшыларды (кеңес үкіметіне қарсыларды) қолдады, ақгвардиялар жеңісі қазақ автономиясын береді деп сенді.

1919 жылы Қызыл Армия жеңіске жетті. Ә.Бөкейхановтың ендігі ұстанған бағыты оның 1937 жылғы атылар алдында айтқан соңғы сөзінде бейнеленді: «Кеңес үкіметін жақсы көрмеймін, бірақ мойындаймын». Алаш қозғалысының көшбасшылары кеңес үкіметімен компромиске келу жолын дұрыс деп тапты. Бірақ өз көзқарастарын билік иелерінің назарына ұсынды. Ахмет Байтұрсыновтың В.Ленинге жазған хатында халықты күштеп көндіру жолы емес, еңбекші қазақ халқының сеніміне ие болу жолы ұсынылды [10].

Ресей ұлт істері жөніндегі комиссариатының баспа органы болып табылған «Жизнь национальностей» апталығында 1919 жылы білім, ағарту саласының қызметкері қызметіндегі Ахмет Байтұрсыновтың «Революция және қазақтар» атты мақаласы жарияланып, онда автор Алаш қозғалысы мақсаты мен істері жөнінде жан-жақты негіздеулер мен талдау берді. Мақалада Ресейдің басқа аймақтарына қарағанда қазақтар арасында таптық, топтық жіктелудің, меншік заттары мәселесінде де басқа орталардағыдай меженің болмағанын айтып, таптық қайшылыққа негізделген революцияның қазақтар үшін соншалықты қажеттілік болмағанын негіздеуге тырысты. Осы аталған апталықта (1921 жыл 3-қараша, №20) Тер-Погос-Асетисовтың алаштықтар туралы мақаласы жарияланып, онда автор «1918-1920 жылдары «Алашорда» атты ұлттық мемлекет құрылып, кейін оның екіге (батыстық және шығыстық) бөлінуінің себебін бірінбірі түсінбеушілік емес, қазақ ерінің кеңдігінен болды» деп жазған. Осы мақалада Батыс Алашорданың Орал мен Орынбор қазақтары және башқұрттарымен бірігіп, кеңес үкіметіне қарсы күрескені және мобилизация жариялап, әскер құрғаны жайлы мәліметтер бар [11].

Қазан революциясына дейін де, кейін де қазақ даласында Алаш азаматтарының ұйымдастыруымен, тікелей қатынасуларымен өткізілген ондаған Қазақ съездері, сөзсіз, даланың оянуына, саяси, әлеуметтік, мәдени ой-өрістің дамуына зор ықпал еткен уақиғалар. Ондай жиындар барлық облыстар мен уезд орталықтарында өткізілді. Басқаша айтқанда ұлт-азаттық қозғалыс тек жалғастырылып қана қойған жоқ, неғұрлым терең мәнге толды, нақты міндеттер айқындалды, жасалуы керек өзгерістердің бағыт-бағдарлары айқындала түсті, озық әлеуметтік-саяси ой қалың бұқара арасына жақындатыла түсті.

Алашордашылардың екі бағытының пайда болуы, біздіңше, тек қазақ жерінің кеңдігімен ғана байланысты емес. Оның көшбасшыларының саяси және идеологиялық ұстанымдарында. Бірінің негізгі әлеуметтік базасы жалпы қазақ әлеуметі, қойған мақсаты – Ресей демократиялық-федеративтік республикасы құрамына өз билігі өзінде Қазақ мемлекетінің автономия ретінде енуі, зиялы, зайылы қайта құрулармен мемлекеттің өзінің шұғылдануы мүмкіндік алуы болды. Білім мен ғылым, ағарту жолы, оны қамтамасыз ету ісіне зор мән беру. Ождан бостандығы да назардан тыс қалған жоқ. Дәл сол тарихи кезеңде қазақ мемлекетінің біражола дербес ел болып бөлініп шығып, баянды болып кетуіне сенім беретін негіздердің жоқтығы есепке алынды.

Екіншісі – мұсылман қауымын негізгі тірек етті. Мұсылмандық көңіл күй мен психологиясы басым оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарға ден қойылуы да кездейсоқтық емес.

Жалпы алғанда, Ә.Бөкейханов бас болған, әлеуметінің оқыған, білімді, зиялы ұлдары бірге болған қоғамдық қозғалыс, партиялық қызмет қазақ даласының отарлаушы патшалық билікке, қандайда болмасын әлеуметтік және саяси теңсіздікке қарсы қойылған ұлттық-азаттық қозғалыстың ең жоғарғы деңгейі болғаны айқын. Неге бұлар «мемлекеттілік» пен «автономияны» қатар қойды деген сұрақ та жоқ емес. Дәл сол тарихи кезеңде, біріншіден, державалық сипаттағы ел қойнауынан біражола бөлініп шығу мүмкін емес еді. Екіншіден, неше ғасыр бойы еңсесі басылып, еркі жаншылып, қараңғылықтың тұманына батып отырған әлеумет (алаш) ортасы ондай әлеуметтік-саяси және дербес экономикалық, мәдени секіріске даяр да емес болатын. Дербес мемлекеттілік қаншалықты көкейкесті мәселе болып тұрғанымен шығыстық алаш азаматтары әлеуметтік сезімталдық, шыдыққа тура қарай білушілік, шындықпен санасушылық танытты.

Әрине, көкейкесті «қазақ мемлекеттілігі» ойға да, шынайылық шеңберіне де сия бермей, мазаны алды, басты мақсат болып, сананы жаулап, алға сүйреп, күрестің басты бағдары болып тұрып алды. Жарияланды, тіпті оның құрамыда, алғашқы президенті де сайланды. Алайда әлеуметтік уақыт пен шындық басқа еді.

Кеңес үкіметі жеңісін қарапайым халық зор рухани өрлеумен қарсы алғаны да тәлеуметтік-тарихи шындық. Еңбеккер халық жаңа, әлеуметтік теңдікке, еңбекке бағытталған қоғам үшін жан аямай еңбек етті. Айналаны қоршағаған буржуазиялық қоғамдық қатынастағы мемлекеттер ортасында осындай жаңа бағыттағы елдің пайда болуы, дамуы, сақталып қалуы оңай мәселе болмады. Бірақ мемлекеттіліктің негізі әлеуметтік базасы болып келген халық рухы мықты болды. Өндірістер, қалалар дамыды, білім мен ғылым

дамып, жаңа сападағы халық ортасынан шыққа интеллигенция қалыптасты. Халық бірлігі мен рухының мықтылығы фашистік Германия бастаған Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткізді. Халық соғыстан кейінгі қалпына келтіру жұмысында ерлікпен атқарып шықты. Осының бәрін жоққа шығару өз тарихыңа жала жабу болып шыққан болар еді.

Алайда жоғарыда атап көрсетілгендей, позитивті көріністермен қатар негативті құбылыстар қатарлас-ты. Аталып өтілген негативті қоғамдық құбылыстар кеңес одағын іштей әлсіретті. Одақты құрап отырған 15 республиканың әрқайсысының еркіндікке қол жеткізу мақсаты өзекті бола түсті. Мұндай қоғамдық қозғалыс әсіресе Одаққа екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қосылған Прибалтика республикаларында ерекшеленді. Қалғандарының да іштей тынып, қолайлы жағдайды күтіп отырғанының бұлжыпас дәлелі 1986 жылғы Қазақстандағы бой көрсеткен жағдай. Ол тарихқа «Желтоқсан уақиғасы», немесе «Желтоқсан көтерілісі» деген атпен жазылды. Ашық бас көтеруге мүмкіндігі болмай, бірақ іштей буырқанып, бұлқынған, тәуелсіздікті мақсат еткен әлеуметтік-саяси ой қазақ зиялылары арасында өзінің жоғарғы «температурасына» жетіп тұрды. Одақтың бұрынғысынша өмір сүре алмайтыны белгілі болды. 1991 жылы наурыз айында біртұтас Одақты сақтау немесе сақтамау мәселесі бүкілхалықтық референдумға шығарылды. Халықтың көпшілігі «сақтау» пайдасына дауыс берді. Алайда өзгерістің керектігі айқындала түсті. Жоғарыдан оны ендігі жерде одақты суверенді республикалардың конфедеративті одағы етіп қайта құру жоспарланды. Бұл жоспар 1991 жылдың 22 желтоқсанында бұрынғы Одақтың (1924ж.) құрылған күнінде іске асырылуы тиіс еді. Алайда жекелеген республикалардың бұл күнді күтіп отырғысы келмеді әрі «суверенділік» жаңа мазмұн ала бастады. Осындай жағдайда Қазақ советтік социалистік республикасы 1990 жылдың 25 қазанында «Тәуелсіздік туралы Декларациясын» жарияланды. Державалық елдің жоғарғы эшолонындағы саяси дағдарыс шиленісе түсті. ССРО құрамындағы 15 республиканың дербес мемлекеттілік күнінің жақындай түскені айқындалды. 1991 жылдың 9-нан 10-на қараған түнгі славяндық үш республиканың (Ресей, Украина, Белорусия) бірінші басшыларының Белобез орманында өткен жасырын келісімі «Кеңес Одағы» тіршілігіне нүкте қойды. Сол мезгіле болашағы бұлыңғыр болғанымен үштік құрған «Славян одағы» кеңестік державаның ыдырауының жариялануы болды. Бұл хабарды республикалардың байырғы халықтарының зор қуанышпен, рухани өрлеумен қарсы алуы тәуелсіздіктің іштей күтілген, жүрек қалауы түкпірінде келген құбылыс екенін дәлелдеді. Алаш лидерлерінің әлеуметтік-саяси ойының, жоспарының дұрыстығы, негізділігі де тарихи дәлелденді. Олардың ой-пікірінше қазақ мемлекеттілігінің дербес тәуелсіз болып құрылуы үшін алғышарттардың қалыптасқаны, әсіресе қоғамдық сананың пісіп-жетілуі қажет еді.

Ендігі жерде дербес, тәуелсіз мемлекеттігін алған мемлекетті орнату, шекарасын бекіту, елдігін өз азаматтарының қолымен жасау «тауқиметі» тұрды. Өткен уақыттағы экономикалық еңбек бөлінісінің және экономиканы басқарудың қалдырған салдары ретінде жаңа жас қоғамдарды жайлап алған жан-жақты экономикалық дағдарыс, одан шығу жұмысы дерлік 10 жылдай уақытты алды, талай әлеуметтік-экономикалық күйзеліс әкелді. Алайда дер кезінде ес жиып, болашақты бағдарлап, қазіргі заман үрдісінде жаңа түбірлі экономикалық өзгерістер жасап, жас қазақ мемлекетін аяғынан тұрғызып қана қоймай, әлемдік қоғамдастыққа танытып, алпауыттармен әріптестікке шығару мүмкін болды.

Сонымен, қазақ елінің, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекеттілігіне 22 жыл толды! Азғана тарихи кезеңде ғасырларға тән қоғамдық қозғалыс, жаңару, жасампаздық жасалды. Қиындығы да аз болмады. Бүгінгі әлемге танымал Қазақстанның тәуелсіздікпен қатар өскен өскелең ұрпағы қоғамдық әлеуметтік қатынас ортасына еніп те үлгерді. Бірақ та «Тәуелсіз елдікті, мемлекеттілікті біражола бекітіп алу үшін не жетпей тұр?» деген сұрақ күн тәртібінен түскен жоқ.

Осы орайда қазақ даласы ойшылдары мен Алаш қайраткерлері тағы да ойға келеді. Шоқанның, Ыбрайдың, Абайдың, Сұлтанмахмұттың, Ахметтің, Әлиханнның, тағы басқа ұлт азаматтарының алдарына қойған басты мақсаты не еді? Қазақ мемлекеттілігін олар негізінен үш нәрсемен байланыстырды. Олар – білім, ғылым және әлеумет санасы! Бұл үшеуі өзара тығыз байланысты. Соңғысы алдыңғы екеуінен негіз алса, соңғысы ғана білім мен ғылымды әлеуметігілігіне асыруға бағдарлай алады. Бүгінгі таңда қоғамдық сана қолдағы бар білім сертификаттарының, дипломдарының санымен емес, оның жоғары сапасымен, жастардың, жас және тәжірибелі мамандардың өз еңбегін қоғамдық мүддемен, оның стратегиялық мақсат-мүддесімен үйлестіріп, жоғары адами ұйымдасқандығымен айқындалады. Әсіресе мемлекет зор үміт артқан іскер орта мен ресми билік арасындағы тиімді әлеуметтік әріптестіктің тек экономика-дығы емес, қоғамдық санадағы орны ерекше. Ғылымның әлеуметтік міндеті – қоғамдық өркениеті дамудың сара жолын салып отыру десек, бұл сала да әлі іштей проблемалық жағдайда. Оны өз тарапымыздан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының әлеуметтік тапсырысы бойынша жүргізген әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелері де байқатты [12;13]. Айталық кең байтақ қазақстандық

территорияның әлеуметтік-географиялық, әлеуметтік-территориялық тұрғыдан ғылыми зерттелмегендігінен оның табиғи, экономикалық ресурстарының тиімсіз пайдаланылып отырғандығы; жеңіл өнеркәсіп және тамақ өндірісінің жаңа технологиялық негізде дамытылуының артта қалуынан орасан көлемді аграрлық сала шикізатының өңделмей, ұқсатылмай, халық пайдасына асырылмауы; экономика саласын дамытушы басты субъект болып табылатын отандық іскер ортаның әлі күнге жеке басы пайдасы мен мемлекеттік, қоғамдық мүддені тиімді ұштастыруға әлеуметтік мәдениетінің жетіспей жатқандығы; отандық ғылым мен оны коммерцияландырушы инвестициялық қабілетті ортаның арасындағы байланыстың әліде тым алшақ жатуы; ресми билік субъектілері мен экономика субъектілері арасындағы әлеуметтік әріптестік арабайланыстың әлі күнге жоғары қоғамдық сана деңгейінде жете қоймағандығы; әлеуметтің елеулі бөлігінің демократияны, рухани бостандықты әлеуметтік жауапсыздықпен шатастырып алатыны, тағы басқалар. Қортыдылап айтатын болсақ, сана мәдениеті, қоғамдық сана, азаматтық сана, білім мен ғылым мәселесі бүгінде, тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін де ең басты мәселе болып қала беруде. Әлеуметтік сана мәселесі жаһанданушы әлемнің әкеліп отырған сындары мен салдарлары жағдайында өзектілігін арттыра түсуде.

Әлеуметтік сана – трансформацияланушы және қалыптасқан жаңа қазақстандық қоғамның ең өзекті мәселесі.

1 www.Alash-arystary.kz.

2 www.Alash-arystary.kz.

3 *Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б.Ф. Аяған. - Алматы: Атамұра, 2009.*

4 Григорьев Е.И. *Почто, мой друг, почто слеза катится: научно-популярные историко-философские очерки. К 90 летию великого подвига алашской интеллигенции. Книга из диалоги «Пледа, ушедшая в вечность.-ВКГТУ, – Усть-Каменогорск, 2008.- с.57-59.*

5 *Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. Том-2. – Алматы, 1999. – Б. 76.*

6 Торайғыров С. *Таныстыру. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: «Ғылым», 1993. – б.146-147.*

7 *Бұл да осында, б.154-158.*

8 «Қазақ» газеті, №23-24, 7-14 маусым 2013 жыл. Б. 5.

9 Койгельдиев М. *Алихан всего Алашаю www.baiterek.kz*

10 *Бұл да осында.*

11 «Қазақ» газеті, №23-24, 7-14 маусым 2013 жыл. Б. 5.

12 Калдыбаева Т. *Социальный аудит социально-экономических и культурно-образовательных программ с участием НПО.-Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2009.-28 с.*

13 Калдыбаева Т. *Іскерліктің әлеуметтік мәдениеті. Әлеуметтік аудит: отандық іскерліктің әлеуметтік мәдениеті – қоғамдық сана мәселесі. Үкіметтік емес ұйымның қатынасуымен жасалған әлеуметтанулық талдау. – Өскемен: «ЛИБРИУС» баспасы, 2010. – 187 б.*

Түйін

Т.Ж. Калдыбаеваның мақаласында Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық қызметі мен әлеуметтік-саяси ұстанымдары ашып көрсетілген.

Резюме

В статье Т.Ж. Калдыбаевой рассмотрены и изложены общественная деятельность и социально-политические взгляды.

Summary

In the article of Public activity and socio-political looks are considered and expounded.

ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И МОЛОДЕЖЬ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Ж.К. Каримова – доктор PhD социологии,
Р.А. Кудайбергенов – магистрант политологии,
Ж.К. Буканова – магистр истории

Проблема человеческого капитала в Казахстане вышла на одно из первых мест в связи с реализацией задач, поставленных в стратегических программах и документах, принимаемых государством. Речь идет о способности населения решать задачи, которые возникают на современной стадии мирового развития.

Перемены, которые произошли в жизни казахстанцев за последние десятилетия, оказали большое

влияние различные группы молодежи, особенно на их ценности, ориентации и стратегии поведения и адаптации. Очевидно, что новая когорта молодых людей, формирование которых приходилось на период становления рыночной экономики, ломки советских ценностных конструкций, возрождения и укрепления национального самосознания в значительной мере будет определять облик Казахстана в последующие десятилетия XXI века.

Сегодняшняя казахстанская молодежь вступает в самостоятельную жизнь в очень сложное и динамичное время. С одной стороны, произошли кардинальные сдвиги в политической жизни страны, развиваются процессы демократизации общества, стабильно функционируют государственные и общественные институты, страна имеет стратегические материальные и человеческие ресурсы для совершения качественного рывка в развитии. С другой, противоречиво протекает социально-экономическое развитие, вызывают опасения усиливающиеся процессы социальной дифференциации и фрагментации общества, стремительно развивается система массовых коммуникаций и компьютеризация, все чаще мы наблюдаем проявление негативных явлений глобализации.

В данном контексте современные реалии актуализируют понимание закономерностей развития молодежи как социальной группы, определение ее роли и места в общественном производстве, субъектом которого она является. В условиях Казахстана важнейшим аспектом рассматриваемой проблемы в рамках глобального тренда – цивилизационного перехода от культуры общества потребления к культуре всеобщего созидания – выступает способность молодежи к инновациям и созданию экономики знаний. Причем, от успешности реализации этого сценария во многом зависит процесс перезагрузки общественного воспроизводства на принципах глобальной конкурентоспособности и созидания, что позволит Казахстану уйти с траектории инерционного развития и не остаться на периферии мира.

Вместе с тем, необходимо отметить, что в Казахстане в вопросе перехода на новое качество развития политическая воля на самом уровне четко и неоднократно выражена. Проблема в том, как выполнить это решение, практически готовить страну, вводить ее в новое состояние, найти механизмы трансформации.

Полномасштабная реализация обозначенных стратегических установок обеспечит огромные возможности для творческого и, главное, плодотворного труда, востребованного новой технологической и наукоемкой экономикой страны. Но для этого государство, общество, молодежь и наука должны четко определить свою роль в социальных и экономических процессах, выработать действенные механизмы своего участия в обеспечении национальных интересов Казахстана. «Страна, не умеющая развивать знания, – отмечает Президент РК Н.А. Назарбаев, – в XXI веке обречена на провал» [1]. В свете такой постановки вопроса неизбежной и неотложной становится задача системного реформирования отечественной науки, смена целевых ориентиров и модернизация механизмов ее дальнейшего развития. Более того, «...перед Казахстаном стоит задача динамичной модернизации всей системы социально-экономических и общественно-политических отношений, которая позволит Казахстану закрепить лидирующее положение на постсоветском пространстве и в Центральной Азии, а также войти в число 30-ти наиболее конкурентоспособных и динамично развивающихся государств мира.

В результате смены поколений осуществляется простое или расширенное воспроизводство социальной структуры, в ходе которого раскрывается социальная сущность самой молодежи, как социальной группы, выявляются ее основные социальные функции. Важнейшей из них является производственная, благодаря которой, молодежь наследует и воспроизводит сложившуюся структуру общественных отношений.

Реализуя эту функцию, «...каждое новое поколение обеспечивает сохранение целостности общества и участвует в его совершенствовании и преобразовании, благодаря своему инновационному потенциалу. Тем самым осуществляется как развитие молодежи, так и воспроизводство общества» [2].

В ходе производственного процесса общество предъявляет определенные требования к молодому поколению, выходящему на арену социальных отношений. Источниками этих требований выступают, с одной стороны, исторические, социальные и иные традиции данного общества, с другой – господствующие представления о целях его развития. Общество, таким образом, контролирует направленность социальной интеграции молодежи, исходя из целесообразности воспроизведения тех или иных структур отношений в интересах целостности, устойчивости и развития.

Механизм социальной репродукции – воспроизводства жизненных средств и жизненных сил человека – во всех современных обществах выглядит одинаково, но это вовсе не значит, что похожи и производственные процессы в целом. Напротив, они резко отличаются в обществах стабильных, трансформирующихся и кризисных.

Решая актуальные современные проблемы молодежи, общество закладывает фундамент своего после-

дующего развития, ведь сегодняшняя молодежь, проходящая первичную социализацию, уже завтра будет активным субъектом социальной жизни, основной производительной и творческой силой общества.

Благодаря инновационной деятельности происходит возвышение индивидуального сознания молодых людей в воспроизводственном процессе, качественный переход от преемственности социальной структуры к обновлению социальных отношений. Социальное воспроизводство из простого превращается в расширенное. Однако новизна, новаторство всегда сопряжены с риском. Это особый тип риска, именуемый инновационным. Он является феноменом преимущественно молодежным, поскольку пора взросления, самоутверждения личности молодого человека сопровождается отрицанием прошлого опыта[3].

Что касается выработки новой модели воспроизводства, насущная потребность в которой крайне актуальна, то она напрямую зависит от решения двух принципиальных вопросов. Первый – все ли структуры и отношения могут и должны быть воспроизведены молодым поколением, в какие структуры интегрируется молодежь, что она выберет своим ориентиром и с чем она себя идентифицирует – окажет судьбоносное влияние на развитие и самой молодежи, и общества в целом.

Второй важнейший вопрос касается способности современного молодого поколения к социальному новаторству, т.е. его готовности быть не только объектом более или менее успешных интеграционных стратегий, но и субъектом, ускоряющим или замедляющим интеграцию общества, либо изменяющим направленность этого процесса.

Инновации же в данном процессе выступают как основной результат реализации человеческого капитала молодежи.

Основоположником теории инноваций считают Й.Шумпетера. Он в своей работе «Теория экономического развития», изданной в 1911 г., рассматривал инновацию (новые комбинации) как средство предпринимательства для получения прибыли. Позднее, в 30-х годах, Й.Шумпетер выделил пять типичных изменений в экономическом развитии: использование новой техники, новых технологических процессов или нового рыночного обеспечения производства (купля-продажа); внедрение продукции с новыми свойствами; использование нового сырья; изменения в организации производства и его материально-технического обеспечения; появление новых рынков сбыта[4].

Инновационная экономика – это «экономика общества, основанная на знаниях, инновациях, на доброжелательном восприятии новых идей, новых машин, систем и технологий, на готовности их практической реализации в различных сферах человеческой деятельности»[5].

Основная характеристика инновационного развития состоит в том, что «...центр тяжести общественного производства с материальных составляющих (орудия производства, станки, машины, материалы, физический труд) переносится в нематериальную сферу – информация, знания, творчество. Преимущественно именно от этих составляющих зависят производительность труда, результаты производства и его воздействие на всю жизнедеятельность социума»[6].

Идея формирования в Казахстане интеллектуальной нации, базирующейся на инновационном развитии входит в число наиболее системных инициатив главы нашего государства. Н.А.Назарбаев выделяет три базовых аспекта формирования интеллектуальной нации: прорыв в развитии системы образования, развитие науки и повышение научного потенциала страны, развитие системы инноваций.

К моменту принятия программы «Интеллектуальная нация-2020» многое в этих направлениях было сделано. Была сформирована принципиально новая система подготовки кадров, которая по уровню соответствует современной международной практике. Казахстан первым на постсоветском пространстве перешел на принятую в мире трехступенчатую подготовку в вузах бакалавров, магистров и докторов философии (PhD). Ведущие университеты Казахстана начали международную аккредитацию учебных программ, которая стала важным инструментом повышения качества обучения.

В сфере инноваций были созданы институты развития, впервые в Казахстане была поставлена задача выработки и реализации стратегии индустриально-инновационного развития. Все это явилось достаточно серьезной базой для инициирования Президентом страны национальной программы «Интеллектуальная нация-2020».

Еще одним важным шагом на пути формирования креативного поколения молодых стало присоединение Казахстана к Болонскому процессу. Впервые в Казахстане широко осваивается и распространяется e-learning – электронное обучение, которое дает совершенно новые возможности и перспективы для наращивания интеллекта нации, развития обучения в течение всей жизни, что является одной из ведущих мировых тенденций.

Для высокоразвитого, информационного типа общества, каким стремится быть современный Казахстан, характерны повсеместное внедрение новых информационных и наукоемких технологий,

развитие и рост индустрии знания. Сегодня образование является приоритетной ценностью, оно имеет также и практическую значимость в разных сферах жизнедеятельности человека – от усвоения образцов культуры до профессионального исполнения различных форм труда. Это обстоятельство ставит во главу угла необходимость не только всеобщности и доступности, но и избирательности в получении качественного образования. Для успешного, развивающегося казахстанского общества нужны грамотные, деловые, конкурентоспособные, предприимчивые личности, вооруженные качественными знаниями. В этой связи Глава государства в своем Послании народу Казахстана 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» особо подчеркнул: «Образование должно давать молодежи не только знания, но и умение их использовать в процессе социальной адаптации».

Сегодняшние экономические возможности нашей страны позволяют увеличивать инвестирование в развитие человеческого потенциала. За последние годы финансирование системы образования возросло в 7,5 раза. В 2011 году затраты составили 898,8 млрд. тенге на образование и 21,1 млрд. тенге на науку. Это 4,2% от ВВП на образование и 0,1% от ВВП на науку. В среднем образовании за последние 5 лет построено 490 новых школ. Начали функционировать школы для одаренных детей по программе «Дарын». Создана и развивается сеть Назарбаев Интеллектуальных школ. В ведущих вузах открыты международные центры, которые будут выпускать специалистов для индустриально-инновационного развития Казахстана[7].

Настоящим прорывом в сфере науки стал принятый в феврале 2011 года новый Закон «О науке», который реализует абсолютно новую модель ее управления, выдвинутую Президентом страны. Этот закон внес кардинальные системные изменения в научную сферу. В нем впервые разграничены административные и экспертные функции.

Все предлагаемые приоритеты формулируют конечные цели исследований – выход науки на мировой уровень и высокую востребованность ее результатов экономикой и обществом. Они соответствуют мировым тенденциям развития науки и напрямую связаны с решением задач Программы форсированного индустриально-инновационного развития, содействия технологической модернизации, межотраслевым планам научно-технологического развития страны.

Президент отмечал, что «сегодня Казахстану требуется взрыв инновационной деятельности... Носители инновационных идей, творцы инноваций, будь то компании или отдельные ученые, должны стать героями дня»[8]. Опираясь на стратегический документ развития страны до 2020 года, который предусматривает переход экономики Республики Казахстан от сырьевой направленности к индустриально-инновационной, открывается огромный простор для Казахстана.

Таким образом, реалии суверенного и независимого Казахстана предполагают возможность формирования и развития интеллектуальной нации, которая должна быть ориентирована на традиционные национальные, общечеловеческие ценности и нормы культуры. Целью программы «Интеллектуальная нация-2020» является производство главного капитала и высшей ценности – человека, и не только специалиста-профессионала, а человека во всей полноте его качеств и свойств духовно-нравственной личности.

Еще одним показателем успешности страны в XXI веке является развитие молодежного предпринимательства с инновационных позиций. В современных условиях глобальной экономики развитию молодежного предпринимательства в мире придается особое значение. Как в развитых, так и развивающихся странах данному сектору отводится ключевая роль в создании новых рабочих мест и улучшении социально-экономического положения населения в целом.

Казахстан занимает 49-место в рейтинге «Ведение бизнеса 2012 (Doing Business)». Конкурентоспособность инновационного потенциала Казахстана оценивается Всемирным банком ниже среднего уровня среди 183 стран мира. Для казахстанской экономики характерны недостаточное использование передовых технологий, низкий уровень управленческого опыта, ограниченность технических навыков у большинства менеджеров, недостаточный доступ к финансовым ресурсам и различные административные барьеры.

Исходя из этого, основными задачами национальной экономики на перспективу являются реализация инновационно-технологической политики, развитие человеческого капитала, малого и среднего бизнеса. Практика показывает, что в быстро изменяющемся мире стратегические преимущества будут у тех государств, которые смогут эффективно накапливать и продуктивно использовать человеческий капитал, а также инновационный потенциал развития, основным носителем которого является молодежь.

Мировой опыт свидетельствует, что именно молодежь является основной движущей силой малого и среднего бизнеса, в том числе инновационного, и играет главную роль в решении социально-экономических проблем.

В Казахстане инновационная деятельность набирает обороты, и, стремится стать ведущим фактором экономического роста и повышения производительности труда. Поэтому требуется обратить особое внимание на развитие инновационного поведения молодежи и молодежного предпринимательства.

Следует заметить, что многие сюжеты книги достаточно спорны, а аргументы автора весьма сомнительны. По крайней мере, осуществлять гегемонию в современном мире практически невозможно, тем более в условиях нарастающей динамики угроз и вызовов. Это наглядно показали события 11 сентября 2001 г., провал военных кампаний США в Ираке и Афганистане. Для того чтобы выступать в роли мирового судьи и полицейского, США нужны веские моральные основания. Напротив, мир захлестнули антиамериканские настроения. Сегодня стало понятно всем, что под вывеской борьбы с международным терроризмом и предлогом «насаждения демократии» на практике США осуществляют геополитический передел мира в свою пользу.

Директор Института стратегических исследований при Гарвардском университете (США) С.Хантингтон выдвинул и обосновал гипотезу мировых конфликтов между различными цивилизациями. Опираясь на культурно-психологический подход к геополитике, он представил систему международных отношений как процесс последовательного разрешения конфликтов, сменявших друг друга.

Безусловно, те проблемы, о которых пишет С.Хантингтон, имеют место и влияют на мировую геополитическую обстановку. Но такой культурологический взгляд на систему международной безопасности представляется несколько узким. Культурные, цивилизационные противоречия, под которыми понимаются противоречия этнические и религиозные, имеют огромное значение, но не являются главным, как утверждает С.Хантингтон, источником современных конфликтов. Если следовать логике С.Хантингтона, противостоящие стороны в конфликтах будут сражаться за цивилизационные связи и верность цивилизации. На самом деле они предпочтут борьбу за свои геополитические интересы и свою долю в так называемом переделе мирового продукта. Конфликтующие стороны будут поддерживать своих «братьев по цивилизации» до тех пор, пока не затрагиваются их собственные коренные геополитические и геоэкономические интересы [6, с. 583-586].

В целом, в концепции С.Хантингтона, по нашему мнению, отражает лишь частный, хотя и фундаментальный, случай геополитических конфликтов. К сожалению, цивилизационная геополитика замыкается на противостоянии цивилизаций и не развивает идеи геополитики диалога цивилизаций, взаимодействия каждой с прилегающими и отдаленными цивилизациями [6, с. 586].

Таким образом, проанализированные основные теории международных отношений, различные позиции ученых, политических деятелей, течения и сторонников той или иной концепции современных международных отношений наложили свой отпечаток в формировании внешнеполитической стратегии США. Несмотря на неоднородность взглядов, как американских стратегов, так и аналитического сообщества на повестке дня всегда стоял вопрос о глобальном лидерстве США. То есть их целью было разработать такую стратегию, которая бы укрепляла мировое значение Вашингтона, что обусловлено распространением американских ценностей и интересов, обеспечивающих американское господство.

1 Конишев В.Н. *Американский неореализм о природе войны: эволюция политической теории*. - СПб.: Наука, 2004. - 372 с.

2 Кирчанов М.В. *Формирование внешнеполитических доктрин США. Учебно-методическое пособие для вузов*. - Воронеж: Издательско-полиграфический центр Воронежского государственного университета, 2007. - 159 с.

3 Осипова Е., Соколова Р. *Кризис цивилизации и неоконсерватизм* // <http://ecsocman.hse.ru/data/986/771/1217/008ons3-93-0094-106.pdf>

4 Фукуяма Ф. *Конец истории? // Философия истории. Антология*. - М.: Аспект-Пресс, 1994. - С. 290-291.

5 Фукуяма Ф. *Америка на распутье: Демократия, власть и неоконсервативное наследие / Фрэнсис Фукуяма; пер. с англ. А.Георгиева*. - М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2007. - 282 с.

6 Мухаев Р.Т. *Политология: учебник - М.: Проспект, 2010. - 640 с.*

7 Бжезинский Зб. *Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы. – М.: Международные отношения, 2010. - 256 с.*

Түйін

Мақалада халықаралық қатынастар теориясының негізгі үрдістері мен әдістері қарастырылды. Сонымен қатар АҚШ-тың сыртқы саяси негізін құрайтын халықаралық қатынастар теориясының негізгі принциптері айқындалған.

Резюме

В статье рассматриваются основные тенденции и подходы теории международных отношений. Также выявлены принципы базовых теории международных отношений, составляющие основу внешней политики США.

Summary

The article discusses the main trends and approaches of international relations theory. Also identified the basic principles of the theory of international relations that form the basis of U.S. foreign policy.

ИННОВАЦИОННО-КОНСТРУКТИВНО-КОҒЫТУ ӘДІСТЕРІ

О.Н. Нұсқабаев – *соц.ғ.д., профессор,*

Е.Н. Нұсқабаев – *заң.ғ.к., доцент,*

А.Ж. Сқақова – *соц.ғ.к., аға оқытушы,*

А.А. Тұрлыбекова – *соц.ғ.к., аға оқытушы,*

Қожа Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қаласы

Бүгінгі заманның негізгі ерекшелігі – динамика, яғни сағат сайынғы өзгеріс, тасқынды ағыс, ағылған ақпарат.

Күнделікті өмірлік тыныс-тіршіліктің әр-түрлі жақтарынан, өндірістік іс-әрекеттің әртүрлі салаларынан ағылған ақпарат әп-сәтте өзгеріп, кешегі күнгі жаңалық, бүгін ескіріп қалып жатқан заман. Осыған сай өндіріс жүйелері де, ондағы өндіруші технологиялық желілер де уақыт сұранысына сай өндірілуге тиісті жаңа өнімді шығаруға орайластырыла тез өзгертіледі. Ал, бұл дегеніңіз тағыда бір жаңа кәсіп түрі пайда болды деген сөз. Онымен жұмыс істеу үшін оны меңгеру керек, жаға дағды-ісмерлікке оқыту, үйрету керек. Біліктілікті көтерту қажет. Онсыз әлемдік саудаға шығарылатын тауардың сапасы сын көтермейді. Құны болмайды.

Демек, заман талабына сай білім беру жүйелеріндегі оқыту үрдісі де өзгеріп, уақыт сұранысына сай түрленіп отыруы міндетті, заңды.

Репродуктивті оқытудан конструктивті оқытуға көшу қажет.

Оқу үдерісінің мазмұнын зерттеу жұмыстары құрауы тиіс. Қазақстан өндірісі білімді, тиісті дағды-ісмерлікті меңгерген білікті маманға зәру.

Демек, білім алушылардың бойына білімді белсенді іс-әрекеттер арқылы ғана игеруге мүмкін болады деген ұғым-түсінікті сіндіре білу керек.

Олай болса, бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, білімді белсенді игерту үдерісін интерактивті амалдар арқылы ұйымдастыру қажет. Тиісті пәнді оқытуды практикалық іс-әрекетпен үйлестіре, сабақтастыра дәрістеп, оқуды өмірде кездесетін ауыртпалықтарды жөнудің құралына айналдыра білу керек. Білім алушылардың бойына сыни, салыстыра отырып талдай білу тәсілдерін де сіндіре білу қажет.

Өйткені интерактивті тәсілдеме әрекет үстінде оқып, үйренуге дағдыландырады. Жоба жасақтап, оны құрастыруға ұйытқылық жасайды.

Оқушы бірінші кезекте өз қолымен жасағанды есінде сақтап, оны толық меңгеріп алады. «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» – деген болатын Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций.

Қазіргі заманғы білім алушы лекциялық дәрісте – 5 пайыздық, өз бетінше оқуда – 10 пайыздық, аудио және видео құралдарын пайдалануда – 15 пайыздық, көрсетулерді (сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды) – 30 пайыздық, пікірталаста – 50 пайыздық, практикалық іс-әрекетте – 75 пайыздық мөлшерде меңгереді екен.

Ал, алған білімін сол мезетте практика жүзінде қолданса, басқаларға үйретсе – 90 пайыздық деңгейде есіне сақтай алады.

Олай болса интерактивті оқыту әдістерін оқу үдерісіне ендірудің берері көп. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: интербелсенді дәрістер мен семинарлар; пікірталастар; ойындар (оқу, рөлдік, іскерлік, өндірістік, имитациялық және т.т.); Кейс-стади; Тренингтер; Оқытудың компьютерлік технологиялары.

Сонымен қатар интерактивті әдістеменің дидактикалық амалдарын қолдану да пайдалы.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді:

- Ой қозғау. Т-кестесі. Вен диаграммасы. Болжау. Кластерлер. Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Ойлан, жұптас, пікірлес. Алдын ала берілген атаулар, үлкен шеңбер. Қос шеңбер. Атаулар туралы үш сұрақ. Еркін жазу. Білемін, білгім келеді, білдім. Дөңгелек стөл. Үш қадамды сұхбат. Топтық зерттеу. Кең көлемді лекция. Сұрақ қою. Қайтадан сұрақ қою. Үш жазба күнделігі. Белгі қойып оқу. Жигсо. Жигсо-2. Қайшыланған пікір талас. Аквариум және т.б.

Интерактивті әдістемені оқытудың мәнін көбіне көп зерттеу жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру да мазмұндайды. Зерттеу әдістері төменде аталған тәсілдерден құралады:

Жобалау; аннотациялау және рецензиялау; ғылыми жұмыстарға пікір жазу; әдебиет көздерін талдау картасын құрастыру, ғылыми пікір талас пен диспуттар ұйымдастыру; портфолио құрастыру; кейс-стади; мақала, реферат, сценарий жазу; идеялар аукционын өткізу; презентациялау; өз ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми ақпарат құру; сауалнамалар, тестер, диагностикалық құралдар, жоспарлар, бағдарламалар әзірлеу; тәжірибелер жасап, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау т.б.

Осы жоғарыда нақтыланған оқыту технологиялары мен әдіс-амалдардың барлығына дерлік қазақстандық білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады. Ал, мұның өзі оқушыларға білімді толық қабылдауға мүмкіндік тудырып, олардың белсенділігін арттыруда. Оқыту технологиялары мен әдіс-амалдарын орынорнымен дұрыс пайдалану, сондай-ақ әртүрлі көркемді әрі дыбысты мультимедиялық көрсеткіштер, Activistudio бағдарламасының көмегімен жасалатын дыбысты әрі суретті сабақ көрнекілігі флипчарттарды сабақ үстінде тиімді қолдану білім сапасын барынша арттырып, оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын және ақпарат қабылдау мәдениетінің толығына түсуіне кәдімгідей ықпал етеді [1.29-30 б.].

Сонымен, көріп отырғанымыздай бүгінгі күні білім беру екі әдістемені жүзеге асырылады: репродуктивтік және конструктивтік.

Репродуктивтік тұрғыда білім беру өткен дәуірдің әдістемесіне жатқызылса, ал, конструктивтік тұрғыда білімді игерту – бүгінгі және ертеңгі күннің білім беру тәсілдемесі. Ол интерактивті әдістерді қолдана отырып білім игертуді қалайды.

Айталық, «Қоғамтану» немесе «Тарих» пәндерін оқытуда сызбалық индикаторларды (көрсеткіштерді) толық пайдалануға болады. Бұл тәсіл әрі белгілі бір тақырыпқа мазмұнды жан-жақты әрі нақтылы көрсеткіштер, статистикалық мәліметтер, анкеталық сұрау жауаптары арқылы айғақтап түсіндіруде де таптырмайтын құрал болып табылады.

Әсіресе, оқушыларға ғылыми ізденістермен айналысуға итермелейтін көрсеткіштік индикаторларды әртүрлі нақышты сызбалармен өрнектеу тәсілі де өте көрнекі көрінеді. Ал, мұндай тәсіл оқушыларға сабақ барысында пікір таластыруға, қоғамдық пікірді толғандырып отырған өткір мәселелерді талқылауға, мүмкіндіктері жеткенше проблемалық мәселелерді шешуге қажетті жобаларды жасақтауға септігін тигізеді.

Тізбелей берсек оқытудың конструктивтік технологиясының оқыту мен тәрбиелеу үдерісін одан әрі жетілдіруде, сабақ мазмұнын түрлендіріп өткізуде инновациялық тәсілдері жетерлік. Мысалы, оқушылардың пән мен мұғалімді таңдауы. Ал, мұның өзі оқушының белгілі бір пәннен тиянақты білім алатындығына көңілін ұялата түседі. Ол аз дегендей, оқытудың конструктивтік жүйесінде оқушының білім деңгейін бағалау мөлдірлене түседі. Оқушының не ұққандығы, не түсінгендігі жақсы көрінеді.

Сонымен қатар, оқытудың конструктивтік жүйесі мұғалімнің өзіне де шығармашылық, педагогикалық біліктілігін үнемі арттырып отыруға итермелейді. Себебі, білімі төмен, оқыту амалдары жұтаң оқытушыны оқушылар таңдамайды. Ондан мұғалімге өз білімін, педагогикалық іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруға тура келеді. Жалпылама айтқанда, білімі мен кәсіби іскерлігін үнемі көтеріп отыру – мұғалімнің міндетті әрекеті, білім беру ісінің тұрақты үдемелі дамуының кепілі.

Өйткені, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның білімдарлығынан, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдіс-амалдарын меңгеруімен өлшенеді. Демек, педагогтік құзыреттілік – бұл оқытудың белгілі бір саласы бойынша іскерлік, хабардарлық, білгірлік, оқушы тарапынан берілетін не бір сұрақтарға нақты жауап бере алушылық қасиеттері.

Педагогтік құзыреттілік – тек кәсіби білімді жан-жақты, тиянақты меңгеруден ғана көрінбейді, ол сонымен қатар мұғалімнің моральдық-адамгершіліктік мәдениетінің жоғарылығынан, шығармашылық, қисынды-логикалық тұрғыда ой қорыту, тақырыпты жан-жақты талдау және өмірлік ұстанымдарын үнемі ұштатып отыру қабілетінен де білінеді.

Қазіргі білім беру жүйесі оқытудың жаңа нысандарын, әдіс-амалдары мен технологияларын оқу үдерісіне көптеп енгізуді талап етеді. Бұл мұғалімдерге өздеріне оңтайлы нұсқаны қолдануға, оқыту үдерісін белгілі бір ыңғайда үлгілеуге, тіптен жеке авторлық үлгіде ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады. Тіптен,

кала берді, оқытудың қазіргі заманғы технологиялары мен әдіс-амалдарын меңгерудің өзі-ақ мұғалімді өзінің шығармашылық қабілетін үнемі дамытып, жетілдіріп отыруға итермелейді. Ал, мұның өзі кез-келген шығармашыл, өзіне талап қоя білетін мұғалімнің білімін, жаңаға қызығушылығын және инновациялық қабілетін көтерумен қатар дүниетанымын, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік машықтылығын жоғарылата түседі.

Әрине, білім әрбір өсіп келе жатқан жас тұлғаға бірден беріле салмайды. Оған қол жеткізу үшін әрбір жас тұлға ерінбей еңбектенуі тиіс. Білім қайнарынан жетік әдістемелерді пайдалана отырып сусындауы қажет. Өз бетінше білімін көтеруге талаптануы керек. Ол үшін ол өз бойындағы білімге деген құштарлықты, сана-сезімдік талпынысты, қызығушылық пен ұмтылысты шабыттандыра алуы тиіс.

Шабыт – адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, шығармашылық толғанысы. Шабыт жаңа туындының пайда болуына бастайды. Ол адамның жоғары белсенділігінен, әрекеттің өнімділігімен, шығармашылықтың шаттығын сезінумен «құштарлық» пен эмоциялық ойға шолумен ұштасады. Шығармашылық үрдістің санадан тыс тәрізді болып көрінуі шығармашылықтың өзінің барынша саналығының нәтижесі, сананың ерекше айқындылығының, ойлар мен бейнелердің өзінше бір үлгідегі болып келіп, айшықтана көрінуінің, естің, зейіннің, идеяны орындауға бағытталған құлшыныс пен ерік-жігердің жемісі. Шабытты шақтарында адам бойындағы бар күш жігермен әрекет етеді [2. 10 б.].

Олай болса, оқушының сана-сезіміне ұшқын түсіріп, оның шабыттандуына әсер ету үшін мұғалім оқыту барысында қандай әдіс-амалды жиі қолдана білгендігі жөн. Ондай әдіс-амалдың ең тиімдісі – импровизация.

Ұстаздық ерекшеліктің бір қыры – мұғалімнің педагогикалық импровизация жасай білуі.

Педагогикалық импровизация (латынша *improvisus*-күтпеген, кенеттен) – педагогикалық қарым-қатынас барысында мұғалімнің, тәрбиешінің алдын-ала ойластырылмай жүзеге асырылатын әрекеті. Педагогикалық импровизацияның мақсаты – оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайларда жаңа шешім табу. Кенеттен туындаған педагогикалық міндетке тез және икемді жауап беру – педагогикалық импровизацияның мәнін құрайды [3.174б.].

Педагогикалық шеберліктің мәнділігі жағынан импровизациялық таланттан кем түспейтін тағы бір машықтық – бұл мұғалімнің бойындағы артистизм, былайша айтқанда, ұшқырлық, дауыс ырғақтығы, ымдау, ишара, оңтайлық элементтерін жетік меңгеруі. Себебі, мұғалім оқушыларға тақырыптық мазмұнын түсіндіру үшін оны құрғақ қана баяндап қоймайды, керісінше бар өнерін салып эмоциялық-бейнелік көрсетулер арқылы жан-жақты мәнерлеп ұғындыруға тырысады. Сонда ғана оқушылар меңгеруге тиісті білім көркемдік тұрғысынан мазмұндала, образдық бейнелермен ажарланып, түсінікті бола түседі.

Десек те, педагогикалық қабілеттілік жоғарыда біз талдаған шеберліктермен ғана шектеліп қалмайды. Мұғалімді өзінің педагогтік қызметінде табысты нәтижелерге жетуге итермелейтін ұстаздық жұғымды қасиеттер мол. Олардың алдыңғы қатарында педагогикалық қабілеттіліктің ең негізгілері ретінде төмендегі қасиеттер сараланады:

диагностикалық (танып білу және одан ляззат ала білу), дидактикалық (түсіндіре білу, білім бере, үйрете білу), коммуникациялық (қарым-қатынас, ынтымақтастық жасай білу), конструктивтік (оқу-тәрбие материалдарын іріктеп ала білу, жобалай білу), ұйымдастырушылық (шәкірттерін әр алуан қарекет түрлеріне тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу), перцептивтік (баланың жан-дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жай күйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік), болжамдаушылық (педагогикалық көрегендік жасай білу, педагогикалық қызметтегі өзара әрекеттестік нәтижелерін болжай білу), суггестивтік (мұғалімнің эмоциялық, ерік-жігерлік иландырушылық ықпалы, нық айтылған жігерлі сөзбен қажетті әсер нәтижесіне жете білу қабілеті), экспрессивтік (мұғалімнің өзінің білімі мен сенімдерін эмоциямен әсерлі етіп айтып жеткізе білу) [3.175б.].

Ал, оқыту үрдісінде интегративтік әдістерді (латынша *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру; *integer* – бүтіндеу) – қолдану, педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, түсіндірілетін белгілі бір тақырып аясына әртүрлі білім салаларындағы осы тақырыпқа қатысты мазмұндамаларды жинақтап, тақырып мәнін жан-жақты, толық әрі жүйелі түсіндіре білуге ықпал етеді.

Оқытудың интегративті әдістерінің құрылымын төмендегідей кезеңдерге бөліп-бөліп мазмұндауға болады:

1. Бұрын меңгерілген білім, дағды және іскерліктерді өзекті ету;
2. Проблемалы жағдайды құрастыру және практикалық проблемаларды қоя білу;
3. Теориялық білімдердің интерпретациясы;
4. Интерпретацияланған теориялық білімдер негізінде практикалық мәселелерді шешу (жоба деңгейінде немесе барлық мүмкіндіктер мен әдістердің синтезі шеңберінде);

5. Арнайы іріктелген тапсырмаларды шешу барысында жаңа білімді практикалық қолдану;
6. Мәселені практикалық түрде түсіну (құрылымын, құрамын, және іс-әрекеттің шарттарын анықтау);
7. Практикалық мәселені шешу бойынша орындалатын іс-әрекетті жоспарлау;
8. Мәселені кеңейту және жалпылаудың мүмкіндіктерін меңгеру;
9. мәселені шешудің жолдарын меңгеру, сонымен қатар басқа да тиімді әдіс-тәсілдерді (интегра- тивті) іздеу;

10. Атқарылған жұмыстарды қорытындылау [4.107-109б.].

Осыған орайластырып, мектеп мұғалімдерінің оқыту тәжірибесін зерделеу, оқу үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға ықпал ете алатын төмендегі әдіс-амалдарды анықтауға мүмкіндік тудырды. Олар:

- білімді игерудің түрлі кезеңдерінде проблемалық оқытудың элементтерін қолдану;
- оқушылардан білімге, шығармашылық элементтерге ие болу мен қолдануды талап ететін өзіндік жұмыстарды өткізу;
- оқытылып жатқан материалдық өмірмен байланысы, оқушылардың жеке тәжірибелерін практикада қолдану;
- фронтальды жұмыстың жеке және топтық жұмыспен байланысы;
- ойын элементтері мен сұрақтарды тапқырлыққа қолдану;
- оқушының даму деңгейіне, оның мүмкіндіктерін ескере отырып, дифференциалдық тапсырмаларды кірістіру;
- оқудың нәтижесінде оқушыларды өзін бағалау және критикалық бағаға, өзін бақылауға тарту;
- еңбек сүйгіштік, білуге құмарлық, идеялық сенімділікті қалыптастыру; пәнге деген қызығушы- лықты ояту;
- әртүрлі көрнекіліктерді қолдану;
- өлкетану материалдарына көңіл аудару;
- пәнаралық қатынастар;
- оқушылардың білім, білік пен дағдыны игеру сапасын жүйелі бақылау;
- бағдарламалық оқытудың элементтерін қолдану [5.154 б.].

Нақтыланған осы әдістерді сабақ өткізу барысында кеңінен қолдану, яғни оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың негізін қалайтын «белсендіру» амалдары мен құралдарын (мысалы, әртүрлі көрнекілік құралдарын, немесе іскерлік ойындарын т.с.с.) пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, оларды берілетін білімдерді аса терең әрі қызығушылықпен игеруге де талаптандырады.

Мектептік оқытудың қазіргі заманғы кез-келген білім беру технологиясы оқу үдерісінде белгілі бір пәннің белгілі бір тақырыбының мәнін, мазмұнын және маңыздылығын түсіндіруде әртүрлі ғылым салаларының өзіндік бағымдау әдістері мен құралдарын бір жүйелік құрылымға топтастырып, біртұтас әдістер жиынтығы ретінде қолдануға мүмкіндік тудыра алады. Айталық, топтық жұмыс дағдыларын дамытатын әдістер (іскерлік ойындар); әрекеттенуге үйрету (жоба жасату амалы); нақты жағдайды талдау әдісі (кейс-стади); имитациялық ойындар; презентациялау; сауалнама жүргізу, сандық және сапалық көрсеткіштерді салыстыру, интервью, қайшылықты пікір таласын ұйымдастыру, т.т.

Осы аталған әдістердің ішінен оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға кәдімгідей ықпал ететін әдістердің бірі ретінде Кейс-стади әдісінің мазмұнын талдап өтелік. Кейс-стади – CASE – әдісі қазақшалағанда “нақты жағдайды талдау” деген ұғымның мазмұнына сәйкес келеді. Бұл әдіс педагогика- лық ғылыми әдебиетте Гарвард әдісі деп аталады.

Мектептік қана емес, білім берудің барлық жүйелеріндегі оқыту үрдісінде кеңірек қолданылатын бұл әдіс нақты жағдайды талдау амалы ретінде әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-медициналық пәндерді оқытуда молынан пайдаланылады. Мысалы, Қоғамтану пәнінің өзекті бір тақырыбын, айталық, бүгінгі таңда жас өспірімдер арасында өрістеп бара жатқан девианттық мінез құлықтың алдын алудың нақты жағдайын талдау үшін не істелуі керектігін бағымдап көрелік.

Ең алдымен, бағдарлама түзіледі, тақырыптық өзектілігі, осы уақытқа дейінгі зерттелу деңгейі нақты- ланады. Тақырыптың объектісі мен пәні анықталады. Түпкі мақсаты мен міндеттері негізделеді. Болжам жасалады. Бұл сәт оқушыларды мың сан рет ойландырып, толғандыратын, бұрын айтылмаған тың, жаңа пікір білдіруге шабыттандыратын, сөйгіп жұмысты бастауға талаптандыратын кіріспелік сәт.

Келесі кезекте, оқушылар сауалнамалық сұрақтар түзіп, зерттеудің әдістемелік және техникалық құралдарын жасақтайды. Пилотаждық (барлаулық) зерттеулер жүргізіп, сауалнама сұрақтары мен техни- калық құралдарды алдын ала саралап алады. Зерттеуді ұйымдастыру жұмыстарын пысықтайды.

Үшінші кезекте оқушылар зерттеуге қажетті эмпирикалық материалдар-ақпараттар жинақтайды.

Төртінші кезеңде жинақталған ақпараттар пікір-талас нәтижесінде толықтырылып, пысықталады. Бұл екінші талдау деп аталады.

Алтыншы кезекте жүргізілген зерттеудің нәтижелік есебі әзірленеді. Ғылыми-талдау конференциясы ұйымдастырылып, зерттеу нәтижелерін айғақтайтын мақалалар жазылады. Қорытындылық анықтама тиісті билік тармақтарына тапсырылады.

Міне, оқытылып келе жатқан бір ғана пәннің бір ғана тақырыбын Кейс-стади, яғни нақты жағдайды нақты зерттеу жағдайында әрі үй тапсырмасы ретінде өзіндік жұмыс жасау амалымен біртұтастық жиынтықта жоспарлап, өткізу оқушыларды тек сабаққа қызықтырып қоймайды, сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға, жоба құруға, аннотация жазуға, рецензиялауға, әдебиет көздерін таңдауға, пікір таластыруға, мақала жазуға, идеялар аукционын ұйымдастырып, өткізуге, бағдарламалар жасақтауға, тәжірибелік эксперименттер құрастыруға да баулиды.

Бұдан көріп отырғанымыздай, интегративті әдістер оқушыларды нақтылы шығармашылыққа баулып, олардың танымдық іс-әрекеттерін шыңдауға қолғабыс тигізеді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңдағы қазақстандық білім жүйесі оқушылардың өзіндік тұлғалық ақыл-ой қабілеті мен бітім-болмысын қалыптастыру үшін оның бойында әртүрлі жағдайда дұрыс шешім қабылдап, жол таба білуіне қажетті білімді, дағды-ісмерлікті және машықтық қасиеттерді сіндіруге толық жұмылдырылған. Қазіргі қазақстандық оқушылар өзіндік қисынды-логикалық тұрғыдан ой қорытуға, тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарын мән-мағынасын түсінуге, талдауға, жалпылама айтқанда, жеке тұлғаның құзреттілігін айғақтайтын адами қасиеттерді жан-жақты меңгере кемел адам болып қалыптасып келеді. Олардың бойына биік тұлғалық қасиеттер мен білімділікті, машықтылық пен дағды-ісмерлікті сіндіруде қазақстандық мұғалімдердің кәсіби шеберлігі, іскерлігі, құзіреттілігі өте жоғары.

1 Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген – Астана, 2011. – 52б.

2 Оқытудың жаңа технологиялары (оқу-әдістемелік жинақ) – Алматы, 2010. – 100б.

3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Ред.басқ. А.Қ. Құсайынов – Алматы: Мектеп, 2002, – 256б.

4 Ибрагимов Р., Жайылмысова Э. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың интегративтік әдістері // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – 2008. - №2. – 107-109 б.

5 Жайылмысова Э.А. Интегративтік әдістер негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру жолдары // Қазақстанның ғылыми әлемі. – 2012. - №6. – 153-155б.

Түйін

Қазақстандық білім беру жүйесінің Еуропалық білім беру кеңістігіне кірігуі оқыту әдістемелерінің сапасын барынша жақсартуды талап етеді. Осыған байланысты мақалада бұрындыры кеңінен пайдаланылып келген репродуктивті оқытудың конструктивті оқытуға көшудің инновациялық жаңа нысандары, амалдары және технологиялық құралдары нақтылы көрсетіліп, оларды оқу үдерісінде қолдану жолдары пысықталады.

Резюме

Вхождение системы образования Казахстана в Европейскую образовательную систему требует повышения качества методики обучения. В этой статье рассматриваются инновационные объекты, методы технологические аспекты конструктивного обучения оптимальные пути внедрения в процесс обучения.

Summary

Occurrence of the educational system of Kazakhstan to the European educational system requires improving the quality of teaching methods. In this article we will discuss innovation objects, methods and technological instruments of the constructive training and the optimal ways to implement in training activity.

ИСЛАМ И ОБЩЕСТВО В НЕЗАВИСИМОМ КАЗАХСТАНЕ: СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ

Д.Увалиев – магистрант 2 курса

В настоящее время в Республике Казахстан, в условиях независимости, продолжают существовать существенные социально-экономические и политические изменения, необходимость которых диктуется самой жизнью. Одновременно с проведением преобразований происходит процесс переоценки духовных ценностей, ряда концептуальных положений различных идеологических теорий и взглядов, что, несомненно, является

закономерным явлением. И это вполне понятно, ибо любое образование нового независимого государства, как исторического явления, характеризуется своей уникальностью и неповторимостью. В этом случае как никогда решающее значение приобретает способность к самоанализу, точность прогноза и восприятию исторического опыта.

Коренные изменения в социально-экономической и общественно-политической жизни в независимом Казахстане создали не только совершенно новое социальное поле, но и новые условия, и новые возможности для возврата к жизни исламской религии.

Поддержка со стороны официальной власти процесса возрождения ислама не была случайным явлением: исламская религия, являясь наследием национальной культуры, сохранила свое влияние на определенные слои населения, отчасти даже на лидеров общественных движений; она сохранила и свой характер «народной премудрости». Ее функциональные каноны согласуются с теми идеями и концепциями, которые стали провозглашать и выдвигать официальное руководство независимого государства; принцип радения о подъеме духовности народа не противоречит ставке государства на изучение культурного наследия; принцип гуманного, справедливого отношения к людям не противоречит политике усиления нравственных начал в обществе; исламский постулат развития культуры взаимоотношений между людьми, согласуется с политикой гармонизации в обществе межэтнических и межконфессиональных отношений.

В период независимости официальная власть и духовенство власти стремились увязать исламские ценности с национальной традицией, представить ислам в качестве важной составляющей в истории народа. Поддержка исламской религии как духовно-культурного начала был одним из механизмов противодействия политизации ислама, укрепления общественно-политической стабильности в стране.

Современные события, происходящие в Казахстане и в других странах, наглядно подтверждают актуальность вопросов ислама и политики, ислама и традиций, проблем укрепления национального и духовного единства государства, его безопасности. Особенно злободневны эти проблемы сейчас, когда Казахстан становится все более религиозно-плюралистическим обществом, когда активно ведется поиск нравственных ориентиров религиозных учений, методов недопущения «политизации религии» как одного из опаснейших факторов дестабилизации общества, наблюдается всевозрастающий интерес со стороны молодежи и других социально-активных слоев населения к исламским ценностям. А это требует глубокого изучения на основе различных теорий и концепций, комплексного и междисциплинарного подхода. Заставляет искать ответы на вопросы, каковы истинные цели религиозных движений и течений? Каково влияние радикальных религиозных организаций на состояние религиозности в стране? Как использовать исламские традиции, не допустив при этом, чтобы они стали препятствием для общественно-политических преобразований, и каким образом заново сформулировать требования современности так, чтобы они соответствовали условиям страны и были бы всеми признаны необходимыми?

Озабоченность общественности проблемой духовных гарантий и массовой базы, современных социально-экономических и политических сдвигов, его беспокойство по поводу недостаточной соответственности модернизационного процесса с духовно-культурным опытом народа нашло свое отражение в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. В нем подчеркивается, что именно развитие духовности является необходимым условием прогресса современного общества, поскольку будущее Казахстана неразрывно связано с возрождением национальной культуры, со стремлением людей сохранить свои традиции [1]. И сегодня идет поиск ответа на вопрос: а что если в ходе модернизации страна потеряет свой веками складывавшийся духовно- исторический облик и вступит в качественно новый, универсализированный период всечеловеческой истории, внутренне опустошенной и лишь с внешним «космополитическим лоском». В целом же следует заметить, что выводы, к которым приходят исследователи, занимающиеся вопросом о влиянии ислама на современное казахстанское общество, можно разделить на две группы. Одни убеждены в том, что не следует сильно опираться на религиозные традиции, а нужно переустроить жизнь общества на принципах и началах, не имеющих ничего общего с религией. Другие считают, что необходимо придерживаться исламских традиций, без которых невозможно поднять духовность народа. Обе указанные концепции отличаются общим и, несомненно, упрощенным подходом к данной проблеме. Чрезмерное выпячивание элементов религиозной жизни, так же как и отрицание какого-либо их воздействия на новые явления, мешает понять внутреннюю сущность социально-политических и культурных процессов, в которых традиционные ценности переплетаются и синтезируются с современностью, создавая своеобразную противоречивую картину, своеобразие которой не всегда можно уяснить и охватить сознанием [2]. Ясно одно, что сложно понять особенности культуры, как и характер современного казахстанского общества, без учета историко-религиозного опыта. Сегодня любые исследования, направленные на теоретическое переосмысление и принципиальное понимание

процессов, связанных с религией, приобретают как научную, так и практическую актуальность [3].

В современном мире практически все страны с мусульманским населением сталкиваются с серьезными вызовами, исходящими от религиозно-политических групп, движений и организаций, нередко угрожающих международной стабильности, целостности и конституционным основам государств [4]. В ряде стран на политическую авансцену вышли религиозно-политические силы, использующие ислам в качестве орудия идейной мобилизации на борьбу с конституционными правительствами, с целью изменения общественно-политического строя[5]. Еще в 2008 г. в своем Послании народу Казахстана Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отметил, что «Казахстан намерен и далее всемерно укреплять свои позиции в качестве активного участника международной коалиции по борьбе с международным терроризмом и экстремизмом» [6].

В заключении следует сказать, нынешний этап политической истории Казахстана – переходный от тоталитарного либерально-демократическому государству и гражданскому обществу – характеризуется принципиально новым отношением к религии.

1 Назарбаев Н.А. *Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. Новое десятилетие – Новый экономический подъем, новые возможности Казахстана // Казахстанская правда. – 2010. – 29 января.*

2 Абусеитова М.Х. *К проблеме изучения истории ислама в Казахстане / Ислам и современность. Материалы международной конференции. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 168 с.*

3 Хафизова К.Ш. *Даосизм, конфуцианство и китайская внешняя политика // Казахская цивилизация.– 2003. – №3-4. – С. 17-36.*

4 Арыстанбекова А.Х. *Глобализация. История. Динамика. Аспекты. Грани. Перспективы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 304 с.*

5 Кушкумбаев С.К. *Религиозный фактор во внешней и внутренней политике Казахстана / Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспектива. Материалы международной конференции. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – С. 150-157.*

6 Назарбаев Н.А. *Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики // Казахстанская правда. – 2008. – 7 февраля.*

Түйін

Бұл мақалада саяси ғылымда әлі зерттелмеген тәуелсіздік Қазақстандағы исламның даму жағдайы қарастырылған.

Summary

The article discusses Islam and society in independent Kazakhstan: its development, which in political science has not yet been studied.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДА ЭТНИКАЛЫҚ ТАҒАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТЫСТЫРУ

С.Б. Даулбаева – 2 курс магистранты

Тағаттылық мәселесі және оның қалыптасуына немесе жойылуына әсер ететін факторлар әртүрлі бағытта жұмыс істейтін ғалымдардың, соның ішінде әлеуметтану саласында да жүргізілетін зерттеулердің де өзекті тақырыбы болып табылады. Соңғы уақытта тағаттылық мәселесіне арналған халықаралық конференциялар, симпозиумдар мен дөңгелек үстелдер ауқымында осы мәселеге байланысты қызу пікір-таластардың туындауы бұған дәлел бола алады.

Сонғы онжылдықтарда бүкіл әлемде болып жатқан әртүрлі шиеленістер мен қақтығыстардың қаншалықты қауіпті екенін түсінген көптеген қоғамдық ұйымдар мен саяси бірлестіктердің, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымының (ЮНЕСКО), арқасында «тағаттылық» ұғымы маңызды халықаралық терминге айналды.

Әлемдік қоғамдастықтың алдында қоғамның, әртүрлі топтар мен индивидтердің қақтығыссыз, бейбіт-қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін құралдарды іздеу міндеті тұр. Дәл осындай құрал ретінде айырмашылықтардың болатынын жете түсіну және оларды құрметпен қабылдау мүмкіндігінің арасындағы өркениетті түрдегі келісім түріндегі тағаттылық қарастырылады. Этника саласындағы қарым-қатынастарда осындай нақ ортасын табу өте қажетті, өйткені этника арлық қақтығыстар ең күрделі және тез арада шешімі табылмайтын қақтығыстар болып табылады.

«Классикалық» либералдық үлгіге сай, тағаттылық дегеніміз бейтараптық, неміс құрайлық, мәжбүрлі әрекетсіздік немесе басқаны толық қабылдау емес. Бұл – «өз күшін пінципті түрде қабылданбайтын ауытқышылыққа зиян келтіруге қолданудан шектеудің ақылға қонбайтын құндылығы» [1]. Тағаттылықты

осылай қабылдау негізінде оның өте қиын, қайшылықты ұғым екенін көруге болады. Бернард Уильямстың сөзімен айтсақ, «бір уақытта қажетті және мүмкін емес».

Сондықтан да, ХХ ғасырда неомарксистердің Франкфурт мектебі, коммуитаризм мен постмодернизм, феминизм тарапынан тағаттылықтың либералды теориясы, дәлірек айтсақ оның либералды-демократиялық қоғамдағы көрінісі сынға алынды. Бұнда, бір жағынан, тағаттылықты қоғамның дәстүрлі құндылықтарын жоюшы, тезудеп бара жатқан құбылыс деп қарастырса, екінші жағынан, көзқарастардың, пікірлер мен ұстанымдардың көптүрлілігіне жауап бере алмайтын және оларды өзінің мақсаты болып табылатын бір ортақкелісімге келтіру қолынан келмейтін тым ескірген құндылық деп те айыптады.

Франкфурт мектебінің өкілдері қазіргі қоғамда «тағаттылық (Г.Маркузе, Т.Адорно және Ю.Хабермас) статус-квоның апологетикасы мен басу-жаншудың идеологиясына айналған. Ал бастапқыда, ол керісінше азаттық күштерін қорғаушы қызметін атқарған» [2], – деп түсіндірді. Бірақ, бәрінен бұрын қазір тағаттылық сана-сезім деңгейінде әлеуметтік қарым-қатынастар барысында қарама-қайшылықтарды шешу үшін біраз уақытқа алауыздықты, келіспеушілікті ұмытуды қажет етеді. Сонымен, бүгінгі таңда тағаттылық қарым-қатынасы көзқарастарында келіспеушілік болуы мүмкін барлық адамдарға, топтарға, қоғамдарға қажет.

Қазіргі кезде дін институты шеңберінде ғана қарастырылып келген тағаттылық мәселесі барлық салада, соның ішінде ғылыми білімде, адамзат болмысында да, алдыңғы қатарға шықты. Тағаттылық ұғымы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты. Бұл үдеріс әлі де жалғасуда. Жан-жақты мәндерді жинақтай отырып, «тағаттылық» ұғымы қоғамдық өмірдегі төзімсіздіктің көптүрлі көріністерін болдырмаудың жаңа құралдарын талап ететін отырған бүгінгі қоғамға сәйкес болуға ұмтылуда.

Тек ХХ ғасырдың өзі адамзатқа екі дүниежүзілік соғыс пен көптеген шешімі табылмаған әлеуметтік және халықаралық қақтығыстарды әкелді. Қазіргі кезде әлемдік қоғамдастық тағаттылық мәселесінің тек өзіне ғана емес, сонымен қатар жалпы бүгінгі әлемде тағатты қарым-қатынастар мүмкін бе деген сұраққа жауапты қажет ететін жаңа қиындықтарға тап болды. ХХІ ғасырдағы жаһандық үдерістер «өзіміз» және «өзгелер» деп қабылдауды өзгерте отырып, қазіргі заманғы қоғамды біртұтас социумға айналдырды. Жаңа қарым-қатынас технологиялары, көш-қон үдерістері мен экономикалық байланыстардың нәтижесінде «өзіміз» бен «өзгелер» жаһандық ақпараттық және қаржы ағындары ауқымында сығымдала түсті. Жаһандық халықаралық, топаралық, тұлғааралық байланыстардың тығыздығы қарым-қатынастан бас тартуға, бейтарап немесе неміқұрай қалуға мүмкіндік бермейді. Осындай тығыз, біте қайнаскан байланыстар ауқымында тағаттылық – «өзінікінен» бас тартпай, «өзгенікіне» төзімділікпен қарау болып табылады. Сонымен қатар, тағаттылық өздігінен айқын құндылық емес, керісінше, ол әрдайым түсінік беру мен дәлелдеуді қажет етеді.

Бұған қоса, ұғымды түсіндіру деңгейінде тағаттылық субъект пен объект арасындағы өзара әрекеттің ерекше сипаттамасы болып табылады. Бұл субъектінің объектінің әлеуметтік-мәдени және басқа да айырмашылықтарын қабылдауға дайындығын білдіреді. Сонымен қатар, тағаттылықты ғылыми зерттеу барысында объект ретінде әлеуметтік институт, әлеуметтік ұйым, топ немесе индивид қарастырылады. Сондықтан субъект-объект қарым-қатынастары әртүрлі болады: әлеуметтік институт-индивид, әлеуметтік топ – әлеуметтік институт, индивид-әлеуметтік топ және т.б.

Тағаттылықтың әрбір субъектісі үшін нақты атқарымдар айқындалынады. Оларды нақтылау тағатты немесе тағатсыз қарым-қатынастардың ерекше маңызы және ықпалы бар қоғамдық өмірді ғылыми практикалық зерттеу барысында өте маңызды. Мысалы, әлеуметтік институттар қоғамдағы тұрақтылықты нығайту және қоғамда әлеуметтік қақтығыстарды болдырмау және алдын-алу атқарымдарын жүзеге асырады; индивидтер, азаматтар мен тұрғындар үшін оң сипатты идеалдардың және тәрбие жұмысының құндылықты-нормативті негізін қалыптастырады.

Әлеуметтік топтар үшін топаралық және топшілік қақтығыстарды болдырмау, топтың тұрақтылығын қалыптастыру және нығайту, сонымен бірге топтың имиджін және топшілік мәдениетті қалыптастыру тән.

Бұған қоса, қоғамдық қатынастарда тағаттылықтың болмауы, яғни тағатсыздық та өзіннің ең келеңсіз көріністерінде де қоғам, топ және тұлға үшін нақты атқарымдарды жүзеге асыратыны нескеру қажет. Бұл жерде сөз ортақ жаудың бейнесін қалыптастыру, өзгелерге қарсы қою негізінде топтың бірігуі және топтың, тұлғаның нақты бірегейленуі; топта қатал, сатылы бағынышты қатынастардың орнауы туралы болып отыр.

Қазіргі заманғы өркениет тудырған сынқатерлер ауқымында этникааралық тағаттылықты қалыптастыру адамзат үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Этникааралық тағаттылықты қалыптастыру қоғамның даму үшін ғана емес, сонымен қатар оның өміршеңдігінің сақталуы үшін де қажет.

Бірде бір адамбасқа адамдармен қарым-қатынассыз өмір сүре алмайтындығы секілді бірде бір этникалық қауымдастықтыңбасқа халықтардан толық оқшау жағдайдаөмір сүруі мүмкін емес. Шындығына келгенде әрбір этнос белгілі бір деңгейде басқа этностармен қарым-қатынас жасауға, олардың мәдени жетістіктерін қабылдауға және өз мәдени жетістіктері мен құндылықтарымен бөлісугедайын. Бірақ, көп жағдайда этникааралық қатынастар барлық қарым-қатынасқа түсуші этностар үшін оң нәтиже бермейді. Жеке этникалық қауымдастықтар мен топтардың бірін бірі қабылдамайтын, төзімсіздікпен, тағатсыздықпен қарайтынынэтномәдени қарым-қатынастар тарихынанкөруге болады. Жеке адамдар секілді этностар да бірін бір жақсы түсінуі, керісіншеөзара тіл таба алмау жағдайлары да кездеседі. Ондай кезде қоғамның дамуына, ондағы әлеуметтік-саясижағдайдың тұрақты болуына қауіп төнеді.Сондықтан, қазіргі кезде этникааралық қатынастардың сипатының, ол қатынастарда тағаттылық ұстанымының сақталуыныңмаңыздызор.

Этникалық тағаттылық басқа этникалық топқа деген теріс қарым-қатынастыңболмауы ғана емес,ол өз тобына деген оң қарым-қатынасты сақтай отырып,басқа этникалық топтың өкілдері қандай болса да оларменқарым-қатынас жасауға дайын болу.Тағаттылық «жай ғана пассивті төзімділік қана емес, ол барлық мүдделі жақтардың белсенді айқындамасының болуын және өз көзқарасын екінші жаққа танудан бас тартудыұйғарады» [3].

Ал этникааралық тағатсыздық ретінде өз мәдениетін, өз құндылықтарын, өз этносын сөзсіз оң деп қабылдай отырып, басқа этносты, оның мәдениеті мен құндылықтарын теріс қабылдаудың басым болуын қарастырады.

Жеке адам мен топтың арасындағы қарым-қатынастар жүйесінде тағаттылықтың төмендегідей түрлерін бөліп көрсетедуге болады:

- белсенді тағаттылық (ашықтық, этникааралық байланыстарға дайын болу);
- бейтарап тағаттылық (этникааралық байланыстардың жиі болмауы, басқа этникалық топтардың өкілдеріне оң қарым-қатынасты сақтай отырып, өз ұлтының өкілдерімен қарым-қатынас жасауға бейім болу);
- таңдаулы тағаттылық (этникааралық байланыстар қандай да бір белгі бойынша шектеледі – тіл, діни сенім, мәдени ерекшеліктер);
- мәжбүрлі тағаттылық (этникааралық қарым-қатынастар әртүрлі жағдайлардың қысымымен пайда боллады және аса ресми сипатта, мысалы қызмет бабына орай, өрбиді);
- интағаттылық немесе тағатсыздық (басқа этнос өкілдерімен өзара әрекет етуден бас тарту).

Қазіргі кезде әлемнің түкпір түкпірінде тұрғылықты халықтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне, мемлекеттердің ішкі тұрақтылығынақауіп төндіретін, этникааралық қақтығыстар мен шиеленістер, сепаратистік идеялармен қатар жүретінжана этнокұрылымдардың қалыптасуы, ескілердің беки түсу үдерістері бой көтеруде. Сондықтан, 140 аса ұлт пен ұлыстардың өкілдері қатар өмір сүріп жатқанбіздің еліміздеатағаттылық ұстанымы негізіндегі сана мен тәлім-тәртіпті қалыптастыруға, төзімділік пен ынтымақтастыққа тәрбиелеуге байланысты мемлекет пен қоғам тарапынан іс-әрекетті жандандырудың маңызы артып отыр. Әсіресе жастар тәрбиесі шеңберінде бұл мәселе өте өзекті болып табылады. Бұл елдегі нақты жағдайлар менөмірлік маңызды айқындамаларды сақтап қалу қажеттілігіне ғана байланысты емес,сонымен бірге жас буынның бойында аға буынның өмірінде бұрыннан бар мәдениетаралық және этникааралық қарым-қатынастың оң тәжірибесінің болмауымен де түсіндіріледі.

Жоғары білім беру жүйесі бұл мәселеден тыс қаламауы керек. Жастардың әлеуметтенуінің маңызды институты ретінде университеттербілім беру және маман ретінде дайындаумен қатар, студенттердің мәдени және әлеуметтік-психологиялықбіліктілігі деңгейін арттыра отырып, тұлғаға тікелей әсер етуі керек. Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының әлемдік білім беру жүйесіне белсенді түрде енуі этникааралық қарым-қатынастардың өсуіне әкелді. Осыған орай, дәл қазіргі кезде санада тағаттылық ұстанымын қалыптастырудың өзектілігі арта түспек. Абай атындағы ҚазҰПУ алдыңғылардың бірі болып білім беру мен ғылым шеңберінде халықаралық өзара қарым-қатынас жүйесіне еніп қана қоймай, өзінің құрылған кезінен бастап мәдениеттер мен дүниетанымдардың, әртүрлі адамдардың, басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдерінің сезімдерін құрметтеу, өзара түсіністік және өзара әрекет ету идеяларын қолдап, дамытып отыр.

1 Социология межэтнической толерантности.// отв. ред. Л.Мл. Дробижеева, - М., 2003.-С.17.

2 Хабармас Ю.Когда мы должны быть толерантными? Оконкуренции видений мира, ценностей и теорий.// Социологические исследования, 2006, - №1, - С.49.

3 Солдатова Г.У. Психология межэтнической напряженности. - М.: Смысл, 1998, - 389 с.

В данной статье рассматриваются проблемы формирования этнической толерантности в казахстанском обществе. Уделено внимание вопросам воспитания толерантности у молодежи.

Summary

In this article problems of formation of ethnic tolerance in the Kazakhstan society are considered. The attention to questions of education of tolerance at youth is paid.

В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Р.Б.Әбсаттаров – ҚР Ұлттық Ғылымакадемиясының корресподент мүшесі, филос.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,
Т.Ж.Қалдыбаева – а.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры

Өткен ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы барысында мемлекеттік хатшы, әлеуметтану ғылымдары докторы, профессор Марат Тәжиннің «Ұлттық тарихи жадыны сақтап қалу – өз-өзіңді сақтап қалудың жалғыз жолы» атты баяндамасында (2013 жылдың маусымы), «Қазақстан бүгін қалыптасқан мемлекет. Мемлекет құрудың жаңа белесіне көштік. Мақсат – ел болашағының дүниетанымдық жаңа моделін жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау. Ұлттық өзгешелігімізді шайып бара жатқан әлем жағдайында ұлттық бірегейлігімізді рухани, мәдени нығайту қажеттілік»[1] – деп атап айтқан еді. Ел болашағының «дүниетанымдық жаңа моделі» мәселесі, біздің түсінгенімізше, бұғанға дейінгі «ұлттық идея», «интеллектуалдық әлеует», «рухани өмір» ұғымынан өзгеше. Қойылымы жағынан да, идеясы жағы мен саяси мәні жағынан да. Жаһандық көпқырлы әрі стратегиялық саяси астарланған қарқынды қозғалыстар жағдайында ұлттық негіздердің шайыла бастағаны да шындық. Әлемдік бақталастықтар қойнауында алпауыт елдердің ұғысы озып, салыстырғанда шағын және экономикалық, рухани қуаттылығы жеткіліксіз ұлттық мемлекеттердің жұтылып кету мүмкіндігі артуда. Жері кең болғанымен тұғырлы халқының саны әлі өсуді қажет ететін қазақстандық қоғам, әлеуметтік-мәдени дәстүрі жағынан іргелілердің қатарында болғанымен, соңғы ғасырлардағы саяси және рухани төңкерістермен өтулер халық жадына өз таңбасын салмай қоймады. Әлеуметтік-тарихи шындықтардың танылуы әдіснамасына, жазылуы мен баяндалуына сол тарихи бұрылыстарда басымдық еткен идеологияның, құндылық ұстанымдардың ықпалы өтіп отырды. Нәтижесінде бір тарихи шындық әледенеше боялып, қарама-қайшылықты пікірлер мен түсініктеуге ұшырап келді. Дәл осындай қарама-қайшылықты бағалаулар мен түсініктеу қазақ даласы зиялыларының, ұлы тұлғаларының әлеуметтік-саяси тағдырына да тікелей қатынасты.

Сыртқы идеологиялық, саяси, мәдени ықпалдарға жалтақтамай, тар өрісті ұлтшылдық әсірелеулерге шалдықтырмай, ұлттың ұлы тұлғаларының тар жол тайғақ кешкен тағдырлары мен қызметіне қоғамдық, саяси, мәдени бағасын шынайылықпен шығара білу-ұрпақтар алдындағы зор жауаптылық. Ондай істің атқарылуы өскелең ұрпақтың рухани және білімдік дүниетанымын тәрбиелеуге елеулі негіз береді әрі қазақ халқының әлеуметтік-мәдени мұраларын жинақтап алуына қосылған үлес, оны таным, тәлім көзі етудің қажетті алғышарты.

Таным, талдау барысында ауытқуларға жол бермейтін бір құбылыс бар. Оның атын «шындық» дейді. Біздің де қазақ даласы ойшылдары, мәдени және саяси ағартушылары, күрескерлері туралы ой толғауларымыз мен пайымдауларымыз тарихи-әлеуметтік және тарихи-мәдени шындықтарға негізделмек. Сондай тарихи, саяси, мәдени тұлғаның бірі Ыбрай Алтынсарин.

Бірқатар зерттеушілер Ыбрайды бірде саяси күрескер, бірде педагог, ағартушы, демократ, жазушы, енді бірде этнограф, озық мәдениетті насихаттаушы деп таниды. Шын мәнінде осының бәрі оның көзқа-

расы, өмірлік ұстанымы мен қызметінде іштей байланысып, үйлесіп жатыр, сол үшкі біртұтастық оны қазақ даласының ұлы тұлғасы етті. Ыбрай қалың қазақ арасында жиі болып, оның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайымен терең таныса жүріп, тіршілік ауыртпашылықтарын көріп, жаны күйініп, осы жағдайдан шығудың жолын іздеді, өз қолынан ненің келетінін ойлады. Отаршыл билік пен жергілікті билік адамдары арасында жүріп халық пен олардың арасындағы таптық және саяси қайшылықтардың тереңдігіне көз жеткізді, халқына жаны ашыды, оның қоғамдық көзін ашып, сауаттандырып, білім шуағын сеуіп, болашағын бағдарлауына қол үшін бергісі келді. Оның басты мезгегені қолға қару алып, немесе басқаларды қару күшімен жағдайды өзгертуге шақыру емес, сана мәселесі болды. Өркениеттілікке бет алып, қанаудан, қорлаудан арылудың жолын ол білімнен, мәдениеттен, сол арқылы өз халқының санасын тәрбиелеуден көрді. Мәдениетке, сана мәдениетіне апарар жол білімде жатыр, еңбекте, тәрбиеде жатыр. Сол уақыттағы озық мәдениеттен халқының үйренгенін қалады ол үшін жол салуға, негіз жасауға бүкіл өмір жолын жұмсады. Өзінің саналы өміртіршілігінде Ыбрай саясаттан тыс тұрмады, тұра да алмады, оның қызмет жолы, керісінше, үнемі әлеуметтік-саяси мәнге толы қарама-қайшылықтар арасына сүнгітіп жіберіп отырды. Сол әлеуметтік-саяси қатынастар ортасында жүріп, өткір қоғамдық мәселелерге өз қатынасын бірқатар тарихи саясаткерлерге қарағанда басқаша айқындады, қоғамдық әсерінің өзіндік мақсатты мен бағытын тапты. Ол – ағарту жұмысы, мәдени, саяси, әлеуметтік, экономикалық ағарту жұмысы. Білімді, тәрбиені негізге алған ағарту істері. Тек балаларды, мектепте оқушыларды емес, сол қоғамдық ортадағы ересектерді де, патшалық және жергілікті шенеуліктерді, қазақ ортасын ағарту, тәрбиелеу арқылы ықпал ету.

Оның бұл саяси және мәдени стратегиясына бастапқы негіз болған фактор оның атасы, би, старшын қызметін атқарған Жаңбыршин Балқожаның оны Орынборда 1850 жылы қазақ балалары үшін ашылған орыс-қазақ мектебіне оқуға беруі. Ынталы жас тек мектепті барынша табысты аяқтап қойған жоқ, одан кейінгі уақытта да өз білімін өзі жетілдірумен, ізденумен болды. Бұл іске де атасының қатынасы болған. Балқожаның жақсы танысы жәнәсыйлас адамы болған Орынбор Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьевтің бай кітапханасын еркін пайдаланып, ондағы жазушылар шығармаларымен, орыс және дүние жүзі педагогтерінің еңбектерімен, ұлы адамдардың өмірі жайлы жазылған кітаптармен терең танысу мүмкіндігі болды. Кейін келе (1876) Петербург, Қазан қалаларында болып, Патшалық Ресейдің білім жүйесімен, ағартушылар еңбектерімен таныса түседі. Оның нақты өмір, өмірлік қатынастар жөніндегі түсінігі мен танымдық қабылетінің тереңдей түсуіне тілмаштық қызыметі мен арнайы мектеп, білім ісін насихаттап, оқуға балалар жинап, ел арасын аралаған, жергілікті қауымдастықтар арасында болған жылдары зор мүмкіндік берді. Ол әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени сипаттағы ел арасындағы қатынастарды өз көзімен көріп, ішкі дүниесімен сезінді, ойына салып сараптады, ақылына салды, өзінің де атқаратын ісінің бағыт-бағдарын нақтылады. Ақыл-есі оны халық тіршілігі мен жағдайын білім, мәдениет жолымен, көзін ашып санасын өсіру арқылы өзгерту жолына бағыттады. Оның ұзақ болмаған ғұмыры осы мақсатқа жұмсалды, «халқым!» деп соққан жүрегі ашу-ыза менөзі үшін нәтиже бермес күш-қаруға қол созудан гөрі мәдениет, білім, тәрбие жолымен қоғамдық қатынастарды өзгертпек мағналытіршілігі үшін соғып тұрды.

Алтынсарин Ыбрай тек жақсы ұстаз, мектеп директоры, білім саласы басшысы, қоғам қайраткері болмады, ол – өзінің халқының болашағы үшін жасаған жасампаздық еңбектің неғұрлым болашақтысын қолына алды. Осы жолды барынша насихаттады, алға жылжытты, зайырлы мектеп оқушыларын өзінің идеясына сай адами, саяси, мәдени рухта тәрбиеледі. Өзінен басқалардың да осындай істерді атқаруға негіз боларлық оқулық, еңбектер жазды. Оқулық мазмұнына әлеуметтік-мәдени, саяси-мәдени сипат берді. Білім мазмұнын анықтаудың маңызды әдіснамалық негізін жасады.

Ыбрай оқулық жасауды мектепте қазақ балаларына білім мен әлеуметтік тәрбие берудің басты негізі деп санады. Оқулыққа өзі жазған бірқатар шағын көркем шығармаларды енгізе отырып, сол арқылы балаларды жақсы мінез-қылыққа баулуды мақсат етті. Оқулықтың балалардың білімін көтеретін мазмұны болуы аз, тақырыбының өзі оларды қызықтырып тұратын кітаптар жазылып, қазақтың өз тіліндебасып шығару керек деп түйді. Қоғам өміріне араласа жүріп, 1876 жыл өзінің "Қазақ хрестоматиясын" жазуға кірісіп, даяр болған кітабін 1879 жылы Орынбор (Оренбург) қаласында бастырып шығарды [2]. "Қазақ хрестоматиясы" балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазса, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан іріктеп алып аударды. Қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де енгізді.

*«Оқысаңдар балалар, шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңан, іздемей-ақ табылар,
Өнер-білім бәріде, оқуменен табылған,
Оқу білген адамдар май тамызған қылыштан,*

Білмегенді білуге, есті бала тырысқан,

Кел балалар, оқылық, оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық!» – деп жазылған «Кел, балалар, оқылық!» өлеңіндегіой шумақтары әлі оқып білім алу дегеннің не екені түсініксіз, ересектері білімсіз түнектікте өмір сүріп отырған әлеумет орта үшін білім алу дегеннің не екенін дәлелдеп көрсетуге, білім алуды насихаттауға арналған. Дамуы артта қалған күйбең тіршілікке ұқсамайтын жаңа өркениетті тіршілікке көңілге ықыласпен тоқылған білім ғана жеткізе алады. Келіңдер, оқындар!

«Мал, дәулеттің байлығы, бір жұтасаң жоқ болар,

Оқымыстың байлығы-күннен күнге көп болар,

еш жұтамақ жоқ болар» – шумақтарында Ыбрай көшпелі қазақ ортасының табиғаттың қатан қысында жұтқа ұшырап, мал-жайынан айрылып, экономикалық күйзеліске ұшырауынан шығудың жолын өзінше түсіндіріп, ойын оқу материалына енгізіп, оқушы жастар санасына жеткізіп беріп тұр. Дәулет ретінде жиған мал қаншалықты керек болғанымен баянды тіршілік көзі бола бермейді. Ғылым мен білім арқылы ғана табиғат апатына соқтырмайтын тіршілік көздерін жасауға болады. Сонда ғана қарапайым халық табиғаттың тосын қылықтарынан қорықпай тіршілігін жасай алады, «жұт» деген сөзді негізге алып айтылып келген жұтамақ жағдайдан азат болады. Шынайы байлық көзі білімде және ғылымда. Бірақ оған қол жеткізу үшін еріншек болмай, оқы, білім ал.

«Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде ұлы ағартушы қазақ ортасын басқа халықтар қол жеткізген мәдениеттен, өнерден үйренуді насихаттайды және сондай мәдениеттер бар екені туралы ақпарат береді, оларды жастарға үлгі етеді.

«Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызған,

Айшылық алыс жерлерден, көзіңді ашып жұмғанша.

Жылдам хабар алғызған,

... Отыңсыз тамақ пісірді, сусыздан сусын ішірді,

Теңізді жүзді балықтай, дүниені кезді жалықпай».

Желкілдеп шыққан көк шөптей, жаңа өспірім достарым,

Қатарың кеті-ау алысқа, ұмтылығың қалыспа...» – деп жазды Ыбрай.

Автор адамзат қол жеткізген мәдени құбылыс ретіндегі қалалар, қала салдырған білім мен ғылым, озық байланыс жүйелерінің бар екені, адамдар тіршілігіне, тұрмысына пайдаланушы озық технологиялар мен су айдындарында жүзіп жүрген кемелер, сол кемелердің көмегімен әлемнің әртараптары арасындағы байланыстардың жасалуы туралы балаларға баяндап берді, сондай мәдени тіршілікке қызықтырды, одан үйреніп, елінің ертеңіне айналдыруға бағдарлады. Өз тіршіліктен заманда халқының ондай тіршіліктен алыс жатқанына, өзінің де ондай мәдениетке қол жеткізе алмағанына өкінішін білдіре отырып, ол: «Біз болмасақ сіз барсыз, үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды!» деп өз өмірінің мәні еткен мақсатына білімге бет бұрған жас ұрпақ жеткізер деген арманын тебіреністі жанымен жазды.

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ дегендей» қазіргі ХХІ ғасырда, Ыбрай армандаған жаңарған Қазақстанында, әр баланың Ел Конституциясы негізінде толық орта білім алуға құқы бар және оны іске асыруға мемлекеттік кепілдік бар. Алайда оны әрбір оқушы және әрбір отбасы бағалай бермейді. Түсінбестігіне сай көзқарас пен қатынас көрсетеді. Оқытушыдан керек білімді сұрап, бірлесе отырып, оқу ісі жағдайында туындаған мәселені бірлесіп, шығармашылық әріптестікке шешіп отырудың орнына бірқатар оқушының соңында «оқи қойшы», «мектепке келе қойшы» деп мұғалімі жүреді. Орта білім беру ісінің бұқаралық сипатта, жаппай, жалпыға бірдей болуы қоғамның қол жеткізген өркениеті екені, оның қадірі бағалана бермейді. Білімнің аты білім, білімдінің аты білімді болып қала береді ғой. Тек соның әрбір болашақ азаматтың санасына әлі жетпей, уақытын оздырып, өз өмірі мен болшағына өзінің бөгет жасаушы болып отырғаны, әрине, өкінішті. Мұндай жағдай тәрбие ісіндегі олқылықтың жемісі.

Екінші жағынан, баласының мектепте сапалы білім алуын қадағалығысы келмейтіндердің өзі де, мүмкін, кезінде білімге дәл осылайша қараған адамдар болуы мүмкін. Білім мен мәдениеттің қадірін өзі сезіне алмаған адам басқаларға да сезіндіре алмас. Еңбектен қолы тимей, баласын мектепке «біражола» сеніп беріп қоюшыларды қоспағанда. Қоғамдық ортада жасөспірімдер назарын білім алу қызметінен басқаға алаңдатып, теріс пиғылына оны ертіп әкетуге ынтызар болып отырған екіаяқтылардың қатары да өсіп отырғаны бар. Әлемдік өркениетті орта деп отырғанымыз кей жағдайда жас толқын үшін дұшпандық қырын көрсетіп, «мына заман прогресс заманыма, әлде регресс заманыма» деген сұрақты да тудырып қояды. Қалай болғанда қазіргі уақытта жас ұрпақтың білімді, жоғары мәдениетті азамат болып өсіп, Ыбрай армандаған өркениетте өмір сүріп, оны дамытуға тұлғалық ат салысу мүмкіндігі мол.

Мәселенің үшінші қыры бар. Ол барлық мұғалімдік қызмет атқарып жүргендердің шынайы мұғалім, Ұстаз еместігі. Егер жанында Ыбрай немесе Ыбрай сынды ұстаздар жүрсе, «қиын», «нашар оқушы» деп аталатын оқушылар кездеспеген де болар еді. Жас адам өте сезінгіш келеді. Жан-дүниесі баланың жарқын

болашағына біражола бағдарланып, кездескен қиындықтарды ақыл-ойының парасаты арқылы реттей алатын білікті ұстазды кез келген жас азаматтың сезіне, түсіне алатыны және тиісінше жауап беруге ынтызары ауары сөзсіз.

Б.Алтынсариннің туған елі табиғатына деген сүйіспеншілігі білімге қызығушылық танытқан жастардың бойында жерін, елін, отан табиғатын сүюге, құрметтеуге тәрбиелейтін өлең шумақтарын тудырды, оны білімдік, танымдық, тәрбиелік құралға айналдыртты. Оның табиғатты суреттеген өлеңдеріне отандық ғалымдар «бұрын қазақ поэзиясында кездеспеген пейзаждықсуреттеулер, қазақтың жазба әдебиетіндегі табиғат лирикасының басталуы» деп баға беріп жүр.

*«Таулардан өзен ағып сарқыраған, айнадай сәуле беріп, жарқыраған,
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта, аралап тау мен тасты арқыраған,
Көңілің суын ішең ашылады, денеңде бар дертіңді қашырады,*

Өксіген оттай жанып жануарлар, өзеннен рахат тауып, басылады, – деп, қазақ даласы табиғатының адам денсаулығы мен ағзасы үшін қаншалықты пайдалы екенін суреттейді.

"Жаз" атты өлеңінде тек көктемдегі, жаздағы табиғат әсемдігі ғана суреттеліп қоймайды, әлеумет өміртіршілігіндегі «Қыстау» мен «Жайлаудың» алатын орны мен олардың арасын біріктіріп, тұтастырып тұрған тұрмыстық сұраныстар мен тіршілікті ұйымдастырудың қыр-сырына, адамдардың жаздағы, жайлаудағы көңіл-күйіне, жаз бен жайлаудың адамдар арабайланысына әкелетін мәнді қырлары бейнеленген. Мәселен, ол:

*«Бір малы шаруаның екеу болып, қыстаудан ауыл көшер алуан-алуан,
Күлісіп, құшақтасып, әзіл етер, әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған...»* – деп жазған.

Ыбрайдың қысқа және әлеуметтік мәнді әңгімелерінің өзегіне алынған басты тақырып – Еңбек, еңбек ете білу, оның өмірлік, тәрбиелік мән-мағнасы. Осы тұрғыда оның төменде келтірген әлеуметтік-мәдени тәрбиеге бағытталған әңгімелерін ерекшелеп атап өтуге болады:

- «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»: еңбекшіл жәндіктердің өзінің және ұжымының тіршілігі үшін тыным таппай еңбек ететінін, құмырсқалар тіршілігіндегі бірлікті, еңбекшілдікті, біріккен еңбектің нәтижелігін көрсете келе оны балаларға үлгі ретінде ұсынады;

- «Атымтай жомарт» халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға өзінше жаңаша мазмұн мен мән береді (Еш нәрсеге мұқтаждығы болмағанымен Атымтай ылғи еңбек етумен шұғылданады. «"Күн сайын еңбек жұмсап, бейнеттеніп, өз еңбегіммен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады" дейді Атымтай). Еңбек ету тек жоқшылықтан ғана туған сұраныс емес, адам үшін керекті, қажетті тіршілік түрі, адам тіршілігінің мәні деген ой баяндалады;

- «Әке мен бала» еріншектік пен немқұрайдылық, оның әкелетін салдары туралы дәлелді әңгіме. "Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына: "Анау тағаны, балам, ала жүр", – дейді. Бала әкесіне: "Сынып қалған ескі тағаны не қылайын", – деп жауап берді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі тағаны соларға үш тиынға сатты, тиындарға жолда шие сатып алды. Шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында оған қызығып келе жатқан бала жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң тағы бір шие..., сонымен, бала қанша шие тасталса, сонша рет еңкейіп, шие теріп жеді. Соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: "Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың", – депді. Қай заманның баласы болмасын, ол үшін тағлымы мол шығарма. Аңғарғыш, болжағыш болып өскен жас адам үшін қажетті жақсы қасиет пен дағды. Әңгіме бала тәрбиелеуші ата-аналар үшін де тағлымды.

- «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі оның таптық жіктелген қоғамдағы кездесетін жағдайларға балалар назарын аударады. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы екі әлеуметтік қабат өкілі болып табылатын балалардың өмірге, тіршілікке икемділігі арасындағы айырмашылықты нақты мысал негізінде ашып көрсетуге тырысты. Жас шамасы бірдей, бірі бай, екіншісі кедей баласы, екі құрбы бала. Жарлы баласы Үсен – тұрмыстың ауыртпалығын көре жүріп, еңбекте ысылған адам. Ауылдары көшіп кетіп, жұртта қалған балалар, далада жүріп тамақ тауып жеуіне, ауылдың қалай қарай көшкенін аңғаруына, түнде далада түнегенде ит-құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбек түрлеріне даяр болуы пайдалы болды. Ал бай баласы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан болып шықты. Кісі еңбегімен күн көріп, бейқам болып өскен бай баласы басына күн туғанда дәрменсіздігін көрсетті. Осы жағдайды суреттеп бере

келіп автор келешек Үсендер жағында екенін аңғартады. Сөйте отырып жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздады. Жазылған әңгіме сол уақыттың өмір-тіршілігіндегі шындыққа негізделіп жазылды;

- «Бақша ағаштары» әңгімесі баланың дұрыс тұлға болып өсуіндегі тәрбиенің маңызын дәлелді көрсетуге арналған: Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. "Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық өскен"? – деп сұрады баласы. "Атаныңның тілін алсаң, сенде ана ағаштай түп-түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай боласың. Мынау ағаш – бағусыз өз қалпымен өскен", – деді атасы. "Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой", – деді баласы. "Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қатенді түзетіп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің"[3]. Тек әке мен шешеге ғана қатынасты емес, бүкіл қоғамға қатынасты мәңгілік маңызды мәселе.

Өзінің «Қыпшақ Сейтқұл» атты шығармасын қазақ қауымдастығын отырықшы шаруашылыққа насихаттаушы ғана емес, оның жолдарына, әдіс-тәсілдеріне үйретуші, сол уақыт үшін танымдық, тәжірибелік ақыл-кеңес, әңгіме жанрындағы бағдарлама деуге болар. Онда «отырықшылықтың» не екені, егін егіп, мал азығын дайындап, үй салып, малды қасқырдан сақтау үшін қора салудың қажеттілігі, пайдалылығы баяндалды. Алған егінді өңдеп, ұқсатып, базарға шығару, тауар ретінде сату, тұрмысқа қажетті басқа заттарға айырбас жасаудың пайдалылығы жазылды. Көрші халықтармен экономикалық арабайланыста болудың пайдалылығы, егіншілік пен тауар саудалаушы базары дамыған қоғамдық ортамен арабайланыс орнатудың тиімділігі атап көрсетіледі. Бір қарағанда қарапайым әңгіме болып көрінгенімен, Ыбрайдың бұл шығармасы бірқатар мәдени, экономикалық қоғамдық қатынастар мәселесін ашып көрсетіп, оның қыр-сырын баяндап беріп тұр. Осы әңгіме оның «озық орыс мәдениетінен» халқын шақыруының елеулі бір қыры байқалып тұр. Оның айтып келген «мәдениет» тек әдебиет, өнер, ғылым емес әрі экономика салаларын дамыту мәселесін қоса қамтиды. Әсіресе халықты отырықшылыққа бағдарлау мақсатына байланысты. Ол мемлекеттің қазақтарды жұттан қорғаудың басты жолы оларды отырықшылыққа мәжбүрлеу деп танып, осы бағытта арнайы бағдарламаның даярлануымен таныс болатын. Алайда күштеп отырықшылықты қолға алуға ол қарсы болды. Ыбрай пікірінше, өзіндік тарихи мәдениеті, экономикалық-шаруашылық мәдениеті ғасырлар бойы қалыптақан халыққа сырттан әкеліп басқа өмір-тіршілікті таңу ауыр салдарларға алып келеді. Оның үстіне, қазақ даласы кең болғанымен барлық жерлер егіншілікке қолайлы да емес. Жер кеністіктері зерттеуді талап етеді. Жер шаруашылығымен шұғылдану үшін аграрлық еңбек дағдысы, жабдықтар қажет. Үкімет билігі қазақжеріне арнайы аударған орыс қоныстанушыларынан көрші қазақ қауымдастықтары өздері көріп, үйреніп, егіншілік мәдениетіне өздері бейімделгені әлдеқайда тиімді болар еді деп санады ол. Мал шаруашылығы туралы ойларын білдіре отырып, табиғатынан шебер мал өсіруші қазақтардың Ресей елі экономикасына өзіндік қосатын үлесі мол деген пікірін айта жүрді. Аталғанидеялары мен ойлары мазмұны ретінде оқулыққа енгізілді.

Міне, осылайша, Ыбрай шығармалары арқылы тек оқулық мазмұнын жазып қойған жоқ, оның мазмұнының шынайы дамытушылық, болжамдық, бағдарлаушылық мәніне зор көңіл бөлді. Нақты өмірге, әлеуметтік орта мәселесіне, болашаққа бағдарлады. Оқулық мазмұнын жасауда тәрбие мен оқу ісін қатар алып жүрудің үлгісін көрсетті. Осындай тағлым мен тәжірибе қазіргі уақыттағы оқулықтар жасаушылар басшылыққа алынатын Ұлы педагогтың әдіснамалық, әлеуметтік, мәдени сабақтары.

Алтынсарин Ыбрайдың қоғамдық қызметі оның өзінің тікелей ұйымдастырушылық, басқарушылық және оқытушылық қатынасуымен қазақ даласында ашылған зайырлы мектептермен байланысып жатқанын біз баяндаған едік. Ол мектептердің ашылуына патша өкіметінің мүдделілігі, отарланған өлкені басқару ісіне оның өз арасынан шыққан сауаты азаматтардың қажет болғаны, ол мектептерде орыс алфавитін енгізудің зор саяси мақсаты болғандығын да атап айтып кеткен болатынбыз. Осының бәрін біле, түсіне тұра Ыбрай орыс-қазақ мектептердің ашылуы үшін бар күшін салып қызмет етті. Себебі, ең алдымен бұл мектептер қазақ ортасына білім мен мәдениет әкелетін еді. Ыбрайдың өзі Орынбор мектебіне қабылданған 30 баланың бірі болғанын есепке алсақ, ондаған жас қазақ балаларының осындай мектептерден білім алуы, сөзсіз, өркениеттілікке бастаған елеулі қадам болды. Олар ертеңгі заң қызметкерлері, тілмаштар, билік шенеуліктері, мемлекеттік билік істерін жергілікті орындарды жалғастырушылар, халық арасын аралап, ресми билік талаптарын өткізушілер. Бұл жастардың патша үкіметінің қызметкерлігіне даярланушылар екенін ескере отырып, ағартушы өзі жасаған оқулығы арқылы оларды адамгершілікке, әділдікке, қарапайым халыққа мейрімділікке тәрбиелеуге тырысты. Олардың арасынан болашақта демократ, гуманист, озық мәдениетті халық арасына таратушылар өсіп шығады деп сенді.

Білім инспекторлығы қызметі жылдары биліктің шынайы ниетін, жергілікті бай-билеушілердің халық

мүддесіне келгендегі екіжүзділігін тереңінен танып білді. Екі жақ үшін де қарапайым халықтың сауаттылығы, мәдениетін көтеру ісінің қажеті жоқ еді. Біріне сенімді қызметкерлер, екіншісіне билікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін көмекшілер даярлау қажет болды. Ал қазақ халқының біліми қараңғылығы мен кедейшілігі ағартушының жанын ауыртты. Өзінің өмірлік ұстанымы айналасындағы билік тізгінін ұстағандар көкейіндегімен қарама қарсы келіп жатуын біле тұра, қызмет барысында моральдық соққыларға жығыла жүріп, түпкілікті мақсаты үшін күресін қайсарлықпен жалғастыра берді. Бірде ол өзінің сенімді досы болып саналатын, ішкі ой-пікірі мен жанайқайын білдіріп тұратын, қыметтес болған Николай Ильминскийге былай деп жазды: «Менің атқарып жүрген істерім мен мектептерді дамыту турлы түсінігім Үкіметтің талабымен сәйкес келетіндіктен мен Басшылық тарапынан қажет болған жағдайда қолдау таба аламын деп ойлаушы едім. Алайда менің мұндай қолдауға үміттенуім бекер сияқты. Бірақ мен өзімнің халқыма қаншалықты күш-қуатым жеткенінше пайдалы болу сенімім мен тырысушылығымнан еш уақытта кейін шегінбеймін»[4].

Оның ашу-ызасын тудыратын жайдың бірі қазақ билеушілерінің халқы алдындағы сатқандығы, отарлық жағдайдан шығу мақсатындағы ауызбіршіліктің жоқтығы, өздерінің қарапайым халыққа жеккөрінішті және жаныашымастық, озбырлық, қанаушылық қатынасы. «Қырғыз хрестоматиясы» кітабындағы бір шығармасында ол былай деп жазды:

«В порочной стране, сидят на троне ханы,

Отнимают они добро у бедных, передают богатым...»[5]– деп феодалдық-патриархалдық тәртіпті сақталып отыруын, оның басты алыпбарушыларын сынға алады. Олардың тек өздерінің ғана эгоистік мақсатынан аса алмайтындығын, заң жүргізушілерден де кедей-кепшіктің әділдік сұрап ала алмайтынын былайша бейнеледі:

«Когда стоишь перед судьей, знай-это не защитник твой,

Что скажет правду смело, лишь взятка сможет все решить:

Твой скот поможет завершить благополучное дело»[6]

Сөзсіз, осындай ой мен көзқарастың иесінің билік пен үстемшілерге, тапсырған істе зор іскерлік көрсетуіне қарамастан, ұнай бермейтіні анық. Халықты ағарту ісіне олардың немқұрайдылығы ол да бар. Қоғамдық маңызды істі зор ынта жігермен орындап жүргеніне қарамастан, Ыбрай жұмыс барысында істес болуға тура келетін ресми тұлғалардың тарапынан жек көрушілік, шығарыпсалма психологиясын, бұқараның мәдени тіршілігіменмен санаспушылық, білім мәселесіне мән бермеушілік фактілерімен жиі жүздесіп тұратын. Бұл жағдайдың бәрі оны барынша қынжылтты, жанын ауырттып, денсаулығына зиянын тигізіп отырды.

Ыбрай мектепте оқушы қазақ балаларының орыс тілін жақсы меңгеруіне және ой-өрісін кеңейтетін жалпы білім алуына зор мән берді және оқу бағдарламаларын осындай көзқарастар тұрғысында жасады. Қазақ халқының рухани дамуына қарсыларға бұл ұнай қоймады. Басшылық балаларға берілетін жалпы білім өлшемін азайтып, оның орнына қолөнерге бағдарлайтын сабақтарды көбейтуді талап етті. Оқыту уақыты көлемі өзгеріссіз қалуы керек болды. Алтынсарин бұл бағыт оқушылардың тілдік даярлығы мен сауаттылықты игеруіне зиянын келтіреді деген дәлел айтып генерал-губернатор ұсынысына қарсы шығады. Ол бұл мәселе жайлы досына былай деп жазған болатын: «Мен генерал-губернаторға келіспеушілік өтінішін беруге батылдық жасадым, ол ұсынған өзгерістер қырғыз училищелері көздеген басты мақсатқа – қырғыз балаларын орыс тілі мен қатесіз жазуға үйрету ісіне бөгет болар еді, онсыз да практика көрсеткендей, жалпыбілім беретін пәндер курсына уақыт берген жағдайдың өзінде қырғыз балалары орыс тілі мен сауаттылықты зор қиындықпен игеріп жүр»[7].

Осындай батылдық жасауы губернатор ашуын туғызып, оны өзінің сүйікті ісінен айырып, жер аударып жіберу қаупін төндірді. Тек В.В. Катаринскийдің* араласуымен ғана мәселе реттелді.

Жоғарыда айтып кетілгендей, Ыбрай қоғам дамуындағы ескілікпен, отарлық саясат салдарларымен күрестің мәдениет жолын таңдаған күрескер. Әйтпегенде ол әлде қашан қызметінен қуылып қана қоймай, басқа – революцияшылар сияқты қоғамдық өмірден біражола шеттетіліп, шеткі аймақтардың біріне жер аударылып кете барған болар еді. Соның өзінде айналасындағы оған түсінікпен қарайтын азғана топтан басқа шенеуліктероның қарқынды ағартушылық ұйымдастырушылық істеріне күдіктене қарады. Қазақ ортасында білімі бар сауатты адамдардың көбеюі мемлекеттің саяси стратегиясымен үйлесе бермейтін. Алайда жасалған бөгеттерді ол жергілікті билеушілердің ғана мүддесіздігі деп түсініп жүрді. Оны келесі бір үміт артатын адамына жазған хатындағы ой пікірінен де байқауға болады.

«Міне, қымбатты Владимир Васильевич, – деп жазады В.В.Катаринскийге хатында, – үкіметтің оларға соншалықты үміт артып, бұрынғы қырғыз билігін солардың қолына беріп қоюына қарамастан, дала әкімшілігінің халық біліміне қамқорлығының түрі осы. Ұсақ мүдделердің көлеңкесінде қоғамдық ұлы істің аяққа тапталуын айтудың өзі өкінішті. Оданәрі не боларын да білмеймін, шамасы жергілікті

әкімшілік тарапынан ешқандай жақсылықты күтуге болмайтын сияқты»[8].

Ыбрайдың жан айкайын оқи отырып, мемлекеттік мүддені өз мәнінде атқаруға құлықсыз шенді-шекпенділердің кездесуі тек өткен ғасырлардағы патшалық Ресей жағдайына ғана тән емес құбылыс екенін аңғарасыз. Тәуелсіз Қазақстан елінің мақсатты істерін іске асыру барысында осындай құбылыс сирек кездеспейді. Басқаны қойып дәл осы халық білімі саласында. Мемлекеттің «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын іске асыруға, басқа да мектептермен балабақшаларға қатынасты бекітілген жоспарларды іске қосуға мемлекеттік бюджеттен қаржысы беріліп отырған жағдайдың өзінде жергілікті билік орындарының салғырттығы мен басқа да біз біле бермейтін себептердің нәтижесінде олар сапалы салынбайды. Екіншіден, бизнес-мердігерлер уақытында істі бітірмей, мемлекеттік бюджеттен қосымша

**Катаринский В.В. Ы.Алтынсариннің өмірі кезінде, одан кейін де 27 жыл бойы Оренбург оқуокругында татар, башқир және қазақ мектептерінің инспекторы болып істеген азамат. Ол қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарын даярлаған. В.В.Григорьев, Н.И.Ильминский сияқты Ыбрайға жақсы ниет білдіріп, оның қызметіне қолдау көрсетіп келген тұлғалардың бірі. Авторлар.)*

қаржы сұрауы дағдылы әдетке айнала бастады. Оқу жылы басталар шақта үш аусымда және құлағалы тұрған катерлі мектепте оқушылардың оқу ісін бастағаны туралы фактілер журналистердің көмегімен қоғамдық ортаның назарына жетеді. Мәселе мемлекет қаржысының жетпей жатқандығында емес, мемлекет ісіне жауапты шенділердің бәрінің бірдей ел алдындағы жауаптылығын өз дәрежесінде сезіне бермейтіндігінде, немқұрайдылығында. Бірқаралары үшін ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді сәтінің де түсіп тұрады. Осыған қарап, Ыбрай уақытынан біржарым ғасырға жақын уақыт өткенімен әкімшілік қызметті алыпбарушылар арасындағы осындай керітартпалық дағдының өміршеңдік көрсетіп отырғанын байқаймыз. Ал ұлы демократ, ағартушы, ұстаз болса, өзі армандаған қазақ болашағынан мұндай келеңсіздіктерді кездестіруі ойламағаны анық.

Ал мектептерді өзінің «жеке меншік» пайдалы шарушылығына айналдырып, білім сапасы үшін істелуге тиісті қызметтік ісі атқаруды ойынан да әлдеқайда шығарып қойған директорлардың болып тұратыны да сізді тандандыра қоймас. Жүздің бесеуі болғанның өзінде жүздеген өскелең жастың білімдік-мәдени, кәсіптік, карьералық болашағына балта шапты олар. Саны және құқығы жағынан заңдандырылған бақылаушы мемлекеттік жүйе шенеуліктері де ондай «қисық» фактілерді көре бермейді. Ы.Алтынсарин «тағылық», «адам мүддесіне қастандық» деп айыптаған жемқорлықтың білім жүйесінде тамырланып алған соншалықты, бірқатар білім шыққан жастар оның әдіс-дағдыларын жете меңгеріп шығып, оны өзінің қызмет бабына тапқырлықпен пайдаланудан тайынар емес. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны аларсың» деген халық нақылы бұл салада белсенділік көрсетіп тұр. Осы жағдайлардың куәсі болып келе жатқан әлеуметтік орта XIX ғасырдағы Ыбрайдың жан дүниесін жаралап, халқы, елі үшін жасаған игіліктері ісіне бөгет жасағандар әрекетін қалай бағалаламақ...

Оның сыртында өткен ғасырдағы білімсіз қара түнек ортасы емес, сауатты, білімді XXI ғасырдағы қазақ ортасы көз алдында көрініс беріп жатқан келеңсіздіктерді неге әлеумет болып қолға алып, бақылап, реттеп отыра алмайды? Қирағалы тұрған мектеп орнына мемлекет бөлген қаржыға салынып жатқан мектептің құрылыс жұмысын бақылау ойына да кірмей, жемқор мердігердің саналы түрде ұқсатпай, уақытында жұмысты бітірмек түгілі қаржыны қымқыруына жол беріп, немқұрайдылық жасап отырған әлеуметтік орта мен ата-аналар бейқамдығын түсінудің өзі қиын. Дәл осы сауатты, бірақ қоғамдық санасы кешеуілдеп жатқан әлеумет тарапынан көрсетіліп отырған немқұрайдылық психологиясы өрбіген жемқорлықтың негізгі себептерінің бірі. Бұл жағдай таза ауыз су, индустрияландыру өндірістерін дамыту, жастарды жат идеологиялар мен психологияландыру қорғау т.б. қоғам өркениеттілігіне тікелей қатысы бар мәселелердің шешілуіне тікелей қатысты. Мемлекеттің стратегиялық бағдарламалары мен шешімдері ел мүддесіне бағытталғанымен көптеген оны орындаушы субъектілердің мемлекетке көрсеткен қызметі сын көтермейді. Қазақ тарихындағы Ұлы тұлғалар аңсаған заман ел басына туды, тек әлеуметтік сана мен мәдениет әлі ақсап тұр. Өкінішті әрі танымдық тұрғыда қызықты мәселе.

Осы тұрғыда Ыбрай Алтынсариннің он тоғызыншы ғасырдың ортасында, әлі крепостниктік тәртіптен шыға алмай отырған патшалық Ресей заманында «...бәрінен де қиыны халықтың қараңғылығымен күресу емес, үкімет қоғамның табысты тіршілігін қамтамасыз ету үшін тағайындалған білімді адамдармен күресу»[9] деген зор әлеуметтік-психологиялық күйзеліспен жазған ойы қазіргі қазақстандық қоғам үшін өзекті.

Екінші жағынан демократ ағартушыға мектеп, мәдениет, әділдік мәселесінде үнемі қазақ феодалдары мен мұсылман діни басшылығының қысым көрсетіліп отырды. Көрген қиындығы оның жүйкесін тоздырып, адами күйзеліске жеткізбей, денсаулығына зиянын тигізбей қойған жоқ. Осындай бір қиналысты шағында ол былай деп жазды: «Туған халқым үшін тағы бір қызмет жасаймын да, ғылыми-практикалық

ақпаратқа негізделген білім кітабын жазамын да, шамасы қаруды тастауға тура келеді, өзім малшы болып туып едім, енді біражола сол малшыға айналмақпын»[10]. Бірақ бұл кітабын ол баспадан шығарып үлгермеді, жүрек ауруы оны өмірден алып кетті.

Ыбрай мектеп ісін ауылдық қауымдастықтар, билік адамдары арасында насихаттай, мектептер мен мұғалімдік училищенің, қыздар мектептерінің ашылуы үшін қаржы жинай жүріп халықтың және қарапайым халықпен байлардың, билік адамдарының арақатынасын өз көзімен көріп, тереңінтанып білді. Сот жүйесінде қызмет ете жүріп бұл саладағы әділетсіздердің куәсі болды. Қазақтардың «бұратаналар», «жабайылар», «арттақалушылар» деп аталуын өзі қызмет еткен әкімшіліктер мен әскерилер арасынан жиі естуі оның жанына түрпідей тиіп, намысына тиетін. Білім ісі басшылығында жүріп, Торғай облысы бойынша халық училищелерінің инспекторы бола жүріп, халық біліміне деген әкімшіліктердің немқұрайдылығын, бұратана халықты сауаттандыруға ресми билік пен оның жергілікті билікті жүргізушілерінің барынша қарсы екенін, олардың қазақ халқын мәдениеттендіруге емес, керісінде, орыс және мұсылман миссионерлігін екпінді жолға қойып, діншілдікті қазақ даласына кең таратып, діни сенім күшімен илеп-езіп отыруды көздейтінін әбден түсінді. Қалың қазақ ортасынан да оны қолдаушылар көп бола қойған жоқ. Дегенмен халық үшін жасаған жасампаздық еңбегі оны қауымдар арасында танымал етті, халқының ықпалына ие болған елеулі ел азаматы етті. Прогрестік көзқарастағы билікке қатынасы бар орыс, қазақ азаматтары оның ісіне түсінікпен қарады, қолдады. Өз өмірінің мақсаты мен мәні еткен туған халқына білімділік пен озық мәдениет әкелу ісі жай ғана мектеп немесе орыс әдебиеті мен тілін оқыту мәселесі емес еді. Оның басты мақсаты – халқына («своим родичам») өзінің қоғамдық жағдайын өзі өзгерте алатындай деңгейге жеткізетін білімділік пен жоғары мәдениет, жоғары мәдениетке негізделген жоғары қоғамдық-әлеуметтік сана жеткізу. Бұл өзі тіршілік еткен ортада дауыстап айтыла бермейтін жүрегінің түбіндегі сыры болатын. Отаршылдық езгіден, таптық қанаудан, артқа тартқан қараңғылықтан туған елін алып шығудың Ыбрай таңдап алған жолы осы еді. Басқадай жол оның қысқа өмірінде атқарып үлгерген істеріне біражола тосқауыл болған болар еді. Мемлекеттегі жағдайды сезімталдықпен, шынайылықпен сараптай отырып таңдап алған күресі жолының даналығының дәлелі.

Патшалық билікті құлатпақ болып қолына қару алғандар мен террор жолымен билікті өзгертіп, демократия жолын орнатпақ болғандардың қай орыннан табылғандары белгілі. Сібір түрмелері, Ресейдің шет аймақтарына айдалғандар, өмірі қыршын болғандар. Бұл жолды таңдағандар Ыбрай сияқты жалғыз да болмаған. Олар елеулі әлеуметтік топтар, бірлестіктер, жоғары әлеуеті ортаның өзгеше саяси көзқарастағы буындары. Олардың елеулі әлеуметтік базалары болған, саяси күрес әдісінің тактикасы мен тәжірибесін меңгерген. Демократия, әділдік жолындағы күреске бел буған, белгілі бір деңгейде бұқара мүддесін көздегендер. Ал Ы.Алтынсарин болса өзінің жалғыз-жалқы екенін, оның жағдайында ашық саяси күрес оның қолы емес екендігін жақсы түсінген, мүмкіндігін шындықпен өлшемдеген қоғамдық тұлға. Сол себепті кейбір оның өмір-тіршілігін зерттеушілердің «ол саяси күрес деңгейіне көтеріле алмады», «таптық қарама-қайшылықтың саяси қырын жете ұғына алмады» сияқты бағалаулары орынсыз деп түсінеміз. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның «Елдің жоғары дамуының, әлемдік бәсекеге төтеп беруінің басты алғышарты интеллектуалдық ұлт қалыптастыру» стратегиясын саяси мәнді стратегия емес деп кім айта алады? Қазіргі жаһанданушы әлем және әлемдік алпауыттардың ықпал аймағы үшін жанталасқан жарысы жағдайында мәселені қарудың үші емес, мемлекет халықтарының ақыл-ойы, интеллектуалдық күші мен атқарушы үкіметтің адамгершілікті ішкі және сыртқы саясаты шешеді. Басқа жолдар бүкіл адамзат үшін қатерлі жол. Ыбрай дәл қазір арамызда болса, ол тағыда білім, мәдениет, тәрбие мәселесін ең бірінші мәселе етіп көтерген болар еді. Өзінің туған халқынан, бұрынғысынша, білімділікпен, жоғары мәдениеттілікпен қоғамдық мәселелерді шешуді және өзі армандаған тәуелсіз қазақ елін қырағылықпен сақтап қорғауды сұраған болар еді.

Демократ Алтынсарин қазақ даласындағы әлеуметтік қарама-қайшылықтарды көріп, ішкі дүниесімен түйсініп, қарама-қайшылықты экономикалық жағдайды да бағдарлады. Адамды адамның қанауын жек көрді, өзінің қоғамдық-саяси пікірінде жасырып қалмады. Алайда, жоғарыда атап кеткеніміздей, ол еуропадағы революцияшыл ортадан алыста, Орыс державасының отары кеңістігінде, мемлекеттік қызмет бабында тіршілік етті. Ресейдің батысында болып жатқан идеялық, саяси буырқанулардан оны хабардар болмаған адам деп ешкімде айта алмайды. Ол күрестің өз мүмкіндігі шеңберіндегі қолайлы және болашақты мақсатын іске асыру үшін бірден-бір қолайлы жолын таңдады. Басқаша тілде, қоғамды өзгертудің ресолюциялық емес, эволюциялық жолын таңдаған саясаткер. Қызыметі мүмкіндігін өз идеясын іске асыруға барынша тиімді пайдалануға тырысты. Өз еңбегінің алғашқы жемістері мен жеңістерін көрді де.

Мемлекеттегі саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты ол өзінің баспасөз беттерінде, қоғамдық орындарда айта алмаған пікірлерін тек сеніміне ие болған бірен-саран адами еңселі тұлғаларға ғана

жазып, білдіріп отырған. Сол хаттың біріне назар салып көрелік.

«Қызмет барысында мен жиі қазақтармен шайқасып қаламын. Олардың қатарында өз туысқандарым да бар. Олар туралы көп білемін және көбін өте жек көремін. Менің қаталдықпен айтып отырғандарым Орданың қызмет атқарушылары. Олар адамгершіліксіз, ұятсыздықпен қазақтарды тонауда, барын тартып алуда. Кедей, қорғаусыз қойлар өздерін еш қарсылықсыз қасқырлар жемтігіне беруде. Менің жұмысым болмасада, оларға қарап менің жаным ауырады, өте қатты ауырады»[11].

Біздің кейбір отандық тарихшыларымыздың кейбірінің елдің Ресейлік отарлық пен советтік Орталық режиміне тәуелділіктеп босап шығып, саяси бостандық алған мемлекет болып құрылуы жағдайында қазақ ортасына қатынасты мәселелерді біржақты бағалап кететін жайлары кездеседі. Бидің де биі, ханның да ханы болған. Бай мен кедей болып жарылып отырған әлеуметтік қабаттар да болған. Тайпа, Ру, Жүз болып бірігу ұланғайыр территориялық кеңістікте топтасып, үйірлесіп тіршілік етуге зор ықпалын тигізгені рас. Қазіргідей біртұтас қуатты мемлекет, басқару, ұйымдастыру жүйесі мен байланыс жолдары мен технологиялары болмаған уақыт үшін ол маңызды әлеуметтік-саяси құбылыс болған. Бірақ өткен шындықты асыра бағалап, қазақ тарихында болып келген әлеуметтік-таптық қайшылықтарды көлеңкелеп көрсетуден ешкімге келер пайда жоқ. Әсіресе қазіргі заманда, қазақстандық халықтың әлеуметтік-таптық жіктелудің жаңа замауи құбылысының қойнауында отырған жағдайында. Өткен ғасырларда өмір сүрген біздер үшін Ыбрай, Шоқан, Абай сынды ұлыларымыздың көріп білген шындығы-шындық.

Осы тұста әлеуметтік-тарихи ұлылардың жазған хаттары туралы біраз пікір білдіре кетуді жөн көрдік.

Қоғамтанушы ғылымдарда «Академиялық жазу» деген ұғым бар және оның жазылуы бар. «Академиялық» деген ұғым, біздің түсінігімізше, ғылыми құндылығы бар, ғылыми негіз, ғылыми зерттеу, ғылыми жұмыс деген мазмұнға саяды. Танымдық сипаты мен мазмұны бар, әлеуметтік мәнді мәселелерді қозғап, оны ой толғау өзегіне алған, әлеуметтік қатынастардың қырларын көрсетіп баяндаған хаттар, сөзсіз академиялық жазудың өзіндік жанры болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда Ыбрай Алтынсарин ғылым үшін маңызды осы жанрдың түрін кең қолданған. Осы жанр оның қоғамдық ойын, пікірін білдірудің, өмірлік шындықтарды сипаттап көрсетіп берудің, адамаралық қатынастардың қыр-сырын ашып баяндаудың (осылай болады деп ойламады да) негізгі бір құралы болды. Осындай жанрды құралы етуге оның өмір-тіршілігі ортасының өзіндік ерекшеліктері алып келді. Қоршаған ортасында трибунадан, көпшілік назарына түсетін басқа ақпарат құралында өз пікірін жария етуге болмады, әйтпегенде оны қабаттасқан билік ұстаушылар отасы оқытушылық және білім инспекторы қызыметінен айыратыны сөзсіз еді. Өзінің қоғамдық көзқарасын негізінен астарланған, әңгімеге айналдырған формада шығармалары мен оқулықтарында жазады. Оқушыларға сабақ, тәрбие болсын деп енгізді. Айталық, зерттеуші А.С.Ситдыковтың жазған кітабінде Ыбрайдың мына бір шумақтары келтірілген:

*«Хан, не зная правды, чинит насилие,
Знай, государь, придет час возмездия,
И тот, кого ты обидел, доберется до тебя»*[12].

Мазмұнына қарағанда Ыбрай оны Махамбет Өтемісовтың өлеңдерінен, махамбеттік үнімен оқулыққа енгізіп келтірсе керек. Ол өз ойындағыны пікірі сәйкес келетін басқа авторлар тілімен келтіру тәсілін қолданған. Тағы бір дәлел, кедейлерге деген жанашырлық сезімін ол ақын Кудеридің тілімен баяндаған:

*«Господин, господин! – заставлял ты везде повторять,
Сам старалсы до нитки меня, бедняка, ободрать.
Ей богач! Как у всех, жизнь твоя быстротечно пройдет,
И бедняк тебе справедливо судью найдет,
Будетъ день-день рзбора всех жалоб»*[13].

Келтірілген өлең жолдары Ы.Алтынсариннің өзінің де көзқарасы мен әлеуметтік-саяси ой-пікірін бейнелеп тұр. Сол себепті іріктеліп алынған, оқулыққа енгізілген материалдар.

Аталған шумақтарын арнайы іріктеп алып оқулық мазмұнына енгізуі оқып жүрген жастарды сол кездегі қоғамық шындықтармен таныстыру, оларды әділ, шыншыл болуға, айналасындағы әлеуметтік құбылыстарды дұрыс бағалай білуге, халық, кедейлер мүддесіне түсінікпен қарауға тәрбиелеу. Әрі демократ педагог білім саласындағы патриоттықпен, халқына деген шексіз сүйіспеншілігімен атқарып жүрген іс-әрекетіне өзінің бөгет болмауын көздейді. Өз тактикасы өзіне де ұнап тұрған жоқ. Алайда басқа шара да жоқ. Ыбрайдың: «Мен, бейімсіз, бағына салуды білмейтін қазақ, қажеттілікке байланысты белгілі бір айталы адамның рөлін ойнай бастадым» деп жазуы осының айғағы[14].

Бірде Ыбрай өзінің сенетін досы Николай Ильминскийге өз ағайындарымен болған бір уақиға туралы қызықты хат жазды: оның екі немере туыстары болыс басқармасы қызметіне таласады. Бәсекелі күрес болыс тұрғындарының екі жарылуына алып келеді. Екі ағайындылар араздығынан басталған бұл дау-дамай болыс халқының да екіге бөлініп күйзелуіне әкеледі. Ақыры халық аталған болыстыққа білім

инспекторы ретінде қызмет бабымен келген Ыбрай Алтынсариннен ақыл кеңес сұрауға мәжбүр болады. Ал ағайындары болса халық ұстазының татуластырмақ болған әрекетіне көнбейді. Арам талас, ұрыс-жаңалға бой алдырған екі феодалдың райларынан қайтпайтынына көз жеткізген Ыбрай халыққа басқа бір үшінші адамды болыс бақармасы етіп сайлауды ұсынды. Қарсылас жақтар солай жасады да. Нәтижесінде феодал туыскандары мен жергілікті әкімшілік өкілдері оған әртүрлі жалалар жауып жоғарғы басшылық-тарға өтініш жаудырды. Тіпті оны үкіметке қарсы шығушы революционер социалист, халықты бүлікке бастаушы деп жала жабады. Білім министрлігіне шағымданған хаттар да түседі. Ісі сотқа дейін жеткізіле-ді. Сол себепті Басшылық оны алыстан шақыртып алып тергеу жүргізеді. Алтынсаринге еш негізсіз ар-намысына тиетін іске қатысты болып, түсініктеме беріп, өзінің кінәсіздігін дәлелдеп шығуға тура келеді. Әйтеуір, жұмысынан босатылмай, айыптаушылар талап еткендей Торғай өлкесінен қуылмады. Білім беруді ұйымдастыру ісін жалғастыру жұмысы мүмкін болып қалдырылды[15].

Бұл ақпараттан біз ағартушы күрескердің феодалдық кертартпашылықтар, пасық мінез атқамінерлермен, қазақ даласын отарына айналдырған ұлы державаның билікшіл өктемдігімен, бас көтерген көкірегі ояу азаматтарды әлеуметтік-психологиялық қорлауымен үнемі бетпе-бет келіп, халқының білімді, демократиялық болашағы үшін күресіне белшесінен бата жүріп, әрдайым өзінің жалғыздығын сезініп өткенін байқамыз. Бұл жиырмашыншы да мыңжылдық емес, әлі қоғамдық қатынастардың ескілігіне батып жатқан онтоғызыншы ғасыр болатын. Осындай тарихи жағдайда толық емес ортабілімі ғана болғанымен өзіндік ізденісі мен өмірден тоқығанынителлектуалдық қуаттылықтың қайнар көзі еткен ірі қоғамдық тұлғаның пайда болуының өзі таңдандыратын жағдай. Біз осы тұста адамның өзіндік ізденісінің тұлғаның қалыптасуының шексіз мүмкіндігі екеніне сене түсеміз. Бірақ білім мен ізденіс те жеткіліксіз. Өзінің ой жүйесі мен мақсатты ісіне тағылықпен қараған қоршаған ортада тарихи ізгілікті іс атқару тек ерекше әлеуметтік мінезі бар адамның ғана қолынан келді. Ондай мінез Ыбрайға оның шыншылдығымен, танымдық сергектігімен, зор әлеуметтік сезімталдығымен және болашаққа бағдарлану қабілеттілігімен келді. Ол бақылау, бағдарлау мүмкіндігі жоғары тұлға. Қоршаған қоғамдық тұманды ортада саралы жолын таба білді, жалғыз бір өзі ғана қазақ даласына еш уақытта сөнбейтін, ешкім сөндіре алмайтын мәдениет пен жоғары патриоттық рух сәулесін төгіп үлгерді. Шынайы патриоттық, елін, халқын сүю деп осыны айт! Қоғамдық ісі барысында тар жол тайқақ кешіп киналсада, жеке адамдарды қойып, ресми биліктің қыспағында жүріп жаны жараланған шақтарда да оның аузынан «менің халқым», «туған халқым үшін» деген сөз түскен емес. Отарлау саясатына қарсы, халықты бір емес, екі жақты қаналушылыққа қарсы жұдырығымен, қолға қару алуымен емес, ақылымен, жоғары санасымен, интеллектуалдық күш-қуатымен күресті. «Білімді мыңды, білімсіз бірді жығады» деген осы болар. Ол тек балаларды ғана оқытып тәрбиелеп қойған жоқ, айналасындағы билік пен байлық иелерін де тәрбиеледі. Оларды «жабайлықтан» шығудың, қоғамдық қатынастың артта қалуынан шығудың жолы білім мен озық мәдениетте екенін үйретті. Халық арасында тек мал шарушылығымен шұғылданып қоймай, біртіндеп отырықшылыққа да бет бұру қажеттігін насихаттады. Ресми үкіметтің діндерді халық арасына тықпалауының негізгі көздеген мақсатын түсіндірді. Басқа халықтардың озық мәдениетінен үйренуге шақырды әлеуметі ортасын. Мәдени байланыстың халықтар арасындағы байланысқа негіз болатынын өзі ғана түсініп қойған жоқ, кең насихаттады. Өзінің тікелей қатынасымен, ұйымдастыруымен ашылған зайырлы мектептердің осы істерді атқаруға негіз салатынына сенді. Ыбрайдың өз идеялары мен мақсатының болашақта іске асырылуына сол мектептер түлектерінің зор үлес қосатынына сенімі жоғары болды. Сенімділік берген негіздің бірі – Ұлы ұстаздың өз ойымен жазған оқулықтары, оқу-тәрбие құралдары. Оқулық ішіне автордың ой өрісі, әлеуметтік сезімі, болашақты болжауы салынды, оқулықтар мазмұнынан оның күтілген жарқын, өркениетті қоғамын аралап жүрген жүрек соғысы естіліп тұрды.

Халықта «Жалғыз ағаш орман емес» деген нақыл сөз бар. Иә, Ыбрай Алтынсариннің әлеуметтік тұлғасы оны сол уақытта қоршаған адамдық ортадан бой көтеріп шыққан Жалғыз ағаш етті. Алайда ол болашақ орманның тұқымын сеуіп үлгерді. Бүгінгі Қазақстан алтынсариндер орманы алаңы деуге болар. Білім мен мәдениет ісіне Ыбрай сияқты жан-дүниесімен, ел мүддесі тұрғысында шын ықласымен еңбек етіп жүрген ұстаздар да, қоғам қайраткерлері де бар. Олардың алдынан шығатын қиындықтар да аз бола бермейді. Қиындықтардың да өзіндік сипаты мен сырлары бар.

Дегенмен, Ыбрай өзінің жоғары мәдениеті мен жалпы адами қасиеттерінің арқасында біражола жалғыз да болған жоқ. Қысылтаяң шақтада қол үшін берген білікті, жоғары мәдениеті жандар оның өмір-тіршілігінің мәнді бола түсуіне ықпал етті, сүрініп құлап кетпей, алға жылжи беруіне рух берді. Олардың аттары жоғарыда аталды. Дегенмен, ұлы ойшыл пікірлерін жасырмай назарына ұсынып, жан-дүниесінің толғаныстарымен бөлісіп келген Николай Иванович Ильминскийдің азаматтығын атап айту парыз. Егер оған деген жылы ықласы, адам, әріптес ретіндегі сенімі болмаса біз үшін әлеуметтік-тарихи дерек көзі болып отырған хаттар жазылмаған болар ма еді. Ең бастысы, бізге, келер ұрпақтарға олар хаттар, шынайы дерек

көздері ретінде жетпей қалуы да мүмкін еді. Н.Ильминскийдің ол хаттарды танымдық ақпарат көзіне айналдырғаны, Ұлы тұлғаның өмір-тіршілігінен осылайша хабардар еткені үшін айтар алғыс пен ризашылық сезімі мол. Екі азаматтың достық қатынастары «әртүрлі ұлттар азаматтары сыйласымдылығы негізінде екі жақтың білімдік-мәдени теңдігі» жатады деген тұжырымның қай заманда болса да өзекті екенін байқатады. Ресей патшалығы үкіметтің бұратаналар арасындағы сенімді өкілінің бірі бола тұрып, Ильминский неге Ыбрайға құрметпен қарады, неге оның жазған хаттарын әлеуметтік мәнді құндылықтар деп санады, неге оны ғылыми-практикалық еңбек құбылысына айналдырды? Себебі Алтынсарин ол үшін тек үкімет жарлығын біліктілікпен атқарушы болған жоқ. Әріптесі оның тұлғасынан прогресс үшін, халық мүддесі үшін күресушіні көрді; ержүрек қайтпас қажырлы, сөзі мен ісі бір-біріне қайшы келмейтін азаматты көрді; білім мен мәдениетті, кәсіби біліктілікті көрді; бір бейнесіне сол уақыт адамдарында кездесе бермейтін шынайы адами қасиеттерді топтастырған тарихи тұлғаны көрді. Осы түсінік оны Ыбраймен достық қатынаста болуына, зор құрметпен және ықласпен ол туралы кітап жазуға алып келді. Адам өркениеті үшін маңызды іс жасатты.

Алтынсариннің жеке тұлғасының өзі тәрбие мектебі болып тұрды. Оны жақын таныған қызметтестерінің қазақ даласы мен халқына деген көзқарыстары өзгерді, оның туған елі ортасына құрметпен қарай бастады. Ел арасына шығып қазақтың әдет-ғұрпын, тіршілік дәстүрлерін танып білуге қызықтырды. Тіпті Ильминскийдің досының көмегімен қазақ тілін үйренуге де талпыныстар жасады. Тілмәштің көмегімен емес, өзінің қазақтармен сөйлесікісі, сол арқылы оған жақын келуге ұмтылыс жасады. Аталған жайдың өзі Ыбрайдың ағартушылық қызметінің жан-жақтылығын, ондай адамдардың тек қызметі ғана емес, әлеуметтік тұлғасының өзінің айналасы үшін тәрбиелік мәні зор Мектеп болатынына сенімімізді арттыра түседі. Тіпті мұндай тұлғалардың ісінің көпшілік алдында талқыға түсуінің, ісінің сотта қаралуының өзі кері әсермен аяқталады. Процесске қатысушылардың өзі үлкен сабақ алып шығады. Оған «Киргизская степная газета» бетінде Ыбрайдың қайтыс болуымен байланысты жарияланған мына бір пікір де куә бола алады: «Партиялық күрес жағдайында қазақтар кінәсі жоқ белгілі тұлғаларға қара күйе жағуға қаржысы мен күшін салуға ұялмайды. Осылайша марқұм Алтынсаринге, ар-ұяты барынша таза адамға, бар күш-жігерін салып, өмірінің басым бөлігін өз халқы үшін, өз қаржысы мен денсаулығын аямай еңбек еткен адамға, сайлау барысында істі бейбіт жолмен шешуге ақыл-кеңес бергені үшін ғана кір тастар лақтырылды» [16]. Өзі өмірден өткеннен кейінгі қоғамдық ойдың бір көрінісі осындай.

Ыбрайдың қазіргі қазақстандық қоғам үшін сабақ болар басқада бірқатар қоғамдық ойлары бар. Соның бірі дін мен діни сенімге байланысты. Патшалық Ресей тұсында «бұратана» деп аталып кеткен отарлаған аймақтар халқын христиан және мұсылман діндерімен діндарландырып, сананы бейімдеп бағындырып алу арқылы ықпалын еркін өткізу саясаты, оның қарқындылығы туралы жоғарыда баяндалған болатын. Сондай замандарда өмір сүрген ғалымның, қызметкердің, қоғам қайраткерлерінің осындай психологиялық ағыстан біражола сырт қалуы мүмкін болмаған. Батыста және олардың отарланған елдеріндегі жағдайлар да осылай болған. Ал Ұлы ұстазға тән бір ерекшелік, табиғаттан жоғары тұрған құдретті күшке сенімнен біражола тыс тұрмағанымен, зайырлы мектептердің дамытылуын медреселер оқытатын діни схоластикадан балаларды аман сақтаудың бірден-бір жолы ретінде бағалады. Оқушылар арасына мистикалық, идеалистік көзқарастың енуін құптамады. Мектеп оқушылардың дүниеге деген шынайы практикалық көзқарасын қалыптастыруы керек. Осы ойын білдірген кезекті хатында ол былай деп жазды: «Билігіндегі халықтарды адамгершілік және экономикалық дамыту үкіметтің мүддесі болуы тиіс, кешіктірмен қырғыз Даласында орыс-қазақ мектептері дамытылса ол татарлық ілімдерді ығыстырып шығара алмағанның өзінде, халық дамуына тежеу болып отырған керітартпашылық көзқарастарға қарсы келе алатын күшке айналар еді; қырғыз халқының әліде жойылып кетпей сақталып келе жатқан, өмірдің өзінің практикасынан алынған дәстүрлерін діндердің ықпалынсыз жеткізуге мүмкін болып, халықты адамгершілік іріп-шіруге жібермеген болар еді» [17].

Қазіргі жастар арасындағы жазықсыз адамдарды қырып-жоюға барған жанкештілікті, халықаралық және ішкі террорлық іс-ірекетке ынта-жігерімен қатынасшылардың табылуын, әркелкі діни культтар мен секталардың психологиялық тұтқынына түсіп, отанын азамат ретінде қорғаудан бас тартуын, шынайы өмірдің сұраныстарын емес, «о дүниенің» сұраныстарын басты құндылығына айналдыруын, заңды және тәуелсіз мемлекет орнына мистикалық ілімге негізделген халифат орнатып, елді орта ғасырға қайта алып келгісі келетіндерді адамгершілік іріп-шіру демей, не деуге болады. Өкінішке орай, көзқарастық адасуға ұрынғандар тек жастар арасында емес, ғылыми және саяси ортада да ақыл есін идеализмге алдырғандарда баршылық. Осындай қауымдастықтың Қазақстан деп аталатын өркениетті елдің түбірімен құрып кетуіне мүдделі халықаралық және ішкі күштердің сүйенетін әлеуметтік базасы. Сол үшінде ондай қозғалыстар жасырын-жабық қаржылық, психологиялық, ақпараттық, техникалық жан-жақты қолдауға ие болуда.

Діни схоластиканың мектеп, білім институттарының ішінен әрекет етуі, егер бұл жағдай әлеуметтік бақылаудан шығып кетсе, жақын болашақтағы салдары Ұлылар арман еткен өркениетті қазақ елінің алдын кесуі мүмкін.

Ыбрай қазақ даласы тарихындағы өткен уақыттың шындығы емес, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени ілімдері мен жоғары патриоттық рухы арамызда жүрген ұлы ойшыл және ұстаз.

1 Тәжин М. *Ұлттық тарихи жадыны сақтап қалу – өз-өзіңді сақтап қалудың жалғыз жолы* //«ҚАЗАҚ» газеті, 21-28 маусым, жұма, 2013, №25-26.

2 Қазақ хрестоматиясы.-Орынбор, 1906; Мәктубат,-Қазан, 1896, 1899;Киргизская хрестоматия.- Оренбург, 1879, 1906.

3 Ыбрай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы /Бас ред. Б.Аязан.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007.-632 бет.

4 Ильминский Н. Воспоминания об И.А.Алтынсарине.-Казань, 1895.- С. 258-259.

5 Алтынсарин Ы. Киргизская хрестоматия.-Казань, 1879.-С. 98.

6 Бұл да сонда.

7 Ильминский Н. Воспоминания об И.А.Алтынсарине.-Казань, 1895.- С. 260.

8 Бұл да сонда.- С. 296.

9 Бұл да сонда.

10 Бұл да сонда.

11 Бұл да сонда.- С. 225

12 Ситдиқов А.С. Педагогические идеи и просветительная деятельность И.Алтынсарина. – Алма-Ата, 1949. – С.61.

13 Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия.-Казань, 1879.- С. 77.

14 Ильминский Н. Воспоминания об И.А.Алтынсарине.-Казань, 1895.- С. 242.

15 Бұл да сонда.-С. 257-258.

16 Казакбаев К. О киргизском народном суде. // Киргизская степная газета, 1894, №46.

17 Ильминский Н. Воспоминания об И.А.Алтынсарине.-Казань, 1895.- С. 271-272.

Резюме

В статье рассматривается роль И.Алтынсарина в развитии просвещения, культуры, патриотизма, социально-политической жизни казахского народа. Вместе с тем уделено внимание воспитательной работе И.Алтынсарина среди казахского населения.

Summary

In article Y. Altynsarin's role in development of education, culture, patriotism, socio-political life of the Kazakh people is considered. At the same time the attention to Y. Altynsarin's educational work among the Kazakh population is paid.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТОЛҒАУЛАРЫ

Р.Б.Әбсаттаров –ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, филос.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,

Т.Ж.Қалдыбаева – ғ.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры

**Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам!**

Осы бір айтылған ой оның авторының еліне деген шексіз сүйіспеншілігін, үлкен жүректі азаматтықты, отаныма барынша пайдам тисе екен деген кіршіксіз патриоттықты, оған қол жеткізу үшін өмір бәйтерегіне өрмелеп шықпай болмайтындығын жете түсінгендікті, асыл азаматтың ең жоғарғы арманын бейнелеп беріп тұр. Оның мәні Абайдың «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар, қалан!» мәнімен пара-пар және ол Сұлтанмахмұттың өзінің тұлғалық қасиетін дәл басып бейнелейді. Білім мен тәрбие ғылымында «әлеуметтендіру» деген ұғым бар. Ол биологиялық құбылыс болып өмірге келген әрбір баланың тәрбие, білім алу арқылы әлеуметтік тұлғаға айналуы үдерісін бейнелейді. Қаншама ілім мен тұжырым жазылып, айтылғын оның төңірегінде. Бірақ Абай мен Сұлтанмахмұттай әлеуметтендірудің мәнін тап басып айтқан ғалымды кездестіре қоймайсыз. Ал екі ұлының тұжырымына қайта оралсақ, біріншісі жалпы өскелең жас ұрпаққа арналып айылса, екіншісі әр тұлғаның өзінің ішкі адами құбылысы мен әлеуметтік мәнін ашып, жайып салды. Елі, халқы азаматының өмірінің мәнін алақанға салғандай етіп түсіндіріп тұр. Бұл ойды философиялық, саясаттанулық, әлеуметтанулық, психологиялық,

педагогикалық, әлеуметтік антрополо-гиялық десек те болады.

Өзінің барлы-жоқты 27 жасында ұзақ өмір сүрген ғұлама ғалымға теңмұра қалдырған Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда (ескіше 15 қазан) Солтүстік Қазақстан облысының Ш.Уалиханов ауданында дүниеге келді. Оған әкесі Әубәкір баланың төртінші атасы болып табылатын Торайғыр фамилиясын берді. Сұлтанмахмұттың өзінен кейінгі інісі Байқоңыр (Бәшен) туғаннан кейін көп ұзамай анасы Зұлпен қайтыс болды. Балалар тәрбиесіне әжесі Монтай зор үлес қосты.

Әкесі Әубәкір(1856-1930), кейін «Шоқпыт» деп атанып кеткен адам, 1896-1897 жылдары балаларын алып ата қонысы Баянауылға көшіп келді. Үйленді. Балаларының хат танып, оқуға ынталы болуына әкесінің өзі ат салысып, бірінші қолдаушысы болды. Әліппені үйінде үйренген соң молдалар сабағын алды. Оқығанның жатқа айтып, зеректік танытты, алайда ескі кітаптарды қайталап оқи беру оның көңілінен шыға қоймады, басқаша білім алсам деген көңілі алаң болды. Лепес молданың өзі өлең жазып жүретін және ол Сұлтанмахмұттың қабілетін байқап ақындыққа бағдарлайды. Молдалардың бірі оның оның өлеңмен әуестігін айыпқа санаса, енді бірі, керісінше, оның шығармашылық ісін құптап, одан әрі оқуға кеңес береді. Ұстаздары кеңесімен ол Троицк қаласына барып, медреседе дәріс алады. Қаладағы қоғамдық ұйымдардың ұйымдастырған мәдени, саяси шараларының ішінде болып, көріп-білуі, өзінің де қатынасуы оның өмірге қатынасына, көзқарасына өз ықпалын тигізді. Көкірегі ояу, ізденісі өрісті жігіт «Айқап» журналының редакциясында болып, оның төңірегіндегі азаматтарды да танып біле бастайды. Оның шығармашылық талабының ұштала түсуімен қатар мен қоғамдық қатынастарға қызығушылығы оянып, әлеуметтік еңсесі көтеріліп, алдағы арманы айқындала түсті. «Қазақ» газетінде де оның алғашқы мақалалары жарық көре бастады. Өкінішке орай, оның таудай талабы мен жойқын шығармашылық ағынының алдын ораған кесел де осы уақытта бас көтерді. Ол – өкпе ауруының біліне бастауы. Оған қоса, ашқан қадамын алға бастырмай, жан-дүниесін шырмаған, қолын байлап-матаған кедейшілік тағы бар.

Қаржы табу үшін қазақ ауылдарына бала оқытуға шығып тұруға тура келетін. Оның үстіне дарынды және талантты адамдарға тән оның өзіндік мінезі, қайсарлығы мен алған бетінен қайтпайтыны, шыншылдығы мен әділетті сүйетіндігі, тік мінез, турашылдығы күнкөріс үшін, қолайлы тіршілік ахуалын тудыру мақсатында ешкімнің алдына тізе бүкірмеді, мен-менсіген қамқоршыларға жақындатпады. Оның сыншыл көзқарасы алғашқы қазақ баспаларында қызмет атқарған уақытында да оның кейбір ықпалды тұлғалары тарапынан қолдау таппады. 1814 жылы ол туған өлкесіне қайта оралып, қоғамдық істермен және бала оқыту ісімен айналысты. Өмірінің біразын Баянауыл – Семей-Катонқарағай өңірінде өткізді, жастығы мен шығармашылығы, кедейшілігі мен еңбек ақы табу тіршілігі, ізденісі мен қиналыстары араласып жатты. Айықпас науқас та оның соңынан қалмай, жағаласып, арманға созған қолын кедейшілік те қақпайлап, асау талабының жолын кесе берді. Бірақ тоқтата алмады. Сол кездегі билік пен білім, қала тіршілігі мен білімнің, ғылымның орыс тілімен тығыз байланысты болуынан болса керек, ол орыс тілін жеттік меңгеруге соншама құмартты. Осы мақсат оны Томск қаласына да алып келді. Осында жүріп 1917 жылғы Патша өкіметін құлатқан ақпан революциясы туралы хабарды естіді. Барынша қуанды. «Қараңғылық тұманы сейіліп, ел өмірі тұтастай өзгеріске түскен заманда халқыммен бірге боламын» деп Семей қаласына қайта оралды. Семейде құрылған облыстық қырғыз (қазақ) комитетінің кіші хатшысы қызметін біраз уақыт атқарды. Орынбор қаласында 1917 жылы «Алаш» партиясының құрылғанынан, оның бүкілқазақстандық съезі өткенінен, қабылданған Ұлттық автономия құру туралы бағдарламадан жан-жақты хабардар болды. Мерейі артып, шығармашылық шабыты тасыды. Оның қуанышынан жаңа және әлеуметтік-саяси сипаттағы өлеңдер, поэмалар туындады.

Сұлтанмахмұт көзі тірісінде қазақтың бірқатар зиялыларымен (Қаныш Сатпаев, Мұхтар Әуезов, тб.) таныс болды, араласты. Олар да оның шығармашылығын жоғары бағалап, қол-қабістерін тигізген, денсаулығын түзеуіне, таза ауада, қымыз ішіп емделуіне де ықпалдары болған. Мұндай адамдардың арабайланысының өзі ерекше, ең алдымен шығармашылық қыры ерекшеленіп тұратыны белгілі. Жас ақын өз өмірінің әрбір сәтін өлең жазуға, шығармашылық сұранысын, қайнар көзден ағылған ойын қағазға үсіруге пайдаланды. Асықты. Науқасының сырын білгендіктен сүюденден, сүйіктісімен қосылудан да бас тартты. Жан-дүниесінің зарын, азабын тартты. Қоғамдық өмір өзгерістеріне қуанып, өлеңімен үн қосты. Саяси өзгерістерден әділдік, бостандық, білім мен ғылым күтті, әлеуметтік теңдік күтті, арманының орындалар шағын тосты. Ол белгілі бір дәрежеде К.Маркстің, В.Лениннің еңбектерімен таныс болды, социализм идеясынан халықты теңдікке жеткізер қуатты күшті көрді, оны жырына қосты. Оның іске асуына өзінің тікелей ат салысқысы келді. Еліне қызмет етудің бір жолы ретінде кезінде «Шоң серіктігі» деген атпен қоғамдық ұйым (1914) құрмақ болып әрекет жасаған болатын. Осындай ниетінен, өз жолымен елінің саяси-әлеуметтік дамуына үлес қосу ойынан ол көз жұмылғанша қайтқан жоқ. Тек денсаулығы ондай мүмкіндік бермеді.

Торайғыров Сұлтанмахмұтшығармалары мәні мен мағнасы жағынан көпжанрлы деуге болады. Онан сіз табиғат, махаббат лирикасымен қатар терең әлеуметтік, саяси, әлеуметтік-саяси, философиялық шығармашылықты – поэмалар мен романдарды табасыз. Бастысы, біздің пікірімізше, ақын шығармашылығындағы саяси және әлеуметтік ойлардың басымдығы. Осы ерекшелік оны зор қоғамдық тұлға етті. Ол – қазақ даласының көрнекті саяси қайраткері және ойшылы. Оның бірқатар белгілі қоғам қайраткерлерінен басты айырмашылығы – оның ойының, көзқарасының және ісінің оның ақындық және жазушылық шығармашылығында бейнеленуінде. Ол халқын өз шығармаларымен бостанық, еркіндік, теңдік, әділдік үшін күреске шақырды, алашын (әлеуметін) өлеңімен көтерді, жұмылдырды, бағдарлап бағыттады. Оның әрбір шығармасынан еліне деген сүйіспеншілігі мен шексіз ұлтжандылығының (патриотизмінің) ісі аңқып тұр. Әттең, өмір! 1920 жылы 21 мамырда, барды жоғы жиырма жеті-ақ жасында, ақын Баянауыл ауданында (Павлодар облысы) дүниеден өтті. Өмірдің қысқалығы да оның өнер мен өнегеге, ізденіс пен шабытқа, философиялық-әлеуметтік ой кернеген тұлғасын аносқауыл бола алмады.

Қараңғылықтың көгіне, күн болмағанда кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін, жылытуға мен кірермін...

Қыздырып күннің қарауы, надандық теңізі тартылар,

*Орны ортайып көгерер, қызығын жайлап ел көрер*1*

деп «Шәкірт ойы» өлеңінде жазылғанындай, осындай ой мен әлеуметтік сезім қазіргі әрбір ел азаматының жүрегінен орын тепсе, бұл зор қоғамдық бақыт емес пе?! Ақынның ойы да, өмірі де қазіргі ұрпақ үшін, ел азаматтар үшін үлкен сабақ, тағлым, әлеуметтік бағдар.

Сұлтанмахмұттың өз уақытындағы әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайды талдап көрсетуге арналған шығармасының бірі – «Кім жазықты?» романы. Ой өзегіне арқау болған қоғамдық құбылыстар – байлық пен кедейлік, билік пен бағыныштылық, теңсіздік пен өктемдік, күні өткен көне дәстүр мен оның кесірінен тағдыры тәлкекке түскен жандар, бәсеке мен бақталастық, махаббат пен қиянат, табиғаттың қатал мәнезіне қарсы қамдануды ойламайтын қазақ қауымдастықтарының экономикалық күйзелісі, бодандық пен надандық... Ақын ойы мен көзқарасының мәні мен мағнасын түсінуге, саралауға мүмкіндік беретін, ол – ақын біздерге мұра етіп қалдырған шығармасы мәтіні. Автордың өз ойын өз қолымен жазып қалдырған құнды мұрасы. Оның жазғандары сол уақыттың әлеуметтік-тарихи және саяси-экономикалық шындығынан туындаған. Шынайылықтың ақындық ойда бейнеленуі және көкірегі ояу, әлеуметтік сезімталдығы жоғары тұлғаның көңіле салып, түйгенінің нәтижесі. Ғылым үшін баға жетпес уақыт шындығы.

Романда өзіне назар аудартпай қоймайтын құндылықтың бірі – қазақ даласының табиғатының байлығы, әсемдігін және қазақ әлеуметінің өзіне тән арабайланыстары мен басқа қоғамдардан ерекше етіп тұрған адами қатынастардың әлеуметтік қырларының терең сезімділікпен бейнеленіп көрсетілгені. Оған дәлел ретінде төмендегідей үзінділер келтірейік:

Ән салды таңды мақтап сансыз торғай, бас иіп, бәйек болып, жерге қонбай.

Найқалып таң желіне тербетілді, көк майса көзі ілініп тұрған сондай...

Көлбеңдеп көкке қарай судың буы, айнадай анандайдан көлдің суы,

Күй билеп суда тұрған барлық қамыс, ән салды домбырамен құстың шуы;

Ыңыранып қой қотанда таңды көріп, күн шықса жайылысқа кетпек өріп.

*Төбеттер ұй алдына жаңа жатты, түн бойы қой күзеткен, ұйқы бөліп.*2*

Жайлауға кеше қонған Тасболат бай, дарыған қыдыр оған, дәулеті сай,

Ақ орда сегіз қанат тігіп тастап, жатқаны қор-қор ұйқтап көңілі жай.

Бейқисап ол жайлауда жердің шөбі, көрінбес кірсе ішінен малдың өзі,

Айдын көл айналасы, ат шаршарлық, көркейтпін көздің жауын жердің өңі.

...Сүт тұрды сауған сайын малдан ағып, ешкім жоқ азаптанған оны бағып.

«Ет, ет» деп, қымыз ішіп, көпірісіп, қазақтар тек жүрмекте сандал қылып.

Тасболат жұрттан асқан малды кісі, сол үшін өз табының алдыңғысы,

«Болсада аузы қисық, бай сөйлесін», дегендей оңға басқан әрбір ісі.

...Үйінен күндіз-түні ат кетпеген, қонаққа, мырзалыққа жан жепеген,

Қазақ тұрсын, «начальник», «төрелерде», қағысып, «пожалуте» етпеттеген.

Саудагер жүрген-тұрған, қожас молда, жем үшін, тұрымтайдай қонып қолға,

*Қазақша барып тұрған жуан тұқым, үкімі жүріп тұрды оңмен солға*3*

Ақын әңгіме еткен саяси-әлеуметтік уақиға дәл осы Тасболат байдың іс-әрекетімен, қоғамдық ортадағы ұстанымы, түсінігімен байланысты өрбіген. Ол 15 жыл болыс болған, Меккеге де барған, көрмеген қызығы жоқ адам. Бірақ биліктен кеткісі, айрылғысы жоқ. Келесі болыс сайлауына қатынасуға орыспасы мен білімі талапқа сай келмей, көңілі қаламаса да, еріксіз ағасы Жақыптың білім алған ұлы Байболды сайлаттырды. Байбол билікке қызықпаған, керісінше білімін тереңдетуді қалаған жігіт, бірақ амалсыздан айналасының айтқанымен жүруге мәжбүр. Өз баласы Әжібай әлі жас болды әрі «Бай кісі бала оқытып пайда таба ма?» деген байлар салтынша оны оқытуға да бай екенің құлқы болмаған. Билік үшін ұлды

оқыту ойы болды, оқуға берді. Бірақ Жақып ағасының қайтыс болуымен байланысты оның жесір қалған әйелін не істемек? Ерке өскен, шолжан, бірақ талаптан сырт қалмаған жас баланы әкесі оқытпай, ауылға қайтарды. Оның өзі жасы жағынан әлдеқайда үлкен, оқымаған қызға, Алтайды қоныс қылған бай Жұмағұлдың салдыр-салақ Жәмиласына атастырылып қойылған еді. Оның сыртында қайтыс болған ағасының атастырып қойған қызы да осының жесірі болып шықты. Дәстүрді бұзбас үшін Әжібайға Жанғабыл бидің жалғыз қызы Жаңылға да үйлену қажет болды.

*Алатын, неге десең жесірі бар, қазақтың жесір деген кесірі бар,
«Бар болса әмеңгері жесір кетпес» дейтұғын ескі ғұрып-кесімі бар...
Сымбатты қара торы, орта бойлы, кеудесі жылдам сезгіш, жүйрік ойлы,
Осындай, әттең дүние, зеректігін, оқытпай надандыққа байлап қойды...
Бала айтты: «Алмаймын да, бармаймын» деп,
Әкесі айтты:» барасың таяқты жеп,
Қажы бардым, сақалды басым мынау, бата бұзған не сұмдық, сен сөйтті деп».
Берді деп ойлайсың ба малды босқа, өзіме тумай туған ақымақ, шошқа
Тілімді әлден менің қайтарасың, айтайын не бетімді дос пен қасқа?
Ел айтты: «бізде тұрмыз намыстанып, кетеді елге үлгі боп мұндай қалып,
Сүймесең бір қатынды тағы аларсың, әйтеуір, осы ауылға келсейші алып»*4*

Ата-ана мен қоршаған орта қарғысына қалмайын деп, Әжібай, еркінен тыс екі қызды да аулына келін етіп түсіріп берді. Бірақ отбасы бақытынан тысқары қалды. Көңілі ұнатып, жүрегі қаламаған қыздармен үйлесіп, үй бола алмады. Екі қыздың да әйелдік, тұрмыстық бейшаралығы басталды. Жабырқаған көңілдер мен ашылмаған қабақтар, кезі келгенде еркегінің таяғына жығылып, ұрыс-керістен көз ашылмайтын күдер мен айлар өтіп жатты. Әлі 18-ге толмаған Әжібайды әкесі әйелдерінің отауына күштеп кіргізетін сәттері де аз болмады. Екі әйел бір-бір балалы болды, бірақ бұл да отбасы үйлестігін бермеді. Екі әйел өз ашуларын балаларынан алды, ұрды, соқты, ұрысудан күн көрінбеді.

Тасболат бай күйеуі дүние салғаннан бері орнын қиып кете алмай жүргенімен, нәпсісін тежеу қиын іске айналғанағасының жесірін де енді Әжібайға тықпалай бастады. Жесіріңді бөтен жайға жіберме деп ақыл айтты.

*Жәмилә келіншек болып түскен күннен, Әжібай маңайынан алыс жүрген,
Онда да Тасболаттың тұрткісімен, жылына үш-төрт барып, өмір сүрген.
Әжібайдан Жаңылдың да үлкен жасы, нақ разы болып келмеген оның басы.
Баласы жас болған соң іші сенбей, жүр еді қысып ұстап қайын анасы...
«Мұны да ал!»-деп айтты Әжібайға, жіберме жесіріңді бөтен жайға,
Алмасаң, балам, сенің ісің тентек, ағаңның аруағымен бір құдайға.
Әжібай деді: «Отырма оттап, үріп! Қақпасым, жүрген жерің бәрі бүлік!
Алмақ түгілі тастаймын екеуін де! Деді де кетіп қалды атқа мініп...
Әжібайдың көнбесіне көзі жетті, кетем деген жесірді енді нетті?
Ағайыны Тасболаттың Садық деген, зорлықпен соған қосып, еңіретті»*5*

Әжібайдың әкесіне қарсы келіп, тілін алмай, үйден кетуі ешқандай таңданарлығы жоқ, жағдайдың өзі тудырған заңды құбылыс деп түюге болар. Ешбір өзіндігі қалмаған, айбынды, қаһарлы әкенің ашса алақанында, жұмса жұдырығындағы бір жансыз зат, ойын ойнауға болатын қуыршағы сияқты. Оның жан-дүниесімен, ішкі сезімімен, ой-пікірімен санасып жатқан адам жоқ. Жанашыр болар жан әке өз байлығы мүддесі мен «абыройының» құлы, адам тағдарын тәлкек еткен дәстүрдің сенімді алыпбарушысы. Оны қауымдастық ортасы да қолдап шықты, қатып қалған ескі дәстүрдің бұзылуынан қорқады. Нәтижесінде қаншама жас пен тағдыр бақытсыздыққа ұрынды, адамдар арасында адам тіршілігіне ұқсамайтын тіршілік кешуге мәжбүр. Қолда бар байлық та адамның жан-дүниесі күйзелген жағдайда өз мәнінен айрылады. Қаншама бүркелегенмен шырқыраған жандар айқайы естілмей тұрмайды, көрінбей қоймайды.

Осылайша қазіргі уақыт өлшемімен кәмелетке енді жеткен, бірақ әйел затының ортасында болып, ер жігіттік қылықты халықтық жолмен ерте танып, әйел затына деген қатігездікке де бойы үйренген Әжібайдың өмірінің жаңа кезеңі басталды.

*Астына Әсемкерін мініп алып, үкі тағып, тымағын ашы салып,
Домбыра, сауық-сайран, өлең құнттап, қызды қызық жиынға қалмай барып.
Буынып мықынынан ырғаң басып, бой салмай шаруасына тиіп қашып,
Маңында беті тәуір қыздарменен, жүруді мақтан қылды қылжақтасып...
Әжібай білді құрығы қайтпайтынын, көп қыздар теріс жасау айтпайтынын,
Көркем, пысық, бір байдың жалғыз ұлы, екенін қыздардағы байқайтұғын.
Осылай табылды ермек Әжібайға, үйдегі қатын қайда, шаруа қайда?
Айтқанына тез көне қоймағанды, алдаушы еді «алам» деп етіп айла...
Жәмилә, Жаңылменен тірі жесір, жас өмір сол қорлықпен өтті-ау есіл!*

*Шын жесір мұндағы болған артық, қазақтың тағы үйткізбес гұрпы кесір.*6*

Әжібай соңғы кезде «Қызыл су» деген шағын қалаға барғыштайтын болып алды. Байлық пен мырзалық оның атын осында да жеткізген. Қалаға келгіштеп жүргенде Бейсен деген орта шаруалы адамның әдемі қызы Аппаққайға көңілі ауады. Бейсеннің ішкілікті тәуір көретін кіші баласымен арнайы жақындасып, қыз үйіне жиі барып тұру мүмкіндігіне ие болады. Алайда қыз оны жақтырмайды. Аппаққай да қазақ гұрпына сай атастырылған еді. Бірақ ересейе келе болашақ күйеуін ұнатпай, жас жүрегі жан серігін іздеткізді. Есті және білімді болған үлкен ағасы көзі тірісінде қарындасын қаладағы жас фельдшерге таныстырған болатын. Ол жігіт ара тұра келіп, қызбен жүздесіп, бір-біріне ықласты екенін түсінген. Әжібай болса, не істеседе қызға жақпай-ақ қойды. Бірақ оны көрмей тұра да алмайтын шамаға жетті. Амал қанша, қыздан жауап таппаған соң, уайым қайғыға батып, үйіне қайтты.

*Әкесі салқан түспен жаман қарап, шешесі жылап сөйледі күйініп-ақ
«Біз болдық, қу жалғыз-ау, неден сорлы, Бейсеннің қызы болмай, пәле болды,
...Бір қатының кетті үйіне жаяу қашып, өлсе қайттік, боранда ол адасып?»*

*Бесікте бала мынау, тастап кеткен, өлуге жақындады қарны ашып.
Бір қатының ана үйде шашын жұлып, екі көзі бұлаудай, отыр ұлып,
Бесіктегі баланы уата алмай, отырмын әбден шаршап, діңкем құрып.*

*Әкесі: «Сен болдың –сорға берген, ұялтып бітірдің зой талай елден,
Егер сенде ми, намыс болса, қыз алам деп бүлінер ме ең сондай жерден?
Бейсен кім? Бізге тең бе, кедей жатақ? Жұртты құртқан қызымен болдың шатақ,
Ордалы, жақсы, лайық орын болса, бере бер, аямайын, малын матап»*7*

Зар жылаған әке-шешенің әліде аузындағысы – байлығы бізге тең емес адамға қалай бізді жақындатуды ойладың? Жас жігіттің жүрек қалауын түсінер түрлері байқалмайды. Ал ашулы жігіт ішкі дертін қалай азайтуға жол таппайды, қолынан келері әйелдерін қорлау, қамшының астына алу.

*«Жәмилә анау үйден сөйлей еніп, жылады бірдеңе деп, еңк-еңк етіп,
Манадан ашу қысып тұрған Әжібай, жіберді жүгіріп барып, теуіп-теуіп.
Жәмилә сонда жығылып танды есінен, Әжібай тағы мыжсыды тізесімен,
Арашалаған шешесін қоса қабат, жықты итеріп ашумен кеудесімен.
Әжібай жүрсе үйде айғой-ұйғай, тынымсыз басылмайды салған ойбай.
Көзіне бәрін қылған солардай боп, ұрушы еді жүрегі ішке сымай»*8*

Әбден қажыған, кеудесінде жаны болғанмен құр сүлдесі қалған, басында ақыл, бетінде ары қалмаған әкесі бір күні Әжібайға: «Тіл алмадың, айтқанның бәрін дұшпандыққа санайсың. Мазаны алмай, таңдашы сүйгеніңді! Өзер болса бір жылғы төлі малдың», – дейді. Алайда Әжібайдың жүрегі жаралы, енді махабатқа орын ешқашан табылмайтындай. Қызды ауылды жағалап қыдыруын жалғаструды жөн көрді. Қызды ауыл оны ұнатпайды, түрпідей жек көреді. Көзге «мырза» дегенімен Әжібай жүрісінің мәнінен шошиды. Әжібай мырза саудайылық қыла жүріп, ет жақын ағайынының бір қызымен көңіл қосты, ойнап күлді. Басқа бір жерге атастырған қыз ауыраяқ болып, оның алатын күйеуі оған үйленуден бас тартады. ... Әжібай өз үйіне кетті. Мал кетпесін деген есеппен ауыраяқ қызды күйеуінің інісі алады. Алуын алғаны-мен отасып дұрыс үй бола алмай, үсті үстіне біреуін алып, екіншісін тастап, былықпай тіршілік кешілді. Бұл Әжібайдың ылайлаған бір ғана ортасы емес еді. Қаншама жазықсыздар жалын құшты, қаншама жас шаңырақ тозаққа айланды.

Ал билікқұмар, шіріген бай Тасболат болса, «ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, көзінің тірісінде жалғыз ұл Әжібайды болыстыққа сайлатуды арман етті. Әжібайдың өз ішінде де осындай ой пісіп жетіліп жатты. Осы мақсатпен Байболмен араздасып, оған жала жауып, оның ортадағы ықпалын әлсіретуге кірісті. Оған әкесі қосылды. Болыс ісінде тура жолды ұстанған, әділ, жәбірсіз Байбол жақын ағайынның бұл ісіне қатты қынжылды. Ал болыс сайлауы болса жақындап қалды. Болыстықты Байболдан тартып алу ісі тұрды алда. Таболаттың көп дәулеті Байболдың жақтастарын азайтты, Әжібайды жақтаушыларды көптеп молайтты. Байбол сенім артқан кешегі дос-жаран мен ауқатты топ оны тастап кетіп жатты. Жазықсыз жабылған жала мен сатқындықтар оның басына бұлт төнгізді. Жағдайды ақылына сала келе, Байбол Әжібайға өзінің орнын берді.

*Бұдан соң Байбол келіп Тасболатқа, ағасын риза қылды шапан, атқа,
Сайлауда «Әжібай болыс болды» деген естілді құлақ түрген жаматқа.
Әжібай шаишадағы неше мыңды, әйтеуір болыс болып, көңілі тынды.
Қосылып Байболменен шығын жинап, момынды әл іжеткен типыл қылды,
«Табайын, малым сатып...» дегенініше, ұрылып бейшараның жағы сынды.
...Көңілін таппаққа Әжібай енді, өзіне таңдай жүріп қалым берді.*

*Өзіндей қайыны да жуан тұқым, жастанды құда болып бір бай жерді*9*

Дүрілдеген той өтті, үйге Зылиқа атты қыз келін болып енді. Әжібай теңін тапқандай сезімде жүрді.

Бұл уақытта сүймейтін әйелдерден туған балалары да есейе бастаған. Балаларына деген көзқарасы да өзгеріп, әкелік мейрім кіргендей болы. Есейген балалар аналарының бұрынғысынша реніште жүруін қаламайтындықтарын да білдіріп қойды әкелеріне. Балалармен жақындық жас әйелдің олардың аналарына деген күндестігін қоздырды. Оның үстіне Әжібай бұрынғы желбастылылығынан да біражола бас тартпаған. Араға өсек кіріп, жас әйелдең еріне көңілі суып, басқа адаммен жасырын байланыс жасауға да барды. Оны күндесі Жаңыл оны біліп қойып, айналаға жариялап жібереді. Ақыры Әжібай Зылиқаны айналып өтетінді шығарды. Басқа адамнан жүкті болып қалған Зықыштың халі мүшкіл, азапты күндер бастан өтіп жатты.

*«Дегенмен мен байғұсқа енді жоқ күн», деп ойлап жас төгеді оқтын-оқтын,
Ойламай өкен күнін Зықыш қайтсін, шамы жоқ, жатқан үйі қараңғы түн.
Ашамай баста жастық, жабу – төсек, ішінде зар еңіреті тамам боқтың.
Ол үйде Зылиқамен бірге қонақ, байлаған қотыр бұзау, арық-тұрақ...
Қаша алмай, қатияда қалғандығы, сол үшін ол байғұстың жанғандығы.
«Айырап бір қара жер, сенен, қалқам!»- деп, мал беріп Әжібайдың алғандығы.
Басында сәжде еткен болып жүріп, сөзінен жүре-бара танғандығы;
Сонысына ерегесіп суық жүріп, өзін-өзі қорлыққа салғандығы...
Жеңілер «ауруынан» уақыты болды, сұп-суық қараңғы үйге қатын толды.
Дауысы жас баланың шыр еткенде, үстіне жата қалды Зылиқа сорлы.
Қатындар: «Мұның не?» деп ұрсып еді, Зықыш айтты: «Қайғырма, сонысы оңды».
Бір кемпір орап алып кетті шығып, аздан соң қайтып келді қарға тығып...
Өн бойын суық үйде шәңшу алған, сау жер жоқ, бейіне құрай қатып қалған,
...Тұрсада көріне алмай жұрт көзіне, өлімнен ұят күшті дүние жалған*10*

Әжібайдың ендігі оған қатынасы айтпасада түсінікті. Ол бәрін білгенімен ешкімге сыр аспады, бірақ бір күні есікті іштен жауып алып, Зықышты өлімші етіп ұрып, соққыға жықты.

Билік пен байлықты қолында ұстаған Әжібай тағы да қыз айттырмақ ойға келді. Өз үйіне келуден өзі шошитындай халге жетті. Айғайшы болып жүретін анасы қайтыс болды. Жайрап жатқан үй шаруасы...

*Үйінен көруші еді түзді қызық, қыз аулап, қымыз ішіп, жүрер қызып,
Өз үйі жаһаннамдай көрінуші еді, келсе азап тартушы еді қанын бұзып...
Жамила, Жаңылменен көптен мәңгі, мәңгі емес Зылиқаның жайы да әлгі;
Ұрып, соғу, даң-дұңмен милары ашып, бастары болып кеткен әңкі-тәңкі.
...Келмейді бұл қалыпты еш көргісі, қайтерін білмей құрғыр әбден мысы,
Сол үшін болыстығын сылтау қылып, көп уақыт үйде тұрмас жазы-қысы.
Әкесі сөзден қалған, жасы жеткен, о да ауру, ұйқалмай күрк-күрк еткен*11.*

Балалары арасынан оған әкелеп жақын тартып тұратын есті бала Күлтай атты қызы еді. Ол Жаңылдан туған. Ақылы мен заты жағынан жасынан жұрт назарын жаулап алған жарасымды қыз болып өсіп келегін. Бұғанда Тасболатпен алыс-берісі бар бір бай баласына құда түсіп қойған еді. Жоғарыда айтылғандай, үнемі шешелерінің ұрып-соғу, ұрысының астында болып келген балалар өз шешелеріне де суық болатын. Тек Күлтай ғана анасын шешем дейтін.

Өзінің бастан өткізгенін ескерді ме, Әжібай Күлтайды ең болмамса 10 жастан асын деп, қалың малын беруге асыққан құдалар жағын тоқтатып қойған. Ұлдарына да жастай қатын айтыруды ол құптай қоймады.

*Дегені еді: «Қыз теңіңіне сүйіп барсын, қатынды ер балалар өздері алсын!
Балаға жастай қатын айттыратын, іс емес, сол құрыптар отқа жансын!»
Жетпеді Әжібай бірақ бұл сөзіне, тағдырма жеткізбеген, әлде өзі ме?
Әжібай не себепті сертін бұзған, оқушым, көрсетейін ой-көзіңе *12*

Сұлтанмахмұт романындада одан кейінгі мән жайды баяндайды және Әжібайдың өз көзқарасын өзгертуіне алып келеген екі басты себепті атап көрсетеді. Оның біріншісі – әкесі Тасболаттың қайтыс болуына байланысты мал-байлығының есепсіз шашылып жұмсалуды оның бағының қайтуының басы болса, ауылына келген қысқы жұттан малдың қырылып қалуы оны жалғасыра түсті. Ақылшылар мен кеңес берушілері «Атаусыз атақты адам қалуы ұят, үлкен қып ас бер» деп бастап, малын шашудың басқа да амалдарын тауып берген. Бұл құбылыс қазақ даласы үшін үлкен бір уақиға, әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық елеулі құбылыс қатарында болғандықтан, оның барысын ақынның өз сөзімен сипатталғанын жөн көрдік.

*Қонған соң жүз үй тігіп Марқакөлге, қалдырмай сауын айтты маңдағы елге,
«Асы бар Тасболаттың, ат жарат» деп, сөйленді көп күн бұрын мәжілістерде.
Жиылды асқа саулап Арғын, Найман, Керейге, қалмаққада хабар жайған.
Шыңғыртып асқа сойған жылқылардың, қандары бұлақ болып ақты сайдан.
Бәйгеге жіберілді үш жүздегі ат, бәйгесі алдыңғы аттың – он жылқы нақ,*

Одан соңғы жүз теңге бір топ шуга, қой-қозы, артқылары мақпал мен бәт.

*Сойылған екіжүздеі малдың саны, балуан, бәйге...модалар жатыр әлі.*13..*

Өкпелеушілер де, дау-дамай туғызушылар да аз болмады. Бұл уақиғадан соң Әжібайдың бұрынғы күш-қуаты мен ықпалы таяздай бастады. Оған келіп қысқы жұт қосылды. Келетін қысқа мал азығын даярлау әдетіне әлі кіре қоймаған көшпенді қазақ даласының тағдырында болып, қайталанып тұратын жағдай. Алайда әдет өзгеріп, тіршіліктің қамы бәрі бір жасала бермейді. Қазақ ауылдары үшін бұл елеулі экономикалық, әлеуметтік мәселелі құбылыс болып қала берген. Қарашада мұз жауып, қар бекіп, малы жерден шөп таппай қалған ауылдықтар жайын дәлдікпен суреттелген нақты көрінісін акын былайша баяндаған:

Жазды күн қазақ байғұс шөп шаппаған, қыдырып, қымыз ішіп қылжақтаған,

Шапсада омбы қарда шартарапқа, қалғанда мал асырап шөп таппаған.

Соғады үдей-адай боран қаптап, қар көмген қара жерді қылып аппақ.

Қатайып қыстың арты барған сайын, күйзелді шаруа жаман сасқалақтап.

Шапсада тамыр-таныс орыстарға, шана шөп отыз сомға табар зорға.

Арбасы күзді күні отыз тиын, не дерсің сона алмаған қазақ сорға?...

Шұбырып, тері арқалап қалаларға, орыстан нан сұрады балаларға,

Тақтайын Андрейлер былғадың деп, шығарды желкеге ұрып, шара барма.

Көп жылқы әлдеқашан ығып кеткен, қолынан жылқышының шығып кеткен,

Бұйырмай тарамысы иесіне, жануар қар астына сапар еткен...

Жұтатқан жұртыменен Әжібай қалды, үш мыңнан екі жүздеі жылқы қалды,

Қалғаны да өз құнын өздері жеп, босатты ақша салғансандықтарды.

Жұтаған малдың орны тырнап ішін, бұзылар ойлағанда сыртқы пішін,

*Орынын немен болсын толтыруға, жұмсады барлық ақыл, айла-күшін*14*

Әртүрлі айла-шарықпен, зорлық-зомбылық жолымен Әжібай жоғалтқанының орнын толтыруға кіріседі. Ұрылар да оның пайдалы адамына айналды. Бірақта бір баукеспе ұрыны «қытай асып кетті» деп жасырып қалғаныуезд бастығына белгілі болып қалып, ол осы қылмысы үшін болыстықтан босап қалады. Іс сотқа жетіп, оншақты орыс солдаттары оны ұстап, қамауға алады. «Ең мықты Әжібайға істеген осы болса, біздің күніміз не болады?» деп қорыққан, абыржып шошынған жұрттың жартысы Қытайға ауып кетіп те үлгереді. Бірақ патшалық биліктен бұйрық түсіп, ауған елді солдаттар қырып-жойып қайта айдап алып келеді. Осындай тарихи-әлеуметтік және саяси-экономикалық жағдайда Әжібай борышқа батты. Еріксіз жағдайда ол қызы Күлтайды бұрын өзі айнып жүрген Керейіне бермекші болып, малға сатты. Ауқаттана бастаған ол тағы да үш қызын малға сатты. Бай құдаларының қолдауымен қайтадан болыстыққа қолы жетті. Бес алты жыл өтпей-ақ қора малға, қойынға ақша толды.

Әжібай 17 жастағы Ырыстыға үйленді. Үш әйелдің ойбайы мен көз жастары оны тоқтатпады. Бұл қыз да әкесі мен ағаларының еркіне қарсы келе алмаған бейбақ.

Жаздың жадырағын күндерінде бара жатқан күйеуіне риза болмағанымен және жастығына қарамас-тан, Күлтай ұзатылды...

...Қысырақ қымыз ішіп Әжібайлар, күмпиген күпті тастап құлын-тайлар,

*Көркіне табиғаттың көңіл босап, көл қылған көз жастарын терең сайлар*15.*

Бір ғана шығармада поэзия тілімен осыншама қоғамдық мәселенің бетін ашып, егжей-тегжейін жеткізе баяндап, өмір шындығын өз түрінде, өз мәніндеталдап баяндап беру жас дарынның әлеуметтік-саяси ой өрісінің жемісі. Автор «Кім жазықты?» деген сұрақты оқырман алдына ғана емес, қоғам алдына, қазақ әлеуметі алдына қойды. Жекелеген адамдардың бар игілікті қолына жинап, соның күшімен айналадағы әлеуметті өзінің малымен тең көруіне кім кінәлі? Өзінің ішінен шыққан қыз балаларды малға, мәртебеге сатып, арын аяққа басып, басқаның күндігіне беруіне кім кінәлі? Жасы жетпеген бозбаланы ол үшін жеккөрінішті бойжеткендерге зорлап қосып, оның адами жолдан таюына, талай-талай жастардың отбасын ойрандауына кім кінәлі? Білімсіз, қаблетсіз, тек байлық пен озбырлық арқасына билік басына келушілер үшін кім кінәлі? Әлеумет ортасының күні өтіп, тозығы жеткен дәстүрлерге жабысып, айрылмай, ақ пен қараны айырып алуға асықпай қала беруіне кім кінәлі? Қауымның өркениет жолын іздемей, бодандық пен таптық қанауға бас иіп, арқасын төсеп, аяққа таптатып отыра беруге кім кінәлі? Бір қарағанда бір Әжібай төңірегіндегі әңгімеге ұқсағанымен, автордың қозғап отырғаны тамыры терең саяси-әлеуметтік мәселелер. Сұлтанмахмұттың бір ғана еңбегінің бергені осыншама...

(жалғасы бар)

1 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том – Алматы: «Ғылым» 1993- б.121.

2 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Дүние дөңгелегі айналады. Таңдамалы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2009.- б.242.

- 3 Осында, бб. 243-244.
- 4 Бұл да осында, б.249.
- 5 Бұл да осында, бб. 249-250.
- 6 Бұл да осында, бб.252-253.
- 7 Бұл да осында, б. 258.
- 8 Бұл да осында, б. 259.
- 9 Бұл да осында, б. 265.
- 10 Бұл да осында, бб. 268-269.
- 11 Бұл да осында, б. 271.
- 12 Бұл да осында, б. 272.
- 13 Бұл да осында, б.273.
- 14 Бұл да осында, бб.274-275.
- 15 Бұл да осында, б. 289.

Резюме

Авторы статьи излагают сущность социальных и политических мыслей С.Торайгырова на основе его творческого труда.

Summary

The authors set out the nature of social and political thought S.Toraigyrov based on his creative work.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

1. **Абдирайымова Г.С.** – доктор социологических наук, профессор, заведующая кафедрой социологии и социальной работы КазНУ им.Аль-Фараби
2. **Абсаттаров Г.Р.** – кандидат политических наук, зам. декана исторического факультета КазНПУ им. Абая
3. **Абсаттаров Р.Б.** – заведующий кафедрой политологии и социально-философских дисциплин Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, доктор философских наук., профессор
4. **Алдубашева Ж.М.**– PhD докторант отделения политологии КазНУ им.Аль-Фараби
5. **Артемьев А.И.** – доктор философских наук, профессор, кафедры политологии и социально-философских дисциплин Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ имени Абая
6. **Байгабылов Н.** – докторант
7. **Буканова Ж.К.** – магистр истории
8. **Дауытбекова М.К.**– кандидат исторических наук, старший преподаватель КазНМУ им.С.Д.Асфендиярова
9. **Дауылбаева С.Б.** – магистрант 2-го курса
10. **Дюсенова Н.К.**– кандидат исторических наук, старший преподаватель КазНМУ им.С.Д.Асфендиярова
11. **Калдыбаева Т.Ж.** – д.с.н., профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ имени Абая
12. **Каримова Ж.К.** – доктор философии PhD, замиститель директора Научно-исследовательского центра «Молодежь»
13. **Кудайбергенов Р.А.**–магистрант политологии
14. **Нуралиева М.Т.**– преподаватель кафедры «Философии и гуманитарных дисциплин» Кыргызского Госдарственного Университета им.И.Арабаева
15. **Нұсқабаева О.Н.** – социология ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Яссауи университеті
16. **Нұсқабеу Е.Н.** – заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Яссауи университеті
17. **Сейсен Н.Б.** – кандидат политических наук, доцент кафедры политологии и социально-философских дисциплин Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ имени Абая
18. **Сейсенова Н.Б.** – саяси ғылымдарының кандидаты
19. **Сейтқазиева А.Б.** – ҚазҰПУ 2 курс магистранты
20. **Сқақова А.Ж.** – социология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қожа Ахмет Яссауи университеті
21. **Турсунова В.** – аспирант ИФ и ППИ НАН Киргизкой Республики

22. **Тұрлыбекова А.А.** – социология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қожа Ахмет Яссауи университеті
23. **Увалиев Д.Б.** – магистрант 2-го курса
24. **Чунглова Г.К.** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты
25. **Шалтыков А.И.** – докторполитических наук, профессоркафедры политологии и социально-философских дисциплин Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ имени Абая
26. **Эргешов А.К.** – преподаватель кафедры ЮНЕСКО Академии Государственного Управления при Президенте Кыргызской Республики